

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 1 (97)

1 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

FTAMP 14.09.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_5

**А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ (Очерктің II және III бөлімдері бойынша)**

*Әбсадық А.А.¹, Қабылдинов З.Е.² Арықбаева Ж.³

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті. Қостанай қ., Қазақстан.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан.

³С. Мауленов атындағы Қостанай гимназиясы. Қостанай қ., Қазақстан.

**Мақала АР 09561968 «А. Байтұрсынұлының ауылдық мектептердегі ағартушылық және қоғамдық қызметі (жаңа архивтік деректер мен өлкетанушылық мағлұматтар, тұлғаның тыңнан табылған шығармалары негізінде)» атты тақырыптағы ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылға арналған гранттық Жобасы негізінде дайындалды.*

Түйіндеме: Александр Васильевич Васильев (1861–1943 жж.) – патшалық Ресей империясының бөгде жұрттар арасында халық ағарту ісін ұйымдастыру саласының қайраткері, миссионер. Чуваш, татар, казак, араб тілдерін меңгерген түрколог. Ұлты – чуваш. А. Васильев 1869-1876 жылдары Чебоксар діни мектебінде, кейін 1876-1882 жылдары Қазан діни семинариясында, одан соң Қазан діни академиясында мұсылмандыққа діни сенімге қарсы маманданатын миссионерлік бағытта білім алады. 1886 жылы Қазан діни академиясын тамамдағаннан кейін Орынбор діни семинариясында грек тілінен, миссионерлік сипаттағы пәндерден, музыкадан сабақ береді. Ұстаздықтан кейін шенеунік қызметтер атқарады. Соның бірі – 1889-1894 жылдары атқарған Торғай облысының инспекторы лауазымы. Аталмыш лауазымды атқара жүріп ол Торғай облысына орыс білімін тарату тарихымен терең танысады. Соның нәтижесінде оның «Исторический очерк русского образования в Тургайской области» деп аталатын тарихи очергі дүниеге келіп, ол 1896 жылы Орынборда басылып шығады. Кеңес дәуірінде үстемдік құрған таптық идеологияның әсерінен аталмыш очерктің деректері «жабық» түрде болып, ғылыми ортаға кең таныс болмады.

А. Васильевтің аталмыш зерттеуі - Торғай облысына орыс білімін тарату ісінің басы-қасында болған Н. Ильминскийдің, В. Григорьевтердің еңбектеріне, Орынбор әкімшілігінің қызметтік хаттарына, үкіметтің құжаттарға, архивтік материалдарға негізделген құнды тарихи-анықтамалық тарихи еңбек. Онда Торғай облысында ашылған орыс-казак мектептерінің ашылуы, онда қызмет еткен ұстаздар, білім алған шәкірттер туралы толымды тарихи деректер келтіріледі. Ағартушы А. Байтұрсынұлының ұстаздық жолындағы алғашқы мәліметтер де осы кітапта сақталған. Қазак даласындағы орыс тіліндегі білімнің таралуы туралы тарихты тануда аталмыш кітаптың маңызы зор.

Кілт сөздер. Васильев, Торғай облысы, мектептер жүйесі, мұғалімдер, ауыл мектебі, Байтұрсынұлы

МРНТИ 14.09.91

**ИСТОРИЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ И ПОЗНАВАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ КНИГИ
А. ВАСИЛЬЕВА «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» (по II, III разделу исследования)**

*Абсадық А.А.¹, Кабульдинов З.Е.², Арықбаева Ж.³

¹Региональный университет им. А. Байтұрсынова, Казахстан, г. Костанай.

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

³Гимназия им. С. Мауленова г. Костанай. Казахстан.

*Автор корреспондент

E-mail: absalmas@mail.ru (Абсадық), kabulzia@rambler.ru (Кабульдинов), jami-67@mail.ru (Арықбаева)

Аннотация. Александр Васильевич Васильев (1861–1943) был миссионером, работал в области организации инородческого образования в период Российской империи. Тюрколог, владеющий

чувашским, татарским, казахским и арабским языками. По национальности – чуваш. А. Васильев учился в Чебоксарском духовном училище в 1869–1876 годах, затем – в Казанской духовной семинарии в 1876–1882 годах, позже – в Казанской духовной академии по специальности антимусульманское вероисповедание. После окончания Казанской духовной академии в 1886 году он преподавал греческий язык, миссионерские предметы и музыку в Оренбургской духовной семинарии.

После учительской деятельности работает чиновником. Одной из таких его должностей была работа в качестве инспектора Тургайской области в 1889–1894 годах. Во время работы на данной должности он глубоко изучил историю распространения русского образования в Тургайской области. В результате был опубликован его исторический труд «Исторический очерк русского образования в Тургайской области», изданный в 1896 году в Оренбурге. Под влиянием господствовавшей в советское время классовой идеологии это исследование было «закрытым» и малоизвестным в научном сообществе.

Данное исследование А. Васильева является ценным историческим трудом, основанным на трудах Н. Ильминского, В. Григорьева, официальных письмах администрации Оренбурга, правительственных документах, архивных материалах, которые были в авангарде привлечения российского образования в Тургайской области. Работа содержит подробные исторические данные об открытии русско-казахских школ в Тургайском районе, учителях, которые там работали, учениках, получивших образование. В книге также сохранились первые сведения о педагогической деятельности педагога А. Байтурсынова. Эта книга важна для понимания истории распространения русского образования в казахской степи.

Ключевые слова. Васильев, Байтурсынов, Тургайская область, школьная система, учителя, аульская школа

IRSTI 14.09.91

**HISTORICAL VALUE AND COGNITIVE SIGNIFICANCE OF A. VASILIEV'S BOOK
"HISTORICAL ESSAY ON RUSSIAN EDUCATION IN THE TURGAY REGION"
(according to sections I, III of the study)**

*Absadyk A.A.¹, Kabul'dinov Z.E.² Arykbaeva Zh.³

¹A. Baitursynov Kostanay State University, Kostanay, Kazakhstan.

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.

³S. Maulenov Gymnasium School, Kazakhstan, Kostanay.

*Corresponding author

E-mail: absalmas@mail.ru (Absadyk), kabulzia@rambler.ru (Kabul'dinov), jami-67@mail.ru (Arykbaeva)

Abstract. Alexander Vasilievich Vasiliev (1861–1943) was a missionary, he worked in the field of organizing education for “inorodtsy” (indigenous people) during the period of the Russian Empire. He was a Turkologist who could speak the Chuvash, Tatar, Kazakh and Arabic languages. He was Chuvash by his origin. A. Vasiliev studied at the Cheboksary Theological School in 1869-1876, then at the Kazan Theological Seminary in 1876-1882, later at the Kazan Theological Academy with a degree in anti-Muslim religion. After graduating from the Kazan Theological Academy in 1886, he taught Greek, missionary subjects, and music at the Orenburg Theological Seminary.

After teaching, he works as an official. One of these positions was his work as an inspector of the Turgai region in 1889-1894. In this position, he deeply familiarized himself with the history of the spread of Russian education in the Turgai region. As a result, his historical work “Historical sketch of Russian education in the Turgai region” was published, published in 1896 in Orenburg. Under the influence of the class ideology that prevailed in the Soviet era, this study was “closed” and little known in the scientific community.

This research by A. Vasiliev is a valuable historical work based on the works of N. Ilminsky, V. Grigoriev, official letters from the Orenburg administration, government documents, archival materials that were at the forefront of attracting Russian education in the Turgai region. The work contains detailed historical data on the opening of Russian-Kazakh schools in the Turgai region, teachers who worked there, students who received education. The book also contains the first information about the pedagogical activity of the teacher A. Baitursynov. This book is important for understanding the history of the spread of Russian education in the Kazakh steppe.

Key words. Vasiliev, Baytursynov, Turgai region, school systems, teachers, aul school

Кіріспе. Торғай халық мектептерінің инспекторы (1889-1895 жж.) лауазымын атқарған Александр Васильевич Васильев қызметтен кеткеннен кейін 1896 жылы Торғай облысына орыс білімінің таралу тарихын баяндаған «Исторический очерк русского образования в Тургайской области» деп аталатын анықтамалық-деректік мазмұндағы тарихи зерттеу еңбегін жариялайды. Очерктің аты айтып тұрғандай, бұл зерттеу - патша заманында Орынборға қараған Торғай облысында орыс тілді мектептердің тарихы мен дамуын баяндаған еңбек. Автор өз зерттеуіне қазақ даласына орыс білімін таратудың идеологтары В. Григорьев, Н. Ильминский сынды тұлғалардың еңбектерін, орыс әкімшілігі тарапынан шыққан құжаттарды, архивтік материалдарды пайдаланып, Торғай облысында білім жүйесінің қалыптасуы туралы статистикалық мәліметтерге сүйенген мол деректер келтірген. А. Васильевтің еңбегі Торғай облысының білім беру жүйесін зерттеген алғашқы жүйелі зерттеулердің бірі. Осы ерекшелігімен очерктің тарихи және деректік мән-мазмұны өте бағалы әрі құнды.

Мақаланың мақсаты – А. Васильевтің аталмыш тарихи еңбегін түпнұсқадан талдай отырып, оның тарихи деректік жән танымдық мән-маңызын талдау. Сонымен қатар тарихи очерктің анықтамалық сипаттағы деректері арқылы қазақ даласында орыс білімі жүйесін қалыптастыруға атқарған лауазымдық қызметтері тұрғысынан септігін тигізген шенеуніктердің, ағартушылық салада қызмет еткен мұғалімдердің, білім қуған шәкірттердің қатарын анықтау, оны өлкетанушылық мағлұматтармен толықтыру да мақаланың басты мақсаттарының бірі.

Материалдар мен қолданылған ғылыми әдіснамалар. Мақалға А. Васильевтің 1896 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан «Исторический очерк русского образования в Тургайской области» деп аталатын кітабының түпнұсқасы, Қазан университеті, Орынбор облыстық архивтерінің мұрағаттары, сондай-ақ патшалық Ресей тұсында баспадан шыққан қазіргі таңда өте сирек кездесетін тарихи еңбектер мен мерзімді басылымдардағы жазбалар пайдаланылды. Зерттеу әдіснамасына гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, аналитикалық сараптау, жинақтау әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Нәтижелер. Патша үкіметінің отаршылық саясатына қарсы қару алып күрескен Кенесары ханның қозғалысын ауыздықтау мақсатында қазақ даласының ішкі өңірлеріне Орынбор (Торғай), Орал (Ырғыз), Райым, Н. Перовск сынды әскери бекіністер салады. А. Васильевтің пікірінше, әскери бекіністерде мектеп ашудың нақты бастамасы Орынбор және Самара губернияларының генерал-губернаторы Катениннің 1858 жылы Торғай бекінісіне жасаған сапары барысында қолға алынды. Сол сапарда губернатор №53 дистанцияның басшысы, сұлтан Жәңгіровке (Джангеровке) жергілікті халықтан бекіністе орыс мектебі ашылса, балаларын оқуға беруге ықыласты бола ма, болмай ма деген мәліметті жинауды тапсырады. Жергілікті тұрғындар генерал-губернатордың сауалын күптайды. Халықтың қолдауынан хабардар болысымен Орынбор әкімшілігі іске кіріседі. 1859 жылы генерал-губернатордың міндетін атқарушы Балкашин Шекаралық комиссияға мектептің жұмысын жолға қою туралы ұсыныстар дайындауды тапсырады. Бұған Шекаралық комиссия төрағасы, білім мен ғылымға жаны жақын В.В. Григорьев күлшына кіріседі. Ол мектептердің қай бекіністерде ашылатынын айқындап, мектептердің жұмысын жолға қоятын жалпы Ережені дайындайды, ал гарнизон инженері, поручик Алексеев мектеп ғимаратының сызбалық жобасын жасайды (Васильев, 1896: 59-63).

Орынбор, Орал далалық бекіністері мен Троицк қаласындағы орыс-қазақ бастауыш мектептері. 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасының (бұрынғы Шекаралық комиссия) төрағасы В.В. Григорьев далалық Торғай, Ырғыз, №1 форт (Арал теңізі маңындағы Райым бекінісі), Перовск (қазіргі Қызылорда) бекіністерінде және шекара бойындағы Троицк қаласында мектеп ашу үшін Орынбор мектебін 1857 жылы аяқтаған алғашқы түлектері қатарынан 3 кісіні - Торғайға - Ыбырай Алтынсаринды, Ырғызға – Шахмұрат Құлыбековті, Троицкіге – Нұрым Мұнсызбаевты, ал 1863 жылы екі түлекті - №1 фортқа – Жолмұхаммед Байжановты, Перовскіге (қазіргі Қызылорда) - Халилула Құнановты бекітеді (Васильев, 1896: 64-68).

Аталмыш әскери бекіністердің ішінде алғаш орыс-қазақ мектебі ашылған жер Троицк қаласы болады. 1860 жылы шекара бойындағы қазақтармен қарым-қатынас жасауды үйлестіретін өкіл Жуковский Троицкідегі татар-мұсылмандық оқудың күшейіп бара жатқанын айта келе, қалада бастауыштық білім беретін орыс мектебін ашуды ұсынады. Бұл ұсынысқа 24 қазақ би-султандары қол қойған өгінішті де тіркейді. Онда қазақ басшылары мектеп ашылған жағдайда, оның шаруашылық шығынын өз мойындарына алатын жазады.

В. Григорьев аталмыш ұсыныс негізінде Орынбор және Самара генерал-губернаторы Безакқа шығады. Оның 1861 жылдың 16 қаңтарында губернаторға жазған хатында Троицкіде орыс-қазақ мектебін ашу қажеттілігін: «Шығыс Орда қырғыздары (қазақтары) балаларын Троицктегі татар молдаларына оқуға беруде. Қазіргі таңда татар молдалар қырғыздың 50-ге дейін балаларын оқытып жатыр. Молдалар нені және қалай оқытады, олардың берген фанатизмдік білімі шәкірттердің психикалық және моральдық жағына қандай зиянды әсер ететін жағдайы, бұрыннан белгілі болғандықтан, кеңірек айтудың қажеті шамалы. Бұған қарсы түру үшін Троицкіде қырғыз (қазақ)

балалары үшін мектеп ашу керек, онда олар тек татарша ғана емес, орысша сауаттылықты да үйренетін болады. Мұны орыс тілін білу қажет екенін түсінген, молдаларға тек мұқтаждық жолында ғана мойын бұратын қырғыздардың (қазақтардың) көпшілігі қатты қалап отыр», - деп түсіндіреді (Ильминский, 1891-Б: 136).

Генерал-губернатор В. Григорьевтің ұсынысына құптайды. Губернатордан қолдау тапқан ол Троицкіде мектеп ашуға қызу кіріседі. 1861 жылдың 1 қыркүйегінде Троицкі орыс-қазақ мектебі ашылып, өз жұмысын бастайды. Троицк мектебінің мұғалімі болып Н. Мұнсызбаев, ал дін сабағын оқытушысы ретінде Қазыбай Орынбаев бекітіледі.

Мектептің ашылуына қазақ даласында іссапармен жүрген В. Григорьев арнайы келіп қатысады. Айтулы оқиғаға орай мектеп ашылған күні ат жарыс-бәйге ұйымдастырылып (Васильев, 1896: 72), 15 қыркүйек күні қазақтардың сыйлы кісілеріне (24 кісі) салтанатты дастархан жайылады (Веселовский, 1887: 196).

Троицк мектебі туралы В. Григорьев сол жылдың 29-қазанында Санкт-Петербургте шығатын «Северная пчела» газетінің №241 санында «Троицкий житель» деген бүркеншік есіммен «Открытие киргизской школы в Троицке» деген мақала жариялайды (Троицкий житель, 1861: № 241).

Троицк қаласы - 1884 жылға, яғни Николаевск уезінің орталығы болып Қостанай қаласына көшірілгенге дейін Шығыс Орда өңірінің орталығы болып келді. Қалада Шекаралық комиссияның атынан қарым-қатынас жасайтын тұрақты өкілі (попечитель) қызмет атқарады және өңірді басқару, сондай-ақ қазынашылық-қаржылық мекемелер жұмыс жасады. Мысалы, 1865 жылы №26 дистанцияның басшысы Сүйінішғали Янбуринге өмірбойлық пенсия тағайындалады, ал оны алу жолы ретінде Троицк қаласының қазынашылық мекемесі белгіленеді (ГАОО, 7901: 1-2).

Троицк мектебінен кейін 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай, сол жылдың 25 қазанында Ырғыз бекіністерінде бастауыш орыс мектептері салтанатты түрде ашылады (Васильев, 1896: 65). Оларды ашудың бірнеше жылдарға созылуының басты себебі мектепке лайық ғимараттардың дайын болмауына байланысты болады. Ал №1 форт пен Перовск бекінісіндегі мектептер жайындағы деректер, А. Васильевтің пікірінше, Орынбор архивінде сақталмаған. Бір белгілісі, 1863 жылы №1 фортқа Ж. Байжанов, Перовскіге Х. Құнанов бекітіледі. 1864 жылы Ж. Байжановты Момын Байдосов алмастырады (Васильев, 1896: 68).

А. Васильев патшалық Торғай облысына орысша білімді таратудың «Екінші кезеңін» 1869-1891 жылдар аралығы деп көрсетіп, кезеңді үш тарауға бөліп талдайды. Тараулардың атауы мынадай:

1. Торғай облысындағы бастауыш қазақ-орыс және орыс мектептері;
2. Қазақ мұғалімдер мектебі (Ор қаласында жұмыс істеп тұрған кезеңі);
3. Торғай облысы қазақтарының балалары үшін оқу орындарында тағайындалған стипендиялар.

Облыс көлеміндегі орыс-қазақ және орыс мектептерінің ашылу тарихы, жай-күйі, қызмет атқарған мұғалімдері туралы мәлімет берілетін бірінші тарауда 1868 жылдың 21 қазанында бекітілген Далалық облыстарды басқарудың уақытша Ережесінен кейінгі білім саласында орын алған өзгерістердің нәтижесі негізінде жүргізілген жұмыстар сипаты баяндалады. Аталмыш Ереже бойынша, әрбір далалық облыстарға халық ағарту ісі үшін жыл сайын бюджеттен 8 мың руб. қарастырылу көзделеді.

1870 жылы облыстың әскери губернаторы Орынбор аймағының басшысы Крыжановскийге облыстағы халық мектептерін дамытудың, халық мұғалімдерін (народный учитель) дайындау жобасын ұсынады (Васильев, 1896: 79). Орынбор генерал-губернаторы аталмыш мәселелерді шешу үшін жасақталған арнайы комиссияның отырысында Торғай облысының басшысына мұғалімдер дайындайтын семинария мен облыс көлемінде жаңадан ашылатын мектептердің құрылыс жұмыстарының сметасын жасауды және ауылдарда шығыны аз, оқушының ата-анасы жанынан айырмайтын, көшпелі тұрмысқа ыңғайлы мектептер жобасын дайындауды тапсырады (Васильев, 1896: 79).

А. Васильев «Екінші кезеңде» уезд орталықтарындағы бастауыш мектептерді екі сыныптық үлгіге ауыстыру, болыстардан (волость) бастауыш мектептер ашу жұмысы және қазақ мектептеріне оқытушылар дайындайтын Мұғалімдер мектебін ашу жұмыстары жүзеге асқанын жазады. Торғай облысында мектептар ашу ісіне инспектор Б.Алтынсарин көп үлес қосқанын ерекше атап өтеді. Аталмыш кезеңде, Торғай, Ырғыз, Троицкідегі бастауыш мектептер мәртебесі екі сыныптық дәрежеге өтіп, бастауыш мектептер болыстардан ашыла бастайды. 1887-1891 жылдар аралығында 7 болыстық мектеп, атап айтқанда, Қарабұтақ, Бөрте, Обаған, Жетіқара-Шұбар, Қаратоғай, Әуликөл, Мендіқара болыстарында бастауыш мектептер өз жұмыстарын бастайды. 1883 жылы Торғайда Б. Алтынсариннің бастамасымен Яковлев атындағы кәсіптік мектеп салтанатты түрде ашылады. Сонымен қатар облыс әкімшілігі қыз балалар үшін 1887 жылы Ырғызда орыс мектебін, 1891 жылы Торғайда орыс-қазақ, Қостанайда орыс мектебінің жұмысын жолға қояды. Ырғыздағы орыс ұлтының қыздары үшін ашылған орыс мектебі жанынан қазақ қыздары үшін 20 орындық интернат жұмыс жасаса, Торғайдағы мектепте алғашқыда 12 қазақ қызы, 10 орыс қызы білім алады.

Облыс әкімшілігінің назарынан оңтүстіктегі уездер ғана емес, солтүстіктегі уездер де

(Қостанай, Ақтөбе) назардан тыс қалмайды. Орыс переселендері көптеп қоныстанып жатқан аталмыш уездерде бірнеше таза орыс мектептері ашылады. 1892 жылы «Тургайские областные ведомости» газеті 20 мыңдық Қостанай қаласында мектептерге сұраныстың артуына байланысты соңғы 2-3 жылда бұрыннан келе жатқан екі сыныптық орыс-қазақ мектебінен басқа сегіз мектеп ашылғанын хабарлайды (Тургайские областные ведомости, 1892: 19).

Қазақ мұғалімдер мектебі (Ор қаласында жұмыс істеп тұрған кезеңі). Орынбор өлкесінде ашылған уездік және жоспарда ашылатын болыстық мектептерге мұғалімдер дайындау мәселесі өлке басшылығының тарапынан 1870 жылдан бастап қолға алынады. 1870 жылдың 3 сәуірінде Орынбор губерниясындағы мектептердің директоры Колесниковтың төрағалығымен өткен Комиссия жұмысында аталмыш мәселе арнайы талқыланып, қазақ және башқұрт мектептеріне мұғалімдер дайындау үшін арнайы пансионат ашу, оған уездік орталықтардағы бастауыш мектептерді бітірген оқушыларды қабылдау, егер ондай мүмкіндік болмаса пансионат жанынан дайындық бөлімдерін, ал уездік мектептер жанынан педагогикалық курс ашу мәселелері көтеріледі. Комиссия талқылаған аталмыш мәселені Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Крышановский Қазан оқу округінің басшысы (попечитель) Шестаковқа жолдайды. Шестаков жобаға пікір білдіру үшін Қазан университетінің профессоры Н. Ильминскийді тартады (Васильев, 1896: 105-107).

Н. Ильминский жобаға қатты қызығушылық танытып, оған өз пікірі мен көзқарасын 1871 жылдың 7 наурызында «Орынбор өлкесінде бөгде жұрттарға арналған мұғалімдер мектебі туралы пікір» (Мнение об учительской школе для инородцев Оренбургского края) деп атаған жазбасында білдіреді. Онда ол бөгде жұрт арасында жүргізілетін халық ағарту ісінің түпкі мақсатына «жалпы адамзаттық және саяси мүддеге» тоқайласуы тиіс екенін айта келе, мұғалімдер мектебінің оқу үрдісі қазақтарды татарлық-мұсылмандықтан сақтауға, орыс мәдениетіне деген ынтазарлықты қалыптастыруға құрылуы қажет екенін, аталмыш мақсатты жүзеге асыру үшін қазақ тілінде кітаптар шығаруды, араб әліпбиін орыс алфавитіне көшіру мәселелерін алға тартады. Мұғалімдер мектебін Орынбор қаласындағы қазақ мектебінің ғимаратына орналастыруды ұсынады (Ильминский, 1891: 165-180).

1870 жылы көтерілген аталмыш бастама бөгде жұрттар арасындағы ағарту ісі «Халық ағарту министрлігінің» қарауына көшуіне байланысты әкімшілік-бюрократтық кедергілерге кезігіп көп жылдарға созылып кетеді. 1882 жылдың 10 маусымында 12 жыл бұрын Орынбор әкімшілігі тарапынан көтерілген мәселе жүзеге асып, Ор қаласында мұғалімдік мектеп ашу туралы шешім бекітіледі. Инженер Корф дайындаған мектептің жобасы қаржы тапшылығына байланысты жүзеге аспай, ғимарат жалға алынады. Мектеп 1883 жылдың 10 сәуірінде ашылады. Мектептің басшысы болып А.Г. Безсонов бекітіледі (Васильев, 1896: 113-117).

Мектеп 1888 жылы Ор қаласынан Орынборға көшіріледі. Себебі мектеп ғимараты өртке ұшырайды. А. Васильев 1888 жылды өртке және кейбір шәкірттердің бұзақылық көрсетуіне байланысты келеңсіз көріністер жылы деп көрсетеді. Мектептің 4 сынып оқушылары бұлғақ шығарып, тәртіпсіздік жасайды. Бұл оқиғаға оқу округінің басшысы арнайы келіп қызметтік тесеріс жүргізеді. Соның нәтижесінде 4 сынып оқушысы Битен Ботабаев оқудан шығарылады (Васильев, 1896: 122-124).

Бұрынғы оқу инспекторының «келеңсіз көріністер» деп бағалап, оның жай-жаспарын баяндамай отырған оқиғасы – мектеп басшысы А. Безсоновтың 3-4 сынып оқушыларына православия дінінің кітаптарын насихаттауына байланысты туындайды. Бұл оқиғадан Ы. Алтынсарин де шет қалмай, мектеп басшысының ісін сынайды (Ильминский, 1891: 22-23).

Ор қаласында жұмыс жасап тұрған кезде мұғалімдік мектепті 20 қазақ шәкірт бітіреді. Олардың ішінде Ы. Алтынсаринның Торғай мектебінен бітірген Ғ. Балғымбаев, Д. Тоқтабаев, И. Тоқмұхаммедов, Ж. Тобылбаев, Н. Дәулетқалиев, А. Әлімбаев (Алимбаев), Е. Үсенов сынды шәкірттері де бар еді (Васильев, 1896: 122-124). Мысалы, Ғ. Балғымбаев 1886 жылы Ы. Алтынсаринның шақырумен Қостанайдағы екі кластық орыс-қазақ мектебінің мұғалімдік қызметіне орналасады. 1889 жылы ол төсек тартып ауырып жатқан ұстазының күні-түні қасында болып күтіп бағады, оны ақтық сапарға шығарып салады (Центральная научная библиотека, 397-1: 213-214).

Торғай облысы қазақтарының балалары үшін оқу орындарында тағайындалған стипендиялар. Қазақ өлкелерімен шекаралас Орынбор, Троицк қалаларында орысша оқытатын гимназиялық оқу орындары ашылуына байланысты қазақ балалары үшін арнайы вакансиялар бөлініп, оған стипендиялар тағайындалды. 1868 жылдың 28 қарашасында Орынбор гимназиясы жұмысын бастайды. Қазақ балаларына гимназиядан 30 стипендия тағайындалып, оның 12-сі – Торғай облысына, 10-ы - Орал облысына, 8-і - Бөкей ордасына бөлінеді. Гимназияның ашылуына байланысты 1869 жылы 19 жыл жұмыс жасаған Орынбор орыс-қазақ мектебі түбегейлі жабылады.

1871 жылы Троицк азаматтық гимназиясын ашу мәселесі көтеріледі. Бұл бастама Троицк қаласының саудагер-көпестердің тарапынан көтеріледі. Қала тұрғындарының бастамасын далалық қазақтар да қолдайды. Олар құрылысқа 4507 руб. көлемінде қаржылай көмек көрсетеді және 8153 руб. қаражаттың 5 пайыздық өсімін Л.Ф. Баллюзек атындағы екі стипендияға тағайындайды.

Гимназия 1873 жылдың 23 қыркүйегінде ашылады (Двадцатипятилетие Троицкой гимназии, 1900: 1-8). 1880 жылы гимназия жанындағы қазақ балаларына арналған пансионат 1880 жылы ашылып, оған 30 орын беріледі (Васильев, 1896: 138). А. Васильев Троицк гимназиясында алғаш оқығандар қатарында М. Қарабаев, Б. Қаржасов, Осм. Төлеков, Ш. Барлыбаев, С. Котлев, Е. Шелеков (Ищ. Чилеков), Осм. Жангерев, М. Сейдалиев, Шығ. Көшерев (Шиг. Кочуров) сынды қазақ балалары болғандығын көрсетеді. Сонымен бірге ол 1878-1891 жылдар аралығында Троицк гимназиясында білім алған 12 стипендиаттардың аты-жөнін, қай жылдары, қандай сыныпта оқығандарынан мәлімет беретін кесте ұсынады (Васильев, 1896: 140-141).

Торғай облысының қазақтарына арналған жоғары, орта және арнайы оқу орындарындағы стипендиялар. Гимназия бітірген шәкірттерге Ресей империясының Санкт-Петербург, Қазан қалаларындағы жоғары оқу орындарына, Красноуфим реальдық училищелерге жол ашылатын. Оның үстіне аталмыш оқу орындары үшін қазақ қауымы арнайы стипендиялар тағайындайды. Осы стипендиялардың арқасында Қазан, Санкт-Петербург университеттерінде Торғай облысы қазақтарының балалары білім алады. Ол шәкірттер Орынбор, Троицк қалаларындағы гимназиялық мәртебесі бар орта мектепті бітіргендер еді. Олардың жоғары оқу орындарында білім алуы үшін Торғай облысының қазақ қауымы Қазан университетіне Генерал-губернатор Н.А. Крыжановский атындағы арнайы стипендиялар тағайындайды. А. Васильевтің көрсетуінше, 1877-1891 жылдар аралығында аталмыш стипендия арқылы 8 шәкірт білім алады. Олардың алтауы Торғай облысынан болса, екеуі (Қосбақов пен Қаратаев) Бөкей ордасы мен Орал облысынан келген шәкірттер болды (Васильев, 1896: 144).

Қазақ даласындағы мектептердегі оқушыларды кәсіптік мамандыққа баулу мақсатында Мұғалімдер мектебін бітірген шәкірттерге Красноуфим реальдық (кейін өндірістік) училищесі мен оның жанындағы ауыл-шаруашылық бағыттағы орыс-башқұрт мектептеріне оқу стипендиясы бөлініп отырды. 1886-1891 жылдар аралығында арнайы стипендиямен оқыған 17 шәкірттің сегізі түрлі мамандықтарды игеріп шығады (Васильев, 1896: 145-148).

Торғай облысында орысша білім беруді орнатудың үшінші кезеңін А. Васильев 1892-1896 жылдар аралығы деп санайды. Бұл аралықты далалық өлкелерде ауылдық мектептерді ашып, оның жұмысын жолға қою басты көрініс алды. Ресей империясының далалық облыстарды басқару туралы 1891 жылдың 25 наурызында шыққан жаңа Ереже бойынша, әлеуметтік саланың шығыны, соның ішінде ағарту саласы да жергілікті жерден жиналатын салық негізінде қаржыландыру көзделді. Сол себепті мектеп ісі саласында шығыны аз жұмыстарды қолға алу қарқынды жүргізілді. Бұл орайда әкімшілік қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы, мұсылмандық татар білімін таратушылардың тәжірибесінен өткен көшпелі мектептер жұмысын жолға қояды қолға алады. Мұндай көшпелі мектепті «ауыл мектебі» деп атады. Оның мақсаты «татар, башқұрт, ортазиялықтардың қазақ даласындағы мектептерін ығыстыру» болып табылды Ауылдық мектептің дәрежесі бір сыныптық, болстық мектеп екі сыныптық мәртебеге ие болды. Ауылдық мектептің бір жылдық шығыны 324 руб., ал болыстық мектеп 2 мың руб. көлемінде қалыптасты (Васильев, 1896: 151-153).

Орысша білім беретін алғашқы ауыл мектебі 1892 жылдың 15 маусымында Қостанай уезі Кеңарал болысының Қарағайлы (№4 ауыл) ауылында ашылады. Алғаш ашылып отырған мектепті қолдау және оның керек-жарағына көмектесу мақсатында Торғай облысының әскери губернаторы 324 руб. қаражат бөледі (Тургайские областные ведомости, 1892: 6). Облыстық басылым бетінде ауылдық мектептің «Оренбургский листок» газетінде жарияланған орыс тіліндегі Ережесі қазақшаға аударылып басылады (Тургайские областные ведомости, 1892: 31). Сол жылдың аяғына дейін уезде Алакөл, Аралағаш, Тобыл, Қарадөңкөл, Сужарған сияқты 5 ауылдық мектеп ашылып, жұмысын бастап кетеді. 1894 жылдың 1 қаңтарына дейінгі көрсеткіш бойынша облыс көлемінде 25 ауылдық болса, 1895 жылдың басында олардың саны 35 мектепке жетеді. Онда 542 шәкірт білім алады. Сонымен қатар Ақтөбе және Қостанай уездеріндегі орыс поселкаларында орысша мектеп ашылып, олардың дәрежесі ауылдық мектеп мәртебесінде болады. Облыс көлемінде тез көбейіп жатқан бастауыш мектептерді мұғалімдермен қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік 1894 жылы Қостанай қаласындағы екі сыныптық мектеп жанынан 2 жылдық Педагогикалық курс ашу мәселесін көтереді (Васильев, 1896: 157-158). 1897 жылы аталмыш Педагогикалық курс ашылып, өз жұмысын бастайды. Курстың ашылуы туралы «Тургайская газета» 1897 жылдың №108 санында арнайы хабарлама жазады. Онда Орынбор мұғалімдер мектебіне бөлінген 17 стипендияны Қостанайдағы Педагогикалық курсқа ауыстыру мәселесі көтеріледі (Тургайская газета, 1897: 108).

А. Васильев 1896 жылдың 1 қаңтарына дейінгі есеп бойынша облыс көлемінде 35 ауылдық мектеп жұмыс жасап жатқанын, ол мектептердің қай жылы ашылғанын, қандай мекенде орналасқанын және мектептің қалай аталатынын (қыстау бойынша және мектепті ашуға көп үлес қосқан кісінің аты) орналасқанын, мектептің мұғалімі кім екенін көрсететін деректік кесте жасайды (Васильев, 1896: 159-161). Бұл кестеден біздер ауылдық мектепке мұғалімдік қызметте болған 35 ұстаздың аты-жөнін көре аламыз. Солардың ішінде Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының есімін де байқаймыз. Зерттеудегі дерек

бойынша, ол 1895 жылы Ақтөбе уезі Бестамақ болысының №2 ауылдағы «Арынғазиев мектебінде» қызмет еткен (1 сурет).

ВЪ АКТЮБИНСКОМЪ УЪЗДЪ.		20-го января 1893 года за № 291.	15-го марта.	Беркадиев, оконч. курсъ киргизской учит. школы.
17	Миндыбаевская -			
18	Косыбаевская -	Въ № 2 аулѣ Актюб. вол., а затѣмъ перев. въ Каратург. волости.	14-го февраля.	Арастаналиевъ съ званіемъ сельскаго учителя.
19	Алимбетская -	Въ № 2 аулѣ Тереклинской волости.	10-го февраля.	Калдиновъ изъ Актюбинскаго 2-хкласснаго училища.
20	Алчинбаевская -	Въ № 3 аулѣ Уйеснаринской волости.	12-го февраля.	Айчуваковъ, оконч. курсъ киргизской учит. школы.
21	Карамолинская -	Въ № 5 аулѣ Буртинской волости.	13-го марта 1894 г.	Тимобеев, оконч. курсъ Благотѣщен. учит. семинари.
22	Михайловская -	Въ поселкѣ Михайловскомъ.	13 февраля 1894 г.	Байтурсыновъ окончивш. курсъ киргиз. учительской школы.
23	Арунғазиевская -	Въ № 2 аулѣ Актюб. вол., а затѣмъ перев. въ Бестамак. волости.	21-го	
ВЪ ТУРГАЙСКОМЪ УЪЗДЪ.				

1 сурет. А. Васильевтің кестесінен үзінді

А. Байтұрсынұлы Бестамақ болысында қызмет атқарғанын қосымша айғақтайтын көрініс – оның 1896 «Тургайская газетаның» №60 санында жариялаған мақаласы. Мақала «Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамакская волость, Актюбинского уезда» деп аталады. Онда тілші өзі қызмет жасайтын ауылда ашылған №4 фельшерлік пункттегі шешекке қарсы егілген екпе жұмысы және қазақ даласындағы дәрігерлік қызмет мәселесін қозғайды (Байтұрсынов, 1896: 60).

Бұл А. Байтұрсынұлының екінші мақаласы болатын. Бұған дейін ол 1895 жылы аталмыш басылымда «Киргизские приметы и пословицы» деп аталатын тұңғыш мақаласын жариялайды (Байтұрсынов, 1895:39).

Ахметтанушылардың алғашқы буыны М. Дулатұлы, М. Әуезұлы сынды қайраткерлер ағартушының ауылдық мектептердегі қызметі Ақтөбе, Қостанай, Қарақаралы уезінде өткенін жазған еді. Бұл орайда, М. Дулатұлы өзінің ұстазының ауылдық мектептердегі педагогикалық қызметінің басталу жылы мен аяқталу мерзімін (тарихи хронологиясын), ұстаздық қызмет еткен уездерін дәл айқындап берді. Кезінде ол былай деп жазды: «Педагогическая деятельность А.Б. начинается с 1895 года. С период 1895 по 1909 год он учительствует Актюбинском, Кустанайском и Каракалинском уездах» (Дулатов, 1922: 20). Ал М. Әуезұлы «Ақанның елу жылдық тойы (юбилей)» деп аталатын мақаласында «Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолмен ел ортасына барып қазақ балаларын оқытпақ ниетпен Ақтөбе уезі, Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылный школга барып оқытушы болған» (Әуезов, 1991: 18).

М. Әуезовтің «Ақтөбе уезі, Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтар» дегені отырғаны анықтамалық тарихи жазба деректерде Бестамақ болысының управителі Ахметкерей Косваковпен (Памятная книжка, 1899: 40) бір кісі болса керек.

Торғай облысында ашылған көшпелі ауыл мектептерінің жұмыс тәжірибесі көрші аймақтарға үлгі бола бастайды. Ақмола облыстық «Дала уалаяты газетасының» 1896 жылғы №20 санында қазақтың көшпелі тұрмысына қолайлы екендігі ерекше ықыласпен аталып өтеді (Дала уалаятының газеті, 1994: 545).

Очеркте Торғай облысының территориясындағы ауылдық мектептерге жетекшілік жасайтын болыстық мектептер жұмыстарына А. Васильев тәрпынан тарихи сипатама берілген. Ол облыс көлеміндегі жеті болыстық, атап айтқанда, Қарабұтақ, Бөрте, Обаған, Шұбар-Жетіқара, Қаратоғай, Әуликөл, Мендіқара мектептерде 1892-1895 жылдар аралығында білім алған оқушылардың саны, мектепті ұстауға жұмсалған шығын көлемі көрсетілген кесте ұсынады (Васильев, 1896: 171).

Қарабұтақ болыстық мектебі екі сыныптық мәртебеге өтіп, онда Ор Мұғалімдер мектебінің түлегі, Ы. Алтынсаринның шәкірті Ғ. Балғымбаев жемісті еңбек етеді. Оның Ресей императорының таққа отыру күні Қарабұтақ форпостында қалай тойланғаны туралы жазған «Қарабұтақ» атты мақаласы «Тургайская газетаның» 1897 жылғы 29 мамыр күнге санында жарияланады (Балғимбаев, 1896:74). Қарабұтақ мектебінен кейін Ғ. Балғымбаев алдымын Ырғыз уезінің, одан соң Торғай облысының білім инспекторы, «Тургайская газетада» редакторлық қызметтерін атқарады.

Орыс-қазақ қыздар мектебі. 1892-1895 жылдары патшалық әкімшілік облыс көлеміндегі оқушы қыздарға арналған мектептер жүйесін дамытуға да көңіл бөледі. Бұған дейін ашылған Ырғыз, Торғай қыздар мектебіне қосымша 1893 жылдың 10 наурызында Қостанайда орыс, 1896 жылдың 26 қыркүйегінде Ақтөбеде, сонымен қатар Қарабұтақта қыздарға арналған орыс-қазақ мектептері ашылады. Осылайша облыс көлеміндегі оқушы қыздарға арналған мектептің саны 5-ке жетеді (Васильев, 1896: 172-174).

Оқушы қыз балаларға арналған мектептер санын көбейту мақсатында 1894 жылы әскери

генерал-губернатор Барабаш Қостанайда прогимназия (4 жылдық толық емес орта мектеп) ашу жайында бастама көтереді. Қазақ әлеуметі қыздар прогимназиясын ашуға бір реттік көмек ретінде 12000 мың руб. қаржы жинайды, қала қауымдастығы жыл сайын 1830 руб. қосып отыруды міндетіне алады (Васильев, 1896: 172-174).

1895 жылдың 8 қазанында прогимназия салтанатты түрде ашылады. Оның ашылу салтанатына жергілікті орыс-қазақ жұртының өкілдері шақырылады. Қазақ қауымы қатарынан Ы. Алтынсариннің жесірі Айғанис Алтынсарина, Шолпан Қаржасов (уезд әкімшілігінің аудармашысы Х. Қаржасовтың жұбайы болуы мүмкін), Қатира Тоқтабаева (мектеп ұстазы Д.Тоқтабаевтың жұбайы болуы мүмкін) қатысады. Іс-шараға 1894 жылы А. Васильевтің орнына Торғай облысының инспекторы болған А. Алекторов те қатысады. Бұл шара туралы «Тургайская газетада» «И.К.» деген автор хабарлама жариялайды (ИК, 1895: 42).

А. Васильев алды 1864 жылы ашылған Торғай, Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Қарабұтақта орналасқан екі сыныптық орыс-қазақ уездік мектептердің 1892-1895 жылдар аралығындағы жай-күйлеріне, жұмысына сипаттама береді. Аталмыш жылдар аралығында уездік мектептерде білім алған оқушылардың саны көрсетілген кесте де ұсынады (Васильев, 1896: 177-182).

Үшінші кезеңнің екінші тарауында А. Васильев Торғай облысындағы бастауыш орыс мектептерінің ашылу тарихы мен жай-күйіне тоқталады. 1892 жылдарға дейін облыс көлемінде 4 орыс мектебі (2 -бір сыныптық, 1- қыздар мектебі, 1- ересектерге арналған кешкі мектеп) болса, 1892 жылдардан бастап Қостанай және оның аумағында орыс жұртының көптеп қоныс аударып келуіне байланысты 1895 жылы әр түрлі мәртебедегі мектептер саны 24-ке жетеді. Бұл орайда орыс мектептерінің көптеп ашылуына православия шіркеуінің белсенді көмектескенін айта кету керек. Жаңадан ашылған мектептердің басым көпшілігі шіркеу жанынан (приходская) немесе оның тікелей қолдауы арқылы ашылады.

1891 жылы Қостанай қаласында Орынбор епархиясының мектеп ісі Кеңесінің Николаевск бөлімі ашылып, оған Қасиетті Синод 1200 руб. көлемінде қаражат бөліп отыруды және кітаптармен қамтамасыз етуді қолға алады. Бұл қаражат жаңадан ашылып жатқан орыс поселоктарындағы мектептерге көмек ретінде жұмсалып отырды. Православия шіркеулері алдымен мінажат үйі жанында жұмыс жасайтын «Сауат ашу» (Школа грамотности) мектептерін және дәрежесі ауылдық мектеп мәртебесіндегі бастауыш мектептерді ашуға күш салады. Осындай харекеттердің арқасында 1896 жылы Қостанай уезінде шіркеулер жанынан 4 приходская, 9 сауат ашу мектептері жұмыс жасайды. Тобыл өзенінің бойындағы Степановский, Бориславский, Михайловский сияқты орыс поселкаларында ауылдық мектептер ашылады (Васильев, 1896: 190-192).

Орыс мектептерін ашуда шіркеу ықпалының күшеюі бұрын мектептерде дәріс беріп жүрген оқытушылардың дін ісіне тікелей араласуына әкеліп соқтырады. Айталық, кезінде орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі болған Ф. Соколов шіркеудегі священник қызметіне ауысып, дін ісімен түбегейлі айналысады. Бірақ ол мектептегі дін сабағынан қол үзбейді. Сол сияқты священник П. Гордеев те шіркеудегі қызметімен қатар мектепте дін сабағына дәріс береді. Діни қызметкер ретінде ол 1898 жылы «Оренбургские епархиальные ведомости» журналының №8-11 сандарында «Г. Кустанай» деген атпен мақала жариялап, Қостанай қаласына қоныс аударушылардың тарихы мен олардың арасында православия дінін жүргізу жөніндегі жұмыстар туралы мәліметтер береді. Онда ол мектеп ашу ісінде білім инспекциясы мен шіркеу қоян-қолтық жұмыс жасағанын, 1898 жылға дейін уезде 5 шіркеу, халық ағарту министрлігіне қарасты 8 мектеп жұмыс жасап тұрғанын жазады (Гордеев, 1898, 11: 435).

Сонымен қатар 1891 жылы 14 сәуірде Қостанайда «Торғай облысының Қостанай және Ақтөбе уездеріндегі бастауыш білімге қамқорлық қоғамы» құрылады. Қоғам өзінің жұмысын балалар үйін ашудан бастайды. Бұл іске священник Ф. Соколов (Алтынсарин тұсында Қостанай екі кластық орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі болады) көп көмек көрсетеді. Алғашқыда балалар үйіне қазақ ауылдарында жерді жалға алып күн көріп жүрген орыс жұртының 14 баласын қамқорлыққа алады. 1892 жылы Қоғам Қостанайда «тегін халықтық оқу залын» ашады. 1894 жылы оқу залында 1120 томдық 467 кітап қоры болады. 1893 жылы Қоғам 20 орынға лайықталған бір сыныптық мектеп-интернат ашады (Васильев, 1896: 186-187).

Орынбордағы қазақ мұғалімдік мектебі. 1889 жылы Ор қаласындағы қазақ мұғалімдерін дайындайтын мектеп Орынборға көшіріледі. Алғашқыда мектеп жалға алынған жеке үйге – Ильин үйіне орналасады. Бір жылдан соң ол кезінде Ы. Алтынсарин оқыған бұрынғы қазақ-орыс мектебінің ғимаратына (Большая улица, кейін Николаевская, қазіргі таңда Советская көшесі) орналасады.

Алғашқыда мектепте бірыңғай қазақ балалары оқыса, 1892 жылдан бастап оған орыс жұртының өкілдері де қабылдана бастайды. Мұның себебі аталмыш жылдарда орыс мектебінің мұғаліміне сұраныс артады. Мұғалімдер мектебінің Орынбор кезеңінде қабылдау сынақтарының талабы күшейтіледі. Сонымен қатар үміткерлерден денсаулығына назар аударылып, олардан шешекке қарсы екпе талап етілетін болады.

1890-1895 жылдар аралығында қазақ оқушылары қатарынан мектепті жыл сайын 2-ден 8-ге

дейін түлектер тамамдап отырады. Аталмыш жылдар аралығында Орынбор мұғалімдер мектебін 14 кісі толық аяқтап шыққан. Мұны А. Васильевтің түлектердің аты-жөнін, қай жылы түсіп, қашан бітіргенін, қай жерден келгенін және қайда қызмет атқарып жатқанын көрсететін кестеден көре аламыз. Онда А. Балғымбаев, Н. Құлжанов, К. Сейдалиев, А. Байтұрсынұлы сынды түлектердің аты аталады (Васильев, 1896: 192-195).

Үшінші кезеңнің (1892-1895жж) қыр-сыры баяндалған бөлім екі тараумен аяқталады. Ол тараулар «Торғай облысының қазақтары үшін жоғары, орта және арнаулы оқу орындарындағы стипендиялар» және «Торғай облысы инспекциясының қазіргі жай-күйі (облыстағы туземдік мектеп пен медреселердің жағдайымен қоса)» деп аталады.

Торғай облысының балаларына арналған стипендиялар иегері қатарынан аталмыш кезеңде Қазан және Санкт-Петербург университетінде 4 шәкірт білім алады. Олар Саматов (Санкт-Петербург), Едігин (Идигин) – (Қазан), Беримжанов (Қазан), Қаратаев (Қазан). 12 шәкірт Орынбор гимназиясындағы қазақ балаларына арналған стипендиялар бойынша оқиды. Олардың қатарында орысша алғашқы білім алған белгілі әулеттің балалары бар екендігін көруге болады (Васильев, 1896: 205-216).

Торғай облысы оқу инспекциясының жай-күйін сипатталған тарауда А. Васильев 1879 жылдан басталған білім жүйесі дұрыс бағытта дамып орнығып, өз жемісін беріп отырғанын, о баста саусақпен санарлық орыс-қазақ мектептердің саны 1895 жылға 59-ға жеткенін, мектеп санының күрт өсуіне және облыстың территориясының ауқымдылығына байланысты білім саласын қадағалайтын инспекторлардың санын арттыру мақсатында орталық органдарға бірнеше рет ұсыныс айтылғанын, бірақ ол ұсыныстар әлі күнге дейін қанағаттандырылмай келгендігін қынжыла жазады.

Білім саласының әкімшілігі облыс көлемінде орысша білімді таратумен қатар туземдік (мұсылмандық деп таныған дұрыс) мектеп-медреселердің оқу жұмысын қадағалауды назардан тыс қалдырмайды. Мектеп-медреселердің оқу жұмысын бақылау 1868 жылғы Ереже бойынша облыстық және уездік әкімшілікке жүктелсе, 1874 жылы білім саласының әкімшілігінің қарауына өтеді. 1877 жылы Халық ағарту министрлігі мектеп-медреселердің жұмысын жүргізудің Нұсқаулығын жасақтап, оны облыс әкімшілігінің қарауына ұсынады. Облыс әкімшілігі Нұсқаулықтың қабылдауына қарсы болады, себебі қазақ даласында ресми түрде мұсылмандық мектеп-медреселер тіркелмегенін, олар бейресми түрде жұмыс жасайтынын, сондықтан оларды Нұсқаулық арқылы заңдастырудың қажетсіз екендігін алға тартады. Оның Уақытша Ереженің 209 тармағын қолданып, қазақ әлеуметінде мектеп пен медресе ашуға қайырымдылық көмек, қаржат жинауға әкімшілік тарапынан рұқсат алу күзірегін тиімді қолдануды ұсынады. Дегенмен де, білім әкімшілігі тарапынан Нұсқаулық шығады, бірақ сол қағаз жүзіндегі Нұсқаулық күйінде қалады. Мұсылмандық мектептердің жұмысын қадағалау білім инспекторының және жергілікті әкімшіліктің міндетіне жүктеледі.

Инспектор А. Васильевтің дерегінше, 1892 жылы Торғай уезіндегі 76 мұсылмандық мектепте 887 бала оқиды. Ал Ырғыз уезіндегі мұсылмандық мектептерде 659 оқушы білім алған (Васильев, 1896: 219-221).

Тарихи очерктің соңғы бөлімі – **Қосымшалар**. Бұған автор мектеп жұмысы мен оқу ісіне қатысты тарихи құжаттарды, атап айтқанда, ержелер мен нұсқаулықтарды, жарғыларды жинақтаған. Олардың қатарында 1844 жылы 14 маусымда қабылданған «Орынбор қазақтары басқару туралы» Ережедегі Орынбор Шекаралық комиссия жанындағы қазақ балаларына арналған мектептің Тәртібі, Шекаралық комиссияның аталмыш Тәртіпті басшылыққа алудағы Нұсқаулығы, далалық бекіністердегі мектептердің Тәртібі, Торғайдағы Яковлев атындағы мектептің жарғысы, Торғай облысындағы орыс-қазақ ауылдық мектептердің Ережесі, ауыл мектептерінің қамқоршылары (блюстителдері) туралы Ереже, Башқұрт, қазақ, татар мектептерінің инспекторларына арналған Нұсқаулық, Торғай облысындағы мұсылмандық (туземдік) мектеп пен медреселерді білім саласының басшылығына бағындыру Тәртібі сынды тарихи құжаттар орын алған. Бұған қоса қазақ шәкірттері үшін тағайындалған арнайы стипендиялардың ережелері мен тәртібі, жарғылары берілген.

Мұндағы құжаттардың басым көпшілігі бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген. Айталық, Торғайдағы «Яковлев» атындағы мектептің Жарғысы, ауылдық мектептердің Ережесі, «Башқұрт, қазақ, татар мектептерінің инспекторларына арналған Нұсқаулық» сынды құжаттарды зейінге алып зерделеу мәселесі аса маңызды. Инспекторларға мектеп-медресенің жұмыстарын қадағалауға кең мүмкіндік берген. Олар мектеп-медреседе қандай білім беріп жатқанын, қандай оқулықтар пайдаланатынын, мұсылмандық білім беретін мұғалімдердің сенімділігін қадағалайтын болған. Мұсылмандық мектеп ашылғанда оның жанынан орыс сыныптарын ашу да жүктелген (Васильев, 1896, Приложение: 63).

Түйіндей келгенде, Б. Алтынсариннен кейін Торғай облысының инспекторы қызметін атқарған А. Васильевтің «Торғай облысында орысша білімді таратудың тарихи очеркі» атты еңбегі - қазақ даласына орысша білімнің таралуы тарихын жүйелі түрде, хронологиялық кезеңдерге, ресми құжаттарға сүйене отырып баяндаған алғашқы ғылыми танымдық зерттеудің бірі.

Әдебиеттер тізімі

Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы (юбилей) // Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. Алматы: Жалын, 1991.464 бет.

Байтурсунов А. Киргизские приметы и пословицы // Тургайская газета. 1895. 24 сентября. №39.

Байтурсунов А. Корреспонденция (от нашего корреспондента). Бистамакская волость, Актюбинск. уезда // «Тургайская газета», 1896, №60.

Балгимбаев Г. Карабутак // «Тургайская газета», 1896, №74.

Центральная научная библиотека «Ғылым Ордасы» Комитета науки МОН РК // Балгимбаев Г. Воспоминания об И. А. Алтынсарине, первом инспекторе народных училищ б. Тургайской области. Ф. 397-1, л. 213-214.

Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Издание Тургайского областного статистического комитета. Оренбург, Типо-литография Н.Н. Жаринова, 1896.

Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам (1816-1881). Составитель Н.И. Веселовский. Издание Императорского русского археологического общества. С.-Петербург, Типография и хромолитография А.Траншеля, Стремянная, №12, 1887 г.

Государственный архив Оренбургской области (ГАОО), ф.6, оп.10, д.7901, л 1-2.

Гордеев П. Кустанай // Оренбургские епархиальные ведомости, 1898, №11.

Двадцатипятилетие Троицкой гимназии (1873-1898 г.). Историческая записка. Составлена по поручению педагогического совета преподавателями А.К. Зелецким и Ои: и Пушновыми законоучителем прототерием В.А.Лавровским. г.Троицк, Типография И.О. Лисаковской, 1900 г.

Дулатов М. Ахмед Байтурсунович Байтурсунов (Биографический очерк). Труды общества изучения Киргизского края. Вып. III, Оренбург, 1922 г.

Дала уалаятының газеті. Алматы: Ғылым, 1994. 816 б.

Ильминский Н.Н. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. Казань, Типо-Литография В.М. Ключникова, 1891 г.

И.К. Открытие женской русско-киргизской прогимназии в Кустанае // «Тургайская газета», 1895, №42.

Памятная книжка, 1899 - Памятная книжка Тургайской области. 1899 год. Оренбург, Типо-литография Н. П.Жаринова, 1899 г.

Тургайская газета, Оренбург, 1897, №108.

Троицкий житель. О Троицкой школе // Северная пчела, 1861, № 241.

Саяси үстемдік жүйенің ауыр қасіреті барлық ұлт өкілдеріне зардабын тигізіп, 1920-1953 жылдары Қазақстандағы 80-нен аса ұлт өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақтар – 35-40%, поляктар - 2%, корейлер – 1,5-2%, еврейлер - 2%, бұлардан басқа, белорус, татар, мордва, ұйғыр, өзбек, молдаван, латыш, әзірбайжан, шешен, армяндар болды (Махат, 2006:86).

Халықтарды жер аудару саясатының ұлттық ерекшеліктерді жоюға бағытталғанына қарамастан, қазақ халқының туысқандық қамқорлығы арқасында этнос өкілдері Қазақстан жерінде екінші Отанын тапты.

Келесі ірі этностық толқын 1950-1960 жылдары тың және тынайған жерлерді игеру және өндірістік құрылысты кең көлемде жүргізу тұсында жалғасты. 1957 жылы Белоруссиядан – 1300, Украинадан – 700 адам Ақмола жеріне; Украинадан Қарағандыға – 100, Оңтүстік Қазақстанға – 600 адам; Украинадан – 2500 және Молдавиядан – 1000 адам Қостанайға; Украинадан – 600, Литвадан – 600 адам Петропавлға; Украинадан – 400 адам Солтүстік Қазақстанға; Украинадан – 600 адам Семейге қоныстандырылды (Еңсенев, 2018: 171). Бұл жылдары Көкшетау өңіріне 200 мың адам көшіп келді (Әбуев, 2006: 306). Қазақстан өнеркәсібі объектілерін «Бүкілодақтық Екпінді жастар құрылысы» деп жариялау нәтижесінде 1960-жылдары республикадағы ірі құрылыс орындарына жұмысшы жастар ағыны басталды. 1960-1965 жылдары Қазақстан Магниткасы құрылысына келуші жастар 2000-ға жетті, ал он жыл көлемінде 69 түрлі этностарды құрады (Ерімбетова, 2009: 25). Кейін негізінен славяндар, соның ішінде орыстар, өнеркәсіпте және басқа да технологиялық тұрғыдан күрделі салаларда қызмет ететіндердің басым көпшілігіне айналды.

Кеңестік көші-қон саясаты Қытай Халық Республикасынан көшіп келуші репатрианттар тарихын да қамтиды. 1962 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 24 мамырдағы (№380-51-сс) Қаулысы бойынша көшіп келушілерге жәрдемақы беріліп, жол шығыны мен тамақтануы қамтамасыз етілген (ҚР ПМ, 1508:23-24). 1962 жылы Қытайдан 41654 (90 %) қазақ, 2853 ұйғыр, 494 өзбек, 455 орыс, 427 татар, 119 қытай, 16 еврей, 9 қырғыз келді (Ерімбетова, 2009: 29).

Қазақстанға сан түрлі халықтың лек-легімен көшіп келуінен демографиялық және тілдік өзгерістер үдей түсті. Солтүстік Қазақстан аумағында 1950-жылдары халық саны механикалық өсім негізінде 10,4%-ға көбейіп (Құдайбергенова, 2011: 288), 1960-жылдары аймақтағы халықтың 58,2%-ын басқа одақтас республикадан келгендер құрады (Ерімбетова, 2009: 39). Кеңестік жүйе жүргізген тіл саясаты нәтижесінде республикада 1940-1990 жылдар аралығында орыс тілі басымдыққа ие болып, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне толығымен көшті. Қазақстан халқы тілі мен дінінен, мәдениеті мен дәстүрінен алыстап, дәстүрлі өмір салты бұзылды. Х. Әбжанов бұл жөнінде «Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хукіметке онан артық ұнамды іс болмас» деген А. Байтұрсыновтың айтқан қаупі ақиқатқа айнала бастады деп жазады (Әбжанов, 2007: 63).

Қазақстан қоғамының көпэтностылығы әр тарихи кезеңде үнемі артып отырды. 1897-1916 жылдары Қазақстанға қоныстанған 1,5 миллион адамның 260 мыңы, яғни 22%-ға жуығы кері қайтса, 78%-ы орнығып қалған. 1920 жылы - 38, 1959 жылы – 114, 1986 жылы – 120, 1999-2000 жылдары – 131 этнос өкілдері тіркелді (Құдайбергенова, 2011: 100, 291). Қазіргі таңда Қазақ жеріндегі 130 этнос өкілдерінің 60-ы кезінде депортацияланғандар болып саналады (Тоғжанов, 2015: 17). 2006 жылғы Көкшетау халқының құрамында 433486 қазақ, 253430 орыс, 1025 өзірбайжан, 10553 беларус, 47519 неміс, 11901 татар, 404 өзбек, 53472 украин және 46210 басқа этнос өкілдері болды (Әбуев, 2006: 306). Қарағанды жерінде 115 этнос өкілдері тұрып жатыр (Джамалиева, 2020: 105). Еліміздің астанасында 111 этнос өкілдері тұрады, соның ішінде қазақтар – 52,7%, орыстар – 33,4%, украиндар – 4,3%, немістер – 2,3%, татарлар – 2,1%, беларустар – 1,3%, басқа этностар – 3,5%-ды құрайды (Этносы, 2009:198).

1-кесте Қазақстандағы этносаралық ішкі көші-қон
(Қазақстанның демографиялық жылнамалығы, 2017)

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Келгендер								
Барлық этностар	364655	366037	364638	337841	337267	405616	455451	616894
Қазақтар	296919	299368	299551	276963	276104	333324	373779	522109
Орыстар	40434	38897	38563	36051	37266	42431	47606	53479
Өзбектер	1703	2304	1933	2500	1852	3656	3708	5293
Украиндар	5531	4992	4801	4358	4334	4943	5482	5883
Ұйғырлар	3232	3177	3608	2718	2596	3483	4500	5692
Татарлар	3219	3178	3134	2844	2908	3234	3745	4246
Немістер	3391	3198	3040	2818	2855	3250	3812	4079
Басқа этностар	10226	10923	10008	9589	9352	11295	12819	16113

Кестедегі демографиялық деректен жыл сайын көшіп келушілер санының артып отырғаны, тиісінше халықтың көпэтностылық деңгейінің деөсіп отырғаны байқалады.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда ресми түрде 18 млн. 879 552 адам тұрса, 2021 жылдың 1 қарашасында халық саны 19 млн. 82 467 адамға жетті. (ҚР Ұлттық статистика бюросы. 2021 жыл, 12 ақпан). Көпұлтты Қазақстан жағдайында ұлттық идея тек этникалық, әлеуметтік, саяси және діни топтардың басын қосатын, біріктіргіш әлеуеті мол идея болу керек және алауыздық пен әлеуметтік жіктелулерге жол бермеуі тиіс (Мәңгілік ел, 2019:355). Ел бірлігін және этносаралық қатынастарды реттеуде қоғамдық-саяси институт-Қазақстан халқы Ассамблеясы қызмет етеді (Тоғжанов, 2015). Ассамблея құрамындағы 350 ұлттық-мәдени бірлестіктерден басқа аймақтарда үлкен, кіші ассамблеялар құрылған. Еліміз бойынша 43 этникалық топтан тұратын 1025 этномәдени бірлестік бар. Қарағанды облысындағы 56 ұлттық-мәдени орталықтың 18-і облыс орталығында, қалғандары Жезқазған, Теміртау, Сәтпаев, Саран, Шахтинск, Балқаш қалалары мен Нұра, Бұқар жырау аудандарында жұмыс істейді. Бұлорталықтар Германия, Украина, Беларусь, Литва, Польша, Армения елшіліктерімен тұрақты байланыс жасап отырады (Джамалиева, 2020: 105).

2019 жылғы этномәдени бірлестіктерді қоғамдық аккредиттеу нәтижесінде еліміздің 17 өңірінен барлығы 367 ЭМБ тіркеуден өтті, оның 14-і республикалық, 42-і филиалдар мен өкілдіктер, 311-і жергілікті бірлестіктер (Ерсейітова, 2020). Этно-мәдени орталықтар, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын Достық үйлері және ұлттық театрлар этностардың мәдени құндылықтарын дамыту мақсатында қызмет етеді.

2-кесте. Республикалық деңгейдегі этно-мәдени бірлестіктер
(2019 жылы аккредиттелген аймақтардағы ҚХА ЭКО тізілімі)

ҚР «Наири» армян мәдени орталықтарының қауымдастығы	Қазақстан татарлары мен башқұрттарының конгресі	Түрік этно-мәдени орталығы «Ахыска»
Қазақстанның «Филия» грек қоғамдарының қауымдастығы	«Вайнах» шешен, ингуш халықтарының мәдениетін дамыту қауымдастығы	Қазақстан күрдтерінің «Барбанг» қауымдастығы
Қазақстанның «Мицва» еврей ұлттық ұйымдарының қауымдастығы	ҚР өзбек этномәдени бірлестіктерінің «Дустлик» қауымдастығы	Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы
Қазақстан корейлері қауымдастығы	Қазақстан украиндарының Радасы	Өзірбайжандар қауымдастығы

Қазақстанның орыс, славян және казак ұйымдарының қауымдастығы	Қазақстандық немістер бірлестігі қоғамдық қоры «Возрождение»	
---	--	--

Бұл республикалық деңгейдегі этно-мәдени бірлестіктер этностардың мәдени мұрасын келешек ұрпаққа жеткізу бағытында қызмет атқарады және азаматтық құндылықтар мен тең мүмкіндіктер негізінде қазақстандық бірегейлік қағидаттарын нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасында этносаралық қатынастарды және этностық топтар арасында олардың саяси көзқарастарын анықтау мақсатында әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізіліп, талдау жасалып отырады.

3-кесте. Этникалық саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін бағалау (Шәукенова, 2013: 35)

Этнос өкілдерінің жауаптары	Қазақстан өңірлері %						
	Оңтүстік	Солтүстік	Шығыс	Батыс	Орталық	Астана	Алматы
Салиқалы, белсенді	23,6	36,8	34,3	40,4	42,7	38,2	41,3
Дұрыс, бірақ сөз жүзінде	47,0	43,1	29,2	25,7	32,8	33,8	35,0
Халықтардың шыдамдылығы есебінен	19,9	8,0	16,3	16,1	7,6	16,2	14,7
Басынан дұрыс емес	4,3	0,5	4,7	3,2	2,3	5,9	2,1
Жауап беруге қиналамын	5,2	11,5	15,5	14,7	14,5	5,9	7,0

Кестеден көріп отырғанымыздай, саясатты қолдаудың ең жоғары деңгейі (41,3%) Алматыда болса, ең төменгі деңгей (25,7%) батыс өңірде. Талдау нәтижесінде проблемалық жағдайлардың болуы мүмкін өңірлердегі этностардың қарым-қатынасын тереңдете зерттеу және этникалық топтардың мүдделерін қанағаттандыратын өзгерістер қажеттігі туындайды. Осыған байланысты Кіші Ассамблеялардың негізгі міндеті этносаралық қатынастар ахуалына болжам жасай отырып, осы саладағы кез келген келеңсіздіктердің алдын алу шараларын іске асыру болып табылады.

Ұлттық сана-сезім деңгейі әр этностың ана тілінің даму дәрежесіне байланысты. Кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген тіл саясатының салдарын зерттей келе, Т.Е. Жабелова мынадай қорытынды шығарады: 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша, Қазақстанда тұратын дүнгендердің (3700) 3%-ы ана тілінде сөйлесе, 280 мыңға жуық татарлардың көпшілігі ана тілін білмейді. Корейлердің аз бөлігі ана тілін тұрмыстық-отбасылық деңгейде қолданады. Ана тілінде еркін сөйлейтін этнос өкілдеріне - поляктар (12%), еврейлер (19%), беларустар (36,6%), мордвалар (47%), чуваштар (49,6%), литвалар (48,76%), молдавалар (51,2%), корейлер (51,7%), немістер (54,4%), марийлер (59,9%) мен армяндарды (62,1%) жатқызады (Жабелова, 2003: 139, 140-142). Этностардың ана тілінің ауыр жағдайына мына мәлімет дәлел болады: «Біртұтас кеңес халқын» құру саясаты салдарынан Кеңес Одағында 98 тіл біржолата жоқ болып, қазақ тілі жойылудың алдында қалды» (Әбжанов, 2007:65).

Қазақстан Республикасында барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалған. Мысалы, елімізде орыс, корей, неміс, өзбек, ұйғыр театрлары бар. Алматыдағы корей театры корейлердің тарихи отанынан тыс жерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр екендігі белгілі. Республиканың бұқаралық ақпарат құралдарынан 7 тілде хабар беретін 44 телестудия, 8 тілде хабар беретін 18 радиостудия жұмыс істейді. «Қазақстан-1» ұлттық арнасы ұйғыр тілінде «Алитах», корей тілінде «Коре Сарам», неміс тілінде «Гутен Абенд» бағдарламаларын таратады. 11 ұлттық тілде шығарылатын басылымдардың ең ірілері: корей тіліндегі «Коре ильбо», неміс тіліндегі «Дойче альгемайне цайтунг», украин тіліндегі «Украиньски новини», ұйғыр тіліндегі «Уйгур авазы». Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша этнос тілдерінде жалпы таралымы 80 мың данадан 30-ға жуық кітап шығарылады (Этносы, 2009: 179). 2000 жылдардың бас кезінде 3383 қазақ тілінде, 2413 орыс тілінде, 77 өзбек тілінде, 3 ұйғыр тілінде, 3 тәжік тілінде оқытатын мектеп болса (Жабелова, 2003: 132), кейінгі жылдардағы өзгерістер нәтижесінде, қазақ тілінде - 3784, орыс тілінде - 1672, өзбек тілінде - 65, ұйғыр тілінде - 14, тәжік тілінде 2 мектеп білім беруде (Нұрманбетқызы, 2013: 52). Тіл саясаты бойынша, этнос өкілдері шоғырланған аймақтарда көп тілдерді оқытуға көңіл бөлініп, 301 мектепте 14 ұлт тілін оқытатын топтар ашылған (Жабелова, 2003: 132). Этникалық топтарға арналған 101 ұлттық мектеп, 23 тілді үйретуге арналған 179 жексенбілік мектеп жұмыс істейді (Этносы, 2009: 179, 184).

Полиэтникалық қоғамымыздағы этносаралық саясат түрлі этностардыңдінін құрметтеуге сай жүргізілуде. Діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында құрылған Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді (Джамалиева, 2020: 120). Еліміздегі діни қоғамдастықтар саны - 4173. Ислам ұлтқа, нәсіліне, тіліне қарап бөліп, алалап, жіктемейді, қайта бірлікке, татулыққа, ынтымақтастыққа шақырады (Ахметжанова, 2016: 118). Бір Щучье ауданының халқы 80 этнос өкілдерінен құралып, діни ғимараттары мұсылман мешіті, православиелік және жаңаапостолдық шіркеулерді қамтып, көпэтносты және көпконфессиялы құрамымен сипатталады (СҚОМА, 444: 88).

Қазақстан қоғамында әртүрлі тілде сөйлейтін, әртүрлі діни сенім ұстанатын этностар арасында ортақ тіл және келісім кеңістігін іздестіру қажеттігі туындайды. Көпэтносты қоғамымызда бірлік пен тыныштықты сақтауда осы ортақ тіл мәселесін бірлесе отырып, жүзеге асыру қажеттілігі уақыт өткен сайын артып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясының ЕҚЫҰ миссиясымен бірлесіп өткізген «Қазақстандағы тіл саясаты: тәжірибе, мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбында болған семинарда ЕҚЫҰ-ның шағын ұлттар жөніндегі Жоғарғы комиссары Макс Ван дер Стул Қазақстанның болашағы табиғи ресурстарымен және көпэтностығымен анықталатынын ерекше атады (СҚОМА, 662: 16).

Мемлекеттік тілді үйреніп, сол тілде сөйлеу арқылы еліміздегі этностар бір-біріне жақындай түседі, дегенмен, бүгінгі таңда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қоғамды ықпалдастырушы қызметінің өзектілігі әлде де сақталуда. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда тұратын әрбір этностың өзіндік ерекшелігіне нұқсан келтірмеуі тиістігін баса айта келе, «олардың барлығы өздерінің тілдерін оқып, қолдануға, мәдениеттерін дамытып, әдет-ғұрыптарын сақтауға құқылары бар және болып та қала береді. Бұған қоса, қазақ тілі де жедел дамуы тиіс. Ол болашақта шын мәнінде ұлтаралық байланыс тіліне айналуы тиіс» - деген болатын (Қасым-Жомарт Тоқаев, 2020). Мемлекеттік тіл біртіндеп этносаралық қатынас тіліне айналуы тиіс. Бұған, яғни мемлекеттік қазақ тіліндегі контенттің көбеюіне ғаламтор арқылы байланыс жасау және Қазақстанда қазақ тілін қолдану аясын кеңейтетін жаңа буынның өсіп-жетіліп келе жатқаны ықпал етеді (Сәдуақасова, 2020).

Қорытынды. Қорытындылай келе, азаматтық бірегейлікті нығайтуды ілгерілетуге ықпал ететін бірқатар ұсынымдарға тоқталамыз: этностардың мемлекеттік тілді тиісті деңгейде үйренуіне қолайлы жағдай жасау, олардың өз тілдері мен дәстүрін дамытуға, тарихын терең білуіне қамқорлық жасау, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарды өршітудегі діни факторларға жол бермей, өркениетті шешуге қол жеткізу, тұрақтылық және этносаралық келісімді нығайтуға мүмкіндік беретін кешенді шараларды жастар арасында жиі өткізу, БАҚ-та, электрондық кеңістікте және басқа да салаларда қазақстандық бірегейлікті нығайту жұмыстарын арттыра түсу.

«Ұлттың даналығы да, саясаттың икемділігі мен халықтың күштілігі де сонда, өз бауырлары тұрмақ, басқалардың өзін жақындатып, мемлекеттің тайқазанында қайнатып, ешкімді бөтенсітпей, біржола сіңіріп алуында» - деп белгілі демограф-ғалым М. Тәтімов айтқандай (Тәтімов, 1999: 69), қоғамымыздағы тыныштық пен бірліктің сақталуы қазақ халқының табиғатынан сабырлылығы, басқа халықтардың рухани еркіндігіне құрметпен қарауының нәтижесі. 30 жылдағы тарихи дамуымыз Қазақстан Республикасында ұлт саясатының дұрыс құрылып, этносаралық ынтымақ пен татулықты сақтауға негіз болғанын дәлелдейді. Алдағы басты міндетіміз - көпэтносты мемлекетіміздегі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырып, сақтай білу.

Әдебиеттер тізімі

- Ахметжанова К.Б. Қазақстан Республикасындағы дін және этносаралық қатынастардың өзекті мәселелері. Оқу құралы. Өскемен: Берел, 2016. 138 б.
- Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. Астана: Ана тіл – Ата тарих, 2007. 272 б.
- Әбуев Қ.Қ. Қазақстан: тарих және тағылым. Астана: Елорда, 2006. 320 б.
- Бәкір Ә. Дін туралы заңнамаларды жетілдіре түсу керек. // Зайырлы мемлекеттегі діннің ролі. Қазақстан дінтанушыларының III форумының материалдары. Астана, 2013. 60-64 б.
- Джамалиева Ф.Ж., Ахметова И.А. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың әлеуметтік жұмыстағы теориялық негіздері. Монография. Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020. 141 б.
- Жабелова Т.Е. Қазақстандағы тіл саясаты және этносаралық қарым-қатынастар. Алматы: Домино, 2003. 200 б.
- Ерімбетова Қ.М. Қазақстандағы Кеңес мемлекетінің көші-қон саясаты (1960-1990 ж.ж.). Тарихи очерк / Монография. Алматы: Тарих тағылымы, 2009. 192 б.
- Еңсенев Қ.А. Қазақстандағы көші-қон және демографиялық ахуал (XX ғ. 20-50 ж.ж.). Монография. Екі томдық. 1-том. Астана: БиКА, 2018. 249 б.
- Из истории поляков в Казахстане (1936–1956 г.г.). Сб. документов: АП РК / Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. Алматы: Казахстан, 2000. С. 344.
- Кан Г.В. История Казахстана. Алматы: Алматыкітап, 2011. С.312.

- Қарасаев Ф.М. Алтай өңірі көне заманнан XX ғасыр басына дейін (тарихи-этникалық бағыт). Өскемен: 2010. 490 б.
- Кұдайбергенова А. Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің тарихи демографиялық қыры. Алматы: Елтаным, 2011. 416 б.
- Қазақстан Республикасының Президентінің Архиві (ҚР ПА) 708-қ., 9-т., 316-іс., 3-п.
ҚР ПА, 708-қ., 36-т., 1508-іс, 23-24-пп.
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА), 1987-қ., 1-т., 172-іс, 4-п.
Қарағанды облысының мемлекеттік архиві (ҚОМА), 239-қ., 1-т., 6-іс., 15-п.
- Махат Д.А. Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы. Астана: Елорда, 2006. 208 б.
- «Мәңгілік ел» идеясы: кеше, бүгін, ертең. Ұжымдық монография. Нұр-Сұлтан: 2019. 430 б.
- Нұрманбетқызы Ж., Жусанбаева Г.М. Толеранттылықтың қазақ қоғамындағы даму негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Ұлағат, 2013. 98 б.
- Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда. Алматы: Жеті жарғы, 1999. 264 б.
- Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Калашникова Н.П., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2015. 324 б.
- Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (СҚОМА), 669-қ., 1-т., 444^б-іс, 88-п.
СҚОМА, 669-қ., 1-т., 662-іс, 16-п.
- Шәукенова З.К. Этностардың әлеуметтік өзара әрекеттестігі: Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастардың мониторингі. Монография. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. 200 б.
- Этносы Асмолинского Приишимья: история и современность. Астана: Издательский Дом Акарман, 2009. С. 280.
- Қасым-Жомарт Тоқаев: Қазақстанда тұратын барлық этнос шын мәнінде бір ұлт саналады. 2020 жылғы 29 ақпан. [Электрондық ресурс]. (inform.kz) (қараған күні: 02.02.2021).
- 2019 жылы аккредиттелген аймақтардағы ҚХА ЭКО тізілімі. [Электрондық ресурс]. ASSEMBLY.KZ <https://assembly.kz/ru/struktury-ank/etnokulturnye-obedineniya/respublikanskie-eko/>. (қараған күні: 20.01.2022).
- Х. Ерсейітова. Этномәдени бірлестіктерді қоғамдық аккредиттеу. 2020 жыл, 19 қазан. [Электрондық ресурс] | Qazaq uni.kz | Қазақстан жаңалықтары | Қазақ үні сайты (қараған күні: 2.11.2021)
- А. Сәдуақасова. Мемлекеттік тіл біртіндеп этносаралық қатынас тіліне айналуы тиіс. 2020 жыл, 19 қазан. [Электрондық ресурс] | Qazaquni.kz | Қазақстан жаңалықтары | Қазақ үні сайты (қараған күні: 2.11.2021)
- ҚР Ұлттық статистика бюросы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. 2021 жыл, 12 ақпан [Электрондық ресурс]. TengriNews.kz (қараған күні: 14.02.2022).
- Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Астана, 2017. Этностар бойынша ішкі көші-қон (382-б) [Электрондық ресурс] DemographicYearbookofKazakhstan.pdf (stat.gov.kz) (қараған күні: 14.02.2022).

References

- Akhmetzhanova K.B. Kazakhstan Respublicasyndagy din zhane ethnosaralyk katynastardyn ozekti maseleleri. Oku kuraly. [Topical issues of religion and interethnic relations in the Republic of Kazakhstan. Textbook]. Oskemen: Berel, 2016. 138 p. [in Kazakh].
- Abjanov K.M. Kazahstan: tarih, til, ult. [Kazakhstan: history, language, nation]. Astana: Ana til – Ata tarih, 2007. 272 p. [in Kazakh].
- Abuev K.K. Kazahstan: tarihi jane tagılım. [Kazakhstan: history and lessons]. Astana: Elorda, 2006. 320 p. [in Kazakh].
- Bakir A. Din turaly zannamalardy zhetildire tusu kerek. (It is necessary to improve the legislation on religion. // The role of religion in the secular state. Materials of the III Forum of Religious Scholars of Kazakhstan. Astana, 2013. 60-64 b. [in Kazakh].
- Jabelova T.E. Kazahstandagitilsayasati jane etnosaralikkarım-katınastar.[Language policy and interethnic relations in Kazakhstan]. Almaty: Domino, 2003. 200 p. [in Kazakh].
- Jamalieva G.J., Axmetova I.A. Kazahstandagı etnosaralık katınastardın aleumettik jumıstagı teoriyalık negizderi. [Theoretical bases of interethnic relations in social work in Kazakhstan] Monography. Karagandy: E.A. BoketovatındagıKaragandımemlekettikuniversiteti, 2020. 141 p. [in Kazakh].
- Erimbetova K.M. Kazahstandagı Kenes memleketininkoshi-qon sayasatı (1960-1990 jj.). Tarihiocerk[Migration policy of the Soviet state in Kazakhstan (1960-1990).Historical essay] / Monography. Almaty: Tarih tagılımı, 2009. 192 p. [in Kazakh].
- Ensenov K.A. Kazahstandagıkoshi-kon jane demografıyalık ahual (XX g. 20-50 jj.). [Migration and demographic situation in Kazakhstan (20-50s of the XX century)].Monography. 2 volumes.1 v. Astana: BiKA, 2018. 249 p. [in Kazakh].

Izistoriipolyakov v Kazahstane (1936-1956 gg.). Sb. dokumentov: APRK / Otv. red. L.D.Degitaeva. [From the history of the Poles in Kazakhstan (1936-1956). Col. documents: AP RK / Resp. ed. L.D. Degitaeva]. Almaty: Kazakhstan, 2000. 344 p. [in Russian]

Kan G.V. IstoriyaKazahstana[History of Kazakhstan] Almaty: Almaty кнтар, 2011. 312 p. [in Russian].

Karasaev G.M. Altay oniri kone zamannan XX gasır basına deyin (tarihi-etnikalik bagıt). [Altai region from ancient times to the beginning of the XX century (historical and ethnic direction)].Oskemen, 2010. 490 p. [in Kazakh].

Kudaybergenova A. Kazahstandağı koshi-kon uderisterinin tarihi demografıyalık kırı. [Historical and demographic aspects of migration processes in Kazakhstan].Almaty: Eltanım, 2011. 416 p. [in Kazakh].

Kazakhstan Republicasy Presidentinin Archivi (KR PA) 708-k., 9-t., 316-is., 3-b. [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (PA RK), f-708, item- 9, case -316, page-3.]

KP PA, 708-k., 36-t., 1508-is, 23-24-pp. [PA RK, f- 708, item.- 36, case -1508, pp. 23-24.]

Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik archive (KROMA), 1987-k., 1-t., 172-is, 4-p. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK), f-1987, item- 1, case-172, 4-p.]

Karagandy oblysynin memlekettik archive (KOMA), 239-k., 1-t., 6-is., 15-p. [The state archive of the Karaganda region (SAKR), f-239, item- 1, case- 6, 15-p.]

Maxat D.A. Kazahstandağı totalitarizm jane sayasi kugin-surgin tarihi. [History of totalitarianism and political repressions in Kazakhstan] Astana: Elorda, 2006. 208 p. [in Kazakh].

«Mangilik el» ideas: keshe bugin erten. Uzhyndyk monographiya. Nur-Sultan: 2019. 430 b. [The idea of «Eternal Country»: yesterday, today and tomorrow. Collective Monography]. Nur-Sultan: 2019. 430 p. [in Kazakh].

Nurmanbetkyzy Zh., Zhusanbaeva G.M. Toleranttylyktyn kazak kogamyndagy damu negizderi. Oku-adistemelik kural. [Fundamentals of the development of tolerance in Kazakh society. Textbook]. Almaty: Ulagat, 2013. 98 p. [in Kazakh].

Tatimov M., Aliev J. Derbestigimiz – demografiyada. [Our independence is in demography]. Almaty: Jeti jargı, 1999. 264 p. [in Kazakh].

Togjanov E.L., Kan G.V., Kalashnikova N.P., Korobkov V.S., Şayaxmetov N.W. Kazahstan halkı Assambleyası: jirma jıldık tarih. [Assembly of the People of Kazakhstan: twenty years of history]. Almaty: KAZakparat, 2015. 324 p. [in Kazakh].

Omarbekov T. 20-30-jıldardagy Kazahstankasireti.(Komekshiokekuralı).[The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s.]. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. [in Kazakh].

North Kazakhstan Regional State Archive (NKRSA). F. - 669. Item-1.Case- 444.P.- 88.

NKRSA. F. 669. I. 1. C. 285. P. 52.

Shaukenova Z.K. Ethnostardyn alumettik ozara arekettestigi: Kazakhstan Respublikasindagi ethnosaralyk katynastardın monitoringi. Monographiya. [Social interaction of ethnic groups: Monitoring of interethnic relations in the Republic of Kazakhstan. Monograph.] Almaty: FSDI SC MES RK, 2013. 200p. [in Kazakh]. EtnosyAkmolinskogoPriishim'ya: istoriya I sovremennost'. [Ethnoses of the AkmolaPriishimya: history and modernity]. Astana: Izdatel'skiy Dom Akarman, 2009. 280 p. [in Russian].

Kasym-JomartTokaev: Kazaqstanda turatyn barlyq etnos shynmaninde bir ult sanalady. 2020 jylgy 29 akpan. [Elektrondykresurs]. (inform.kz) (karagankuni: 02.02.2021).

2019 jyly akkredittelgen aimaqtardagy KHA EKO tizilimi. [Elektrondyqresurs]. ASSEMBLY.KZ <https://assembly.kz/ru/struktury-ank/etnokulturnye-obedineniya/respublikanskie-eko/>. (karagankuni: 20.01.2022).

H. Erseitova. Etnomadını birlestikterdi kogamdyk akreditteә. 2020 jyl, 19 qazan. [Elektrondyq resurs] | Qazaq uni.kz | Kazakstan janalyktary | Kazak uni saity (karagan kuni: 2.11.2021)

A. Sõdәaqasova. Memlekettik til birtindep etnosaralyq qatynas tiline aınalәy tıs. 2020 jyl, 19 qazan. [Elektrondyq resurs] | Kazakuni.kz | Kazakstan janalyktary | Kazaq ҕni saity (karagan kuni: 2.11.2021)

KR Ulttyq statisika bұrosy Strategialyq josparlaә jõne reformalar agenttigi. 2021 jyl, 12 akpan [Elektrondyq resurs]. Tengrinews.kz (karagan kўni: 14.02.2022).

Kazaqstannyń demografialyq jylnamalygy. Astana, 2017. Etnostar boıynsha ishki kyshi-kon (382-b) [Elektrondyq resurs] DemographicYearbook of Kazakhstan.pdf (stat.gov.kz) (karagan kўni: 14.02.2022).

XX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI Ғ. БАСЫНДАҒЫ НЕМІС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Мейрамбеков А.К.^{1*}, Закарья Р.²

¹Е.А. Букетов атындағы Қарағанды Университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: greatvoron@gmail.com (Мейрамбеков), raha41@mail.ru (Закарья)

Түйіндеме. Мақалада XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы аралығындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы, жергілікті тұрғындардың тарихы қызықтырған, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, діни-сенімдері туралы жазып, неміс ғалымдардың еңбектеріне талдау берілген. Олардың бұл шығармаларының ғылыми маңыздылығы сараланған.

Шетелдік зерттеулердің елеулі әлеуетін пайдалана отырып, проблемалық мәселелерді ашу Қазақстанның тарих ғылымының қазіргі жай-күйіне тән сипат болып табылады. Мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін отандық тарих ғылымын өркендету үшін алғышарттар жасалды.

Өздеріңіз білетіндей, кеңестік тарих ғылымының дамуы оның әлемдік ғылымнан оқшаулануымен, мемлекеттік идеологияның күшеюімен, қарама-қайшылыққа қарсы күреспен сипатталды, нәтижесінде ол ондағы ғылымға қарсы схемалар мен тұжырымдамаларды бекітуге әкелді. Осыған байланысты қазақстандық зерттеушілердің алдында отандық тарихты объективті түрде қайта құру міндеті тұрды, оны біртұтас және тұтас әлемдік тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретінде түсінбей елестету мүмкін емес.

Мақаланы жазудағы негізгі мақсат та есімдері аталған, еңбектеріне талдау берілген зерттеушілер шығармаларын ғылыми ортаға, қазіргі оқырман қауымға таныстыру болды.

Кілт сөздер: кеңестік мәдениет, кино өнер, тілдік саясат, неміс зерттеушілері, «қазақ» ұғымы, қазақтардың шаруашылығы, салт- дәстүрі, діни-сенімдері

МРНТИ 03.20;03.91

КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА В НЕМЕЦКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XX-НАЧАЛА XXI ВВ.

Мейрамбеков А.К.^{1*}, Закарья Р.²

¹Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

*Автор корреспондент

E-mail: greatvoron@gmail.com (Мейрамбеков), raha41@mail.ru (Закарья)

Аннотация. В статье представлен анализ трудов немецких ученых, рассказывающих об истории Казахстана советского периода второй половины XX-начала XXI в., истории местного населения, о хозяйстве, культуре, традициях, вероисповеданиях. Научная значимость этих их произведений дифференцирована.

Характерной чертой современного состояния исторической науки Казахстана является раскрытие проблемных вопросов с использованием значительного потенциала зарубежных исследований. С обретением государственной независимости созданы предпосылки для раскрепощения отечественной исторической науки.

Как известно, развитие советской исторической науки характеризовалось изолированностью ее от мировой науки, усилением государственной идеологии, борьбой с инакомыслием, которые в конечном итоге вели к утверждению в ней антинаучных схем и концепций. В этой связи перед казахстанскими исследователями встала задача объективного воссоздания отечественной истории, которая немислима без осознания ее в качестве составной части единой и целостной мировой исторической науки.

Основной целью написания статьи было ознакомление исследователей с научной средой, современной читательской общественностью.

Ключевые слова: советская культура, киноискусство, языковая политика, немецкие исследователи, понятие «Казах», казахское хозяйство, традиции, религиозные верования

THE CULTURE OF KAZAKHSTAN OF THE SOVIET PERIOD IN THE GERMAN HISTORIOGRAPHY OF THE SECOND HALF OF THE XX-EARLY XXI CENTURIES

Meirambekov A.K.^{1*}, Zakaria R.²

¹E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Author correspondent

E-mail:greatvoron@gmail.com (Meirambekov), raha41@mail.ru (Zakaria)

Abstract. The article presents an analysis of the works of German scientists telling about the history of Kazakhstan of the Soviet period of the second half of the XX-beginning of the XXI century, the history of the local population, about economy, culture, traditions, religions. The scientific significance of these works of theirs is differentiated.

A characteristic feature of the current state of historical science in Kazakhstan is the disclosure of problematic issues using the significant potential of foreign research. With the acquisition of state independence, the prerequisites for the emancipation of the national historical science have been created.

As you know, the development of Soviet historical science was characterized by its isolation from world science, the strengthening of state ideology, the fight against dissent, which ultimately led to the approval of anti-scientific schemes and concepts in it. In this regard, Kazakh researchers faced the task of objectively recreating the national history, which is unthinkable without realizing it as an integral part of a unified and integral world historical science.

The main purpose of writing the article was to familiarize researchers with the scientific environment, the modern reading public.

Key words: Soviet Culture, Film Art, Language Policy, German researchers, the concept of «Kazakh», Kazakh economy, traditions, religious beliefs

Кіріспе. Мақалада толығымен тақырыпқа байланысты XX-XXI ғасыр басы аралығындағы қазақтар мәдениеті, салт-дәстүрлері, діни-сенімдері туралы жазған неміс зерттеушілердің шығармаларына ғылыми талдау жасалынды.

Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихшылық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылды.

Батыста саяси шешімдер қабылдау тетігінің, геосаяси және стратегиялық тәсілдердің жұмысын мұқият талдау Талдамалық құрылымдар жүйесін және олардың геостратегиялық және сыртқы саяси дискурс шеңберінде, оның ішінде Орталық Азияның қауіпсіздігі мен геосаяси жағдайына әсер ететін салаларда жұмыс істеуін неғұрлым мұқият зерделеу қажеттігіне алып келеді.

Неміс авторларын қызықтыратын негізгі тақырыптар:

* аймақта жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы;

* мемлекеттілікті құру;

* олардың халықаралық жағдайы, геосаяси жағдайы, Ресеймен және өзара қарым-қатынасы;

* аймақтағы жетекші державалардың саясаты;

* исламның ықпалы, қауіпсіздік мәселелері және т.б., яғни шетелдік сарапшылар посткеңестік Орталық Азияның саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық аспектілеріне қызығушылық танытады.

Орталық Азия туралы әдебиеттермен еркін танысудың өзінде Қазақстан Батыс саясаттануының зерттеу нысаны ретінде барлық Орталық Азия мемлекеттерінің арасында сөзсіз көшбасшы болып табылатыны анық. Бұл шетелде жарияланған ел туралы әдебиеттің сандық параметрлеріне де, оның даму дәрежесіне де қатысты.

Мақалада ұсынылған саясаттану әдебиеті біз үшін ең алдымен дәстүрлі қоғамдағы өзгерістерді, демографиялық және мәдени-өркениеттік трансформацияны, ислам мәселелерін, яғни дәстүрлі шығыстануға қатысты тақырыптар тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Нәтиже. Мұхиттардан оқшауланған, Еуразияның қақ ортасында бірнеше, бірақ ежелден бері құнарлы оазис ландшафттарымен: Орталық Азия арқылы өтетін үлкен дала аймағы бар. Тяньшань таулары бұл үлкен жер массасын батыс және шығыс аймақтарға бөледі. Оңтүстігінде Орталық Азия Иран-Ауған тауларын, Үнді пен Памирді қамтиды, олар жеті мыңға жетеді, яғни шығыста Куэнлун таулары арқылы - Тибеттің солтүстігінде жалғасатын континентальды масштабтағы тау жотасы. Солтүстікте Орталық Азия батыста Оңтүстік Оралмен, сондай-ақ шығыста Алтай мен Саян тау жоталарымен қоршалған оңтүстік Сібір ормандарына өтеді. Оңтүстік орыс жазықтары белгілі бір

мағынада Орта Азияның тау бөктері. Біртекті дала ландшафты бірқатар дала көлдерімен кесілген, олардың ішіндегі ең үлкені-Каспий теңізі, Кавказ бен Солтүстік-Батыс Иранның батысындағы Орта Азияны оқшаулайды.

Мыңдаған жылдар бойы Орталық Азияда ерекше әсерімен ерекшеленетін ерекше мәдени әлем, сансыз, жартылай ұмытылған этникалық және тілдік бірліктер, тайпаларда ұйымдастырылған көшпелі көшпенділер, кең қозғалыс мәдениеті болды. Ежелгі және орта ғасырлардан бері бізге белгілі болған үнді-еуропалық халықтар, мысалы скифтер, сарматтар және Аландар, угор тайпалары, оның ішінде қазіргі венгрлердің, моңғолдардың және тунгустардың бастаушылары, ескі әлемнің барлық тарихи дәуірлерінен аман өткен осы автономды, таңқаларлық біртұтас жылқы мәдениетінің тасымалдаушылары болды. Бірақ, ең алдымен, Орталық Азия әлем тарихында тұрақты маңызы бар түркі халықтарының отаны болып табылады. Бұл ежелгі, ерекше атпен жүру мәдениетінің құрылымдық ерекшеліктері әрдайым айналадағы отырықшы жоғары мәдениеттермен, әсіресе шығыстағы Қытай және оңтүстігінде Иран, сегізінші пост-христиан дәуірінен бастап Ислам-Иран жоғары мәдениетімен үнемі байланыста болды. Көршілес биік мәдениеттермен байланыс шабандоздардың мәдениеті әлемінің ажырамас бөлігі болды және тарих бойында әртүрлі формаларды қабылдай алды. Байланыстың ең тұрақты, бірақ әсерлі формасы отырықшы өркениеттерден шыққан және континенттің бүкіл ішкі аумағын қамтыған кең ауқымды бөлшек сауда желілерінің нысаны болды.

Бұған қарама-қарсы атқа мінген көшпелілер мен отырықшы өркениеттер арасындағы саяси-жауынгерлік қарама-қайшылық құбылыстары тұрды. Асыл тұқымды ұйымдасқан, кез-келген уақытта және қашықтықта, шабандоздардың бірде-бір мәдени орнына байланбаған әскери әлеуетке баса назар аудару қажет емес. Саяси әлеует соншалықты таңқаларлық болмауы мүмкін, бірақ ол құрылымдық жағынан да берілген. Жайылым үшін жалғасып жатқан күресте, басқа топтардан (тайпалардан) немесе тіпті конфедерациялардан бөлінуге деген ұмтылыста әрдайым дерлік қысқа мерзімді саяси күш аппараттары пайда болды. Бұл көбінесе кеңейтілген көшпелі мемлекеттер болды, олар көбінесе тайпалық даулар мен мұрагерлік мәселелерге байланысты, әсіресе жаңадан құрылған коалицияларға байланысты тез ыдырады. Бұл ежелгі, Орта Азия құрылымының тағы бір сипаттамасын сипаттайды. Рулық сана, жеке бас сезімі және демаркация идеологиясы қолдайтын этникалық және тілдік негізгі элементтердің тұрақтылығы саяси құрылымдардың үнемі өзгеріп отыратын құрамымен байланысты. Үнемі пайда болатын және ыдырайтын әскери-саяси тайпалық коалициялар негізінде этникалық, тілдік және мәдени қабаттар үнемі пайда болды. Рулық және халықтық белгілер көбінесе басқа халықтық және тілдік топтарға өтті, немесе этникалық сабақтастық үнемі өзгеріп тұратын белгілермен және мәдени ерекшеліктердің өзгеруімен жасырылды. Бұл дихотомия Орталық Азияның этникалық палитрасының бірігуіне әкелген жоқ. Керісінше, этникалық шоқжұлдыздар қайта-қайта араласып, тарих бойында жаңасына таратылды, олардың жеке элементтері барған сайын жаңа, көбінесе күтпеген комбинацияларда пайда болды.

XIX ғасырдың соңында, кеңестік сана-сезіммен, жаңа халықтарға да жаңа ұлттық тарих берілуі керек еді. Орталық Азияның күрделі этноисториясы бұл үшін көптеген тәсілдерді ұсынды. Өкінішке орай, келесі жиырма-отыз жылда осы салада орын алған жұмыртқалармен идеологиялық билердің мысалдарын келтіруге тыйым салынады. Ұлттық тарихты құрастыру КОКП-ның қатаң көзқарастарымен болғандықтан және өзгермелі, жоғары партиялық сызыққа дәл сәйкес келуі керек болғандықтан, көптеген тарихшылар мен мәдениеттанушылар қатал санкциялардың құрбаны болғаны таңқаларлық емес. Орта Азияда және одан тыс жерлерде кеңестік тарих ғылымының дамуы, Сталин қайтыс болғаннан кейін де, идеологиялық секірістерде және адам мен ғылыми құбыжықтарда кеңестік генетикалық зерттеулердің таңғажайып тағдырынан еш кем түспеді. Бұл толық жала болмауы керек. Керісінше, Орта Азиядағы кеңестік барлаудың үлкен жетістіктерін оның өкілдері қандай идеологиялық және догматикалық жағдайда жұмыс істеуге тура келетінін түсінген кезде ғана дұрыс бағалауға болады.

Орталық Азияның батыс зерттеушілері осы күнге дейін кейде сол кездегі пантюркистік, мүмкін панисламистік джадидтердің және олардың батыстағы қазіргі эмигранттық эпигондарының дәлелдерін кеңестік ұлт саясатын сынға алады. Осы жөн. 1900-1930 жылдар аралығында көптеген Орталық Азия ұлтшылдарының санасын қоздырған Тарихи емес және иррационалды тұжырымдамалар ұлттық мәселені шешуге бағытталған, бұл, ең болмағанда, кеңестік іс-әрекеттер сияқты аймақтың қалың бұқарасы үшін жасанды және еркін болатын еді. Ұлт-азаттық, бүкіл әлемде иррационализмнің барлық түрлерімен бірге жүретін және жалғасатын тарихи процесс кеңестік Орта Азияда тек сыртқы қамқорлықпен өтті; кейбір сәттерде, әсіресе елуінші жылдардан бастап, ол тек материалдық өмір сүру жағдайларын жақсарту, экономика, инфрақұрылым, халықтық білім беру және т. б. Бірақ өткен ғасырдағы орыс жаулап алуы нәтижесінде осы аумақ құлаған маргиналды аймақ ретінде Орталық Азияның жағдайы әлі де сақталып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Батыс Еуропада кеңес беру орталықтарының ең көп шоғырлануы Германияда байқалды.

КСРО мен социалистік бағыттағы еуропалық елдердің мәселелерін зерттеген ғылыми-зерттеу институттарын, оқу орталықтарын, семинарларды, сондай-ақ одақтар мен қоғамдарды «остфоршунг» терминімен біріктіру әдетке айналды, бұл сөзбе-сөз «Шығысты зерттеу» дегенді білдіреді және Батыс Еуропаның барлық неміс тілді кеңесологиясын қамтиды. Бұл құрылымдарда социалистік елдердің Тарих, Философия, География, Психология және педагогика, медицина, тіл білімі, құқық, экономика салаларында мыңдаған мамандар жұмыс істеді, олар қоғамдық зерттеулер жүргізумен қатар КСРО-ның жекелеген республикалары мен өңірлерін зерттеді. Орта Азия мен Қазақстан да ерекшелік болған жоқ. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары отарлық жүйенің ыдырауына және әлемнің жетекші мемлекеттері арасындағы ықпал ету салалары үшін күреске байланысты Орта Азия өңірінің проблематикасына назар ерекше күшейе түсті. Остфоршерлердің басым көпшілігі көптеген зерттеулерде Орталық Азия мен Қазақстандағы социалистік құрылыстың кеңестік тәжірибесінің Азия мен Африканың дамушы елдері үшін жол берілмейтіндігі туралы бір мәнді жауап берді.

Неміс ғалымдары Орта Азия аймағындағы социалистік құрылыстың толық драмасын, егжей-тегжейлі көрінісін ұсынды. Неміс зерттеулерінің объективтілігін кеңес тарихшылары социалистік жүйенің жан-жақты беделін түсіру ретінде қабылдады. Кеңестік тарихнаманың беталысы бұрын артта қалған халықтардың дамуының капиталистік емес жолы кедейлік пен жойылудан құтқарып, оларды қазіргі прогрестің биіктеріне дейін көтергенін мойындаудан көрінді. КСРО-дағы социализмнің жеңісі ұлттық антагонизмдерді білмейтін жаңа тарихи қауымдастық құрды деген жалған ресми мәлімдемелер жай елес болды.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, Түркістан легионына кірген өзбектің Баймирза Хайиттің (1917-2006) кітаптары өте танымал болды.

Соғыстан кейін ол Батыс Германияда қалып, Мюнхен университетін бітіріп, Алашорда және Қоқан автономиясы үкіметтерінің тарихы бойынша Г. Фон Менденің жетекшілігімен диссертация қорғады; 1950 жылы ол жеке кітапша ретінде жарық көрді. 1950-1980 жылдары Хайит Германияда, Ұлыбританияда, Нидерландыда және Түркияда жарияланған өте мол кеңес беруші ретінде танымал болды. Оның «XX ғасырдағы Түркістан» (Хайит, 1956), «Түркістан мысалындағы кеңестік-орыс саясаты» (Хайит, 1962), «Ресей мен Қытай арасындағы Түркістан» (Хайит, 1971) және т. б. кітаптары кеңінен танымал болды. Хайит сондай-ақ Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы бойынша зерттеудің авторы болып табылады (Хайит, 1984). Хайит ғылыми қызметтің төрт онжылдығы ішінде 200-ден астам еңбектер жариялады, олардың негізгі мазмұны «Кеңестік отаршылдық» теориясы болды. ГФР - дан басқа, Хайит ұзақ уақыт Түркияда жұмыс істеді, онда ол түрік антиресейлік және анти-коммунистік тарихнаманың дамуына айтарлықтай әсер етті. Айта кету керек, оның шамадан тыс немқұрайлылығы мен объективтілігі бірнеше рет Кеңес тарихшыларының ғана емес, батыстық әріптестерінің де сынына айналды.

Баймирза Хайит 1993 жылы «Коммунистік биліктегі Ислам: Түркістаннан көзқарас» атты мақаланы «Мұсылман азшылық істері институты» журналында жариялады.

Мақалада автор кеңестік коммунистік империя құлаған кезде елде 60 миллионнан астам мұсылман өмір сүргені туралы мәліметтер келтіреді. Қытайда әлі де коммунистік билікте өмір сүретін 30 миллион мұсылман бар. Бұл исламның мемлекет қабылдаған атеизм жағдайында өмір сүруге мәжбүр болғандығы. Коммунизм исламға қарсы күш факторы ретінде 1917 жылы Ресей империясында пайда болды; Қытайда ол 1949 жылдан басталады.

Хайиттің пікірінше, коммунистік режимнің мақсаты мұсылмандарды көпірлерге айналдыру арқылы исламды жою болды. Ол 1991 жылға дейін өзінің Исламға қарсы жорықтарында үкімет түбегейлі тәсіл қолданғанын оқиды. Автор бұл әрекеттің мақсаты мешіттерді жою, діни қорлардың мүлкін тәркілеу, діни қызметкерлерді физикалық түрде жою және барлық дүғаларға, діни мерекелерге, мектептерде немесе басқа жерлерде исламды оқытуға, исламдық діни әдебиеттерді жариялауға және Қасиетті Құранды қолдануға тыйым салу екенін жазады. Балалар мен жасөспірімдер атеист ретінде өмір сүру үшін жүйелі түрде тәрбиеленді. Нәтижесінде, бұрынғы Кеңес Одағы бойынша 20 миллионға жуық атеист мұсылман қатарынан шықты.

Сондай-ақ, автор еркін ислам елдері, екінші жағынан, коммунистік атеизм жағдайында мұсылман өмірін зерттеуге көп мән бермегенін жазады. Олардың негізгі бағыты орта ғасырлардағы исламдық рухани өмірдің маңыздылығына байланысты болғандықтан, коммунизмдегі ислам мәселесі еркін ислам елдерінде аз ғылыми назар аударды.

Ал Хайит олар тіпті Кеңес Одағы мен Қытайда исламның қайғылы бүкіл әлем назарын тарту мүдделі емес екенін қорытындыға келеді (Хайит, 1993).

Автор өзбек әдебиетінің зерттеушісі ретінде де танымал, оның қолынан 1962 жылы «Орталық Азия журналы» журналында «Өзбектердің соңғы әдебиеті» (Хайит, 1962) мақалалары және 1964 жылы «Түркістан өзбек түріктерінің қазіргі әдебиетіндегі екі тұлға: Кадири және Чолпани» (Хайит, 1964) мақаласы шыққан.

Үш кітап XX ғасырдың әртүрлі кезеңдерінде немістерде Кеңес Одағының бейнесін қалыптастырды: 1926 жылғы Рене Фюлоп-Миллердің «Большевизмнің рухы мен бет-бейнесі»

(Фюлоп-Миллер, 1928), 1958 жылғы Клаус Менерттің «Кеңес Одағының 1929-1957 жылдардағы он екі сапарынан кейін кеңес адамының ойы» (Менерт, 1958) және 1984 жылғы «Мәскеудегі күнделікті өмір» Лойс Фишер-Руге жазған (Фишер-Руге, 1986). Барлық үш басылымда тарихи оқиғалар немесе күнделікті саяси істер туралы айтылмайтын, бірақ күнделікті кеңестік мәдениет туралы түсінік беруге тырысатын нәрсе бар. Басынан бастап үш кітаптың авторларына іс жүзінде мүмкін емес нәрсені білдіретіні түсінікті болды: қазіргі мәдениеттің барлық қырларын қамту және елестету мүмкін емес. Кеңес Одағы жағдайында сенімді дереккөздерге жүгінуге болмайтын жағдай шиеленісе түсті: Мәдениет ресми операцияға және тыйым салынған жер астына бөлінді, әлеуметтанулық мәліметтер қол жетімді болмады немесе басқарылмады, әңгімелесушілер әрқашан мемлекеттік бақылау органдарынан сақ болуға мәжбүр болды. Осылайша, авторлар өздерінің жеке тәжірибелеріне сүйене отырып, ештеңе қалмады, бұл, әрине, шектеулі ауқымға ие болды. Аталған кітаптардың жетістігі олардың мазмұнымен ғана емес, сонымен бірге жарияланған күнімен де байланысты болды, олардың әрқайсысы бетбұрыс болды: Фюлоп-Миллер Кеңес режимінің он жылынан кейін алғашқы бағасын берді, Менерт сталинизмнің аяқталғанын құжаттады. Фишер-Руге қайта құрудың әлеуметтік басталу шарттары туралы түсінік берді.

1929 жылдан бастап Менерт Кеңес Одағында үнемі гастрольде болды; 1934 жылдан 1936 жылға дейін ол Ресейдегі әртүрлі неміс газеттерінің тілшісі болды. Менерттің есімі Рейхтің баспа палатасының тізімінен уақытша шығарылғандықтан, ол американдық әйелімен бірге АҚШ-қа, алдымен Калифорнияға, содан кейін Гавайиге қоныс аударды. 1941 жылдан 1946 жылға дейін Менерт Қытайда публицист болып жұмыс істеді. Онда ол Сыртқы істер министрлігінің атынан «XX ғасыр» журналын шығарды, онда ол неміс рейхінің әскери саясатын негіздеді. 4 қысқа тағылымдамадан кейін ол әртүрлі шығыс академиялық мекемелерінде жұмыс істеді, 1951 жылы «Osteuropa» журналының бас редакторы, ал 1961 жылы RWTH Aachen University-де саясаттану профессоры болды. Менерттің ерекше өмірі оны соғыстан кейінгі кезеңдегі Ресейдегі ең ықпалды неміс сарапшыларының бірі болуды алдын-ала анықтады.

«Кеңес адамы» кітабы төрт негізгі тарауға бөлінген. Алдымен Менерт жеке салаға бет бұрды және адам мен отбасы арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеді. Ол кеңестік Ресейде жеке махаббат энергиясын социалистік құрылысқа бағыттау мүмкін емес деп мәлімдеді. Менерт сонымен қатар нәзік тақырыптардан бас тартпады және, мысалы, жыныстық қатынас қоғамдық дискурстағы тыйым екенін көрсетті. Екінші тарау экономикаға арналған. Менерт Кеңес Одағындағы әлеуметтік айырмашылық меншік пен әл-ауқаттың артуына негізделген деп мәлімдеді.

Үшінші негізгі тарау білім беру және дін тақырыптарына арналған. Менерт мектепке барғанда оқушыларға материалды тек жатқа білу керек екенін байқады. Жеке құбылыстарға сыни көзқарас қажет емес еді. Менерт қайта-қайта фатализмге және билікке деген сенімге тап болды: халықтың қалың топтары мемлекеттік тапсырыстарды сөзсіз қабылдады, өйткені олар басшылықтың жоғары құзыретіне күмәнданбайды. Менерт бұл мүмкіндікті Византия дәстүріне дейін ұстанды, онда Үкіметтің шешімдері әрқашан бөлінбейтін сенім ақиқаты мәртебесіне ие болды. Ол сонымен бірге орыс патриотизмін кеңестік мақсатта шебер қолдануды атап өтті: Екінші дүниежүзілік соғыс, атап айтқанда, орыстар өз Отаны үшін өлуге дайын екенін, бірақ мемлекет үшін міндетті емес екенін көрсетті. Балансты қорытындылай келе, Менерт орташа американдық орташа ресейлікке қарағанда өзінің мемлекетімен және Үкіметімен көбірек танысатынын айтты.

Зерттеу әдістемесі тұрғысынан Карл Аймермахер, Вольфрам Эггелинг және Дирк Кречмардың еңбектері белгілі бір қызығушылық тудырады, олар Қазақстандағы «мәдени құрылыс» тарихын бүкіл КСРО ауқымында болған оқиғалар тұрғысынан қарастырады.

Карл Аймермахер «1917-1932 жылдардағы кеңестік әдеби саясат әртүрліліктен әдебиеттің большевизациясына дейін» кітабында әдеби ортада пролетарлық «Жазушылар одақтарының» диктатурасы солшыл пролетарлық топтардағы қарсы, «жолдастар» және «девиантты» тенденцияларға қарсы кең карама-қайшылықпен күшейе түсті деп санайды. Сонымен қатар, 1930 және 1931 жылдары Жазушылар ұйымдарын қайта тәрбиелеу құралдарына, «жазушыларды мәдени революцияның ұйымдасқан қызметкерлеріне айналдыру» әрекетін растайтын құжаттар енгізілді және кем дегенде жұмысшыларды ақындарға айналдырып, 1-ші бес жылдық жоспарды орындауға ақындарды тарту керек (Аймермахер, 1994: 779).

Карл Аймермахер, Волперд Астридпен бірге «1945 жылдан кейінгі орыстар мен немістер» кітабының редакторы болды, 1300 беттен тұратын бұл кітап қазір XX ғасырдағы орыстар мен немістердің қарым-қатынасына арналған үшінші көлемді том болып табылады. Бірінші томда бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар, екінші томда - соғыс аралық кезең туралы баяндалады. Жаңа эпизод ғасырлар бойы орыстар мен немістердің бір-бірімен жасаған (бөтен) бейнелерінің генезисі мен күшіне ғана емес, екі неміс мемлекеті мен кеңестік Ресейдегі соғыс тәжірибесін қарастыруға арналған («әскери өткенмен жұмыс: Кеңес Одағы, ГДР, Федералды Республика»), содан кейін қырғи қабақ соғыстың барлық үш мемлекетіндегі негізгі әлеуметтік оқиғалар, сондай-ақ Батыс және Шығыс Германияның Кеңес Одағымен кездесуі мен ынтымақтастығының әртүрлі

деңгейлері («бөлінген Германия, Германия, Германия»). - («кеңестік перспективалар»), соңында, жеке және кәсіби мәдени байланыстар, сондай-ақ елге байланысты әдебиет, музыка, кино және телевидение БАҚ-та халықаралық алмасу және дамыту («мәдениетаралық бағдар салалары»).

Көлемі мен мазмұны жағынан әсерлі, 39 жеке мақаладан тұратын бұл кітап, әрине, қазіргі уақытта бәрінен үсінуға және бағалауға болмайды. Шын мәнінде, олар екінші дүниежүзілік соғыстан болған қорқынышты сілкіністен кейін орыстар мен немістер арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін қарастырады және неміс және орыс (тек Мәскеу) авторларынан келеді, олардың арасында жазушы Дьерд Далос жалғыз венгр ретінде араласқан. Басқа авторлар-тарихшылар, әдебиеттанушылар, кинематографистер, мәдениет, өнер, Ақпарат және театр қайраткерлері, публицистер, журналистер, кітапханашылар, мұрағатшылар және теологтар (Аймермахер, Волперд, 2006).

КСРО-да мәдени саясаттың одан әрі дамуын зерттеу В. Эггелинг пен Д. Кречмардың жоғарыда аталған еңбектерінде көрініс тапты. Бұл зерттеулер орыс тіліне аударылып, монографиялардың бірінші томын «Ресейдегі алғашқы басылым» сериялы басылымында ұсынады. Бұл серия тоталитаризмнің әсерінен кеңестік мәдени жүйенің құрылуы мен ыдырау процесін қарастыруға арналған (Кречмар, 1997).

Неміс тарихнамасында кеңес заманындағы ұлттық интеллигенцияның қызметін зерттеуге көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, ол О. Лиесстің «Кеңестік ұлттық стратегия әлемдік саяси тұжырымдама ретінде» еңбегінде көрініс тапты (Лиесс, 1972).

Батыс зерттеушілері үшін Орталық Азиядағы мәдени революцияны ескі интеллигенциядан арылту және жана, бағынышты Кеңес билігін ұлттық элитаны қалыптастыру мақсатын көздейтін таза прагматикалық ілім ретінде түсіндіру біртұтас болып қала береді.

Шаяхметов также способствовал карьерному росту Д. Кунаева, который в 1942 г. из-за производственных сложностей лишился должности генерального директора завода в Лениногорске/Риддере и мог попасть на фронт. Шаяхметов в несколько кадровых перемещений назначил его в состав правительства Казахской ССР [Асан Ата, 2004: 326].

На вопросах кадровой работы Ж. Шаяхметов остановился подробно в Отчетном докладе VI съезду компартии Казахстана (сентябрь 1952 г.), выделив два ключевых момента - критика и самокритика, подбор и расстановка кадров. В ряду первых пунктов он остановился на Кзыл-Ординском обкоме партии (секретарь тов. Бектелеев), когда первый секретарь обкома не сумел своевременно и адекватно принять меры в отношении первых секретарей Сыр-Дарьинского и Казалинского обкомов партии (Джакупов и Иманкулов), которые «покровительствовали врагам колхозного строя, преследовали коммунистов, пытавшихся поднять свой голос против недостатков...» и вместо этого руководители «... оберегали этих людей (руководителей), давно утративших облик партийных руководителей и коммунистов» [Шаяхметов, 1952: 22]. Шаяхметов в докладе также разбирает дело руководителей Каскеленского района Алма-Атинской области, которые игнорировали нарушения Устава сельхозартелей в сельхозартели им. Джамбула [Шаяхметов, 1952:23]. Он подчеркивает, что «затяжка, волокита в рассмотрении писем и заявлений трудящихся, особенно вскрывающих антигосударственную, антиколхозную практику, - тяжкое преступление перед партией» [Шаяхметов, 1952: 23]. Судя по серьезности тона, для Шаяхметова было очень важно работать честно для народа. И каждое нарушение партийной дисциплины он принимал близко. В отчетном докладе VI съезду ЦК КП Казахстана Шаяхметов Ж. отмечал: «Необходимо, чтобы руководящие работники до конца усвоили, что они обязаны быть образцом соблюдения партийной и государственной дисциплины, памятуя, что в партии не может быть двух дисциплин – одна для руководителей, другая для рядовых. Партия имеет одну дисциплину, один закон для всех коммунистов, независимо от заслуг и занимаемых ими постов» [АП РК,11:71].

Но агентура Москвы снабжала Центр необходимой информацией о состоянии кадров в Казахстане. В информационной сводке Отдела партийной информации Управления партийных органов ЦК ВКП (б) «О фактах нарушения большевистских принципов подбора и расстановки кадров в некоторых районах Казахской ССР» от 19 августа 1947 г. отмечалось: «В отдельных районах Казахской ССР до сего времени не изжиты факты подбора кадров по родовому принципу. В Бурлю-Тобинском районе Талды-Курганской области председатель колхоза им. Сталина т. Ембергенов при согласии и помощи секретаря райкома партии по кадрам т. Имашевой подбирал на все руководящие должности в колхозе людей из своего рода туленгут. В колхозе им. Фрунзе все руководящие должности были укомплектованы сородичами председателя колхоза т. Ельчибекова. Тов. Имашева подбирала председателей сельхозартелей только среди казахов рода аргын, из которого она сама происходит. Установлены факты, когда коммунисты отказывались от руководящей работы, если их направляли в колхозы и сельсоветы с населением других родов. Так, член партии т. Танекенов, выходец из рода жалаир, отказался работать председателем колхоза «8-е марта» только потому, что колхозники этого колхоза принадлежат к роду туленгут. Райком партии признал мотив отказа т. Танекенова основательным и направил его председателем колхоза Жана Ундрус», где большинство колхозников из рода жалаир. По таким же причинам секретарь Карачагинского сельсовета т. Нургалева был переведен в Лепсинский сельсовет. В Бурлю-Тобинском районе распределение колхозов по сельским советам произведено со строгим соблюдением родового признака. Три колхоза, расположенные около Кзыл-Балыкского сельсовета, подчинены отдаленному Балхашскому сельсовету только потому, что колхозники этих сельхозартелей принадлежат к роду жалаир, а колхозы, находящиеся вблизи Балхашского сельсовета, вопреки территориальной целесообразности, отнесены к Кзыл-Балыкскому сельсовету. Такие же факты имеют место в некоторых районах Карагандинской области. Председатель Атасуйского поселкового совета, Жана-Аркинского района т. Дауренбеков фабриковал клеветнические материалы на отдельных

⁵Ему была выделена трехкомнатная квартира в центре города в новом жилкомбинате №7 на улице Калинина (ныне Кабанбай батыра).

руководителей района, добиваясь того, чтобы в райкоме партии и райисполкоме оказались люди из своего рода – калыбек. Заместитель председателя сельхозартели «Жеткиншек» этого же района Жумуков разделил колхозников на роды: нияз и иткара, и открыто покровительствует лодырям и симулянтам из рода нияз. Факты возрождения родовых связей привели в ряде случаев к дезорганизации работ в колхозах, превратили их в арену скрытой межродовой борьбы, подсиживания, клеветы и грязных склок. Зав. отделом партинформации Управления по проверке парторганов ЦК ВКП(б) Поздняк» [Советская национальная политика, 1987:532].

Ж. Шаяхметов особо беспокоился о создании именно казахской административной номенклатуры и повышении образовательного уровня казахов. Как человек, выросший в наиболее колонизированной части Казахстана, он понимал, что формирование этнической бюрократии является одним из необходимых условий мобилизации народа на постепенное решение казахских проблем. Казахстан к концу 1940х г. стал своеобразной лабораторией советского интернационализма – депортации, спецпоселения, ГУЛАГ, эвакуация, военные гарнизоны, новостройки, демографические кризисы (голод, эпидемии и миграции) выкосили почти половину казахского этноса. На исходе войны остро выявилась нехватка трудовых ресурсов. Слишком много людей забирал фронт. И в 1944 г. во время одной из командировок Ж. Шаяхметов добился согласия И.В. Сталина на то, чтобы часть мобилизуемых в армию призывников использовать не для пополнения фронта, так как освобожденные от фашистов районы могли дать эти пополнения. Казахстану же молодежь нужна для наращивания темпов строительства металлургического завода в Караганде, других предприятий индустрии.

Как руководитель республики Шаяхметов долгое время курировал кадровую политику и знал многое о работниках, которых назначали на те или иные ответственные должности. Он часто критиковал недостатки в деятельности партийных организаций. Выступая на VI пленуме ЦК Компартии Казахстана 5–6 октября 1953 г. Ж. Шаяхметов заявил: «Руководители Министерства (сельского хозяйства. – Б.С.) не знают и не изучают свои кадры на местах. Вот факт. Заместитель министра т. Власенко приказом от 11 августа сего года объявил выговор заведующему Конюховским районным отделом сельского хозяйства т. Ташеву, в то время как т. Ташев с февраля сего года, то есть в течение уже шести месяцев работает заместителем председателя Соколовского райисполкома» [АП РК, 29:47].

Интересна история работы первого секретаря Кустанайского и Кызылординского обкомов партии Жанбаева Сагалбая. Он был первым и единственным казахом-руководителем Кустанайской партийной организации с 1937 по 1991 годы [Козыбаев, 2014:230]. Жанбаев С. - человек из народа, был колоритным руководителем, оставил свой след в истории области. 19 июля 1953 г. на имя Шаяхметова поступает письмо с указанием «фактов подбора кадров по принципу землячества и приятельства» от Е. Егербекова со следующим текстом: «Держите в качестве первого секретаря Кустанайского обкома КПК т. Жанбаева – отсталого, безграмотного человека, не умеющего правильно излагать свою мысль. Разве это не есть подбор по принципу землячества» [АП РК, 411:47.]. Порядочность и честность, присущие Жанбаеву, особенно проявились во время съезда, когда была решалась судьба первого секретаря ЦК КП Казахстана Ж. Шаяхметова, на него обрушились обвинения во всех недостатках республики со стороны бывших соратников. В своем выступлении работавший тогда первым секретарем Кызыл-Ординского обкома С. Жанбаев отметил, что в выступлениях некоторых членов ЦК, успехи, достигнутые в республике преподносятся как результат общих усилий, а недостатки связываются с деятельностью только Шаяхметова. «Так не пойдет, надо быть объективными. Как за успехи, так и недостатки мы все должны быть в ответе» - сказал он с присущей ему категоричностью [Абдразаков, 2002:3]. Какое надо иметь мужество, чтобы высказать свое мнение и не поддаться «стадному инстинкту»? Тем более, если учитывать, что это было время апогея партийной диктатуры. Жанбаев мог лишиться не только должности, но и понести административное наказание. До конца жизни, где бы не работал Сагалбай Жанбаев, он не изменял принципам чести и морали. Такие кадры выдвигал и поддерживал на протяжении всей своей работы в партийных органах Шаяхметов Ж. и с которыми выполнял задачи, поставленные перед Казахстаном в послевоенный период.

Заключение. Жумабай Шаяхметов в исторической памяти партийной и советской номенклатуры остался как руководитель, которому был присущи дисциплинированность, требовательность, преданность партии, исполнительность, ответственность. Он выдвигал и поддерживал национальные кадры.

Список литературы

- Абдразаков Т. Что мы знаем о руководителях Казахстана доперестроечного периода // Правда Казахстана. № 16 (40). 28 мая-3 июня 2002 г.
Аккозин М. Вернуть из забвения. А., 2008.
АП РК. Ф.708. Оп. 6/2. Д.128. Л.79-82.
АП РК. Ф.708. Оп.8. Д.97. Л.6, 6 об.

АП РК. Ф. 708. Оп.8. Д.97. Л.6 и об.

АП РК. Ф.708. Оп.16/1. Д.11. Л.71.

АП РК. Ф. 708. Оп. 26. Д. 29. Л. 47.

АП РК. Ф.708. Оп.27. Д.411. Л.47.

Асан Ата К. Шынжырда өткен жолбарыс. Сказ о закованном тигре. Алматы: «Үш қиян», 2004. – 408 с.

Козыбаев И. Тот самый Жанбаев: историко-биографический очерк о Сагалбае Жанбаеве. Алматы: Атамұра. 2014. 230 с. Жанбаева отличали порядочность, честность, социальная ответственность. В послевоенные годы многие жители области, как и всей страны нуждались в помощи, ощущалась нехватка продовольствия и товаров народного потребления. Этой стороне Жанбаев С. уделял огромное внимание. Во время работы Сагалбай Жанбаев опору делал на местные кадры, выдвигал молодых перспективных работников. В начале 1950-х гг. к руководящей работе пришли энергичные люди. Неотъемлемая черта характера Жанбаева – готовность помочь любому человеку.

Кос-Мәке. К 100-летию со дня рождения Бутиной Маргайши Каримовны // Сост. Р.М. Бутина, под ред. Д.Н. Данаевой. Алматы: Қазақ университеті. 2014. С. 45-46.

Кунаев Д. О моем времени: Воспоминания. Алма-Ата. 1992.

Күрделі заманның қайсар қайраткері.

О коммунистическом воспитании и борьбе с пережитками капитализма в сознании людей. // Советская национальная политика: идеология и практики 1945-1953. С. 532-533.

О результатах проверки завода №175 и мероприятиях по ее улучшению: Постановление бюро ЦК КП (б) Казахстана от 27 января 1944 г. // Рассекреченная война. С. 478-482.

О серьезных извращениях социалистической законности в работе органов прокуратуры Южно-Казахстанской области КазССР: Постановление бюро ЦК КП (б) Казахстана 29 мая 1943 г. // Рассекреченная война. С. 427-430.

О фактах грубого администрирования в некоторых партийных органах Казахстана: Постановление ЦК КП (б) К «Докладная записка уполномоченного КПК при ЦК ВКП (б) по Казахстану т. Кузнецова от 2 ноября 1942 г. от 3 ноября 1942 г. // Рассекреченная война: «особые папки» ЦК КП (б) Казахстана. 1941–1945 гг. Сборник документов. Алматы, 2020. С. 382-383.

Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности). Авт. колл.: Е. Абен, Е. Арын, И. Тасмагамбетов и др. Алматы: Казахстан даму институты. 1998. 368 с. с. 270.

Справка «О фактах грубого администрирования в некоторых партийных органах Казахстана». // Рассекреченная война. С. 383-384.

Стенограмма XVII пленума Центрального Комитета КП (б) Казахстана. Заседание первое. 18 Марта 1947 года. АП РК. Ф. 708. Оп. 11. Ед. хр 6.

Шаяхметов Ж. Важная задача партийной организации Казахстана. / Партийная жизнь. 1947. № 8. С. 30-36.

Шаяхметов Ж. Отчетный доклад VI съезду компартии Казахстана // Вестник Академии наук Казахской ССР. № 9 (90). 1952. С. 22.

Шаяхметов Р.Р. Он считал, что главное его богатство-дети и внуки // Казахстанская правда, 28 августа, 2002 года. С.3.

References

Abdrzakov T. Chto my znaem o rukovoditelah Kazakhstana do perestoechnogo perioda // Pravda Kazakhstana. № 16 (40). 28 maya-3 iunya 2002 g.

APRK. F. 708. Op. 6/2. D.128. L.79-82.

APRK. F. 708. Op.8. D.97. L.6, 6 ob.

APRK. F. 708. Op.8. D.97. L.6 iob.

APRK. F. 708. Op.16/1. D.11. L.71.

APRK. F. 708. Op. 26. D. 29. L. 47.

APRK. F. 708. Op.27. D.411. L.47.

Asan Ata K. Sshynzhyrda otken zholbarys. Skaz o zakovannom tigre. Almaty: «Ushkian», 2004. – 408p.

Kozybayev I. Totsamy Zhanbayev: istoriko-biografisekii ocherk o Sagalbae Zhanbayeve. Almaty: Atmura. 2014. 230 p. Zhanbayev was characterized as a decent person, honest, socially responsible. In the postwar years the oblast inhabitants, as across all the country urgently needed some aid, lacked food provision and essential goods. Zhanbayev paid much attention to those aspects. In his work Zhanbayev relied on local cadres, promoted young energetic perspective people. In early 1950s a lot of energetic people came to leading positions. Inalienable feature of Zhanbayev – readiness to help everyone.

Kos-Make. K 100-letiu sodnaya rozhdenia Butinoi Margaishe Karimovny // Sost. R.M. Butina. Podred. D.N. Danayevoi. Almaty: Kazakunversitety. 2014. P. 45-46.

Kunayev D. O moem vremeni.

Kurdelizamannynqaisarqairatkeri.

O kommunisticheskom vospitanii i borbesperezhitkami kapitalizma vsonznaniiludei. // Sovetskaya natsionalnaya politika: ideologia i praktiki 1945-1953. P. 532-533.

Orezultatah proverki zavoda №175 imeropriyatiyahpoeuluchsheniu: Postanovlenie buro TsKKP (b) Kazakhstana ot 27 yanvarya 1944 g. // Rassekrechennaya voina: «osobyepapki» TsK KP (b) Kazakhstana. 1941–1945 gg. Sbornik dokumentov. Almaty. 2020. P. 478-482.

Oserižnyhizvrashcheniyahsotsialisticheskoi zakonnostivraboteorganovprokuraturyYuzhno-Kazakhstanskoi oblasti KazSSR: Postanovlenie buro TsKKP (b) Kazakhstana ot 29 maya 1943 g. // Rassekrechennaya voina: «osobyepapki» TsKKP (b) Kazakhstana. 1941–1945 gg. Sbornikdokumentov. Almaty. 2020. P. 427-430.

O faktah grubogo admnistrirvania vnekotoryh partiinyh organah Kazakhstana: Postanovlenie TsKKP (b) «Dokladnaya zapiska upolonomochennogo KP KpriTsKVKP (b) po Kazakhstanyt. Kuznetsovaot 2 noyabrya 1942 g. // Rassekrechennaya voina: «osobyepapki» TsKKP (b) Kazakhstana. 1941–1945 gg. Sbornikdokumentov. Almaty. 2020. P. 382-383.

Pervyelitsa gosudarstva: politicheskie portrety (s tochki zrenia istorii isovremennosti). Avt. koll.: E. Aben, E. Aryn, I. Tasmagambetov i dr. Almaty: Kazakhstan damuinstituty. 1998. 368 p. P. 270.

Spravka «Ofaktah grubogo admnistrirvaniayavnekotoryh partiinyh organah Kazakhstana». // Rassekrechennaya voina. P. 383-384.

Stenogramma XVII plenuma Tesntralnogo Komitete KP (b) Kazakhstana. Zasedanie pervoe. 18 marta 1947 goda. APRK. F. 708. Op. 11. Ed. hr. 6.

Shayakhmetov Zh. Vazhnaya zadacha partiinoi organizatsii Kazakhstana // Partyiinaya zhizn. 1947. № 8. P. 30-36.

Shayakhmetov Zh. Otchetny doklad VI s'ezdukompatrii Kazakhstana // Vestnik Akademii nauk Kazakhskoi SSR. № 9 (90). 1952. P. 22.

Shayakhmetov R.R. Onschital, chtoglavnoe egobogatstvo – detiivnuki // Kazakhstanskaya Pravda. 28 avgusta. 2002 g. P. 3.

МРНТИ 03.20.

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_130

УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫ: ТАСАДА ҚАЛҒАН ДЕРЕКТЕР

Ахмет Аққали Қабижанұлы^{1*}

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақстан, Атырау қ.

*Автор корреспондент
E-mail: axmet_begis@mail.ru

Түйіндеме. Аталған мақалада бастауын ХХ ғасырдың 40-жылынан алатын Гурьев мұғалімдер институтының құрылу тарихы, мұғалім кадрлар мен студенттер құрамы, институттың материалдық-техникалық базасы, институттың алғашқы директоры Ә.Б. Тұрсынбаевтың өмірдеректері, сабақ үдірісінің жүргізілуі, алғашқы құрылған институттың жартыжылдық және жылдық оқу, статистикалық есептері, кітапхана, студенттер жатақханасы, студенттердің сессия кезіндегі сабақ үлгерімі, туралы Атырау облыстық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Қазақстан Республикасы Президенті архиві қорындағы деректер негізінде жазылды. Сонымен бірге Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорындағы 1940-1941 жылдары облыстық «Прикаспийская коммуна» (1940 ж.) және «Социалистік құрылыс» (1941 ж.) газеттері беттерінде «Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты 1941-42 оқу жылына қарай тарих, тіл және әдебиет (орыс, қазақ бөлімдерінің) факультеттерінің бірінші курсына оқушылар қабылдайды», «Гурьевтегі мемлекеттік оқытушылар институты 1941-1942 оқу жылына студенттер қабылдауды жариялайды» тақырыбында жарнамалар бергендігі атап өтіледі.

Мақаладағы бұл деректер архив қорындағы тарихи құжаттар арқылы алғашқы рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғандығымен ерекшеленеді.

Кілт сөздер: Гурьев мұғалімдер институты, директор, факультет, профессор, кандидат, Б.Тұрсынбаев, кадр, мұғалім, кафедра, педагогика, студент, сессия, есеп.

ГТАМР 03.20.

ИСТОРИЯ УНИВЕРСИТЕТА: НЕИЗУЧЕННЫЕФАКТЫ

Аққали Ахмет Қабижанович^{1*}

¹Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова. Казахстан, г. Атырау

*Автор корреспондент
E-mail: axmet_begis@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассказывается об истории создания Гурьевского учительского института с 40-х годов XX века, о составе учительских кадров и студентов, о материально-технической базе института, о житиях первого директора Института Турсынбаева А.Б., о ведении делопроизводства, о полугодовых и годовых учебных, статистических отчетах первого созданного института, библиотеке, о студенческом общежитии, об успеваемости студентов в период сессии на основании данных из фондов Атырауского областного государственного архива, Центрального государственного архива Республики Казахстан и Архива Президента Республики Казахстан. Также отмечается, что в 1940-1941 годах в фонде Атырауского городского государственного архива на страницах областных газет «Прикаспийская коммуна» (1940 г.) и «Социалистическое строительство» (1941 г.) были представлены объявления на тему: «Гурьевский государственный учительский институт к 1941-42 учебному году примет учащихся на первый курс факультетов истории, языка и литературы (русского, казахского отделений)», «Гурьевский государственный преподавательский институт объявляет набор студентов на 1941-1942 учебный год».

Эти данные в статье отличаются тем, что они впервые вводятся в научный оборот через исторические документы архивного фонда.

Ключевые слова: Гурьевский учительский институт, директор, факультет, профессор, кандидат, кадр, учитель, кафедра, педагогика, студент, сессия, отчет.

IRSTI 03.20

HISTORY OF THE UNIVERSITY: UNSTUDIED FACTS

Akhmet Akkali^{1*}

¹Halel Dosmukhamedov Atyrau University. Kazakhstan, Atyrau.

*Corresponding author
E-mail: axmet_begis@mail.ru

Abstract. This article tells about the history of the creation of the Guryev Teachers' Institute since the 40s of the twentieth century, about the composition of the teaching staff and students, about the material and technical base of the Institute, about the lives of the first director of the A.B. Tursynbaev Institute about record keeping, annual academic, statistical reports of the first created institute, the library, about the student dormitory, about the progress of students during the session based on data from the funds of the Atyrau regional state Archive, The Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. It is also noted that in 1940-1941, in the Fund of the Atyrau City State Archive on the pages of the regional newspapers "Caspian Commune" (1940) and "Socialist Construction" (1941), advertisements were presented on the topic: «Guryev State Teaching Institute by the 1941-42 academic year will accept students for the first year of the faculties of history, language and literature (Russian, Kazakh departments)», «Guryev State Teaching Institute announces the recruitment of students for the 1941-1942 academic year». These data in the article differ in that they are introduced into scientific circulation for the first time through historical documents of the Archival Fund.

Key words: Guryev Teachers' Institute, director, faculty, department, pedagogy, student, session, report.

Кіріспе. Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында жоғары оқу орнын ашу туралы мәселе Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңнің өзінде облыс мектептері мен басқа да халық ағарту орындарына мұғалім кадрларына деген қажеттілік күннен-күнге арта түстуіне байланысты күн тәртібіне қойылған болатын. Қалада 1929 жылы ашылған бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училищеден басқа бірде-бір оқу орны болған жоқ. Батыс Қазақстан өңірінде 1932 жылы ашылған Орал педагогикалық институты бүкіл өлкенің жоғары білімді мұғалім кадрларына деген қажетін қамтамасыз ете алмады. Жылма-жыл облыста жалпы білім беретін мектептердің саны өсіп отырды. Ал республика жоғары оқу орындары мен Қазақстаннан тыс жерлердегі көршілес республикалардан жіберілген жоғары білімді маман кадрлар жеткіліксіз болды.

Осыған орай 1939 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Гурьев қаласында екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы қаулысы жарық көрді (За педагогические кадры, 1990). 1940 жылдың қыркүйек айының 1-нен бастап Гурьев мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Бұны архив деректері нақтылай түседі.

Материалдар мен әдістер. Бастауын өткен ғасырдың 40-жылдарынан алатын білім ордасының

тарихы 1950 жылдан бастау алған деген пікір қалыптасқан. Оған дәлел институттың 40 жылдығы 1990 жылы, 2000 жылы 50 жылдығы, 2005 жылы 55 жылдығы, 60 жылдығы 2010 жылы аталып өткендігі белгілі.

Оныңда өзіндік себебі бар болатын. 1990 жылы Гурьев педагогикалық институтының 40 жылдығын атап өтер тұста Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивіне ректорат тарапынан арнайы хат жолданып, институттың тарихына қатысты 1940 жылғы құжаттар сұрастырылған. Өкінішке орай Орталық архивте аталған жылдары институтқа қатысты ешқандай құжаттар жоқ деген жауап алынған.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президенті архиві, Атырау облыстық мемлекеттік архиві және Атырау қалалық мемлекеттік архиві қорларындағы құжаттарда университет бастауын сонау 1940 жылдан алатындығына назар аударсақ, өткен жылы 80 жыл толғандығына нақты көз жеткіземіз.

1938 жылдың 15-қаңтар күні құрылған облыс орталығы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының бекіткен мамандықтары бойынша 1 курсқа 120 студент қабылдау туралы қаулысын басшылыққа алған Еңбекшілер депутаттары Гурьев облыстық атқару комитеті 1940 жылдың 1 қыркүйегінде 2-жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы сол жылдың 20 мамыр айында №13 шешім шығарған. Шешімге Еңбекшілер кеңесі облыстық атқару комитетінің төрағасы Қ. Тастайбеков пен хатшының уақытша міндетін атқарушы Нестрев қол қойған. Қабылданған шешім бойынша жаңадан ашылатын мұғалімдер институтына қаладағы педагогикалық училищенің оқу ғимаратын беруге, ал аталған училищеге бұрынғы В.И. Ленин атындағы бастауыш орта мектептің ғимаратын беруді және 120 студентке арналған жатақхана ғимаратын қарастыру Гурьев облыстық атқару комитетіне жүктеледі. Сонымен бірге, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне 1941 жылдың жоспарына институтқа жаңа оқу корпусын және 500 орындық студенттер жатақханасын салу өтінішін білдірді. Институт тарапынан берген сұраныс бойынша «Қазақ Кітап» орталығының директоры Алексеевке институттың кітапханасын қажеті оқу құралдарымен, оқулықтар, әдебиеттермен қамтамасыз ету міндеттелді. Облыстық оқу бөлімінің бастығы Сержановқа институтты ашуға дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін, біріншіден, 1 маусымнан бастап институтқа дайындық курстарын ұйымдастыру, екіншіден, Қазақ үкіметінің бекіткен жоспары бойынша институтты толық студенттер құрамымен, яғни 120 студентпен қамтамасыз ету, үшіншіден, профессор-оқытушылар құрамын іріктеп, жасақтау, төртіншіден, оқу құралдарымен, оқулықтармен, әдебиеттер мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жүктеледі. Қабылданған шешімнің негізінде облыстық оқу бөлімінің бастығына шұғыл түрде институттың директоры мен директордың оқу және ғылыми істері жөніндегі орынбасарын сайлап, Қазақ КСР Халық ағарту Комиссариаты мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Жоғары мектеп істері жөніндегі комитетке бекітуге ұсыну міндеті қоса жүктелген (АОМА, 855: 140-141). Облыстық, қалалық архив қорларымен жұмыс барысында институттың 1940 жылы құрылып, жұмыс жасағаны туралы құжаттар табылды. Атап айтсақ, институттың алғашқы директоры Ә.Б. Тұрсынбаевтің жеке іс қағазы және 1940 жылдардағы «Социалистік құрылыс» (бүгінгі «Атырау»), «Прикаспийская коммуна» газеттерінде институт туралы, архив қорларында соғыстың басталуына орай Гурьев мұғалімдер институтын Орал мұғалімдер институтына қосу жөніндегі үкіметтің қаулысы табылды (АОМА, 855: 40). Мысалы 1940 жылдың 26 қыркүйек күнгі «Прикаспийская коммуна» газетінде «Улучшить преподавание литературы», 1 қазан күнгі санында «Изменился облик города», ал «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылғы 15 сәуір күнгі санында «Қала еңбекшілерінің демонстрациясы» атты мақалаларда институт туралы атап өтіледі. Және де 1941 жылдың 25 наурыз, 12 шілде күнгі «Социалистік құрылыс» газетінің беттерінде «Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты 1941-42 оқу жылына қарай тарих, тіл және әдебиет (орыс, қазақ бөлімдерінің) факультеттерінің бірінші курсына оқушылар қабылдайды», «Гурьевтегі мемлекеттік оқытушылар институты 1941-1942 оқу жылына студенттер қабылдауды жариялайды» тақырыбында жарнамалар берген. 12 шілдедегі газет санындағы жарнамада «Институт орталау мектептер үшін мұғалімдер даярлайды. Оқытушылар институтында орта мектептің 9 класынан кем емес білімі бар, 17 жаспен 40 жастың арасындағы ССРС-ның барлық еркек және әйел азаматтары алынады.

Институтқа түсемін деушілер орыс тілі, әдебиет, география жыне ССРС тарихы пәндерінен емтихан тапсырады. Қазақ тілі мен әдебиет бөлімдеріне кіремдеушілер қосымша қазақ тілінен емтихан тапсырады. Орта мектептерді отлучно бітіріп шыққандар институтқа емтихансыз алынады. Арыздар 31 июльге дейін қабылданады. Барлық институтқа түсушілер 1 августыдан 20 августқа дейін сынақтан өтеді. Институтқа алынғандар оқу құралдары мен қамтамасыз етіледі. Жатақкана керек ететіндерге әдейі белгіленген төлем бойынша жатақкана беріледі. Отличниктерге стипендия беріледі. Институттың адресі: Гурьев қаласы, Москва көшесі № 1 үй. Дирекция».

Сонымен бірге 1997 жылы 23 қазан күнгі жарық көрген «Атырау» газетінің санында атыраулықтарға белгілі, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің генералы Бисен Саппаев туралы жарияланған

мақалада: «... Оқуға деген ынталығы мектепте байқалған Бисен оны бітірісімен Гурьев оқытушылар институтының тарих факультетіне түсіп, бірінші курсты жоғары бағалармен бітіреді. Сол тұста Герман фашистерінің КСРО-ға шабуылы басталды да, Бисен оқуын жалғастыра алмай, 1941 жылғы шілде айында Қызыл Армияға шақырылды», - деп жазылған (Кенжебаев). Осындай мәлімет 13 наурыз 2020 жылғы «Прикаспийская коммуна» газетінде де жарияланды (Алиева).

Архив құжаттарында институттың мекен-жайы тайға таңба баскандай көрсетілген Жайық өзеніне жақын Москва көшесі, №1 үй (ҚР ОМА, 1692: 75-76, 83).

Сәйкестікпе, қалай айтуға болады. Бүгінгі күндері бұл көше университет аты иеленген Алаштың ардақты ұлы, қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Х. Досмұхамедов есімімен аталады. Іздеп барып көрдім, өкініштісі сол, осыдан үш-төрт жыл бұрын екі қатарлы ғимарат болған екен. Қазір қиратылған, алайда жертөлесі сақталып қалған. Институт орнын фотоға түсіріліп фейсбук парақшасына жүктеген болатын.

Архивте сақталған құжаттар арқылы тарқатсақ, Гурьев 2-жылдық мұғалімдер институтының тұңғыш директоры болып 1928-1931 жылдары Алматы мал дәрігерлік техникумында, жұмысшы факультетінде, 1931-1932 жылдары Ташкенттің жоспарлау-экономика институтында оқыған, 1937 жылы Москваның Г.М. Кржижановский атындағы мемлекеттік экономика институтын бітірген, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1957), профессор (1958), Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, қасиетті Түркістан қаласында дүниеге келген Әбді Бошынұлы Тұрсынбаев жолдамамен келді.

Талқылау. Университетте 1959 жылдан бері ұстаздық етіп, бүгінгі таңда зейнеткер, ұзақ жылдар тарих-филология факультетінің деканы қызметін абыроймен атқарған, университет музейін тұңғыш ұйымдастырушы, әрдайым жақсылықтың жаршысы болып жүретін «Құрмет» орденінің иегері, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Жиенбай Базарбайұлы Бақи өз естелігінде, 70-шы жылдардың аяқ шенінде Жайықтың жағасындағы облыстық өлкетану музейінің ескі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кейін ашылу салтанатына қатысқанында өзі куә болған әңгімесін байырғы ұстаз былайша өрбітеді:

«Бұл шараға қатынасқан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы О. Көшекөв және жоғары да есімі аталатын, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшысы Б. Саппаевтың өзара әңгімесіне куә болған. Музейде жасақталған экспонаттарды аралап келе жатқан олар Гурьев педагогика институты туралы жасақталған мәліметтерге назар аударады. Б. Саппаев ағамыз бұл қалайша екен институттың бастауы сонау 1940 жылдан алуы керек еді. Ал мұндағы мәлімет 1950 жылдан басталады екен, музей қызметкерлері білмеді ме екен деген пікіріне куә болғанын айтады. Сол тұста институттың Ленин орденді ұстазы Сабыр Қазыбаев та осындай пікір білдіруші еді, өкінішке орай уақытында жазып алмаппыз», - дейді (Ахмет, 2015).

Институт директоры Ә.Б.Тұрсынбаевтың Гурьев мұғалімдер институтының ұйымдастырылуы туралы Қазақ КАСР Халық Ағарту Комиссариатына берген есебінде 1940-41 оқу жылында студенттер контингенті 120 студент болып жоспарланған. Тарих факультетіне 60-студент, тіл және әдебиет факультетіне 60-студент оқуға қабылдануға тиісті болды. Есеп бойынша институтқа түсуге 152 талапкерден арыз түскен, соның 122-сі оқуға қабылданған (ҚР ОМА, 1692: 63).

Ал кадр мәселесіне тоқталсақ. Ленинград қаласынан келген, доцент В.В. Прусс «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, әрі КСРО тарихы пәнінен сабақ берді. Ол кезінде Ленинград мемлекеттік университетінде профессор міндетін атқарушы және Сталин атындағы өнеркәсіп академиясында дәріс оқыған. 1934 жылы Ленинград Философия, тарих және әдебиет институтының тарих факультетін бітірген Шкляр ежелгі, орта ғасыр және қазіргі заман тарихынан дәріс оқыды. Оған дейін ол Ленинград Комвузында және мұғалімдер институтында жұмыс жасаған. «Тіл және әдебиет» кафедрасында облыстық білім органдарының келісімімен қаладағы Ленин атындағы мектептің директоры, білім саласында 12 жылдық іс-тәжірибесі бар Гусева орыс тілі мен әдебиеті пәнінен, ал қазақ тілі және әдебиеті пәнінен педагогикалық училищенің оқытушысы Малаев сабақ берді. Ол да институты үздік бітірген, білім саласында 5 жылдық жұмыс өтелі бар маман болатын. Сонымен қатар аталған кафедрада сол жылы Ленинград мемлекеттік университетін бітірген Биляев тілге кіріспе пәнін жүргізген. Педагогика кафедрасы бойынша Иванова, 19 жыл еңбек өтелі бар Е. Петрова жұмыс жасады. Әскери дайындық пәнін облыстық партия комитеті ықпалымен облыстық әскери комиссариатынан бөлінген, жоғары білімді, лейтенант С.Н. Сикорский жүргізді. Марксизм-ленинизм негіздері пәнінен институт директоры Ә.Б. Тұрсынбаев сабақ берген (ҚР ОМА, 1692: 64).

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорындағы № 1692 Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігі қорындағы істерде институт тарихына қатысты көптеген құжаттар табылып, қарастырылды.

Аталған қорлармен жұмыстың нәтижесінде Гурьев мұғалімдер институтының тарихына тікелей қатысты бұрын беймәлім болып келген көптеген құжаттар табылды. Осы құжаттардың негізінде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті бастауын айтып, жазып жүргеніміздей

1950 жылы емес 1940 жылдан бастау алатындығы нақты дәлелденді. Мысалы № 1692 Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігі қорының №353 ісінде Гурьев мұғалімдер институтының алғашқы директоры, кейін экономика ғылымдарының кандидаты, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбді Бошанұлы Тұрсынбаевтың Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатына 4 қыркүйек 1940 жылы жолдаған жедел хатында (телеграмма) 2-қыркүйекте институт базасында алғашқы сабақтың басталғанын, сабаққа 122 студенттің кешікпей келгенін хабарлайды (ҚР ОМА, 1692: 54).

Архив қорында КСР Халық Ағарту Комиссариатына Гурьев мұғалімдер институтын ұйымдастыру туралы институт директорының 16 қыркүйек 1941 жылғы есебі сақталып, хатталған.

Есепте біріншіден, институтқа түлектерді қабылдау, екіншіден, кадр мамандармен қамтамасыз ету, үшіншіден, оқу ғимараттарымен қамтамасыз ету және жабдықтау, төртіншіден, оқытушылар мен студенттерді тұрғын үймен және жатақханамен қамтамасыз ету, бесіншіден, студенттерді тамақтандыру мәселелері, алтыншыдан, институтқа құрал-жабдықтар алу және қажетті әдебиеттер алу, жетіншіден, институт базасын отынмен қамтамасыз ету туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Сонымен бірге архив қорларында сабақтардың өтуі және сапалы өтуіне ерекше мән берілгендігі туралы мәліметтер де сақталған.

Архивтегі №332 істе 1941 жылдың 8-ақпан күнгі берілген мәлімет бойынша Гурьев мұғалімдер институтында «Марксизм-ленинизм негіздері» пәнінің жүргізілуі туралы Халық Ағарту Комиссариатына қарасты жоғары оқу орындары басқармасына жолданған есебінде, аталған пәнді институт директоры Ә.Б.Тұрсынбаевтың жүргізетіндігі хабарланып, оның жоғары білімді маман екендігі, Крижановский атындағы Москва жоспар-экономика институтын бітіргендігін және «Марксизм-ленинизм негіздері» және «Диамат және тарихи материализм» пәндерінен кандидаттық минимум тапсырғандығын мәлім еткен. Берілген мәлімет бойынша дәріс сабақтарының өткізілуі, студенттердің өзіндік жұмыстары, семинар сабақтары, қысқы емтихан сессиясына дайындық, қысқы емтихан сессиясының қортындылары көрсетілген. Құжаттардан байқайтынымыз студенттер «Марксизм-ленинизм негіздері» пәнінен «өте жақсы» бағаға – 19, «жақсыға» – 22, «қанағаттанарлық» бағаға – 18, ал «қанағаттанарлықсыз» бағаға – 8 студент тапсырған. Погодаев, Харитонов, Калмыкова, Есқариева, Кабулов, Өтемісов, Малыгин, Женеменов т.б. сияқты студенттер қысқы сессия уақытында аталған пәннен «өте жақсы» деген баға алғандығын архив құжаттары нақтылайды (ҚР ОМА, 1692: 15-17).

Архив құжаттарында институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Петрованың Халық Ағарту Комиссариатына жолдаған 4 сәуір 1941 жылғы баяндау хатында Комиссариаттың «Педагогикалық және мұғалімдер институттарында оқитын студенттердің сауаттылығы мен сөйлеу мәдениетін көтеру» атты бұйырығын орындалу барысы туралы хабардар етеді. Баяндау хатта барлық оқу топтарына диктанттар жүргізілгендігін, студенттердің өте нашар нәтиже көрсеткендігін атап өткен. 1-курстағы 27-і студенттің 22-сі «қанағаттанарлықсыз» баға алған. Тарих факультетіндегі 14 студенттің барлығы да сондай баға алған. Фиология факультетінің орыс тобындағы 18 студенттің 3-уі «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған (ҚР ОМА, 1692: 36).

Халық Ағарту Комиссариатының бұл бұйырығы институт кеңесінде және оқу топтарында кеңінен талқыланған. Талқылаудың барысында бұйырықты орындау мақсатында іс-шаралар жоспары жасакталып, орындалуын қадағалау назарға берілген. Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге орыс тілі пәнінен қосымша сабақтар өткізу қарастырылған. Орыс тілі пәнінен белгіленген уақытта академиялық қарыздарын жабу міндеттелген. «Тіл және әдебиет» кафедрасының меңгерушісіне жүйелі түрде орыс тілі және әдебиеті пәні сабағына қатысу, кафедра мәжілісінде талқылау және аталған пәннің берілуін жақсарту туралы ұсыныс-пікірлерін беру тапсырылған. Ең басты назар студенттер арасында көркем әдебиет оқуды ұйымдастыру мәселесіне көңіл аударылған.

Институтта тарих, тіл және әдебиет факультеті болған, яғни айтқанда екі факультет болған. «Тарих» факультеті студенттеріне оқу барысында «Марксизм-ленинизм негіздері», «Саяси экономика», «Психология», «Педагогика», «Мектеп гигиенасы», «Ежелгі дүние тарихы», «Орта ғасырлар тарихы», «КСРО тарихы», «Жаңа кезең тарихы», «КСРО Конституциясы», «Тарих пәнінің берілу әдістемесі», «Әскери дайындық» пәндерін, ал «Тіл және әдебиет» факультетінің студенттері «Психология», «Педагогика», «Марксизм-ленинизм негіздері», «Жалпы тарих», «КСРО тарихы», «Тіл біліміне кіріспе», «Қазіргі орыс тілі», «Ежелгі славян тілі», «Орыс тілінің грамматика тарихы», «Орыс әдебиеті тілінің тарихы», «Әдебиет теориясы», «Жалпы әдебиет», «Орыс әдебиеті», «Фольклор», «XVIII ғасыр әдебиеті», «Ежелгі орыс әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті», «XX ғасыр әдебиеті және совет әдебиеті» және «Орыс тілі және әдебиеті әдеістемесі», «Әскери дайындық» және «Мектеп гигиенасы» пәндерін оқыған (ҚР ОМА, 1692: 52).

Институт ғимараты бұрынғы педагогикалық училищенің екі қабаты ғимаратында орналасқан. Барлығы 9 бөлме, соның 5 бөлмесі екінші қабатта, 4 бөлмесі бірінші қабатта орналасқан. Жоғары қабаттағы 2 бөлме және төмендегі 3 бөлме аудитория болып жабдықталған. Үлкен бөлмеде кітапхана орналасқан. Шағын бір бөлме директор кабинетіне, тағы бір бөлме оқытушылар бөлмесіне берілген. Төменгі қабатта оқу бөлімі меңгерушісі, хатшы, әскери кабинет жабдықталған. Оқу

ғимаратына жақын жердегі шағын үйде бухгалтерия және шаруашылық бөлімі орналасқан. Оқу залы болмаған. Дегенмен де институт әкімшілігі екінші қабаттағы коридордың түпкі бөлмесін қайта жабдықтап, жарық орнатып жинақы да жарық зал жасақтаған. Оқуға қабылданған студенттер контингентіне аталған ғимараттың толық қанағаттандыратынын алға тартады. Бөлмелерге 100 стол, 150 орындық сатып алынған. Жатақхана үшін 90 керует пен матрац алынды. Тарих, тіл және әдебиет кабинеттеріне 10 мың сомға кітаптар мен көрнекіліктер сатып алынды. Алдағы уақытта жаңадан ғимарат салу жөніндегі ұсынысын білдіреді. Студенттерді жатақханамен жабдықтау мәселесі де оң шешілген. Алғашқы да қалалық кеңестің тарапынан Жамбыл атындағы мектептің үлкен жатақханасы студенттерге беріледі. Бірақ кейін облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің шешімімен бұл ғимарат телефон станциясына берілген. Кейін Халықшаруашылығы есебі мекемесінің ғимаратына 40 студент, партия курсы жатақханасына уақытша 40 студент орналасқан. Ал оқытушыларға жаңа салынып жатқан ғимараттан 3 бөлмелі 2 үй қарастырылған. Студенттерді тамақтандыру мақсатында облыстық сауда мекемесімен келісім шарт жасакталған. Мейрамхана күнделікті сағат 12.00–ден кешкі сағат 7-ге дейін студенттерді әртүрлі ассортимент тамақпен қамтамасыз ету қарастырылған. Бұл үшін институт 8 мың қаражат төлуге тиіс болды. Кітапхана қорын толықтыру мақсатында сметадан 10 мың сом қаражат қарастырылған. Институт ашылған уақытта 6 мың сомға кітаптар сатып алынған. Психология, тілге кіріспе, ежелгі және орта ғасырлар тарихы пәндерінен оқулықтар жетіспеушілігі де назарға берілген. Осы олқылықтардың орнынын толтыру мақсатында Москва, Ленинград кітапханаларынан, облыстық кітапханадан ВКП (б) тарихының 60 дана орысша, 40 дана қазақшасы алдырылған. Бағдарламаларымен толық қамтамасыз етілмегендіктен, Москваға сұраныс берілген. «Қазақкітап» орталығы арқылы әртүрлі әдебиеттер мен газеттерге жазылу жүргізілген. Қысқы маусымға 100 мың тонна көмір, 80 кубометров отындық ағаш сатып алынды (ҚР ОМА, 1692: 64-66).

Архив құжаттары бойынша жаңа 1941-42 оқу жылында Гурьев мұғалімдер институтына 120 студент қабылдау жоспарланған (ҚР ОМА, 1692: 116).

Жоспарды Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссары М.Әбдіхалықов бекіткен.

1941-42 оқу жылына студенттер қабылдау туралы мәлімет (ҚР ОМА, 1692: 62, 84, 85). № 1 кесте.

Оқу орындары	Студенттер қабылдау жоспары	Түскен арыздар	Қаншасы мектепті үздік бітірген	Емтиханға жіберілгені	Қай мерзімге дейін
Ақтөбе мұғалімдер институты	255	94	5	55	5/VIII
Қостанай мұғалімдер институты	180	99	3	62	5/VIII
Петропавлск мұғалімдер институты	150	110	6	91	9/VIII
Шымкент мұғалімдер институты	150	186	-	93	30/VII
Қарағанды мұғалімдер институты	180	132	9	112	30/VII
Орал мұғалімдер институты	300	93	-	93	5/VIII
Семей мұғалімдер институты	210	130	15	114	6/VIII
Гурьев мұғалімдер институты	120	44	2	25	1/VIII
Алматы шет тілдер институты	200	167	9	158	11/VIII
С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университеті	300	266	98	24/144 (1941 ж. орта мектеп бітіргендер емтихансыз қабылданады)	11/III

Өкінішке орай 1941 жылдың 22 маусым күні Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты Гурьев мұғалімдер институты Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1941 жылғы 9 тамыз №672 Қаулысы негізінде Орал мұғалімдер институтына қосылды (ҚР ОМА, 1692: 76).

Бұл деректік құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорларында да сақталған. Институттың оқу ғимараттары, кітапханасы және мүліктері Гурьев педагогика училищесі балансына берілді. Аталған қаулыға Қазақ КСР Халық

Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары П. Орехов пен Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Іс басқарамасының меңгерушісі Н. Күзембаев қол қойған.

Соғыстың басталуына орай институт жабылған соң Гурьев мұғалімдер институтының студенттері Орал мұғалімдер институтына ауысқан. Ол туралы архив деректерінде былайша хатталған. Соғыс жағдайындағы Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарында халыққа білім беру органдары жұмыстарын қайта құру жөніндегі баяндама да Гурьев мұғалімдер институтынан студенттер келіп қабылданғаны атап көрсетіледі (ҚР ОМА, 1692:9).

Сұрапыл соғыс аяқталған соң ғана, ел соғыстан қираған халықшаруашылығын қалпына келтіру жылдары, бастауын ХХ ғасырдың 40-жылдарынан алатын институт, яғни 1950 жылы соғыс жылдары жабылып қалған Гурьев мұғалімдер институты үкімет шешімімен қайта ашылды.

Нәтижесі. Архив деректеріне сүйене отырып Атырау өлкесіндегі бүгінгі күнгі жоғары білім беру, ғылым, тәрбие саласында, қоғамдық-саяси өмірде де өзіндік ерекше орыны бар альма матер – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарихи бастауларын 1940 жылдан бастау алады деген толық тұжырымға келуге болады.

Тұңғыш директор Тұрсынбаев 1940 жылы құрылған Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры болып 1928-31 жылдары жұмысшы факультетінде, Алматы мал дәрігерлік техникумында, 1931-32 жылдары Ташкенттің жоспарлау-экономика институтында оқыған, 1937 жылы Москваның Г.М. Кржижановский атындағы мемлекеттік экономика институтын бітірген Әбді Бошынұлы Тұрсынбаев партия жолдамасымен келді. Алғашқы директор бұған дейін Семей педагогикалық институтында проректор қызметін атқарған болатын. Атырау, Алматы қалаларындағы архив қорларынан табылған тұңғыш директордың жеке іс қағаздарына назар аударсақ. 1940 жылдың 1-шілде күні өз қолымен толтырған автобиографиясында 1909 жылы бұрынғы Сырдария губерниясына (қазіргі Түркістан облысы) қарасты Түркістан қаласында туған. Әкесі Тұрсынбай Бошынұлы және оның әке-шешелері Тартоғай ауылында егіншілікпен айналысқан. Әкесі 18-20 жас аралығында етікші ағасы екеуі жұмыс іздеп Түркістан қаласына келеді. Әкесі Тұрсынбай әртүрлі жұмыстар атқарып, Ақмешіт (Қызылорда) қаласының помещигі Ивановтың қарамағында ұзақ жылдары жәмшік болып жұмыс жасайды. Кейін Түркістан қаласына қоныс аударады. Әкесі қаладағы мал сатушылар арасында делдал қызметін атқарып, 1917 жылы қайтыс болады. 1918 жылы анасы балаларын алып туған-туыстары тұратын Тартоғай ауылына көшіп келіп, егіншілікпен айналысады. Сол жылдардың қалыптасқан қағидасы бойынша өз жанұясының, туған-туысқандарының сайлау құқығынан айырылмағанын, ақгвардияшылар қозғалысына қатыспағанын, шетелге шықпағаны мен кетпегенін, қуғын-сүргінге ұшырамағандығын, 1940 жылдың маусым айынан Қазақстан Орталық партия комитетінің және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының шешімімен Гурьев мұғалімдер институтының директоры қызметінде екендігін жазады (АОМА, 13: 3-5). Автобиографиясында өзі жазғандай өзбек, татар, неміс, орыстілдерін білген. Сонымен бірге жанұясымен Гурьев қаласындағы Алматы көшесі №9 үйде тұратындығын назарға береді (АОМА, 13: 2).

Гурьев облысы партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі берген қорытынды да «Жолдас Тұрсынбаевтың автобиографиясымен танысып, тексерістен кейін, онымен облыстық партия комитеті тарапынан нұсқаушы Атшыбаев жеке қабылдап, кездесті. Институт директорлығына лайықты», - деп баға берген.

1940 жылдың 26 маусымдағы Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты тарапынан Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің кадр бөліміне Халық Ағарту Комиссарының орынбасары Жанақов қол қойған №17-3 қатынас қағазына назар аударсақ жаңадан құрылған Гурьев педагогикалық институтына Семей педагогикалық институтында оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен Ә. Тұрсынбаевты бекіту туралы: «Ол 1909 жылы туған, №2171206 есеп карточкасы бойынша партия мүшелігіне кандидат. 1 маусымға дейін Семей педагогикалық институтында қызмет атқарды. Жергілікті кеңестерге сайлауда округтік сайлау комиссиясының төрағасы жұмысын атқарды. Сонымен қатар институттан басқа Семей облысы партия комитеті ұйымдастыру бюросының штаттан тыс лекторы қызметін атқарды. Жолдас Тұрсынбаевты Гурьев мұғалімдер институтына директорлыққа тағайындауды сұраймыз», - деп жазды.

Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Волков қол қойған мінездеме де «...Тұрсынбаев институт директоры болып тағайындалған қысқа мерзім уақытта, жаңа құрылған институт жұмысында өзінің жақсы ұйымдастырушы, жұмысқа қабілетті басшы екендігін көрсетті. Саяси сауатты, тәртіпті, бастамашыл, антипартиялық жіктерге қосылмайды, партия тарапынан сөгіс алмаған, сотты, тергеуде болмаған, саяси-қоғамдық өмірге белсене араласады. Директорлық қызметті атқара алады», - деп көрсетілген (АОМА, 1:10).

1940 жылдың 16 шілдесінде Қазақстан Орталық партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі Василенко мен партия комитетінің нұсқаушысы Бошаев берген қорытынды бойынша «... Институтта жұмыс істеген тәжірибесі жеткілікті. Автобиографиясы ешқандай күмән туғызбайды. Семей педагогикалық институтында жұмыс жасаған уақытында Тұрсынбаев жолдас өзін қызмет

сатысында өсетін, бастамашы қызметкер екендігін көрсетті. Жұмысты толық игере алады. Ғылым кандидат дәрежесін алу мақсатында диссертация қорғауға дайындалып жүр. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты Тұрсынбаев жолдасты жаңадан ұйымдастырылып жатқан Гурьев мұғалімдер институтына директор лауазымына бекітуді сұрайды», - делінеді. Ә.Б. Тұрсынбаев Қазақстан Орталық партия комитетіне шақырылып, онымен партия комитеті кадр бөлімінің меңгерушісі Василенко әңгімелескен. Білімі жоғары, басшылық қызметте тәжірбиесі бар Әбді Бошанұлы Гурьев мұғалімдер институтына директорлық қызметке тағайындалады. Институт директорының институттың құрылу туралы Халық Ағарту Комиссариатына берген есебінде біріншіден, институтқа түлектерді қабылдау, екіншіден, кадр мамандармен қамтамасыз ету, үшіншіден, оқу ғимараттарымен қамтамасыз ету және жабдықтау, төртіншіден, оқытушылар мен студенттерді тұрғын үймен және жатақханамен қамтамасыз ету, бесіншіден, студенттерді тамақтандыру мәселелері, алтыншыдан, институтқа құрал-жабдықтар алу және қажетті әдебиеттер алу, жетіншіден, институт базасын отынмен қамтамасыз ету туралы жан-жақты мәліметтер берген. Сонымен бірге архив қорларында сабақтардың өтуі және сапалы өтуіне ерекше мән берілгендігі туралы мәліметтер де сақталған. Институт директоры өз білімін көтеру жұмыстарымен жүйелі де тұрақты түрде айналысқан. Кафедра ұжымының оқытушылары дәріс сапасына ерекше көңіл бөлген.

1941 жылдың 25 наурыз және 12 шілде күндеріндегі облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің сандарында институт дирекциясы тарапынан 1941-42 оқу жылына студенттер қабылдау жөніндегі хабарламалар жарияланды.

Қазақстан Республикасы Президенті архиві қорында сақталған Әбді Бошанұлының 1946 жылдың 5 қаңтар күнгі өз қолымен толтырған автобиографиясында «1940 жылдың жазында Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссарлар Кеңесінің шешімімен Гурьев мұғалімдер институтының директоры лауазымына тағайындалдым. Кейін институт жабылды», - деп жазды (ҚР ПА, 708:22). Соғыс басталған соң институт жабылып, ғимараты кітапханасы мен дүние-мүлкі Гурьев педагогикалық училищесі балансына берілді (ҚР ОМА, 1692:76), ал студенттер Орал педагогикалық институтына ауыстырылып, қайбірі армия қатарына шақырылды (ҚР ОМА, 1692:9).

Ә. Тұрсынбаев 1941-42 жылдары Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссарлар Кеңесі жанындағы Жоғары оқу орындары басқармасы меңгерушісінің орынбасары қызметінде болды. Соғыстың қызып тұрған шағы 1942 жылдың қараша айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның Керки қаласындағы әскери жаяу әскер училищесінің курсанты, офицерлер батальонының резервінде есепте тұрды (ҚР ПА, 708: 64). 1944 жылдың сәуір айында денсаулығына байланысты армия қатарынан босатылды. 1944-1945 жылдары Қазақстан Орталық партия комитеті жанындағы партия курсы директорының орынбасары қызметінде болды. 1945 жылдың мамыр-қазан айлары аралығында Москвадағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм негіздерін оқытатын және қайта даярлайтын мұғалімдер курсына оқиды. Бұл оқу курсы бітіріп келген маманды Қазақ қыздар педагогикалық институтында «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушілігіне тағайындайды. Бір қызығы автобиографиясында 1939 жылы ВКП (б) қатарына кандидат болып тіркелгенін, бірақ 1941 жылдың наурыз айынан мүшелік жарнаны жеткілікті төлемегені үшін және өзара сынның қысымымен шығарылғандығын назарға береді. 1943 жылы Қызыл Армия қатарында жүргенде ВКП (б) мүшелігіне кандидатқа қабылданған. 1945 жылдың сәуірінде партия қатарына қабылданады. Туған-туысқандарынан ешкім қуғын-сүргінге түспегендігін жаза отырып, майдан даласында партия мүшесі ағасының ерлікпен қаза тапқандығын жазады (ҚР ПА, 708:22-23). Соғыстан кейін «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін» медалымен марапатталды.

1948-54 жылдары Алматы заң институтының «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды. 1954 жылы үкіметтің қаулысымен аталған институт жабылады. Ал Ә.Б. Тұрсынбаев 1954 жылы докторантурға жіберілген.

1955 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі орынбасары Гаврилов берген анықтамада Ә.Тұрсынбаевтың қызметтік жылдарына тоқтала келіп, 1940-41 жылдары Гурьев мұғалімдер институтының директоры қызметінде болғандығы жазылған. Сонымен бірге Қазақ мемлекеттік университетінде «Марксизм-ленинизм» кафедрасы меңгерушілігі лауазымына вакансия екендігі назарға берілген. Бұл бос орынға Орталық комитеттің ғылым және мәдениет бөлімі мен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректораты Ә. Тұрсынбаевтың кандидатурасын ұсынған. Ал 1955 жылдың 22 қыркүйек күні Қазақстан КП Орталық комитеті хатшысы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті «Марксизм-ленинизм» кафедрасының меңгерушісі Ә.Б. Тұрсынбаевқа берген мінездемеде «...Жоғары мектепте Ә. Тұрсынбаев жолдас 1938 жылы Семей мұғалімдер институтында директор орынбасары, кейін Гурьев мұғалімдер институтында қызмет атқарды. Тұрсынбаев жолдас дәрістерді теориялық-идеялық тұрғыдан жоғары дәрежеде оқиды, кафедра басшы ретінде де талапшыл, кафедра оқытушыларының кәсіптік білімдерін көтеруге көмектесіп отырады. Педагогикалық қызметімен бірге, ол үлкен

ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми журналдарда 12 мақаласы жарияланған және Қазақстан тарихына қатысты жұмыстары да бар. Олардың ішінде «Қазақстанға шаруалардың қоныс аударуы тарихы», «Жетісудағы ауылшаруашылығындағы ұлы өзгерістер», «Қазақстандағы социалистік өзгерістердегі орыс халқының рөлі» т.б. Ол «Қазақ ССР тарихы» еңбегі авторларының бірі. КСРО Ғылым Академиясының докторантурасында болған жыл жарым уақытында докторлық диссертациясын жазып, қорғауға ұсынды», - деген пікір бар. Ә. Тұрсынбаевтың Қазақ мемлекеттік университетіндегі кафедра меңгерушілік қызметін атқара алатындығын да көңіл бөлген. 1956 жылдың 16 тамызы күні Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті хатшылығының №23 қаулысымен 4-жылдық Алматы партия мектебінің «СОКП тарихы» кафедрасының қосалқы доценті болып бекітілді. Бұл берілген анықтамаға Орталық комитет хатшысы И. Яковлев қол қойып, «өте құпия» белгісі соғылған (ҚР ПА, 708:51). 1957 жылы «Қазақстанда колхоз құрылысының жеңуі» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. 1958 жылдан профессор. Мемлекет тарапынан жоғары білім саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін 1961 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Ал тура он жылдан кейін 1971 жылы «Октябрь революциясы» орденімен ұлықталды.

1972 жылғы 14 маусымда Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі Қазақстан КП Орталық комитетіне министр орынбасары С. Кенжебаев жіберген №Н-15-31 қатынас қағаз бойынша С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті Гуманитарлық факультетінің «СОКП тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Ә.Б. Тұрсынбаевты Қазақ мемлекеттік университетінде тарих ғылымдары дәрежесін беретін Кеңестің төрағалығына ұсынылып, КСРО Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі тарапынан 1971 жылдың 24 желтоқсанында бекіткені туралы мәлімдейді. 1967–1977 жылдар аралығында Қазақ КСР-і «Білім» қоғамы басқармасының төрағасы қызметтерін атқарды. Ұзақ жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі қызметінде, профессор лауазымында жұмыс жасады.

Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры, Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, т.ғ.д., профессор Ә. Тұрсынбаев 90 жасқа қараған шағында 1999 жылы Алматы қаласында дүние салды. Тұңғыш директор Ә.Б. Тұрсынбаевтың ісін Гурьев мұғалімдер институтының, кейінгі Гурьев мемлекеттік педагогика институтының, тәуелсіздік жылдары біртуар тұлға, мемлекет, қоғам қайраткері, ғалым-энциклопедист Халел Досмұхамедов есімін иеленген Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылары жалғастырып әкетті.

Әдібеттер тізімі

- Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 855-қор, 1-тізім, 35-іс.
 АОМА, 855-қор, 1-тізім, 143 -іс, 2-байлам.
 АОМА, 13-қор, 2 л-тізім, 851-іс.
 АОМА, 1-қор, 2-тізім, 3948-іс.
 Алиева Ф. Солова о генерале // Прикаспийская коммуна, 13 марта 2020 года.
 Ахмет А. Университет тарихына ұқыпты көзқарас керек // Атырау, 11 шілде, 2015 ж.
 За педагогические кадры. Гурьев, 1990 (казан).
 Кенжебаев Ә. Қателесуге қақы болмаған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генералы Бисен Саппаев туралы // Атырау, 23 қазан 1997.
 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 1692-қор, 1-тізім, 586-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 353-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 332-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 501-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 492-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 502-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 503-іс.
 ҚР ОМА, 1692-қор, 1-тізім, 452-іс.
 Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА), 708-қор, 131-тізім, 373-іс.

References

- Atyrau oblystyq memlekettik arkhyvy (bydanbylay АОМА), 855-kor, 1-tizim, 35-ns. 140-141 p.p. [in Russian].
 АОМА, 855-kor, 1-tizim, 143-ns, 2-bailam. 2p. [in Russian].
 АОМА, 13-kor, 2 l-tizim, 851-ns. 3-5 p.p. [in Russian].
 АОМА, 1-kor, 2-tizim, 3948-ns. 10p. [in Russian].
 Aliev F. Solovaogenerale // Rpiaspiskakommuna 13 marta 2020 goda. [in Russian].
 Ahkmet A. Universiet tarihynda uqypty kozqaras kerek // Atyrau6 11 silde 2015 j. [in Russian].
 Zapedagogiceskiekadry. Gyriev, 1990 (kazan). [in Russian].

Kenzhebaev A. Katelesyge qaqy bolmagan Ul'ty'yg gayipsizdik komitetinin generally Bisen Sappaev tyraly // Atyrau. 6 23 kazan 1997. [in Russian].

Kazakstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arkhivy (bydan bylay KR OMA), 1692-kor, 1-tizim, 586-ns. 75-76, 83 p.p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 353-ns. 63 p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 332-ns. 63 p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 501-ns. 64 p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 492-ns. 54 p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 502-ns. 15-17 p. p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 503-ns. 64-66 p. p. [in Russian].

KR OMA. 1692-kor, 1-tizim, 353-ns. 62, 84, 85 p. p. [in Russian].

Kazakstan Respublikasy Prezidenti arkhivy (bydan bylay KR PA), 1692-kor, 131-tizim, 373-ns. 22, 64, 22-23, 51 p.p. [in Russian].

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_139

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 1920-1930 ЖЖ. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ МҮНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ ОРНЫ

З. Мырзатаева¹, Д. Алипова¹, К. Жұмабаева², С.Ж. Сапанов³, А.С. Уалтаева^{4*}

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³«Х.Б. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институты

⁴Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

*Автор корреспондент

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru (Уалтаева), zabyra73@mail.ru (Мырзатаева), alipova.d@mail.ru (Алипова), zhumbaeva1995@list.ru (Жұмабаева), cefosh1@gmail.com (Сапанов)

Түйіндеме. Мақалада Атырау облысының мемлекеттік архивінің негізінде облыстың 1920-1930 жж. қоғамдық-саяси өмірі сарапталады. XX ғасырдың 20-30 жж. Атырау өңірінің қоғамдық-саяси өмірінде мұнай өндірісі аса маңызды роль атқарды.

1920-1930 жылдар аралығындағы ҚазАССР мен Атырау (Гурьев) облысы экономикасының дамуындағы балық шаруашылығының алатын орны, оның дамуы, қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегі, олардың әлеуметтік тұрмысын зерделеу өте маңызды. Кеңес үкіметі тұсында қазақтар да мұнай шаруашылығына араласып, басқа ұлттармен бірігіп осы саланы көтеруге күш салды.

Атырау өңіріндегі мұнай өндірісі өнеркәсібіндегі өзгерістер негізінен алғанда XIX ғасырдың ортасы мен соңғы ширегінде қарыштап дамыды. Бұл салалардағы алғашқы жұмысшы кадрларын қазақ шаруаларының кедейленген бөлігінен шыққан жалданушылар, қоныс аударған орыс шаруалары, күн көрісі төмен қала тұрғындары, төменгі әскери шен адамдары, сондай-ақ Ресейдің ішкі губернияларынан келген мамандар құрады.

Қазақстанның атын бүкіл Одаққа әйгілеген Ембі мұнай кәсіпшілігі, ҚазАССР және КСРО экономикасының дамуына зор үлес қосты. Соған қарамастан Кеңес Одағы тұсында Одақ осыншама мол байлыққа ие бола отыра, республиканың мұнай шаруашылығының дамуына үстіртін қарап, оны тек тұтынушы көзі ретінде таныды.

Кілт сөздер: өңірлік даму, өнеркәсіп, әлеуметтік құрылым, экономика, шикізат көзі, мұнай өндірісі

МРНТИ 03.20.00

РОЛЬ НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ В 1920-1930 ГГ.

З. Мырзатаева¹, Д. Алипова¹, К. Жұмабаева², С.Ж. Сапанов³, А.С. Уалтаева^{4*}

¹Казахский Национальный университет им. Абая, Алматы, Казахстан

²Казахский Национальный университет им. ал-Фараби, Алматы, Казахстан

³научно-исследовательский институт «Истории, археологии и этнологии Каспийского региона им. Х.Б. Табылдиева»

⁴Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

*Автор корреспондент

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru (Уалтаева), zabyra73@mail.ru (Мырзатаева), alipova.d@mail.ru (Алипова), zhumabaeva1995@list.ru (Жумабаева), cefosh1@gmail.com (Сапанов)

Аннотация. В статье на основе Атырауского государственного областного архива рассматривается роль нефтяной промышленности в общественно-политической жизни Атырауской области в 1920-1930 гг.

20-30 гг. XX века в общественно-политической жизни Атырауской области значительную роль играла развитие нефтяной промышленности.

Исследование становления и развитие нефтяной промышленности в КазССР и Атырауской (Гурьевской) области в 1920-1930 гг., труд и быт рабочих, социальное положение трудящихся является актуальной проблемой. Советское правительство уделяло огромное значение для привлечения коренного населения страны (казахов), в эти отрасли. Казахи работая вместе с другими национальностями внесли огромный вклад в развитие как нефтяной промышленности региона. В основном, изменения в развитии нефтяной промышленности в Атырауской области произошли в конце XIX века. Основу кадрового потенциала составили обедневшие казахские шаруа, наемные рабочие, русские переселенцы, беднейшие слои городского населения, низшие военные чины, а также специалисты приглашенные из внутренних губернии России.

Для экономики СССР и КазССР имело огромное значение развитие Эмбинского месторождения. Но несмотря на большой вклад этих отраслей в экономику страны, Советское правительство не уделяло должного внимания для развития нефтяной промышленности в Атырауской области и рассматривало его в качестве сырьевого придатка центра.

Ключевые слова: региональное развитие, промышленность, социальная структура, экономика, ресурсы, нефтяная промышленность.

IRSTI 03.20.00

THE ROLE OF THE OIL INDUSTRY IN THE PUBLIC AND POLITICAL LIFE OF THE ATYRAU REGION IN 1920-1930S

Z. Myrzataeva¹, Alipova¹, K. Zhumabaeva³, S.Zh. Sapanov⁴, A.S. Ualtayeva^{5*}

¹Abai Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³H.B. Tabyldiyev Research Institute of History, Archeology and Ethnology of the Caspian region

⁴Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

*Corresponding author

E-mail: altyn.lazzat@mail.ru (Ualtayeva), zabyra73@mail.ru (Myrzataeva), alipova.d@mail.ru (Alipova), zhumabaeva1995@list.ru (Zhumabaeva), cefosh1@gmail.com (Sapanov)

Abstract. In article considers the role of oil industry in the social and political life of Atyrau region in 1920-1930 based on Atyrau state regional archive. 20-30 years of XX century in social and political life of Atyrau region played a significant role in development of the oil industry. The formation and development of research of oil industry in the Kazakh Soviet Union and Atyrau (Guryev) region in 1920-1930, the labor and welfare of workers, the social status of workers was a relevant issue. The Soviet government paid great attention to the involvement of indigenous population of the country (Kazakhs) in these industries. Kazakhs had working together with other nationalities and made a huge contribution to the development of both oil industry. Mostly the changes and development of oil industry in Atyrau region occurred at the end of the XIX century. The basis of personnel potential was made by impoverished Kazakh sharua, hired workers, Russian immigrants, the poorest layers of urban population, the lowest military ranks, as well as specialists invited from the inner provinces of Russia. The development of Emba field were great importance to the economy of the Soviet Union and Kazakh Soviet Union. However, despite the great contribution of these industries to the country's economy, the Soviet government did not pay due attention to the development of oil industry in Atyrau region and considered it as a raw material appendage of the center.

Key words: regional development, industry, social structure, economy, resources, oil industry.

Кіріспе. XX ғасырдың басында Атырау (Гурьев) уезі, бүкіл Қазақстан жері сияқты патшалық Ресейдің артта қалған шет аймақтарының бірі болатын.

Бүгінде Атырау облысы Еділден Маңғыстауға дейін, Мұғалжар тауларынан кәрі Каспийге дейін созылып жатқан кең байтақ, «қара алтынның», балықшылар мен шопандар даңқының өлкесі және халық шаруашылығының барлық салаларында, мәдениет пен халыққа білім берудегі, денсаулығын көтерудегі жетістіктері жеткілікті. Қазақстан мемлекеттілігінің жаңа жағдайда дамуы мен нығаюы қоғамда, оның ішінде тарих ғылымында жаңа танымдық көзқарастардың орнығуына, халықтың тарихи даму жолын бағалауда терең де шынайы ой-пікірлерге негізделген зерттеулерге, жаңа тұжырымдарға жол ашты. Оның үстіне жүздеген жылдар бойы бодандықта өмір сүруі қазақ халқының тарихының бұрмалануына, отарлық саясаттың объектісі тұрғысынан қарастырылуына әкелді.

Патшалық Ресей тұсында Атырау өңірі артта қалған көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен өлке болатын. Атырау жиі табиғи апатқа ұшырап, қарапайым құралмен атқарылатын балық шаруашылығы, ауыр қол еңбегін талап ететін, ал ең тұрпайы әдіспен мұнай өндірілетін аймақ болатын. Кеңес дәуіріне дейінгі кезеңі Атырау облысының күйсіз көрінісі осындай болатын. Қазірде «қара алтын» арқылы бүкіл әлемге белгілі Атырау облысының экономикалық географиясы күрделі кезеңдерге толы.

Аталмыш мақалада біз Атырау өңірінің 1920-1930 жж. қоғамдық – саяси өмірін аймақтық және салалық экономикалық географиясы тұрғысынан қарастырамыз. Атырау өңірінің салалық экономикалық географиясын негізінен мұнай өнеркәсібі өндірісі құрайды.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми танымның бірегейі-тарих зердесі теориялық-методологиялық ой-толғамының өміршілдік-әкімшілдік қатаң догмаларынан арылып, әрі жаңарып, артта қалған кезеңдердің, оқиғалардың, ілгерілеу мен іркілістердің бастау көздеріне, әлемдік, аймақтық, отандық кеңістікке және өркениеттерге тигізген пайдасы мен зиянына ақиқат тұрғысынан баға беруге ұмтылыспен ден қойды.

Қазіргі кезеңде бұрынғы кеңестік республикалардың ғалымдары тарих философиясын, деректерін гуманитарлық саладағы әлемдік ақыл-ой інжу-маржандарымен шендестіре зерделеуде, өздерінің жаңа тұжырымдарын дәйектеу мен жариялауда, тиімді нұсқада насихаттауда айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп отыр.

Ғылыми білім көкжиегінің кеңейіп, онда тарихи құндылықтардың шынайылықпен көрініс табу деңгейі арта түскен сайын ғалымдар тарапынан жаңа да ұтымды ілімге қол жеткізуге деген әдістер мен тәсілдерді талдауға және негіздеуге талпыныс қарқынын күшейте түседі. Ғылыми білімді алудың тәсілдерін зерделеуді ғылым методологиясы жүзеге асырады

Кеңестік дәуірде тарих ғылымында маркстік-лениндік ілімге негізделген ұстанымның үстемдік етіп, ғылымның басты қағидасына айналған болатын. Осыған байланысты марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері кеңестік тарих ғылымының методологиялық базасы ретінде саналып, автордың дүниетанымы, зерттеу жұмысының идеялық бағыт-бағдарын анықтады.

Тарихтағы құбылыстарды, ірі оқиғаларды «бір қалыпқа» салған маркстік-лениндік ілімге негізделген методология зерттеушілерге тап күресі мен таптық көзқарастарға ерекше көңіл бөліп, қоғам дамуындағы эволюциялық үрдістің маңызына жете көңіл бөліп мән беруді екінші кезекке ығыстырды. Осындай көзқарасқа негізделген методологияның салдарынан тарих ғылымындағы көптеген өзекті мәселелер зерттеу аясынан тыс қалып келеді.

«Тарих ғылымының теориялық-методологиялық негіздері жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылмай, біздер эмпирикалық деңгейде ғана ізденістер жүргізе алатын, нақтылы материалдарды хронологиялық және тақырыптық ретпен түзе алатын, бірақ олардың толық танымдық мүмкіндіктерін анықтап, концепциялық ой-тұжырымдар құру арқылы тарихи дамудың басты бағыттары мен тенденцияларын көрсетуге шарасыз кадрларды ғана дайындаймыз» - деп, атап көрсетті белгілі ғалым, профессор К.Л. Есмағамбетов (Есмағамбетов, 2008).

Методологиялық жүйедегі зерттеу әдістерінің маңызды құрылымдарының бірі - дәуірлеу. Кеңестік тарих ғылымында қолданылған дәуірлеу принциптері мен критерийлері марксизм-ленинизм ілімінің, оның таптық методологиясының негізінде анықталып, коммунистік партиялық принциптің жетегінде болды.

Таптық методология, коммунистік партиялық принцип жалпы тарихи процеске қолданылып, тарихи дәуірлеу жүйесінде де бірден-бір басшылыққа алынған қағида болды. Марксизм-ленинизм іліміне сай, дәуірлеу мәселесін әрбір тарихшы өндірістік қатынас арасындағы қайшылықтан туатын таптық қарама-қайшылықты және одан өріс алатын таптық күресті негізге алу арқылы шешуге тиіс болды (Алдамжар, 2002).

Қазақстан тарихының концепциясы, негізгі пайымдары Одақ көлемінде империялық бағыт-бағдарда жазылды. Еліміздің тарихшыларына Одақтық тарихи концепцияларды тек иллюстрациялау тиді. Әлемдік тарихшылар тарихи, ғылыми объективтік, диалектикалық принциптерді ұстанды. Ал кеңес тарихшылары маркстік экономикалық талдау тәсілдерін, салыстырмалы әдісті қосымша пайдаланды.

Сондықтан да архивтердегі құнды тарихи құжаттарды саралап және зерделеп, зерттеу арқылы тарихи процесті түсіну бүгінгі таңдағы өзекті мәселе.

Қоғамдық-саяси тарихты зерттеудегі кеңінен қолданысқа ие әдістердің бірі-ретроспективалық әдіс. Тарихи таныма себептен бұрын салдар аңғарылады. Ретроспективалық әдіске сүйеніп, кез-келген құбылыстың себебін ашып көрсетуде бір құбылысты келесі бір құбылыстың себебі ретінде қарастырылу ұсынылады. Бұл кез-келген үрдістің кезеңдерін өзара байланыста қарастырудың қажеттігін білдіреді (Ковальченко, 1995). Ретроспективалық әдіске сәйкес 20-30 жж. Қазақстанның қоғамдық – саяси өмірін орталықпен өлкелер арасындағы байланыстардың өрбуі барысындағы құбылыстар өзіне дейінгі және өзінен кейінгі құбылыстармен сабақтастықта зерделеніп, олар салдар түрінде ғана емес, әрі себеп түрінде де түсіндіріледі. Осы әдісті қолдану үрдістің диалектикалық дамуда қарастырылуын қамтамасыз етеді.

20-30 жж Қазақстанның, оның ішінде Атырау өңірінің қоғамдық-саяси өмір тарихын зерттеуде көңіл бөлінген мәселелердің бірі әртүрлі санаттағы мұрағат құжаттарын зерттеу әдісі. Бұл орайда мемлекеттік архивтер мен ведомстволық тарихи архивтердің арақатынасына ерекше көңіл аударған жөн.

КСРО және оның құрамындағы ҚазАССР1920-1930 жж. өркендеу тарихы күрделі кезеңдерді бастан кешірді. Қазақстанның, оның ішінде Атырау өңірінің осы жылдардағы қоғамдық-саяси өмірін КСРО-ның даму, өркендеу тарихынан бөле қарауға болмайды. Қазақстан тарихы жалпы тарихтың бөлінбес бөлігі.

Қазақстанның 1920-1930 жж. қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерді зерттеген көптеген кеңестік ғалымдар қатарында (Нусупбеков, 1953), (Дахшлейгер, 1965), (Нүрпейсов, 1985), (Масанов, 1995), (Абылхожин, 1991).

Аталған ғалымдардың еңбектері сол кезеңдегі Қазақстанның ауыл шаруашылығының құрылуы және қалыптасу тарихына арнаған.

Ал, 1930 жж. Қазақстанды индустрияландыру тарихына өз еңбектерін арнаған ғалымдар ішінде (Асылбеков, 1973), (Жақупбеков, 1984), (Галиев, 1978) атап өтуге болады.

Аталған авторлар өз еңбектерінде Қазақстанның 20-30 жж. тарихына кеңінен тоқталды. Кеңестер Одағы кезеңіндегі бұл еңбектер маркстік-лениндік теория мен методологияға негізделген болатын.

1920-1930 жж. Атыраудың қоғамдық-саяси өміріне байланысты зерттеу еңбектеріндегі келелі мәселелер қатарында аймақтағы мұнай өндірісі мен балық шаруашылығының дамуы болды. Бұл бағыттағы қазақстандық тарихшылар (Дулатова, 1984), (Алдамжаров, 1983), (Төлебаев, 2002) монографияларын мұнай өндірісі бойынша дәлелдемелермен толықтыруымыз заңды құбылыс.

Д.И. Дулатова Қазақстанға капитализм енуінің тарихнамасын алғаш зерттесе, З.А. Алдамжаров капиталистік өндірістік қатынастар негізінде 1917 жылғы Қазан революциясының заңдылығын ғылыми дәлелдеді, Т.Ә. Төлебаев капиталистік өндірістегі тау-кен саласына ерекше назар аударады.

Сондықтанда отандық тарихшылар тарихи зерттеу принциптері мен әдістерінің ішкі байланыстылығы, құжаттар мен тарихнамалық ортақ арна - жалпы методологиялық жүйе арасындағы байланыстылық, тарихты дәуірлеудегі ғылыми негіздер мен принциптер, зерттеудің ақиқаттығы мен құндылық өлшемі туралы қалыптасқан ғылыми қағидалар мен болжамдарды орынды пайдалануды назардан тыс қалдырмауы тиіс.

Нәтижелері. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда негізінен кен қазып шығару және тау-кен зауыттық, темір жол құрылысы дамыды. Өнеркәсіп пен теміржолдар, су жолы құрылысы өлкеде жұмысшы кадрлары қалыптасуының экономикалық негіздерін қалады.

Өз бастауын 1899 жылғы Қарашүңгіл мұнай бұрқатынан алатын Қазақстан мұнай өнеркәсібінің алғашқы мамандары, жергілікті халық өкілдері мұнай іздеген экспедицияларға жол бастаушы, керуен жұмысшысы, атшы, жүкші, күзетші сияқты қарапайым жұмысшылардан қалыптасты. Бұл туралы мұрағат деректері айғақтайды.

1900 жылы Қазақстанда 22 680 өнеркәсіп жұмысшысы болса, мұнай өнеркәсібінде 135 жұмысшы болды. Оның саны 1902 жылы 132, 1903 жылы 134, 1913 жылы 454, 1914 жылы 486, 1915 жылы 663, 1916 жылы 486 болған (Табылдиев, 1973: 8).

Ембі мұнайлы ауданына Ресейден, әсіресе Баку мен Астраханнан маман жұмысшылар келді, мұнайшылар арасында әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің пайда болуы 1911 жылғы Доссор мұнай кенішінің ашылуынан кейін пайда болды. Осы кезеңде елде қалыптасқан саяси тұрақсыздық мұнай өнеркәсібі дамуына кері әсер етті.

Мұнай кәсіпшіліктері мамандары, жұмысшылар жанұялары тыныс-тіршілігі елдегі ахуалмен біте қайнасып жатты. Өлкедегі барлық саяси оқиғалар басында мұнайшы мамандар жүрді. Жергілікті халық өз кезегінде етене танысып, үйреніскен мұнайшы жұмысшылар жағында болды.

1917 жылғы Ресейдегі шиеленіс Жайық-Ембі ауданына да өз әсерін тигізді. Қалың көпшіліктің соғысқа деген наразылығы күшейсе, ал қазақ даласында үлкен өзгерістер болып жатты. Бұл өзгерістер 1916 жылғы маусым жарлығы әсерімен туған халықтық наразылыққа байланысты еді. Мұнай өнеркәсібінде 1917 жылдың басына дейін 10-ға жуық ереуілдер, бас көтерулер болып өткен.

Осы кезеңде Қазақстан территориясында ірі өндірістерінде 25 мыңдай жұмысшы еңбек етуде еді. Соның ішінде, Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде - 600-дей жұмысшы, Қарағанды кендерінде 800, Спасск зауытында - 700-ге жуық жұмысшы болған (Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі АТОМА).

1918-1920 жж. азамат соғысы қазақ даласын әбден күйзелткен болатын. Мәселен, 1920 Орал губерниясында 1916 жылға қарағанда мал басы 4.306.865-тен 1.061.484-ке, егістік алаңы 424.280 десятина, яғни 60 процент, балық аулау 1913 жылмен салыстырғанда 1.600.000 пұттан 429 292 пұтқа төмендеген. Ал халық санағына келер болсақ 1916 жылы Орал губерниясында барлығы 866 946, соның ішінде Гурьев уезінде 162 125 адам тіркелген. 1920 жылғы халық санағы бойынша губерния халқы 43,3 процентке, уезд халқы 31,8 процентке кеміген. Губерниядағы өнеркәсіп орындары да құлдырау сатысында болды. Оның ішінде мұнай өнеркәсібінің жағдайы ерекше ауыр болатын. 1920 жылы 29 қаңтарда мұнай кәсіпшіліктерінде не бәрі 760 жұмысшы тіркелді. Бұл есепке Қаратон, Қарашұңғыл, Жылой кәсіпшіліктерінің еңбекшілері орталықтан ұзақтығына байланысты қосылмады. Осы 760 адамның 310-ы Доссор кәсіпшілігінде жұмыс істеді. Экономикалық құлдырау мен халық санының осынша кемуі елдегі төңкерістер мен соғыстардың әсері екені сөзсіз.

Сөйтіп, жұмысшы қызметкерлер 1917 жылмен салыстырғанда 8 есе азайған. Кәсіпшіліктерде мұнай беруші скважиналар істен шықты. Қоймаларда толтырылған мұнай казак-орыс әскерлерінің шегінуі кезінде жерге төгілді, өртелді. 1920 жылдың басында Ракушада 14 млн. пұтқа жуық мұнай сақталуда еді. Осы мұнай қорын алу арқылы Халық Комиссарлар Кеңесі елдегі мұнай дағдарысын жеңілдетпек болды. Өйткені бұл уақытта Ресей империясының бұрынғы мұнай орталықтары Баку мен Грозный әлі ақгвардияшылардың қолында болатын.

1920 жылы 15 наурызда В.И. Ленин су транспорты қызметкерлерінің Бүкілресейлік II съезі делегаттарына «Ембі» мұнайы біздің қолымызда. Онда 12-14 мың пұт мұнай бар-деген еді (Атырау облыстық мемлекеттік архиві (Ат ОМА, 146: 188).

Осы жиналған мұнайды тез арада орталыққа жеткізу керек болды. Темір жол, мұнай құбыры болмағандықтан халық комиссарлар Кеңесі 1919 жылы 27 желтоқсанда жинаған мұнайды көлікпен тасуды ойластырып, 1920 жылы 13 қаңтарда Гурьев және оның аудандарындағы мұнайды керуен көлігімен Орал, Астраханға жеткізуді ұйымдастыру атты арнайы шешім қабылдады.

Шешімге сәйкес 4-ші армия партия ұйымы мұнайды тасымалдау үшін 125 көлік пен 600 қызыл әскер бөлді. Бұл күш аз болғасын 1920 жылы 27 ақпанда В.И. Ленин 11 армия әскери Кеңесі мен Астрахань партия комитетіне, Волга - Каспий әскери теңіз флотилиясына жеделхат жөнелтіп тез арада Гурьев мұнайын Орталыққа жеткізуді тапсырды. 1,3 млн. пұт мұнайды Орталыққа тасымалдауда жергілікті халық және кәсіпшілік жұмысшылары зор ұйымшылдық көрсетті. Олар сол кезде қолда бар 140 ат, 56 бұқа, 91 түйе көлігін және 14 автомобильді тиімді пайдалана білді. Мұнай өнімдерін көлікпен тасымалдауды ұйымдастыра отырып Кеңес үкіметі мұнайлы ауданды орталықпен байланыстыратын темір жол салу құрылысына кірісті. Александров Гай-Эмба темір жолын салу ісін қорғаныс комитеті, тікелей В.И. Ленин қадағалап 1920 жылы құрылысқа 4-ші армия қызыл әскерлері, Волга бойы әскери округы, екінші еңбек армиясы құрамалары тартылды. 1920 жылы мамырда темір жол құрылысында 15 мың адам қызмет атқарса, оның 3,5 мыңы қазақтар еді (Баевский, 1957: 57).

Құрылысқа орталық аудандардан 190 км. рельс және 400 мың дана шпал жеткізілді. Бірақ жол құрылысы Орталықтағы мұнайлы аудандардың азат етілуіне сай тоқтатылды. Мұнай кәсіпшіліктерінің тез арада қалпына келіп, өндіріс жұмысының жолғақойылуында № 11 армия әскери Кеңесі комитетінің еңбегі өлшеусіз. Себебі, олар 1920 жылы қаңтарда әскер қатарындағы мұнайшыларды арнайы іріктеп, 150 адамдық топты мұнайлы ауданға жібереді. Олар кәсіпшіліктерге 26 ақпанда жетіп, бірден іске кіріседі. Тәжірибелі мұнайшы мамандар В. Политанский біріккен мұнай комитетіне, А. Бородин, И.А. Карпов Доссор және Ракуша фабрика-зауыт комитетіне, А. Кузнецов, И. Бушев басқа да басшылық қызметтерге тағайындалды (АТО МА, 1: 142).

Бұл кәсіпшіліктердегі жағдайды күрт өзгертті. 1920 жылы 24 қаңтарда сайланған фабрика-зауыт комитетінің төрағасы А.А. Соколов, орынбасары П.А. Сүлейменов жұмыстары тез арада жанданды. Сондай-ақ, бұл істе орталықтан Бас мұнай басқармасынан қаңтарда келген өкіл Генюкер жұмысы да көп көмек болды (Файн, Қожабаев, Темиргалиев, 1957: 85).

Бас мұнай комитеті Халық комиссарлар Кеңесі жанынан (ХКК) 1918 жылы құрылды. Комитет басшысы Н.И. Соловьев, орынбасары Г. И. Пылаев, алқа мүшелері И.Э. Гуковский, А. Шибинский, К.А. Махровский, С.М. Тер-Габрилян және В.И. Ленин ұсынысымен И.М. Губкин кіргізілді. Сондай-ақ, елді мұнай өнімдерімен қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме-мұнай синдикаты ұйымдастырылды. Оны Г. И. Ломов басқарды (Байбаков, 1984: 12). Бас мұнай комитеті мен мұнай синдикаты Ембі мұнайлы ауданына ерекше көңіл бөлді. Дегенмен, кәсіпшіліктердің әлеуметтік тұрмыс мәселесі өте ауыр болды. Қаражат жоқ, тамақ және тұрмыс заттары өте аз болды. Кәсіпшіліктердегі фабрика - зауыт комитеті тығырықтан шығу үшін карточка системасын енгізді. 1920 жылы 24 наурызда 1-категориялы карточка алатын, яғни маман жұмысшылар саны 338 адам, 2 категориялы карточка алатын қара жұмысшылар саны 122 адам болды. Осы жылдардағы мұнай скважиналарының жағдайын былайша көрсетуге болады.

- 1) Іске жарамды скважиналар (құйылып тұрғандар): 8
- 2) өндіріссіз тұрған скважиналар: -
- 3) іске жарамдысы: 94
- 4) бұрғылау аяқталмағаны: 13
- 5) жөндеуде тұрғандар: 1
- 6) салынып жатқандар: 10
- 7) қараусыз қалған скважиналар: 11

Басқарма осы скважиналарды іске қосу және жөндеу үшін жұмысшыларды көбейтуге ұмтылды. Әсіресе, мамандығы бар жұмысшыларға ерекше көңіл аударылды. Басқарма төрағасы Р. Фридман өзінің әрбір бұйрығында, үндеуінде жұмысшыларға тәртіптің қажет екендігін ескертумен болды. Қатаң тәртіп нәтижесінде 1920 жылдың аяғында 20 скважина жөнделіп, іске қосылды (Ресей Федерациясының экономикалық архиві (одан әрі РФ ЭА).

ХКК-ң Жайық-Ембі ауданына деген назарының төмендеуінен олардың Баку мен Грозныйға бағытталған мол үміті қазақ үкіметіне де әсерін тигізді. 1921 жылдан бастап Жоғарғы Халық Шаруашылығы Кеңесіне қазақ өнеркәсіптік бюросы Ембі кәсіпшіліктерін өз билігіне алу туралы мәселені көтере бастады. 5 қаңтарда болған отырыстарында осы мәселені талқылап, Қазақ өнеркәсіптік бюросы Қазақстан мұнай комитетін құрып, осы туралы Жоғарғы Халық Шаруашылығы Кеңесі мен Бас мұнай комитетіне хабарлады. Қаулы арқылы Орынбор мұнай қоймасын т.б. тікелей өзіне қаратты (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві (одан әрі ҚР ОМА).

1921 жылдың басында Ембі кәсіпшіліктерінің жағдайы өзгерді деу қиын. Бұл жөнінде Р.Н. Фридман Еңбек және Қорғаныс Кеңесіне 1921 жылы 17 наурызда жазған баяндамасында: «Кәсіпшіліктердің қызметі мен ондағы халықтардың тұрмысы тасылатын азық-түлікке, материалдарға, суға, көлікке тәуелді. Мұнай кәсіпшіліктерінде мұнай өндіру өндірілген мұнайды тасуға, яғни алып кетуге байланысты. Барлық сақтау қоймалары толтырулы, ал өндіріп жатқан мұнайды ашық қоймаларға құю қауіпті. 8 млн. пұт мұнай алып кетуге рұқсат берілгенімен не бәрі 1,5 млн. пұт әкетілді, осыған байланысты мұнай өндіру де тежелуде. Тұрғын үймен қамтамасыз етуде қиыншылықтар көп. Бұрын өнеркәсіп иелері үймен тек қана орыстарды қамтамасыз еткен. Ал қазіргі кезде қазақтар Кеңес өкіметінен өздерін орыстармен бірдей қарауын талап етуде. Келесі үлкен мәселе - сумен жабдықтау. Кәсіпшіліктерді сумен жабдықтаудың 3 жолы бар: 1) мұзды пайдалану, ал ол жауған қарға байланысты, яғни қар көп жауса су да көп және керісінше; 2) құдық суы, олар қазір кәсіпшіліктерден 25 шақырым жерде; 3) мұнай құбыры арқылы берілетін теңіз суы - ол тек қана малға жарайды» - деп ашық жазады (ҚР ОМА, 83:116).

1921 жылы Жайық-Ембі мұнай кәсіпшіліктері үшін мұнайшыларды сырттан шақыру саясаты жалғаса берді. Ал жергілікті қазақтар өндіріске кеңінен тартылмады. Сондықтан өз республикамыздан мұнайшы мамандарын жинақтау үшін Қазақстандағы Бас Еңбек комитеті 1921 жылы 4 сәуірде соңғы 10 жыл ішінде тау-кен кәсіпшіліктерінде еңбек еткендерге мобилизация жариялады. Қаулы бойынша 7 күн ішінде тіркелген адамдар Қазақ өнеркәсіптік бюросына келуі тиіс делінді.

Дәл осы кезеңде КСРО-да үлкен өзгерістер басталды. РКП(б)-ң наурыз айында өткен X съезі жаңа экономикалық саясатты (ЖЭС) қабылдады. Жаңа экономикалық саясат бүкіл елдің экономикасына түбегейлі бетбұрыс әкелді. Бұл бетбұрыс экономиканың мемлекеттік капитализмге бағыт алуымен сипатталды. Өнеркәсіп саласында белгілі шектеулермен капиталистік формалар - концессияға, арендаға берулер енгізілді. Өнеркәсіп қорларын тиімді пайдалану үшін коммерциялық қатынастар қолданыла бастады. Бір сөзбен айтқанда өнеркәсіп саласында жұмысшылардың қабілетін, ынта-жігерін арттыруға үлкен мүмкіндік жасалды.

Қазақстан экономикасын басқару және шаруашылық қатынастарын қайта құру 1921 жылдың жазынан басталды. Қазақ республикасының Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің 1921 жылғы 26 тамыздағы қаулысы бойынша республика өнеркәсіп орындарында ЖЭС принциптері енгізілді. Қазақ өнеркәсіптік бюросына өндіріс орындарын іріктеу және топтау тапсырылды. Осы бойынша өндіріс орындары 3-ке: а) мемлекетке тікелей бағынатындар, ә) жалға берілетіндер, б) жойылатындар болып бөлінді (ҚР ОМА, 28: 24).

Жайық-Ембі мұнай кәсіпшіліктері осы қаулы бойынша тікелей мемлекетке бағынды. Өнеркәсіптік қайта құрулар нәтижесінде 1922 жылы 1 қазанда Ембі мұнай тресі құрылды. Треске Жайық-Ембі ауданының мұнай кәсіпшіліктері және 2 мұнай өңдеу зауыттары: Константиновск және «26 коммунар» атындағы Варинск кірді. Жаңа құрылған трест мақсаты мұнай өндіру және жаңа алаңдарды барлауды коммерциялық есеппен жүргізу, ал зауыттардың міндеті алынған мұнайды өңдеу болатын. Сөйтіп, трестің барлық жұмысы өндіру, өңдеу өзінде өтетін болды. Трестің таза пайдасы былайша бөлінуі тиіс еді: 1) резерв капиталы 25 процент, 2) Тресті кеңейту және жетілдіру үшін 10 процент, 3) маңызды міндеттерге 5 процент, 4) қызметкерлерді көтермелеу үшін 10 процент, 5) мемлекеттік кіріс 50 процент. Осы таза пайда Ембіні қалыпқа келтіру жоспары орындалғанға дейін тек қана өзінде қалуы тиіс деп жарияланды.

Бұл жылдары Қазақ Өнеркәсіптік бюросының мұнайлы ауданды басқаруға үмтылғаны жоғарыдан белгілі. 1920-1922 жылдары мұнай өнімі өз территориямызда өндірілсе де, бірден-бір тонна Жоғары Халық Шаруашылығы Кеңесінің рұқсатынсыз алынбаған.

1922 жылы 10-11 шілдеде осы мәселені талқылаған Жоғары Халық Шаруашылығы Кеңесінің Президиумы «Ембі» 2 жылдан бері толықтай пайдаланылмай жатыр. Мұнай сақтау орындары 1920 жылдан бері толтырулы, ал мұнай өндіру соған қарап тұр (1920 ж. - 186335 пұт, 1921 ж. - 286800 пұт өндірілді). Мұндай жағдайдан шығудың жолы - Ембіні Қазақ Өнеркәсіптік бюросы қарамағына беру. Себебі ол осы ауданға мүдделі және оны толықтай қалыпқа келтіре алады. Ембіні Қазақ республикасының қарамағына көшіру кезіндегі 1-ші міндет, мұнайды тасу үшін оны Ташкент темір жолымен байланыстыру. Ол үшін бұрынғы тоқтатылған Ембі-Саратов мұнай құбырының құрал-жабдықтары арқылы көп шығын шығармай-ақ Ембі-Жұрын мұнай құбырын салу қажет. Бұл құбыр темір мұнайлы ауданы арқылы, соның ішінде Дөңгелексор, Мәртүк арқылы өтеді. Мұндай жағдай Қазақстанның өнеркәсібі мен транспортының жұмысын дамытады - деп мәлімдеді.

Қабылданған қаулыда: 1) Қазақ Өнеркәсіптік бюросының Ембіні басқаруға қатысуын қажет деп мойындау және «Ембімұнай» тресінің басқармасына бір мүшені тағайындау құқығын беру. 2) Қазақ республикасына өндірілген және барлық мұнай қорының 5 проценті бөлінетіндігін мойындау. Бұл 5 процент Қазақ Өнеркәсіптік бюросына Орынборда балама (эквивалент) арқылы мұнай өнімдерімен тапсырылады.) Ембімұнай тресі кез келген өзінің есептерінің бір данасын Қазақ Өнеркәсіптік бюросына жіберілді. Осы есептер Бас отын басқармасында Қазақ Өнеркәсіптік бюросының қатысуымен талқыланды (РФ ЭА).

Сөйтіп Қазақ үкіметі де біртіндеп мұнайлы аудан істеріне араласып, өз құқығын анықтай бастады. Бірақ большевиктік орталық жағдайды мойындағанымен, мұнай билігін ешқашан Қазақ республикасына берген емес. 1920 жылдары елде қалыптасқан ауыртпалықты жағдай мұнайлы ауданға, Батыс Қазақстанға өз әсерін тигізді. Зерттеушілер М.Асылбеков, А. Ғалиев өз еңбектерінде Қазақстанның халық санындағы өзгерістерге азамат соғысының зардаптары және 1921 жылғы жұт, Кеңестік биліктің шаруалардан азық-түлік үшін малдарын тартып алуы ерекше әсер етті дей келіп, 1921-1922 жылы Батыс Қазақстанда (Ақтөбе, Орал губерниялары және Бөкей ордасы) 40 000 шаруашылық жойылды деп көрсетті (ҚР ОМА, 109: 25).

Зерттеуші М.Н. Сыдықовтың Батыс Қазақстан тұрғындарының демографиялық дамуы туралы еңбегінде 1920 жылдардағы өлкедегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың халық санына айтарлықтай әсер еткенін жазды. 1917 жылы санақ бойынша Батыс Қазақстанда (Ақтөбе, Орал губерниялары және Бөкей ордасы) 1 398 984 адам, 1920 жылғы санақ бойынша 1 198 540 адам, 1923 жылғы санақ бойынша 879 040 адам болған. Көрсетілген алты жыл ішінде тұрғындар саны 519 944 адамға азайған, яғни 37,1 пайыз. Зерттеушінің көрсетуінше халық саны азамат соғысы жылдарында 200-500 адамға, аштық пен жұттан 319 500 адамға қысқарған (Сыдықов, 1995).

1922 жылы 25 наурызда Жайық-Ембі ауданының Басқармасы Тау-кен Одағымен отырысында аудандағы қиын жағдайды атап өтті. Әсіресе ауданнан мамандығы бар жұмысшылардың кетуі қатты толғандырды (РФ ЭА.) Отырыс мынаны мойындады: 1) Ауданның жағдайы өте ауыр. Маманданған жұмысшыларды жібермеу үшін олардың азық-түлік жағдайын жақсарту қажеттігі туды. Егер 1-мамырға дейін жағдай түзелмесе, онда аудандағы жұмыстарды қысқартуға дейін бару. 2) Азық-түлік мәселесінде Гурьевке қарағанда Доссорға артықшылық беру.

Ауданда негізінен мамандығы бар жұмысшылардың жағдайын жақсарту қара жұмысшылардың ең төменгі разрядтағы есебінен жүзеге асатын еді. Ал осы есеппен бөлу негізінен қара жұмысшылар қатарын толықтырған жергілікті халықтың жағдайын қиындата түсетін. Оған 1921-1922 жылдардағы Батыс Қазақстандағы ашаршылық та өз ықпалын тигізді. Осы жылдары Қазақстанның 6 губерниясында егін өнімі аз жиналды. Соның ықпалымен тек Гурьев уезінде 1922 жылдың қарашасында 112.591 халықтың 11.975 адамы аштыққа ұшырады. Доссор, Ракуша, Гурьевте тұратын 9676 адамның 78-і аштыққа ұшырағандар тізіміне тіркелген (ҚР ОМА, 4). Ал шаруалар үкімет тарапынан көмек ала алмағандықтан, өз қолдарындағы бар малдарын шетінен соя бастады. Көпшілік қазақтар кәсіпшіліктер мен қалаларға қарай жылжыды. Осы кезеңді: «Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы қауіпті. Орал, Ақтөбе, Бөкей губернияларының кейбір жерлерінде саяси бандитизм күшеюде. Қауіп күшеюде» - деп Қазақстан республикасының төтенше комитет мүшелері ерекше бағалаған (ҚР ОМА, 109).

1922 жылы мұнай кәсіпшіліктеріндегі азық-түлік жағдайының шиеленісуіне Орталықтан бөлінген ұн мен бидайдың уақытында жеткізілмеуі де өз әсерін тигізді. Мысалы, осы жылдың сәуірінде Новороссийскіден бөлінген шетелдік 40 000 пұт ұн мен бидай маусымның орта кезеңіне дейін Ембіге жетпей жолда тұрып қалған. Осыған қатты алаңдаған Бас отын басқармасы мен Ембі басқармасы Ф.Э. Дзержинскийге хабар жіберген (РФ ЭА, 1914:23).

Гурьев уезі халықтарының, соның ішінде қазақтардың өмірі мен тұрмысының негізгі көздері: 1) мал шаруашылығы, 2) балық шаруашылығы, 3) егін шаруашылығы, 4) қазба байлығы болатын. Сондықтан айналада бос жатқан жерлерді пайдалану оған егістікті көбейтудің маңызы ерекше

еді. Осыны ескергентрест Гурьев уезі территориясынан жалға жер сұрады. 1922 жылы 18-19 желтоқсанында Орал губерниялық экономикалық Кеңесі Ембі кәсіпшіліктеріне Сағыз өзені жанынан және Базар-Соколок, Балка-Рыгье жер учаскелерін жалға пайдалануға ұрықсат етті (Ат ОМА).

Сөйтіп, трест осындай учаскелерді игеру арқылы өз еңбекшілерін көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатын алға қойды. Бұл тек бір ғана мәселенің шешімі еді. Мұнай басқармасы 1922 жылдың қаңтарынан бері жұмысшылардың жалақысын толықтай төлей алмады. 1922 жылы 1 тамызда Доссорда мұнайшылардың жиналысы өтті. Жиналыста қаралған мәселе - басқарма жұмысшыларға сәуір, мамыр, маусым, шілде айларының еңбек ақыларын төлемеген. Сондай-ақ, жұмыс киімімен қамтамасыз етпеген.

Жиналысқа қатысқан Р.Н. Фридман жұмысшылар үшін Мәскеуден 22 млрд. сом ақша мен 9,2 мың метр мануфактура жіберілгенін, оның таяуда келетінін мәлімдеді. Қаражат пен жұмыс киіммен тарыққан жұмысшылар 28 тамызда екінші рет жиналыс өткізген. Оған 256 адам қатысқан (Ат ОМА, 1).

Соның нәтижесінде маман жұмысшылар тағы да өз еріктерімен жұмыстан шыға бастады. 1922 жылдың сәуірінен тамызға дейін кәсіпшіліктен кеткен 674 адамның 231-і маман жұмысшы еді (Ат ОМА, 41: 14).

Трест босаған маман жұмысшылардың орнын көмекшілерімен, тіпті оқушылармен де ауыстыруға мәжбүр болды. Ембі кәсіпшіліктерінде жұмысшыларға төленетін жалақының болмауына Орталық та кінәлі еді. Себебі, Ембі өндірген мұнай пайдаланусыз жатты. Ал өндіру болса Фридманның жазғанындай оның Ембіден тасылуына байланысты еді, яғни 1921 жылы көтерілген мәселе 1922 жылы да өз шешімін таппады. Сондықтан да 1922 жылдың 21 шілдесінде мұнай өнеркәсібі Кеңесінің отырысы арнайы «Ракушадан Ембі мұнайын тасу» мәселесін тағы талқылады. Кеңес Ембі мұнайын тасу дұрыс жолға қойылмай отырғандығын және оның мұнай өндіруді көбейтуге кері әсер етіп отырғандығын атап өтіп, Бас отын басқармасынан «Ембімұнай» тресіне мұнай таситын кемелер ұстауға құқық беруін сұрады (Ат ОМА).

1923 жылдан бастап өндірілген мұнайды тасымалдау дұрыс жолға қойыла бастады. Ең алдымен бұрыннан сақталып келе жатқан өнімдер жіберілді. 1922-1923 жылдары әкетілетін 10.991.30 пұт, мұнайдың, тек 1923 жылдың кеме жүретін уақытында (навигация) 9.456.267-інің тасылуы сөзімізге дәлел болады. Тасып әкету 1921-1922 жылдарымен салыстырғанда 146,04 процентке жетті. Осы жылдың қыркүйек айында Жайық-Ембі кәсіпшіліктерінде 53 скважина жұмыс жасаған (Ат ОМА, 1).

Қазіргі кезеңде біздің еліміз үшін дүниежүзілік озық тәжірибеге негізделген индустриалды-инновациялық стратегияны қалыптастырудың маңызы өте зор. Дамыған өркениетті елдердің барлығы белгілі бір тарихи кезең бойында физикалық еңбекті қажет ететін өндірістен капиталды, технология мен ғылымға негізделген өндіріске дейінгі жолдан өтті. Қазақстанға да осындай жолдан өтуге тура келді. Шикізатқа ғана бағыт ұстаған ел болып қалмаудың амалы ғылым мен техниканың жетістігіне, жоғары технологияға сүйенген дүниежүзілік стандартқа сай сапалы өнім өндіретін өнеркәсіп орындарын дамытуға тікелей байланысты.

Қорытынды. Қазақстан мемлекеттілігінің жаңа жағдайда дамуы мен нығаюы қоғамда, оның ішінде тарих ғылымында жаңа танымдық көзқарастардың орнығуына, халықтың тарихи даму жолын бағалауда терең де шынайы ой-пікірлерге негізделген зерттеулерге, жаңа тұжырымдарға жол ашты. Оның үстіне жүздеген жылдар бойы бодандықта өмір сүруі қазақ халқының тарихының бұрмалануына, отарлық саясаттың объектісі тұрғысынан қарастырылуына әкелді.

1920-1930 жж. халқымыздың басынан өткен ашаршылық, тәркілеу және ұжымдастыру науқандары, саяси қуғын-сүргіннің шиыртына ілінген қандастарымыздың тағдыры талай дәуірден бері қапысыз қалыптасқан қазақ халқының тіршілік қалыбын өзгерткені белгілі.

Бүгінде тарихшылар мен зерттеушілерге өткен заманның аласапыран кезеңдерін, ақтаңдақ белгілері мен көлеңкелі тұстарын архив деректері арқылы жан - жақты талдап, зерделеп, жас ұрпақтың санасында шынайы да объективті көзқарас қалыптастыру үшін мүмкіндіктер ашылып отыр. Сондықтанда Атырау обылысының 1920-1930 жж. қоғамдық - саяси өміріндегі мұнай өндірісі мен балық шаруашылығының ролі мен орны зерттеу өзектілігі, өз тарапында оның ғылыми, қоғамдық-практикалық сұраныстан туындап отырғанын анықтайды.

1. 1920-1930 жылдар мұнайлы өлке дамуында ғана емес көмірсутегі өнімдерін өндіретін ұлттық кадрлардың қалыптасып, өсуінде оң өзгерістерімен сипатталады. Азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясы зардабынан қираған мұнай кәсіпшіліктері қалпына келтіріліп, 1925 жылы Мақат мұнай кенішінің консервациядан кейін іске қосылуы осы процестің аяқталғанын білдірді. Өлке мұнайшыларының ерен еңбегі нәтижесінде 1930 жылдары Байшонас, Ескене, Қосшағыл, Құлсары және Ақтөбе облысы мұнай кеніштері ашылып өнім бере бастады. Атыраудың қоғамдық - саяси өмірінде мұнай өнеркәсібінің дамуымен қатар Гурьев-Қандыағаш темір жолы, Каспий-Ор мұнай құбыры салынып, пайдалануға берілді. Мұнай өнеркәсібі арқасында өндірісі жоқ өңірде теміржол, құбыр жолы яғни мұнай тасымалдаушылар еңбегі дами бастады.

2. 1920 жылдары алғаш ФЗУ-лар арқылы мұнай өндірісіне жолдама алған жергілікті қазақ

ауыл жастары, 1930 жылдары жан-жақты шындалған ұлттық мұнай өндірісі жұмысшыларының негізін қалады. Оның ішінде 1930 жылы Қазақстанда алғаш болып Гурьевте орта арнаулы білімді мұнайшы-техниктерді дайындайтын тау-кен мұнай техникумы ашылып, 1933 жылдан бастап өндіріс ұлттық мұнайшы техник мамандармен толыға бастады. Орынбор, Орал, Семей, Алматы, жұмысшы факультетін бітірген ондаған қазақ жастары Мәскеу, Баку мұнай институттарын бітіріп, алғашқы қазақ мұнайшы техникалық интеллигенцияның негізін салды. Сонымен бірге 1933 жылы Республикада алғашқы техникалық жоғары оқу орны тау-кен металлургия институты ашылып, өлкемізге жоғары білімді барлаушы-геологтарды дайындай бастады. Қазақстанның мұнай-газ саласындағы геология мектебінің негізі қаланды.

3. 1930 жылдардағы мұнай өндірісінің дамып жаңа кен орындарының көптеп ашуларымен және маман кадрлар дайындауындағы жетістіктерге қарамастан 1937 жылдардағы нәубет білікті мамандарды жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты. «Халық жауы» айдарымен мыңдаған адамдардың тағдырын тәлкек еткен қуғын-сүргін тауқыметі мұнайлы өңірді де қатты күйзелтті. 1930 жылдың аяғында елдің қоғамдық саяси өміріндегі осындай келеңсіздік науқаны қаншама сұрапыл, ауыртпалықты болса да мұнай кәсіпшіліктері ұжымдары мен маман кадрлары қайыспай қарсы тұрып, жеңе білді.

Атырау облысының 1920-1930 жж. қоғамдық - саяси өміріндегі мұнай өндірісінің ролі мен орнын сараптай келе, Елбасы атап көрсеткендей - бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара - бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас рең береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттермен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көп қырлы өрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.

Әдебиеттер тізімі

Абылхожин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.). Алма-Ата: Ғылым. 1991. 240 б.

Алдамжаров З. А. Тарих: пайым мен тағылым. Алматы: Арыс. 2002. 288б.

Алдамжаров З. А. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане: (Историография проблемы). Алма-Ата:Казахстан. 1983. 175 б.

Асылбеков М. Х. Формирование и развитие кадров железнодородников Казахстана (1917-1970 гг.). Алма-Ата. 1973. 300 б.

Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 146-кор. «Ембі мұнай» өндірістік трест бірлестігі. 1-тізбе. 2-іс. 23-іс.188-іс.

АтОМА 1 қор. Гурьев уездік революциялық комитеті. 3-тізбе. 3 іс. 1- тізбе. 142 іс.

АтОМА. 41- қор. Атырау облыстық табиғат қорғау прокуратурасы. 1-тізбе. 14 -іс.

Баевский Д.А. Очерки по истории хозяйственного строительства периода гражданской войны / Акад. наук СССР. Ин-т истории. Москва: Изд-во Акад. наук СССР. 1957. 447 б.

Байбаков Н. К. Дело его жизни. Записки нефтяника. Москва. 1984. 319 б.

Галиев А. К. К этнодемографической характеристике Казахской АССР (по материалам переписи в 1926 г.) Изв. АН КазССР. Сер. Обществ. Наук. 1978. № 4. 42-48 бб.

Дахшлегер Г. Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата.1965. 385 б.

Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. Алма-Ата.1984. 272 б.

Елагин А. С. Переход на мирную работу по восстановлению народного хозяйства в западном Казахстане (1921-1925 гг.). Рукопись. Алма-Ата. 1951. 306 б.

Есмағамбетов К. Тарих таңдақтары. Екінші кітап. Алматы: Арыс. 2008. 426 б.

Жакупбеков С.К. История легкой индустрии Казахстана. Алма-Ата: Наука.1984. 319 б.

Ковальченко И.Д. Теоретико-методологические проблемы исторических исследований. Заметки и размышления о новых подходах. Новая и новейшая история. Алматы., 1995.- №1. - 120 б.

Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана (1897-1989 гг.). Алматы. 1995. 220 б.

АтОМА. 146-кор. «Ембі мұнай» өндірістік трест бірлестігі. 1-тізбе. 2-іс. 23-іс.188-іс.

АтОМА 1 қор. Гурьев уездік революциялық комитеті. 3-тізбе. 3 іс. 1- тізбе. 142 іс.

АтОМА. 41- қор. Атырау облыстық табиғат қорғау прокуратурасы. 1-тізбе. 14 -іс.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві. 30-кор. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі (совхалықком, Қазақхалықком ҚазақССР), Алматы қ. 1-тізбе, 94-іс.

ҚР ОМА. 83-кор. Қазақ АССР Халық еңбек комиссариаты (Қазақхалықком-енбегі), Алма-Ата қ., 1-тізбе, 116-іс.

ҚР ОМА. 28-кор. Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Еңбек және қорғаныс кеңесі (жүз ҚырғызАССР), Орынбор қ., 1-тізбе, 74-іс. 24-іс

ҚР ОМА. 109-кор. Жетісудағы Түркістан майданының Әскери-Революциялық кеңесінің уәкілі, Верный. 1-тізбе, 25-іс.

- Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов. Алма-Ата. 1995. 250 б.
- Нусупбеков А.Н. Объединение казахских земель в Казахской Социалистической Республике. Алма-Ата. 1953. 250 б.
- Нүрпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. Алма-Ата. 1985. 220 б.
- Ресей Федерациясының экономикалық архиві. 1914-қор. 1-тізбе. 2-іс.3-іс. 23-іс.
- Табылдиев Х.Б. История социалистического Гурьева (1917-1937 гг.). Рукопись. Алма-Ата. 1973. 214 б.
- Төлебаев Т.Ә. XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында Қазақстанға капитализм енуі тарихнамасы. Авторефераты. Алматы. 2002. 48 б.

References

- Abylkhozhin Zh. B. Traditional structure of Kazakhstan: socio-economic aspects of functioning and transformation (1920-1930). Alma-Ata: Gylym. 1991.240 b.
- Aldamzharov Z.A. Tarikh: payim men takylym. Almaty: Arys. 2002.288b.
- Aldamzharov Z.A. Victory of the Great October Socialist Revolution in Kazakhstan: (Historiography of the problem). Almaty: Kazakhstan. 1983.175 b.
- Asylbekov M. Kh. Formation and development of personnel of railway workers in Kazakhstan (1917-1970). Alma-Ata. 1973.300 b.
- Atyrau oblystyq memlekettik archives. 146-box “Embi Munai” Ondiristik Trust Birlestigi. 1-tizbe. 2-ic. 23-ic. 188-ic.
- ATOM 1 Cor. Guryev uездик revolutionaries committee. 3-ssbe. 3 ic. 1- tizbe. 142 ic.
- ATOMA. 41- Cor. Atyrau oblystyq tabirat korrau prokuratura. 1-tizbe. 14 -ic.
- Baevsky D.A. Essays on the history of economic construction during the Civil War / Acad. Sciences of the USSR. Institute of History. Moscow: Publishing house Acad. Sciences of the USSR. 1957.447 b.
- Baybakov N.K. The work of his life. Oilman’s notes. Moscow. 1984.319 b.
- Galiev A.K. To the ethno-demographic characteristics of the Kazakh ASSR (based on the materials of the census in 1926) Izv. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. Societies. Science. 1978. No. 4. 42-48 bb.
- Dakhshleger G.F.Social and economic transformations in the aul and the village of Kazakhstan (1921-1929). Alma-Ata. 1965. 385 b.
- Dulatova D.I. Historiography of pre-revolutionary Kazakhstan. Alma-Ata. 1984. 272 b.
- Elagin A.S. Transition to peaceful work to restore the national economy in western Kazakhstan (1921-1925). Manuscript. Alma-Ata. 1951.306 b.
- Esmagambetov K. Tarih tandaktary. Ekinshi kitap. [The choice of the story. Second book]. Almaty: Arys. 2008. 426 p.
- Jakypbekov S.K. Istoriya legkoi indystrii Kazahstana. [History of light industry in Kazakhstan]. Alma-Ata: Nayka. 1984. 319 s.
- Kovalchenko I.D. (1995). Teoretiko-metodologicheskie problemy istoricheskikh issledovaniy. Zametki i razmyshleniya o novykh podhodah // Novaya i noveishaia istoriya. №1. 120 s. [Theoretical and methodological problems of historical research. Notes and reflections on new approaches]. Novaya i no- veishaia istoriya. Alma-Ata., 1995. №1. 120 p.
- Sdykov M.N.Naselenie Zapadnogo Kazahstana (1897-1989 gg.). [Population of Western Kazakhstan (1897-1989)]. Almaty. 1995. 220p.
- AtOMA. 146-qor.Embi munai ondiristik trest birlestigi. [“Embi Oil” Industrial Trust Association]. 1-tizbe. 2 is.23 is.188is.
- AtOMA.1 qor. Guriev uездик revoliucialik komiteti. [Guriev district revolution committee].3-tizbe. 3 is. 142 is.
- AtOMA. 41- qor. Atyrau oblastik tabigat korgau prokuraturasi. [Atyrau Oblast Nature Protection Prosecutor’s Office]. 1-tizbe. 14 is.
- QR OMA. Kazakh KSR Halyk komissarlari kenesi. [Council of People’s Commissars of the Kazakh SSR (counpeoplecom KazakhSSR, CPC KazakhSSR), the city of Alma-Ata]. 30-qor. 1-tizbe. 94 is.
- QR OMA. Kazakh ASSR Halyk enbek komissariati. [People’s Commissariat of labor of the Kazakh SSR (Kazakhfolkcom-labour), the city of Alma-Ata]. 83-qor. 1-tizbe. 116 is.
- QR OMA. Kirgiz AKSR Halyk komissarlari kenesi zhanindgi enbek zhane korganis kenesi. [Labor and defense Council under the Council of People’s Commissars of the Kyrgyz ASSR (hundred KirghizASSR), the city of Orenburg]. 28-qor. 1-tizbe. 74 is. 24 is.
- QR OMA. Zhetysudagi Turkistan maidaninin askeri-revoliucialik kenesinin uakili. [Commissioner of the military revolutionary Council of the Turkestan front in Semirechye, Vernyi]. 109-qor. 1-tizbe. 25 is.
- Masanov N.E. (1995). Kochevaia tsivilizatsiia kazahov.Alma-Ata. S 250. [Nomadic civilization of the Kazakhs]. Alma-Ata. 1995. 250p.
- Nysypbekov A.N. (1953) Obedinenie kazahskikh zemel v Kazahskoi Sotsialisticheskoi Respyblike. [Unification of Kazakh lands in the Kazakh Socialist Republic]. Alma-Ata. 250 p.

Nurpeisov K. N (1985). Istorija krestianstva Sovetskogo Kazahstana. [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata. 220 p.

Resei Federatsiiasynyn ekonomikalyq arhivi. KSRO VSHX bas tau otin zhane geologialik-geodezialyk baskarmasinin munai onerkasibi direktorinin maskeu baskarmasi. [Economic archive of the Russian Federation. Moscow Department of the Directorate-the oil industry's Main mining and fuel and geological-geophysical control of VSNKh of the USSR]. 1914 qor. 1 tizbe. 2 is.3 is.23 is.

Tabyldiev H.B. Istorija sotsialisticheskogo Gyreva (1917-1937 gg.). [History of the socialist Guryev (1917-1937)]. Rukopis... kand. istorich. nauk. Alma-Ata. 1973. 214p.

Tolebaev T.A. XIX g. ekinshi jartysy men XX g. basynda Kazakstanga kapitalizm enyi tarihnamasy. t.g.d. avtoreferaty. [Historiography of the entry of capitalism into Kazakhstan in the second half of the XIX and early XX years.]. Avtoreferaty. Almaty. 2002. 48p.

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_149

СӘУЛЕТШІЛЕР МЕН СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (1946-1970 жж.)

Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы^{1id}, Жолдасұлы Талғат^{1*id},
Ахметбек Бақытжан Мұқарамұлы^{1id}

¹Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемлекеттік университеті. Қазақстан, Қызылорда қ.

*Автор-корреспондент

E-mail: dastan.satbai@mail.ru (Сәтбай), zholdassuly2018@gmail.com (Жолдасұлы), ahmetbek_74@mail.ru (Ахметбек)

Түйіндеме. Мақалада соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан Сәулетшілері мен Суретшілер Одағының отандық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Қазақстан сәулетшілері өздерінің жоспарларында үйлер мен ғимараттардың утилитарлық-функционарлық қызметін, көркемдік-эстетикалық міндеттерді шешумен ұштастыруға тырысты. Алайда 1950-ші жылдардың ортасынан бастап Сәулетшілер Одағының жұмысы әміршілдік-әкімшілдік жүйенің әлеуметтік-экономикалық саясатының күнделікті практикалық мұқтаждарына түгелдей бағындырылды. Сондай-ақ мақалада Қазақстан суретшілерінің 1946-1970 жылдардағы Кенестік тоталитарлық жүйеде жұмыс істегендігіне қарамастан жалпы отандық мәдениеттің, көркем өнердің дамуына қосқан үлесі аталып өтіледі. Алайда көркем сурет туындыларының эмоционалдық ықпалын төмендеткен бірінғайлығы, идеяларының ортақтығы және идеологиялық сарыны тағы басқалары баяндалады.

Кілт сөздер: Қазақстан Сәулетшілері, Суретшілер Одағы, утилитарлық-функционарлық қызметі, көркемдік-эстетикалық міндеті, көркем сурет, өнер туындылары.

МРНТИ 03.20

ВКЛАД ТВОРЧЕСКИХ СОЮЗОВ АРХИТЕКТОРОВ И ХУДОЖНИКОВ В РАЗВИТИЕ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА (1946-1970 гг.)

Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы^{1id}, Жолдасұлы Талғат^{1*id},
Ахметбек Бақытжан Мұқарамұлы^{1id}

¹ Кызылординский университет им. Коркыт Ата. Казахстан, г. Кызылорда

* Автор-корреспондент

E-mail: dastan.satbai@mail.ru (Сәтбай), zholdassuly2018@gmail.com (Жолдасұлы), ahmetbek_74@mail.ru (Ахметбек)

Аннотация. В статье дается анализ деятельности Союза архитекторов и художников Казахстана и его вклад в развитии отечественной культуры в послевоенный период. В своей практической деятельности архитекторы Казахстана стремились совместить функциональные и художественные требования при сооружении административных и жилых зданий и выполнению норм, которые способствовали бы решению профессиональных художественно-эстетических задач. Однако с середины 1950-х годов деятельность Союза архитекторов Казахстана была полностью подчинена

выполнению требованиям, практическим потребностям социально-экономической политики командно- административной системы. В статье освещается также вклад казахстанских художников в развитие национальной культуры и искусства в целом, несмотря на их творческую работу в условиях жесткого контроля в рамках советской тоталитарной системы 1946-1970 годов. Однако в виду указанных причин снижалось качество создаваемых произведений и их творческую оригинальность, что в свою очередь привело к снижению эмоционального эффекта картин.

Ключевые слова: архитекторы Казахстана, Союз художников, утилитарно-функциональная сторона, художественные и эстетические цели, живопись и произведения искусства.

IRSTI 03.20

CONTRIBUTION OF CREATIVE UNIONS OF ARCHITECTS AND ARTISTS TO CULTURE DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN (1946-1970 y.)

Tastanbek Satbay^{1id}, Talgat Zholdassuly^{1*id}, Bakytzhan Akhmetbek^{1id}

¹Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda

*Corresponding author

E-mail: dastan.satbai@mail.ru (Сәтбай), zholdassuly2018@gmail.com (Жолдасұлы), ahmetbek_74@mail.ru (Ахметбек)

Abstract. The article analyzes the activities of the Union of architects and artists of Kazakhstan and its contribution to the development of national culture in the post-war period. In their practical work, the architects of Kazakhstan tried to combine functional and artistic requirements for the construction of administrative and residential buildings and the implementation of standards that would contribute to the solution of professional artistic and aesthetic problems. However, since the mid-1950s, the activity of the Union of architects of Kazakhstan was completely subordinated to the requirements and practical needs of the socio-economic policy of the command and administrative system. The article also highlights the contribution of Kazakh artists to the development of national culture and art in General, despite their creative work under strict control within the Soviet totalitarian system of 1946-1970 so the quality of works decreased.

Key words: architects of Kazakhstan, Union of artists, utilitarian and functional side, artistic and aesthetic goals, painting and works of art.

Кіріспе. Өткен ғасырдың 1940 жылдарының аяғы мен 1960 жылдарының соңындағы Қазақстан сәулетшілер мен суретшілер шығармашылық Одақтарының жұмысы Кеңестік қоғамдық-саяси жүйенің эволюциясымен тығыз байланысты болды. Сәулетшілер мен суретшілердің кәсіби қызметі мен тәжірибесіне басқа шығармашылық одақтар сияқты партия мен кеңес орындарының баса-көктеп араласуы жалғасын тауып жатты. Хрущевтік «жылымық» жылдарының жемісі сәулетшілер мен суретшілердің күнделікті өмірі мен қызметінен де көрініс тауып жатты. Әсіресе, 1960–жылдардың басында Қазақстанның кәсіби сәулетшілері мен суретшілерінің саны арта түсті. Сәулетшілер мен суретшілердің талантты шоғырларының қазақ мәдениетіндегі орны ерекше болды. Соған қарамастан, 1960-жылдардың ортасынан бастап сәулетшілер мен суретшілердің шығармашылық Одақтарының жұмысын басқарудың әміршілдік-әкімшілік әдістері қатая түсті. Басқа шығармашылық Одақтарға қарағанда саясаттан алыстау шығармашылық өкілдерінің қызмет еркіндігіне шектеу жүргізу парадоксальды құбылыс. Әдебиет пен өнердегі партиялық, таптық көзқарас, социалистік реализмнің қатаң шарттары, оның өкімдерін сұрқайландырғаны сияқты, сәулетшілер мен суретшілердің туындылары да «идеологиялық саяси өнімдерге» айналды. Сәулетшілер мен суретшілердің өнімдері де идеялық-саяси мазмұнымен ғана бағаланып, өлшенді. Бұл бағыттағы ілгері басушылық сапалық көрсеткіштермен емес, сандық көрсеткіштермен өлшеніп, суретшілер мен сәулетшілердің сан жағынан өсуі үнемі алға тартылып отырды. Осылайша, шығармашылық өнімнің көркемдік құндылығы екінші кезекке ығыстырылды. Мұның барлығы, өз кезегінде көркемдік құндылығы төмен қоғамдық ғимараттар мен үйлер, суреттер, мүсіндер және сәулет ескерткіштерін тудырды. Аталмыш шығармашылық одақтардың жұмысына бюрократизм, бейімделушілік тән келіп, конформистік элементтерге орын берілді. Нәтижесінде 1950-1960 жылдардың аяғына қарай салынған тұрғын үйлер халықтың арасында «хрущевкалар» деп аталып, сурет өнерінде де саясатқа қызмет еткен туындылар еселей түсті. Мұның барлығы дағдарыстық көріністерді туғызып, сәулет өнеріндегі олқылықтардан көрінді. Атап айтқанда, сәулет өнеріндегі көркемдік функциялар түмшаланып, оның есесіне техникалық функцияларға басым бағыт беруден көрінді.

Қазіргі уақытта егемен Қазақстан Республикасы, нағыз демократиялық-құқықтық мемлекет құруды, ұлттық мәдениетті өркендетуді және дүниежүзілік қоғамдастық пен интеграциялануды қолға алып жатқан тарихи тұста-сәулетшілер мен суретшілер шығармашылық одақтардың қоғам мен адамдардың күнделікті өміріндегі орнын айқындаудың маңызы зор. Бұл сәулетшілер мен суретшілердің шығармашылық одақтарының, тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін болады. Оның тәжірибелерін ой елегінен өткізу қазіргі таңда сәулет пен сурет өнеріндегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан және нобайлардан тезірек арылуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының барысында тарих ғылымының сыннан өткен негізгі ұстанымдары – объективтілік, жүйелілік, детерменизм мен тарихилық принциптеріне арқа сүйедік. Объективтілік Қазақстан суретшілері мен сәулетшілерінің Кеңестік кезеңдегі еңбектерін жаппай қаралаудан алшақ болуға мүмкіндік берді. Зерттеу объектісі мен пәніне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Хронологиялық принципке сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар уақыт ішіндегі реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін сәулетшілер мен суретшілердің шығармашылық Одақтарының қызметі сатылық кезеңдерге бөлініп қаралды. Детерменизм мен кешенділік принципін ұстана отырып сәулет пен сурет өнеріне қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының барысында заманауи тарих, сәулет және сурет өнері, мәдениеттану ғылымдарының жетістіктері пайдаланылды.

Талқылау мен нәтижелер. Отандық тарих ғылымында біз зерттеп отырған тақырып бойынша өткен ғасырдың 1950-1960 жылдары ғылыми білімдер мен зерттеу жұмыстарының толығып отыруы, жинақталуы тұрақты жүріп отырды. Осы жылдары сан жағынан аз да болса Қазақстан сәулет бейнелеу өнерлеріне арналған Т.К. Басеновтың, М.М. Меңдікүловтың, Е.Б. Вандровская мен Г.А. Сарықұлованың еңбектері пайда болды (Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алма-Ата, 1958; Меңдікүлов М.М. Архитектура города. Алма-Ата, 1953; Вандровская Е.Б., Сарықұлова Г.А. Женщины художницы Казахстана. Алматы, 1954). Т.К. Басеновтың еңбегінде Қазақстандағы қолданбалы өнердің жағдайы талқыланса, М.М. Меңдікүлов еңбегінде Қазақстан қалаларының архитектурасына шолу жасалды. 1960-жылдары, Кеңес өкіметі жылдарындағы Қазақстан халқының қолөнері мен бейнелеу өнері жайында С. Қасиманов, И.Рыбакова, Л.М. Хлопова, Г.А. Сарықұлова, Р. Көпбосыновалардың еңбектері пайда болды. Сәулет өнері хақында Т.К. Басенов, А. Татыгулов, Т. Басенов, Б. Глаудиновтардың Кеңестік Қазақстанның сәулет өнеріне қатысты еңбектері жарыққа шықты. Алайда, бұл еңбектерде Қазақстан сәулетшілері мен суретшілері шығармашылық одақтарының қызметі арнайы қарастырылмайды. Тақырыптың зерттелуі тарихшы ғалымдармен шектелмей, сәйкес мамандық иелері тарапынан да зерттелгенін айта кеткеніміз жөн. Бұл орайда 2003 жылы сәулет докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған А.Ж. Абиловтың «Қазақстанның XX ғасырдағы қала құрылысы дамуының генезисі мен тұжырымдамалық негіздері», сондай-ақ, А.С. Әділбаеваның 2010 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғаған «Шығыс Қазақстан қалаларының XIX ғасырдың аяғы-XXI ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы» тақырыбында қорғалған диссертацияларын айта кеткен жөн. А.С. Әділбаева диссертациясында негізінен тақырыбымызға қатысты өткен ғасырдың 1950-1960 жылдардағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі қала салу тәжірибесі сипатталады, ал А.Ж. Абиловтың жұмысында XX ғасырдың өн бойындағы Қазақстандық қала салу тәжірибесі сарапталады. Авторлар Кеңестік қала салу тәжірибесінің тұжырымдамалық бағыттары мен практикасын талдайды. Бірақ бұл еңбектерде көрнекті Қазақстан сәулетшілері мен суретшілері, олардың шығармашылықтары туралы айтылғаныменен, шығармашылық одақтардың қызметі туралы ештеңе айтылмайды. Тақырыбымызға қатысты бұдан басқа нысаналы зерттеу жұмыстарын көре алмадық.

Соғыстан кейінгі 1946-1950 жылдары Қазақстан сәулетшілері Одағының алдында, ең бірінші кезекте Одақтың ұйымдық жұмыстарын нығайту міндеті тұрды. Қазақстан сәулетшілерінің I съезі соғыстың қарсаңында 1940 жылы өткен болатын. Алайда, соғыс шығармашылық Одақтың жұмысын жолға қоюға кедергі жасады. 1946 жылдың 21 маусымында шақырылған Қазақстан кеңес сәулетшілерінің жалпы жиналысында Одақ басқармасының жұмысы «қанағаттанғысыз» деп бағаланды. Жиналыстың қаулысымен осы айдың 26-да сәулетшілердің жалпы жиналысы қайтадан шақырылып ұйымдық мәселелер қаралды. Сәулетшілер Одағы басқармасымен тексеру комиссиясының мүшелері қайтадан сайланды. Басқарма мүшелігі құрамына А.И. Беднягин, А.А. Леппик, П. Кривошеев, Г.Г. Дейчев, В. Бычков кірді (ҚР ОМА, 34:14, 20). Дегенмен, соғыстан кейінгі жылдары сәулетшілер Одағының ұйымдық жұмыстарын жандандыру оңайға соққан жоқ. Мұны Одақ басқармасы құрамының жиі өзгеріп отыруы да көрсетті.

1948 жылдың 29-шілдесіндегі басқарма мәжілісінде, басқарма мүшелерінің көпшілігі жанартылды. Басқарманың төрағалығына М. Меңдікүлов сайланды, В. Бычков, В. Бирюков, Г. Бабович

және А. Леппик оның мүшелері болды. 1946-1949 жылдары Одақтың бухгалтері 4 рет ауыстырылды. Оның негізгі себебі жалақының аздығы болды. Бұл жылдары Одақтың атқарған жұмыстарының ішіндегі ауқымдыларының қатарында «Алматы қаласының Бас жоспарының жағдайы туралы» сәулетші И. Белоцерковскийдің, «Қазақстанның табиғи қаптама тастары» жайлы В.Д. Милютиннің, «Кеңес сәулетшілерінің шығармашылық мәселелері және Қазақстан сәулетшілерінің міндеттері» жайлы А. Беднягиннің, «ВКП/б/ Орталық Комитетінің композиторы Мураделидің «Ұлы Достық» операсы туралы қаулысына сәйкес, сәулеттегі формализм туралы» В. Бычковтың дайындаған баяндамалары жатты. Баяндамалар сәулетшілердің жалпы жиналыстарында талқыланды. Мұнымен қатар, сәулеттік-қоғамдық байқаулар ұйымдастырылды. Байқауда Н.А. Простаков, М.П. Кудрявцев, В.Н. Крошиннің «Жазушылар үйінің», «Қазақстан» кинотеатрының, Б. Бычковтың Алматы қаласы «Көпшілік кітапханасының», «Қазақстанның оңтүстік қалаларының», И. Шумаковтың «Алматы қаласындағы Үкімет үйінің» болашақ жобалары көрсетіліп талқыланды. Ұлы Қазан революциясының 30-жылдығына орай үш сәулеттік көрме өткізіліп, мүшелтойлық альбом шығаруға материалдар жинастырылды (ҚР ОМА, 50:5-6).

1948 жылы Сәулетшілер Одағының үш шығармашылық: тілшілер (жетекшісі Борисов), шығармашылық сын (жет. М. Левинсов), жылжымалы көрмелерге материал жинау (жет. И. Перевалов) топтары құрылды. Құрылған топтардың өз міндеттері белгіленді. 1948 жылы нәтижелі жұмыс істеген тілшілер тобы болды. Осы жылы шығармашылық топтың мүшелері республикалық баспасөзге 7 мақала дайындап шығарды. Одақ басқармасы сәулетшілердің идеялық-саяси тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлді. Бұл бағыттағы жұмыстың негізгі формасы сәулетшілерді кешкі марксизм-ленинизм университеттеріне тарту және Одақ ішінде жекеленген баяндамалар мен лекциялар ұйымдастыру болды.

1949 жылы сәулетшілердің Алматы облыстық бөлімшесі мүшелерінің 70 проценті саяси оқу жүйесіне тартылды. Осы жылы басқарма мәжілісінде сәулетші А. Леппиктің шығармашылық есебі, сәулетші Н.А. Григорьевтің «КСРО-дағы қалалар салу» атты баяндамасы тыңдалды. Бұған қоса ВКП/б/ Орталық комитетінің идеологиялық мәселелерге арналған қаулы-қарарлары қызу талқыланып жатты. Алайда, кеңестік саяси жүйе жағдайында сәулетшілер Одағы өзінің мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыра алмады. ВКП/б/ - ның әрбір қаулы-қарарларынан кейін оның шешімдеріне қатысты міндетті түрде Одақта талқылаулар ұйымдастыру сәулетшілердің негізгі кәсіби жұмысына кедергі келтірді. Көп жағдайларда оның пайдасынан гөрі зияны көп болды. Одақтың материалдық мүмкіндігінің шектеулілігі, арнайы мекен-жайының болмауы, саяси өктемдік – сәулетшілердің жұмысын барынша күрделендірді.

Одақтың төрағасы М. Меңдікүлов 1949 жылғы атқарылған жұмыстарға берген есебінде: «біздің жұмысымыздың үлкен тежеуіші-көрмелер өткізетін, үйірме жұмыстарын жүргізетін мекен-жайымыздың жоқтығы болып отыр» (ҚР ОМА, 62:7) деп атап көрсетті. Шығармашылық Одақтың жұмысын жетілдірудің тек саяси құралдары таңдалып алынды. Оның негізгі әдісі кеңестік жүйеде «Сын мен өзара сынды» өрістету болып табылды. 1950 жылдың 28-қазанында КСРО Кеңес сәулетшілерінің XIII пленумының қаулысындағы сәулетші қызметіндегі кенже қалушылықтың себептері «дамудың, алға басудың күдіретті құралы ретінде шығармашылық сынды кеңес сәулетшілері ұйымдары, ең бірінші кезекте оның жетекші органдары дұрыс пайдалана алмағандығынан» (ҚР ОМА, 82:29) деп көрсетілді. Сәулетшілердің құрамы да баяу толығып жатты. Мысалы, 1947 жылы Одақтың мүшелігіне 4-ақ адам қабылданды (ҚР ОМА, 50:2).

Сәулетшілер Одағының 1952 жылдың жұмысын қорытындылаған есебінде де Одақ мүшелерінің мейлінше баяу өсіп отырғандығы аталып өтілді. Оның негізгі себебі: туысқан республикалардан келіп жатқан сәулетші мамандарына қажетті материалдық-тұрмыстық жағдайлардың жасалмауы, жергілікті жерлерде сәулетші мамандықтары даярлайтын оқу орындарының болмауы еді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан сәулетшілері өздерінің жоспарларында, үйлер мен ғимараттардың утилитарлық-функционалдық қызметін, көркемдік-эстетикалық міндеттерді шешумен ұштастыруға тырысты. Алайда, 1950-жылдардың ортасынан бастап сәулетшілер Одағының жұмысы әміршілдік-әкімшілдік жүйенің әлеуметтік-экономикалық саясатының практикалық күнделікті мұқтаждарына түгелдей бағындырылды. Кеңес жүйесі өзінің ең өткір «қарғыс атқан» әлеуметтік проблемасы – тұрғын үй мәселесін қайткен күнде де шешуге ұмтылды.

КОКП-ның 1950-жылдардың ортасындағы құжаттарында сәулетшілердің көркемдік міндеттерді шешуге ұмтылуының «басы артық нысапсыздық», «безендірушілік» ретінде сыналуы, шын мәнісінде кеңес сәулет өнеріндегі бетбұрыстық кезең еді. Іс жүзінде кеңестік жүйе әлеуметтік мәселелерге басым бағыт бере отырып, сәулеттік жобалардан көркемдік міндеттердің шешілуін күн тәртібінен ығыстырып тастады. Кеңес сәулеті үйлер мен ғимараттарды салудың – утилитарлық-функционалдық, конструкциялық бағытына бір жола көшті. Сәулетшілер тарапынан мұндай бағыт бір жақты қабылданған жоқ. Сәулетшілер Одағында жасалған баяндамалар, КСРО сәулетшілер Одағы Пленумдарының шешімдерінде типтік жобалаудың кемшіліктері аталып көрсетіліп жатты. 1954-жылдың 15-сәуірінде Алматы қаласында өткен Орта Азия мен Қазақстан сәулетшілерінің

шығармашылық кеңесінде КСРО сәулетшілер Одағы басқармасының жауапты хатшысы И.Е. Маркелов «біздің еліміздегі құрылыстың 80 пайызы типтік жобамен салынып жатқанын, оның үлкен кемшіліктерінің бар екендігін атап көрсетті» (ҚР ОМА, 94:17). Шын мәнінде, типтік жобалар бірі-біріне конструкциялық шешімдерімен өзгешеленеді. Оның үстіне, белгілі бір қаланы салу үшін екі-үш жоба ғана қолданылды, ал үй салатын кәсіпорындар көбіне-көп бір типтегі үйлерді шығарумен шектелінді (Градостроительство Казахстана, 1973:62).

1950-жылдары қарқын алған «социалистік индустрияландыру», «тың және тыңайған жерлерді игеру» науқанындары сан жағынан онсыз да аз Қазақстан сәулетшілерінің жұмыс жүктемелерін айрықша молайта түсті. 1951-1955 жылдардағы Одақ мүшелерінің жалпы жиналыстарында, басқарма отырыстарында Қазақстан сәулетшілерінің жұмысбастылығы, тапсырыстардың көптігі, жүктеменің шектен шығушылығы айрықша әңгіме арқауы болып отырды. Қазақстан сәулетшілерінің бұл кезеңдегі жүктемесінің көбейе түсуінің, шығармашылық Одақ жұмысына да әсері тиді. 1955 жылдың 14-шілдесінде өткен Қазақстан сәулетшілерінің II съезінде Одақтың тексеру комиссиясының төрағасы И. Перевалов, 1951-1955 жылдары шығармашылық Одақта бар болғаны үш баяндаманың тыңдалғанын, сәулет мәселелерін насихаттауда көрмелердің, экскурсиялардың ұйымдастырылмағандығын, 1953 жылдан бастап Одақтағы сурет үйірмесінің жұмыс істеуін мүлде қойғанын ашына айтты. Істің насырға шапқаны сондай Қазақстан сәулетшілерінің кезекті II-съезін шақырудың өзі 1951-1955 жылдары Одақ басқармасында жылына үш-төрт рет талқыланып, оның мерзімі үнемі өзгертіліп отырды (ҚР ОМА, 104:44-46). Қазақстан сәулетшілері ұйымындағы мұндай «дағдарысқа» басқарушы жүйенің құрылымдары да кінәлі еді. Мысалы, 1951-1955 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Алматы қалалық партия комитеті сәулет мәселелеріне қатысты бірде-бір кеңес өткізген жоқ.

Бұдан – көрсетілген аралықта, Сәулетшілер Одағы жұмысын мүлде тоқырады деген тұжырым жасауға болмайды. 1950-жылдардың бірінші жартысында Одақтың басқармасы сәулеттік жобалардың байқауларын өткізіп отырды. Байқауларда «Үкімет үйінің», ВАСХНИЛ-дің Қазақстандағы филиалы ғимаратының, «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тұрғын үйі мен Жоғарғы партия мектебі жатаханасының» «Алматы қаласының орталық бөлігінің» сәулеттік жобалары көрсетіліп, талданды. Алматыда Абай атындағы опера мен балет театры (сәулетшісі К.А. Простаков), Гурьевтегі (Атырау) мұнайшылардың мәдени сарайы (сәулетшісі С.В. Васильковский), Қазақстан тұтынушылар Одағының әкімшілік ғимараты (сәулетшісі Б.Н. Стесин) және осы кезде салынып жатқан Қазақстан Ғылым Академиясының үйі (сәулетшілер А. Шугеев пен Н. Простаков), Қазақ ССР-і Үкімет үйі (сәулетшілер Б. Рубаненко, Г. Симонов және басқалар) Қазақстан сәулетшілері Одағы мүшелерінің айтулы еңбектері болды. Сәулетшілер А. Леппик, А. Бирюков, Б. Стесин, Р. Сейдалиев, И. Бреннер, А. Қапанов және басқалардың жобалары бойынша сәулеттік оң шешімі тапқан ғимараттар салынды. Одақ мүшелерінің бірқатары ғылыми кандидаттық диссертациялар қорғады. 1951 жылдың қарашасында және 1953 жылдың ақпанында шығармашылық Одақта жасалған, қазақтың тұңғыш сәулетшілерінің бірі М. Мендікұловтың «Қазақстандық сәулеттік-ансамблдік қалалар салудың практикасы», «Қазақстандағы кеңестік сәулеттің ұлттық формасының мәселелері» атты баяндамалары – Қазақстандағы сәулет өнері саласындағы құнды ғылыми еңбектердің қатарынан орын алды.

Шығармашылық Одақтардың жұмысы 1950-жылдардың екінші жартысында баяу да болса ілгеріледі. 1956 жылдың 1 сәуірінде Сәулетшілер Одағы «КОКП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы қараша Пленумының қаулыларына және Қазақстан сәулетшілерінің II-съезінің шешімдеріне сәйкес, Алматы қаласы жобалау ұйымдарының сәулетшілері мен құрылысшыларының міндеттерін» талқылаған жиналыс өткізді. Жиналыста құрылыс ісін индустрияландырудың жолдары белгіленді. 1957 жылдың 20-тамызында Сәулетшілер Одағы басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан мен Орта Азия сәулетшілерінің ауыл шаруашылығы құрылысы мәселелеріне арналған кезекті кеңесі өткізілді. Кеңесте колхоздардағы, машина трактор станцияларындағы (МТС) және тың және тыңайған жерлердің совхоздарындағы тұрғын үй құрылысының типтік жобалануы мен практикасының мәселелері талқыланды.

Қазан революциясының 40 жылдығына орай сәулеттік жобалар конкурстары мен байқаулары бұрынғы жылдарға қарағанда жиі ұйымдастырылды. Шығармашылық секцияларда Қазақстан кеңес сәулетінің тарихына орай материалдар дайындалып республикалық басылымдарда жарық көрді. 1957-1958 жылдары сәулетшілер Одағының активінде Алматы қаласының Бас жоспары, Шымкент, Өскемен, Ақмола, Петропавл, Қарағанды және басқа қалалардың бас жоспарларының нобайлары талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. 1959 жылғы Одақтың ұйымдастырған ірі іс-шараларының бірі КСРО Сәулетшілер Одағымен бірігіп өткізілген Қарағанды қаласындағы кеңес болды. Кеңесте Қарағанды өнеркәсіпті ауданының жобалануы мен салуының мәселелері талқыланды. Осыған орай Қазақстан сәулетшілері шығармашылық жұмыстарының көрмелері ұйымдастырылды.

Алматыдағы кеңес өкіметін орнату жолында қаза тапқан күрескерлерге және Шоқан Уәлихановтың монументтік кешеніне арналып өткізілген екі конкурстық жобалау байқауының

маңызы зор еді. Жобалардағы талқылауға қоғамдық өкілдер де қатысты. Алайда 1950-жылдардың аяғына қарай кеңестік жүйенің сәулетшілер Одағының қызметіне баса көктеп араласа беруінің өлшеусіз зияны да тиіп жатты. Типтік жобадағы үйлерді салудың дәстүрі бір жолата орнықты. Қазақстан сәулетшілерінің ескертпелеріне қарамастан, құрылыс ісінің практикалық-шаруашылық шарттарының (құрылыс материалдарының зәрулігі, қаражат тапшылығы, құрылыс объектісін тапсыруға асығыстық) өктемдігі, қалалар мен елді мекендерді бірегейлендіріп, көркемдік-сәулеттік міндеттерді шешуді күрделендірді.

Сәулеттік жобалау практикасындағы қалаларды функционалдық зоналарға қатаң бөлудің де кері әсері болмай қойған жоқ. Қалалар әдетте негізгі тұрғын үйлер мен қоғамдық орталықтар аймағына (өкімшілік, оқу орындары, медициналық тұрмыстық қызмет, спорт т.б.), өнеркәсіптік аймаққа, коммуналдық қоймалар аймағына (қоймалар, базалар, гараж, автобус паркі т.б), сыртқы транспорт аймағына бөлінді (Курбатов, 1988:110). Әсіресе, өнеркәсіптік-шаруашылық аймақтарына айрықша көңіл бөлінді, әлеуметтік инфрақұрылым көп жағдайларда шаруашылық мүдделеріне икемделді. Қалаларды міндетті түрде зоналарға бөліп салудың дәстүрге енуі, кеңестік экономикалық жүйе жағдайларында әлеуметтік мүдделердің шаруашылық мүдделеріне бағындырылуымен түсіндірілсе, екіншіден, кеңес кәсіпорындарының экологиялық таза өнімдер шығаруға деген дәрменсіздігімен де түсіндіріледі.

Қалалардың арнайы зоналарға бөлінуінің абсолюттендірілуі жаңа проблемаларды туғызды. Атап айтқанда, уақыттың өтуімен қала зоналарының аралықтарындағы «ашық жерлерде» стихиялы түрде жаппай жеке секторлық үйлер пайда бола бастады. Әміршілдік-өкімшілік жүйе чиновниктері ондай «өзіндік» құрылыстарға жол бермеуге тырысып баққанымен, тұрғын үй мәселесінің өткір болғаны сондай «халықтық құрылыстың» тегеурініне тосқауыл құра алмады. Осылайша, халықтың аузында «Шанхай», «Нахаловка», «Самостройка», «Копай», «Қырық кепе» деп аталынып кеткен қала аудандары дүниеге келді (басқада атаулары болуы мүмкін). 1950 жылдардың аяғы 1960 жылдардың басында мұндай құрылыстардың қарқыны жоғары болғаны сондай, 1959 жылы Қазақстан сәулетшілерінің III-съезінде Қазақ ССР-і мемлекеттік құрылыс мекемесі бас мамандарының бірі Т.Иванова қалыптасқан жағдайы «стихиялық апатқа» балады. «Самостройка» мен «Шанхай», «Нахаловка» және оған ұқсас өз бетінше салынған үйлердің маңайы көркейтілмеген, мәдени – тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерімен қамтамасыз етілмеген. Қала салудағы стихиялық апаттың мөлшерін мынадан – ақ көруге болады; Алматыда соңғы екі-үш жылдың көлемінде өз бетінше 1170, Өскеменде, Зайсан, Лениногорскі, Зыряновскі қалаларында 1955-1959 жылдары 1053, Павлодарда 547, Қарағандыда 693, Шымкент 257, Жамбылда 221 үй салынды (ҚР ОМА, 149:22-23).

1960 жылдардың басында Қазақстан Сәулетшілері Одағының басқармасы қалыптасқан сәулеттік-құрылыстық практикадағы кеселді тенденцияларды жоюдың жолдарын талқылап, ұсыныстар жасады. 1962 жылдың 29-29 маусым күндері өткен сәулетшілердің IV – съезінде Басқарма төрағасы Е. Дятлов «өнеркәсіп құрылысына сәулеттік бақылау» (ҚР ОМА, 210:19) орнатудың қажеттігіне назар аударды. Алайда, тұрғын үй проблемасының тегеурінімен әміршілдік-өкімшілік жүйе сәулеттік бақылау жүйесін жасауға дәрменсіздік көрсетті.

1960 жылдардың бірінші жарытысында да Сәулетшілер Одағы қызметінің негізгі формалары: сәулеттік жобаларды талқылау, конкурстар, көрме ұйымдастырулар жалғасын тапты. Алматы қаласындағы 1600 орындық панорамалық кинотеатр ғимаратының жобасын, Абай ескерткішінің орнын сәулеттік талқылау ұйымдастырылды.

1961 жылы Сәулетшілер Одағында мемлекеттік Бас «Казгорстрой-проект» жобалау институтының шығармашылық есебі тыңдалып, 1962 жылдың 11-14 қаңтарында Целиноград қаласында сәулетшілердің кеңейтілген кеңесі өткізілді. Кеңес тың өлкесіндегі совхоздарды жобалау мен салудың және индустриалы құрылыстың материалдық-техникалық базасын дамытудың мәселелеріне арналды. Целиноградтағы (Нұр-Сұлтандағы) «Тың игерушілердің сарайы», Өскемендегі «Мәдениет сарайы», Қарағандыдағы «облыстық драма театры», Алматы қаласындағы «Панорамалық кинотеатр» ғимараттары Қазақстан сәулетшілерінің ірі табыстары болды. Қазақстан сәулетшілері бұл жылдары салынып жатқан қалалар мен селолардың жобаларын, сәулеттік бейнесін жақсарту ісіне сүбелі үлес қосты.

1964 жылы Қазақстан сәулетшілерінің V-съезі шақырылды. Съезде сәулеттік жобалау ісін жақсартудың көкейтесті проблемалары жан-жақты қаралды. Басты кемшілік ретінде сәулетші мамандарының жетіспейтіндігі атап көрсетілді. Съезд делегаты сәулетші Н. Рипинский айтқандай, бұл кезде бүкіл Қазақстандағы сәулетшілердің саны Ресейдің бір ғана Новосибирскі қаласының сәулетшілері санына тең келеді. Құрылыстың қарқыны Қазақстанда ерекше қарқын алғанымен олардың санының үлес салмағы Кеңес Одағындағы сәулетшілердің 1,5 процентін ғана құрады (ҚР ОМА, 257:38). Съезд сәулетшілер мамандарын даярлайтын республикада жоғарғы оқу орнын ашудың қажеттігін атап көрсетті.

1966 жылы Қазақстан коммунистік партиясының XII съезінде, Сәулетшілер Одағының төрағасы Р.Сейдалинов бұл мәселені жоғары партия орындарының алдына да қойды. 1966 жылдың

21-22 қазан күндері өткен сәулетшілердің VI – съезінде де бұл мәселе жоғары орындардың алдына талқылауға ұсынылған-ды. Алайда, бұл мәселе 1960-жылдардың соңына дейін шешімін таппады. Әміршілдік жүйенің сәулетшілердің талаптарына немқұрайлылығы құрылыс ісіндегі техникалық-функционалдық бағыттың біржолата үстемдік құрғандығын көрсетті. Құрылыс ісінің тағдыры сәулетшілерге қарағанда, құрылысшыларға байланысты болды. Сәулетшілердің IV съезінде де Одақ мүшелері республикалық мемлекеттік жоспарлау комитетінің тарапынан да қалалардың Бас жоспарларының үнемі өзгертіліп отыратындығын, оның сәулетшілердің жұмысына кері әсерін тигізіп отырғандығы да аталып көрсетілген еді.

Типтік жобалармен салынған құрылыстардың нәтижесінде, республика елді мекендері сәулеттік бейнесінің шымқай бірыңғайланғандығы талданып, оны жоюдың шаралары белгіленді. Оны жоюдың шаралары ретінде театр, кітапхана, ірі спорттық кешендер мен қалалардың келбетін айқындайтын тағы басқа ірі объектілер үшін, тек жеке жобалар салудың қажеттігі айтылды. Бірақ күнделікті практикада оның жүзеге асуы мүмкін болмады.

1969 жылдың сәуір айында болып өткен сәулетшілердің VII-съезінде Қазақстан сәулетшілерінің табыстарымен қатар кемшіліктері ретінде, құрылыстағы көркемдік шешімдерге қарағанда функционалдық-техникалық міндеттерге, оның конструкциясына, технологиясына және экономикасына, яғни үнемшілдікке көп көңіл бөлетіндігі көрсетілді. Қазақстан сәулет өнерінде, сәулеттің басқа өнер салаларымен байланысына, синтезіне көңіл бөлінген жоқ. Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында Одақта жаңадан интерьер және синтез шығармашылық комиссиялары құрылды.

1946-1970 жылдары Қазақстан Сәулетшілер Одағы кеңестік жүйенің айрықша күрделі жағдайларында жұмыс істегендігіне қарамастан республика мәдениетінің дамуында өзіндік орын алды. Қазақстан сәулетшілері бұл кезеңде қоғамдық сәулеттік ескерткіштер жасады. Бұл ретте ескі Үкімет үйінің (ҚазМу-дың ескі ғимараты сәулетшісі М. Гинзбург), Абай атындағы опера мен балет театрының, Қазақ ССР-і Ғылым академиясының, Қазақ ССР-і Үкімет үйінің (сәулетшілері Б. Рубаненко, Л.Г. Голубовский, А. Карабельников), Гурьевтегі мұнайшылар үйінің, Алматы қаласындағы орталық стадионның (сәулетшілері А. Қапанов, А. Коссов), Орталық әмбебап дүкеннің (сәулетшісі М. Гура), Партиялық саяси ағарту үйінің (сәулетшісі А. Леппик), Халық шаруашылығы жетістері көрмесінің (ұжымды авторлар), Спорт сарайының (сәулетшілер В. Кацев, О. Наумов, М. Кашарский), Целиноградтағы тың игерушілер сарайының (ұжымдық авторлар) ғимараттарын айтуға болады. Алайда, Кеңестік сәулет тәжірибесіндегі бюрократиялық кедергілердің орасан зор болғанын да айтып өту қажет. Алматы архитектурасында Владимир Зеликович Кацевтің қайталанбас қолтаңбасы бар. Медеу мұз айдыны, Динамо жазу бассейні, Цирк үйі ғимараттары осы архитектор ізденісінің жемісі. Әсіресе, Алматыдағы қазақ циркі құрылысының жобасын Мәскеуден бекітудің өзі детективті шырғалаңға толы болды. Медеу мұз айдынын жобалау да осыған ұқсады. Мәселе Д.А. Қонаевтың Л.И. Брежневке телефон соққанынан кейін ғана шешіледі (Труспекова, 2018:39).

Қалалардың көптеп салынуының республика үшін объективті түрде оң мәдени өзгерістер алып келгені даусыз. Қазақстанның мыңдаған елді мекендерінде әлеуметтік-тұрмыстық мекемелер салынып халыққа мәдени қызмет көрсетудің деңгейі жетілдірілді. Қалалардың көбеюімен «орасан зор әлеуметтік мәдени және этникалық байланыстар аймағы» (История Казахстана, 1993:359) жасалып, мәдениеттердің тілдесуін тереңдетуге қолайлы жағдайлар туғызды. Қазақстан халқын тұрғын үймен қамтамасыз етуде ілгері жылжулар болды. Алайда, сұрғылт сәулеттік типтік жобалармен салынған үйлердің басымдығы, оның үстіне үздіксіз кемшіліктермен пайдалануға берілуі, сәулеттің қоғамдық санаға деген эмоционалдық ықпалын төмендетті. Өркениетті елдерде «баспана адамға тұрмыстың барлық аса маңызды қуаныштарын сыйлай алса» (Корбюзье, 1977:125), Қазақстанның тұрғындары үшін кемшіліктермен пайдалануға берілген үйлердің тұрмыстық тауқыметтері көп болды. Көптеген үйсіз Қазақстандықтар көбіне көп баспаналы болғанын қанағат тұтты.

1946-1970 жылдардағы Қазақстан сәулеттік практикасының басты кемшілігі, сәулеттің басқа өнер салаларымен синтезі байқалмады. Әміршілдік жүйе жағдайында сәулетшілердің қызметі объективті және субъективті қиыншылықтармен жүрді. Біріншіден, бұл кезеңде объективті түрде Қазақстан сәулетшілері, суретшілері және мүсіншілері өз салалары бойынша кәсіптік шеберліктің кемеліне жеткен жоқ. Бұл салалардың дамуы өркениетті елдерде кезең-кезеңімен жүріп отырса, Кеңестік Қазақстанда мұндай тенденция байқалмады. Екіншіден, сәулетшілермен онымен іргелес сәулетшілер Одағының материалдық-техникалық базасы, маман-кадрлық потенциялы аса шектеулі болды. Үшіншіден, әміршілдік жүйе жағдайында сәулет пен бейнелеу өнерінің үйлесімді, ырғақты жұмысын қамтамасыз ету мүмкін болмады.

«Социалистік құрылыстардың» кеңестік әлеуметтік экспериментердің қарқынына Сәулетшілер Одағының мүшелері ілесіп отыра алған жоқ. Ал адамзат өркениеттерінің тарихы – сәулет, мүсін, бейнелеу өнерінің әрқайсысына өз салалары бойынша кемеліне келіп шарықтағанда ғана, соны табыстарға қол жетіп, олардың синтезі, ұштасуы мәдени құндылықтарды, асыл қазыналарды тудыратындығын көрсеткен еді.

Соғыстан кейінгі жылдары Суретшілер Одағының басқарма мүшелері М. Белов, Ә. Қастеев, Л. Леонтьев, З. Назыров, Б. Симкин, Н. Тимофеев, Э. Черномский, А. Черкасский, Б. Чекалин және басқалардың ұйымдастыруымен шығармашылық жұмыстарды жақсарту қолға алынды. Соғысқа дейін шақырылған Қазақстан суретшілерінің І-съезінде, Одақтың 4 шығармашылық секциялардың негізгі жұмыс формасы суретшілердің шығармашылық есебін тыңдау, Одақ мүшелерінің дербес және топтық көрмелерін өткізу, насихаттық бағытта көпшілік-лекциялар оқу, студияларда сабақтар ұйымдастыру, қоғамдық орындарды безендіру және тағы басқалар болды. Мұнымен қатар суретшілер қызметінің маңызды құрамдас бөлімін, «қоғамдық шефтік жұмыстар» дейтін құрады. Ол бойынша Одақтың әрбір мүшесі белгілі бір ірі мекемелерге бекітіліп беріліп, олардың безендіру жұмыстарына жәрдемдесті.

1946 жылдың басында Суретшілер Одағы, басқа да шығармашылық Одақтар тәрізді өздерінің жалпы жиналыстарында 1946-1950 жылдарға арналған бес жылдық жоспарын бекітті. Жоспарда «халық шаруашылығын қалпына келтіру», «сталиндік 4-бесжылдық» жылдардағы суретшілердің қызметі мен міндеттері бейнеленді. Қабылданған жоспарға сәйкес, 1946 жылдың сәуір-мамыр айларында суретшілер М. Белов, Б. Чекалин, А. Черкасскийлердің дербес шығармашылық көрмелері ұйымдастырылды. Көрмелер аталмыш суретшілердің «25 жылдық шығармашылық қызметіне» арналды. 1946 жылы Қазақстан суретшілерінің айтулы іс-шараларының бірі, халық ақыны Ж. Жабаевтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген көрмесурет көрмелері болды. Көрмелер Алматы қаласында және ақының туған жері Жамбыл облысында ұйымдастырылып, оған Қазақстан суретшілерінің басым көпшілігі қатысты. Көрмелерде ақының өмірі мен қызметі бейнеленген туындылар көрсетіледі. Әсіресе, Ә. Қастеев, А. Черкасскийдің туындыларын көрермен жылы қабылдады.

1946-1947 жылдары майдангер-суретшілердің де топтық көрмелері ұйымдастырылып жатты. Олардың туындыларында соғыс тақырыбы әсерлі де нанымды бейнеленді. 1947 жыл Қазақстан суретшілерінің қызметі Қазан революциясының 30 жылдығын «лайықты қарсы алу» бағытында жүрді. Шығармашылық секцияларда көрмелер ұйымдастырудың жай-жапсарлары талқыланды. Бұл жылдардың ерекшелігі сонда әрбір шығармашылық секциялар: живопись, кескіндеме, мүсін өз жанрлары бойынша осы тақырыпта көрмелер ұйымдастырылды.

1946-1950 жылдары суретшілер қызметінің ауқымдыларының бірі қоғамдық-шефтік жұмыстары болды. Ол негізінен кеңестік-идеологиялық талаптарға сәйкес, қоғамдық ғимараттарды, көшелерді безендіру жұмыстарынан тұрды. Әрбір кеңестік қоғамдық іс-шараларды, мерекелер мен мүшел тойларды атап өту, оны көркемдік безендіруде суретшілер орасан зор еңбек етті. 1946-1970 жылдары суретшілердің қоғамдық шефтік жұмыстарынсыз бірде бір кеңестік іс-шара өткен емес. 1949-1950 жылдардан бастап республикалық сурет көрмелеріне облыстық суретшілердің қатыса бастауы да оң қадам еді.

1951 жылдың 20-21 маусым күндері Қазақстан суретшілерінің ІІ-съезі шақырылды. Басқарма мүшесі К. Барановтың есепті баяндамасында суретшілер Ә. Қастеев, Л. Леонтьев, А. Бортниковтың шығармашылық табыстары аталып көрсетілді. Қазақстан суретшілерінің соғыстан кейінгі жылдардағы жұмыстары қорытындыланды. Алайда, қатаң сталинизм жағдайларында көптеген суретшілер «формалистік», «натуралистік» қателіктері үшін орынсыз сыналды. Съезде шығармашылық жұмыстарды жандандырудың шаралары ретінде сын секциясын және жастар комиссиясын құруға шешім қабылданды. Сын секциясының міндеті – Одақтағы жұмысты жандандырудың бірден бір әдісі ретінде «сын мен өзарасынды» күшейту болып табылса, жастар комиссиясының міндеті – Одаққа мүшелікке қабылданып жатқан жас суретшілермен жұмыс жүргізу болды.

Съезде сөйлеген суретшілер М. Лизогуб, С. Котляр және басқалар ұйымдастырушылық жұмыстарға қарағанда, Одақтың жиналыстарында болашақта шығармашылық мәселелерді көп талқылауды ұсынды. Шыныда да 1949-1951 жылы Одақ басқармасы 37 мәжіліс өткізіп, онда 157 мәселені талқыласа, оның 40 ғана шығармашылық, ал 117 – сі ұйымдастырушылық мәселелерге арналған еді (ҚР ОМА, 362:10-11). Одақ басқармасы «халыққа жақындау» деген мақсатта елді мекендерге үгіт машиналарымен шығу, колхоз-совхоздарда көрмелер өткізу шараларын белгіледі. Бірақ материалдық қиыншылықтардың салдарынан съезден кейінгі жылдары бұл шаралар жүзеге аспай қалды.

1950 жылдардың басында Қазақстан суретшілерінің қызметі баяуда болса ілгеріледі. Мысалы, 1951 жылы 4, 1952 жылы 6, 1953 жылы 10 республикалық көрме ұйымдастырылды (ҚР ОМА, 460:21). Көрмелер негізінен Қазақстандағы кеңес өкіметінің орнауы тарихи революциялық тақырыптарға арналды. Ә. Қастеевтің «Жайлаудағы кілем тоқушы әйелдер», «Социалистік мал шаруашылығы», «Қырманда», И. Крутильниковтің «Мыс балқытудың шебері», «Д. Мақаевтың портреті» - соғыстан кейінгі ең бір сәтті шығармалардың бірі болды. Бұл жылдары суретшілер Одағының мүшелері Ә. Қастеев, Л. Леонтьев, В. Тканко және басқалар Ж. Жабаевтың мемориалдық музейін безендіруге,

«КОКП-ның XIX - съезіне» және Сталиннің өмірі мен қызметіне арналған көрмелер ұйымдастыруға белсене қатысты. Суретшілер Орталық өлкетану музейін, техникалық және ауыл шаруашылық көрмелерін безендіруге де ат салысты.

1950 жылдардың екінші жартысында Суретшілер Одағының жұмысында алдыңғы жылдарға қарағанда ілгері жылжушылықтар жүрді. Алайда, 1953 ж. Сталин қайтыс болғанымен қатаң саяси жүйе әлі күшінде тұрды. Айталық, 1954 жылы Қазақстан КП ОК мен Министрлер кеңесі мәдениет бөлімдері басшылары қатысқан Қазақстан суретшілерінің III-ші съезінде басқарма мүшелігіне ұсынылған суретші Қанафия Телжанов әріптестері тарапынан «халық жауының баласы» ретінде шеттетіледі. «Зал толы адамның алдында», - дейді Қ. Телжанов – «Қазақстан КП ОК өкілінің гүрілдеген даусы: жауап беріңіз, сіз Ленинградқа жер аударылдыңыз ба?» - деді, артқы қатардан «Ленинградқа жер аударылмайды, ол қала революцияның бесігі» - деген дауыстар естілді. Иә, мектепте, интернатта, институтта менің «Жас дарындар» мектебінен бері өмірбаянымды білетін жекелеген ұстаздар тарапынан жасырын жиренішті сезінетінмін, бірақ өз бауырларым, қазақтар осылай тұрпайы түрде айыптайды деп ойламаппын. Жандүнием алай дүлей болды. Мен съезден кетіп қалдым» деп еске алады Қ. Телжанов (Телжанов, 2014:55). Өкінішке орай мұндай ахуал бұдан кейінгі съездерде де байқалды.

1954 жылдың ақпанында, 1956 жылдың 27-29 наурызда, 1959 жылдың 15-16 сәуірінде өткен Қазақстан суретшілері Одағының III, IV, V – съездерінде республика суретшілерінің табыстары аталып көрсетілді. Әсіресе, кескіндеме, мүсін шығармашылық секциялардағы ілгері басушылықтар бейнелеу өнеріне келген жас толқының өкілдері қызметімен байланысты болды. Р. Сахи, К. Рахимов, А. Дячкин, И. Гаев, Ю. Мингазитинов, Т. Говорова, Х. Наурызбаев сияқты суретшілердің алғашқы шығармалары сәтті шықты. 1956 жылы сатиралық «Шмель» журналының шығуы сатиралық жанрдың өркендеуіне жол ашты.

Жас суретшілер кітаптарды көркемдеп шығару ісіне белсене араласты. Р. Сахи халық ертегісі «Қырық өтірікке», Ю. Мингазитинов Г. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романына, Е. Сидоркин «Қазақ эпосына» иллюстрациялар салды. Мүсін секциясының мүшесі Х. Наурызбаев «Жамбылдың жас шағы», «Жас Абай» атты сәтті шыққан туындыларын дүниеге келтірді. Е. Сидоркин «Қазақ эпосына» иллюстрациялары үшін 1958 жылы Лейпцигте өткен халықаралық кітап көрмесінде қола медальға ие болды (Қазақ ССР-і тарихы, 1984:371). Қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаев бастаған бір топ мүсіншілердің қалыптаса бастауы кәсіптік қазақ өнеріндегі үлкен жетістіктер еді. Монументті мүсіннің алғашқыларының бірі Х. Наурызбаевтың Абайға орнатылған ескеркіші болды.

1957 жылы Қазан революциясының 40 жылдығына арналған республикалық және бүкілодақтық көрмелердің өтуі оған Қазақстан бейнелеу шеберлерінің белсене қатысуы, Одақ өміріндегі үлкен шығармашылық оқиға болды. 1958 жылы Қазақстан суретшілері республика мәдениетінің Мәскеудегі он күндігіне қатысып, шығармашылық көрмелері зор табыспен өтті. 1950 – жылдардың аяғына қарай Суретшілер Одағы ұйымдық жағынан нығая түсті. Жаңадан плакат, қолданбалы өнер, өнер тану секциялары құрылды. Жаңадан құрылған секциялардың міндеті осы салалар бойынша шығармашылық Одақ көлемінде оқылықтарды жою болды. Плакат секциясы алғашқы күндерден бастап жұмысын сәтті қолға алса, қолданбалы өнер секциясының жұмысы қиындықтармен жүрді. Оның бірден бір себебі кеңес жылдарындағы қазақтың дәстүрлі қолданбалы өнеріні қағажу қалғандығынан еді. Бұл жылдары М. Әуезов атындағы қазақ драма театры мен М. Лермонтов атындағы орыс драма театрының сахналық көріністерін безендіруде – театрды безендіру секциясының жұмыстары айтарлықтай болды.

Қазақстан суретшілерінің кәсіптік жағынан шеберліктерінің шыңдалғанын, тақырыптық көрмелердің жиі өткізілуі де көрсетті. Суретшілердің республиканың өнеркәсіпті, ауыл шаруашылықты аудандарға шығармашылық іс-сапарлармен баруының нәтижесінде «Индустриялы пейзаж», «Тыңда» атты тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды. М. Кенбаевтың «Шопан әні» (1957), Ғ. Әйтиевтің «Шаңқай түс», С. Мәмбеевтің «Киіз үйдің жанында», Ә. Қастеевтің «Менің Отаным», Қазақтың тұңғыш суретші әйел А. Ғалымбаеваның «Тоқымашы», «Трикотажшылар», «Халық дарындары», «Тыңнан келген қонақ» (1957), А. Черкасскийдің «Тың» (1958), Н. Кружильниковтың «Металлург Ербұғановтың портреті» (1956), «Қоңырат руднигінің машинисі К. Оспановтың портреті» (1957) және тағы басқа картиналар бірегей, әрі тың әсерлілігімен, живописітік құралдарының ерекшелігімен көзге түсті. М. Кенбаевтың «Шопан әні», «Жылқы ұстау» картиналары, К. Шаяхметовтың «Туған ауылда» деген таңдаулы полотнолары Мәскеудегі Третьяков сурет галереясының экспозициясына енді.

Кәсіптік қазақ бейнелеу өнерінің шыңдала түсуі республиканың мәдени өмірі үшін көркемдік прогресс еді. Алайда, Қазақстан суретшілерінің III, IV, V – съездерінде Одақ мүшелері, әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан проблемаларға да тоқталды. Одақтың материалдық техникалық базасының нашарлығы, Одақ мүшелері санының баяу өсуі, суретшілердің баспа органдарының болмауы, шығармашылық секциялар белсенділігінің төмендігі – бұл ретте үлкен әңгіме арқауы

болды. Бірақ, 1950 – жылдардың соңына дейін бұл проблемалардың шешілуі өте баяу жүрді. Суретшілер Одағының үлкен кемшілігін бұрынғысынша облыстық суретшілермен байланыстың баяу жолға қойылуы құрады. Мысалы, 1955 жылы бір ғана суретші, Одақтың іс-сапарымен Шымкент облысында болып қайтты (ҚР ОМА, 514:49).

Кеңестік өркениет типі Суретшілер Одағының шығармашылығына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Қазақстан суретшілері туындыларының басым көпшілігі кеңестік тақырыптарға «Кеңестік Қазақстан», «Социалистік құрылыстар», «Халықтар достығы», «Социалистік еңбек» тағы басқаларына арналды.

Живопись, кесіндеме, мүсін шығармашылық секцияларында Социалистік еңбек ерлері мен еңбек одақтарының, өнер шеберлерінің портреттері, мүсіндері, кескіндері талқыланды. Бейнелеу құралдары арқылы кеңестік өмір салтының дәріптелуі объективті түрде тоталитарлық қоғамдық санының нығаюына қызмет етті. «Кеңес суретшілері өнер шығармаларында партия мен үкіметтің кеңес адамдарына деген қамқорлығын бейнеледі» (Осипов, 1960:12). 1960-жылдардың басында Қазақстан суретшілері Одағының жұмысында бұрынғы жылдармен салыстырғанда оң өзгерістер байқалды. Одақтарда шығармашылық секциялардың отырыстары жиі өткізіліп, оның тиімділігі артып отырды. Әсіресе, живопись, кесіндеме, мүсін секцияларының жұмысы нәтижелі болды. Қазақстан сурет көрмелерінде негізінен осы секциялар мүшелерінің туындылары көрсетіледі. 1960-жылдары кеңестік бейнелеу өнерінде «қатаң стиль» дейтін бағыт үрдіс алып (Искусство народов СССР, 1977:211), шығармашылық секцияларда бұл бағытты талқылау ұйымдастырылды. «Қатаң стильге» кеңес адамдарының өмірін, еңбектегі ерлік романтикасын қатаң да суық етіп бейнелеуге үмтылыс байқалды.

Қазақстан суретшілері К. Телжановтың «Бейбіт оттар» (1961) картинасында, Н. Гаевтың «Иін тіресіп», «Жорық», «Нан мен тұз» линогравюларында өмірді, еңбек пен қуанышты, тұрмыстың қарапайымдылығы мен қаталдығы көрсетілді. «Бейбіт оттар» картинасы қоғамдық үлкен ойларға толы болды. 1961 жылы бүкіл Одақтық көрмеде картина жоғары бағаланып, мемлекеттік Третьков галереясына қойылды. Суретші Н. Гаев «Тың» сериясын 1962 жылы аяқтады.

1961-1962 жылдары шығармашылық секцияларда Қарағанды суретшісі В.И. Крыловтың, Н. Нурмухамедовтың, К. Шаяхметовтың, мүсінші А. Исаевтың, Н. Гаевтың және басқаларының жаңа туындыларын талқылау ұйымдастырылды. В. Крыловтың «Индустрияльды Қарағанды таңы» (1960) – Қарағанды шахтерлерінің өміріне, Н. Нурмухамедовтың «Қазақстан магниткасында» шығармасы – құрылыс тақырыбына арналды. К. Шаяхметовтың «Бригадир Сәуле» атты балықшы қыз портреті (1962) аса тартымды болды. Бұл жылдары мүсінші Х. Наурызбаев социалистік еңбек ері атағын алған шопандар: А. Нұрмағанбетовтің, Б. Шаяндиннің, Е. Шайкеновтың, Д. Серіковтың портреттерін салды.

1962 жылдың 19-20 ақпанында Қазақстан суретшілерінің VI-съезі шақырылды. Одақтың төрағасы С. Мәмбеевтің есепті баяндамасында, шығармашылық секциялардың жұмысына тоқтала келіп, әсіресе сын секциясының қанағаттанғысыз жұмысы аталып көрсетілді. Съезд делегаттары әсіресе, баспа органын құруды, бейнелеу өнеріндегі жаңа әдістерді игеруді, суретшілердің еңбек ақысын төлеудегі келеңсіздіктерді жоюды күн тәртібіне қойды. С. Мәмбеевтің баяндамасында «Кеңес бейнелеу өнерін дамытудағы белсенділікті көтеру үшін бүкіл одақтық және республикалық масштабта суретшілердің туындыларының көрмесін мезгіл-мезгілімен ұйымдастырып отырудың қажеттілігі» (ҚР ОМА, 701:26) айтылды. Съезд Қазақстан суретшілерінің туындыларын насихаттауға көп көңіл бөлді. Ол үшін колхоздар мен совхоздар, мектептерде картина галереяларын ашуға ұсыныс жасалды.

Съезден кейінгі жылдары Қазақстан суретшілерінің ұйымдастыруымен сурет көрмелерінің ұйымдастырылуында ілгері жылжушылықтар болды. 1962-1963 жылдары шығармашылық секциялар Бүкіл одақтық «Колхоз жері гүлдей бер» көрмесін өткізуге қызу дайындық жұмыстарын жүргізді. 1964 жылы Алматы қаласында «Тың игерудің 10 жылдығына» арналған бүкіл одақтық көрме ұйымдастырылып Қазақстан суретшілері айрықша белсенділік көрсетті. 1965 жылы өткен Қазақстан суретшілерінің VII-съезінде баяндама жасаған И.Гаев 1962-1965 жылдар аралығында 200 көрменің ұйымдастырылғанын атап көрсетті (ҚР ОМА, 816:164).

1960-жылдардың орта шенінде Алматы мен облыс орталықтарында Кеңес халқының Ұлы Отан соғысында жеңісінің 20 жылдығына, Қазан төңкерісінің 50 жылдығына орай сурет көрмелері жиі өткізілді. Кеңестік мүшелтойлардың жиілеген тұсында, әсіресе монументтік өнерге айрықша орын берілді. Осыған орай 1966-1967 жылдары Қазақстан Суретшілері Одағының монументтік өнер секциясы ұйымдастырылды. Оның құрамына Мәскеу мен Ленинград жоғарғы көркем сурет училищелерін бітірген жас суретшілердің үлкен тобы кірді (Қазақстан монументтік өнері, 1989:5-6). Бұл жылдары Қазақстан суретшілер Одағында мүсін, өнертану, театр, плакат, живопись, қолданбалы өнер, монументтік өнер, жас суретшілер секциясы және қазақ көркем өнерін насихаттау комиссиялары жұмыс істеді.

1968 жылы 24 қаңтарда өткен суретшілердің VIII-съезіне республика суретшілері үлкен

дайындықпен келді. Бұл кезде Одақ мүшелерінің саны мейлінше қомақты болып, шығармашылық секциялар мен комиссиялардың саны 10-ға жетті. Қазақтың ұлттық кәсіпқой суретшілерінің қалыптасуы біржолата аяқталды. Съезд делегаттары қазақтың қолданбалы өнеріне, қазақ көрме өнерін насихаттау ісіне айрықша көңіл бөлді. Осы орайда Қазақстан суретшілерінің баспа органының жоқтығы, сурет галереяларының сын көтермейтін жағдайы, жоғары арнайы оқу орнын құрудың қажеттігі туралы ойлар көкейтесті шығып жатты. Съезд жұмысына қатысқан Мәдениет министрі И. Омаров: «Одақ басқармасының үлкен кінәсі, мен тіпті айтар едім, қателігі бұл – қолданбалы өнердің ұмытылуы» (ҚР ОМА, 900:51) деді.

1968-1970 жылдары Қазақстан суретшілері Кеңес қарулы күштерінің 50 жылдығына, В.И. Лениннің туғанына 100 толуына орай республиканың жер жерлерінде сурет көрмелерін ұйымдастырды. Бұл жылдары көрнекті қазақ суретшісі Ә. Қастеев өзінің атақты «Түрксіб» (1969), «Аманкелді сарбаздары» (1970) атты туындыларын өмірге әкелді. Ал, мүсінші Х. Наурызбаевтың «Ш. Уәлихановтың ескеркіші» (1969) – монументтік өнердің жетістігі болды.

Қорытынды. Сонымен, 1946-1970 жылдары Қазақстан суретшілер Одағы кеңестік тоталитарлық шеңберде жұмыс істегендігіне қарамастан мәдениеттің, көркем өнердің дамуына өзіндік үлес қосты. Республикада бейнелеу өнерінің туындыларын халықтың тұтынуы үшін көптеген сурет көрмелері ұйымдастырылды. Әсіресе, кеңестік мерекелер мен мүшел тойларда сурет көрмелерін ұйымдастыру дәстүрге енді. Мұның барлығы Қазақстан суретшілері Одағының игі жұмыстарының тізбегін құрар еді. Алайда, көркем сурет туындыларының эмоционалдық ықпалын төмендеткен мазмұндарының бірыңғайлығы, идеяларының ортақтығы, идеологиялық сарыны және тағы басқалары болды. Бұл тенденция саясаттан алыс сәулет өнерінен де байқалды. Кеңестік Қазақстанда кәсіби сәулетшілердің талантты шоғыры қалыптасты. Бірақ кеңестіккезінде сәулетшілердің жобаларының талаптарын қатаң сақтау мүмкін болмады. Бұл салынған үйлердің көркемдік функцияларының сақталмай, техникалық компоненттерге пәрмен беруден көрінді. Шын мәнісінде кеңестік Қазақстанның ғимараттар мен үйлер салу практикасында «сәулеттік бақылау» орнату барынша күрделендірілді.

Әдебиеттер тізімі

- Градостроительство Казахстана. Алма-Ата: Казахстан, 1973. 180 с.
 Искусство народов СССР. Ленинград: Аврора, 1977. 422 с.
 История Казахстана. Очерк. Алматы: Дәуір, 1993. 416 с.
 Курбатов В.В. Советская архитектура. Москва: Просвещение, 1988. 280 с.
 Корбюзье Л. Архитектура XX века. Москва: Прогресс, 1977. 307 с.
 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚРОМА). 1773-қ., 1-т., 34-іс, 14, 20-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 50-іс, 5-6-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 62-іс, 7-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 82-іс, 29-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 94-іс, 17-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 104-іс, 44-46-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 149-іс, 22-23-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 210-іс, 19-п.
 ҚРОМА. 1773-қ., 1-т., 257-іс, 38-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 362-іс, 10-11-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 460-іс, 21-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 514-іс, 49-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 701-іс, 26-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 816-іс, 164-п.
 ҚРОМА. 1736-қ., 1-т., 900-іс, 51-п.
 Қазақ ССР-і тарихы. 5 том. Алматы: Ғылым, 1984. 728 б.
 Қазақстан монументтік өнері. Алматы: Өнер, 1989. 208 б.
 Осипов Д. М. О партийности Советской живописи. Москва: Советский художник, 1960. 130 с.
 Телжанов Қ. Өмір жолында. На жизненном пути. On Life Journey. Алматы: Асыл сөз, 2014. 296 б.
 Труспекова Х. Жаңа заман сәулеті. Алматы: Аспантау, 2018. 200 б.

References

- Gradostroitel'stvo Kazahstana [Urban planning of Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1973. 180 s. [In Russian].
 Iskusstvo narodov SSSR [Art of the peoples of the USSR]. Leningrad: Avrora, 1977. 422 s. [In Russian].
 Istorija Kazahstana [History of Kazakhstan]. Oчерk. Almaty: Dәuir, 1993. 416 s. [In Russian].
 Kurbatov V.V. Sovetskaja arhitektura [Soviet architecture.]. Moskva: Prosveshhenie, 1988. 280 s. [In Russian].
 Korbjuz'e L. Arhitektura XX veka [20th century architecture]. Moskva: Progress, 1977. 307 s. [In Russian].

- Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK). 1773-q., 1-t., 34-is, 14, 20-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 50-is, 5-6-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 62-is, 7-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 82-is, 29-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 94-is, 17-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 104-is, 44-46-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 149-is, 22-23-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 210-is, 19-p.
CSA RK. 1773-q., 1-t., 257-is, 38-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 362-is, 10-11-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 460-is, 21-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 514-is, 49-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 701-is, 26-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 816-is, 164-p.
CSA RK. 1776-q., 1-t., 900-is, 51-p.
Kazak SSR-i tarihiy. [History of the Kazakh SSR].5 tom. Almaty: Gylym, 1984. 728 b. [In Kazakh].
Kazakstan monumenttik oneri. [Monumental art of Kazakhstan].Almaty: Òner, 1989. 208 b. [In Kazakh].
Osipov D.M. O partijnosti Sovetskoj zhivopisi. [On the partianship of Soviet painting]. Moskva: Sovetskij hudozhnik, 1960. 130 s. [In Russian].
Telzhanov K. Omir zholynda. Na zhiznennom puti. On Life Journey. Almaty: Asyl soz, 2014. 296 b. [Written in three languages: Kazakh, Russian, and English].
Truspekova H. Zhana zaman sauleti. Almaty: Aspantau, 2018. 200 b. [In Kazakh].

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_160

М. ШОҚАЙ - МҰСЫЛМАН ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Ә.Қ. Бәкір^{1*}, С.Т. Тайман¹

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, Қызылорда

*Автор-корреспондент

E-mail: abdizhalel_bakir@mail.ru (Бәкір), st-1968@mail.ru (Тайман)

Түйіндеме. Түркістанұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20-жылдан астамын Еуропаның ортасында, Францияда аса күрделі эмиграциялық жағдайда өткізді. Жарқын саясаткер, жалынды публицист және тамаша шешен Стамбул, Париж, Берлин және Лондон т.б қалаларда тиісті мінбелерде жасаған баяндамаларымен, өзінің түрлі тілдердегі басылымдарында Кеңес Одағындағы большевиктік ұлттық саясатты әшкереледі. Сондай-ақ алдымен 1924 жылы құрылған «Түркістан Ұлттық Бірлігі» Орталық комитетінің мүшесі, кейін жетекшісі ретінде Мұстафа Шоқай ұйымның Түркістан халықтарының тұтастығын сақтаумен, олардың бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайта түсумен байланысты ең маңызды міндеттерін нақты тұжырымдай білді. Түркістанның жауларытым күшті екеніне, сол себепті олардың отарлық саясатымен тиімді күресу үшін ұлттық ұйымдардың бір-біріне тілектес болуына, ынтымақтас және тиімді қарым-қатынас жасау мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол эмиграциядағы азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын қалыптастырды, қазақ тарихындағы ұлттық күрестің жаңа түрін бастан кешірді. Осылай Мұстафа Шоқай Еуропада мұсылман эмигранттарының сөзсіз көшбасшысы бола алды.

Кілт сөздер: азаттық, эмиграция, көшбасшы, демократия, тәуелсіздік, большевиктік саясат. ұлттық ынтымақ, стратегия мен тактика, тәуелсіздік.

Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен АР09259892 «Мұстафа Шоқай мұрасындағы қолжазбалардың тарихи-деректік құндылығы» атты жоба аясында дайындалды

МРНТИ 03.20.00

М. ШОКАЙ – ЛИДЕР МУСУЛЬМАНСКИХ ЭМИГРАНТОВ**А.К. Бакир^{1*}, С.Т. Тайман¹**¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата. Казахстан, Кызылорда

*Автор-корреспондент

E-mail: abdizhalel_bakir@mail.ru(Бакир), st-1968@mail.ru (Тайман)

Аннотация. Лидер Туркестанского национально-освободительного движения Мустафа Шокай последние 20 лет своей жизни провел в сложной эмиграционной ситуации в Центральной Европе, во Франции. Блестящий политик, ярый публицист и блестящий оратор, он разоблачал большевистскую национальную политику Советского Союза в своих многоязычных изданиях с выступлениями на соответствующих трибунах в Стамбуле, Париже, Берлине, Лондоне. Мустафа Шокай, член ЦК Туркестанского национального единства, созданного в 1924 году, а впоследствии и его руководитель, сумел четко определить важнейшие задачи организации, связанные с сохранением целостности туркестанских народов и укреплением их централизованного сотрудничества. Вместе с этим он подчеркивал, что враги Туркестана слишком сильны, чтобы эффективно бороться с его колониальной политикой национальным организациям необходимо особое внимание уделить вопросам дружбы, сотрудничества и взаимовыгодных отношений. Таким образом он сформировал стратегию и тактику освободительного движения в условиях эмиграции, новую форму национальной борьбы в истории казахского народа. Так Мустафа Шокай стал бесспорным лидером мусульманских эмигрантов в Европе.

Ключевые слова: свобода, эмиграция, лидер, демократия, большевистская политика, национально-солидарность, стратегия и тактика, независимость.

IRSTI 03.20.00

M. SHOKAY – LEADER OF THE MUSLIM EMIGRANTS**Bakir A.K^{1*}, S. Taiman¹**¹Korkyt ata Kyzylorda University. Kazakhstan. Kyzylorda

*Corresponding author

E-mail: E-mail: abdizhalel_bakir@mail.ru(Bakir), st-1968@mail.ru (Taiman)

Abstract. The leader of the Turkestan national liberation movement, Mustafa Shokay, spent the last 20 years of his life in a difficult emigration situation in Central Europe, in France. A brilliant politician, an ardent publicist and a brilliant orator, he exposed the Bolshevik national policy of the Soviet Union in his multilingual publications with speeches at the respective stands in Istanbul, Paris, Berlin, London. Mustafa Shokay, a member of the Central Committee of the Turkestan National Unity, established in 1924, and later its leader, was able to clearly define the most important tasks of the organization related to maintaining the integrity of the Turkestan peoples and strengthening their centralized cooperation. At the same time, he emphasized that the enemies of Turkestan are too strong to effectively deal with its colonial policy, national organizations need to pay special attention to issues of friendship, cooperation and mutually beneficial relations. Thus, he formed the strategy and tactics of the liberation movement in the conditions of emigration, a new form of national struggle in the history of the Kazakh people. So Mustafa Shokay became the undisputed leader of Muslim emigrants in Europe.

Key words: freedom, emigration, leader, democracy, Bolshevik policy, national solidarity, strategy and tactics, independence.

Кіріспе. Мұстафа Шокайдің әлемдік деңгейдегі саяси тұлға болып қалыптасуында аса күрделі жағдайдағы эмиграциялық кезең шешуші орын алады. Ол еркін пікірлерге кеңістік берген Еуропаның ортасында орналасқан Франциядағы демократиялық һәм саяси-әлеуметтік жағдайда қайраткерлік және шығармашылық жұмысты ерекше күш-жігермен атқарып, артына мол тағлым, мол мұра қалдырды. Мұнсыз бар ақыл-ой, пайым-парасатын, күш-жігерін берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі халқының азаттығына арнаған ұлы тұлғаның рухани әлемін толыққанды ұғына алмаймыз. Оның 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзіндегі: «Біздің құбыламыз-өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан

үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы- батыр халық, түрік халқы-арыстан, ер халық» деген өсиеті мен түсінігі өзінің эмиграциялық өмірінің де тұрақты һәм берік танымы болатын (Шоқай, 2014: 48).

Материалдар мен әдістер. Тақырыпты ашу түрлі мазмұндағы материалдарды сұрыптауды, салыстыруды, жүйелі зерттеуді қажет етті. Бұл үшін Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өзгеше саяси қызметін, түрлі тілдегі шығармашылық жұмысын пайдалану жеткіліксіз болып, оның аса бай эпистолярлық мұрасына да жүгінуге тура келді. Бұл мәселені Мұстафа Шоқайдың ізбасарлары А. Оқтайдың, Т. Шағатайдың естеліктерінде, белгілі алаштанушы М. Қойгелдиев, шетелдік мұстафатанушы Ә. Қара, отандық мұстафатанушылар - К. Есмағанбетов, Б. Садыкова, Г. Көкебаева, Г. Кыдыралинаның және т.б зерттеулерде де қарастырылады. Мұстафаның өрелі саяси қайраткер, майталман публицист, дүниетанымы жоғары мәмілегер ретінде терең түсінуде, оның өзге эмигранттық ұлт өкілдерімен шынайы қарым-қатынасын көрсету үшін түрлі саяси деңгейдегі, әртүрлі мінез-құлықты кісілермен жазысқан хаттарын оқи отырып, сол кездегі дәуір тынысын да, әрбір қайраткердің өре өрісін де, әлеуметтік әлеуетін де жақсы байқауға болады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың ерекше сергек ұстанымы, қарым-қатынастағы айрықша мәдениеттілігі, замана ұсынған және ортақ әңгімедегі саяси оқиғаларды терең білетіндігі, қиын мәселелерді түсінудегі пайым-парасаттылығы, әділеттілікті ту еткен адами болмысы да ашыла түсті. Бұлар ұсынылып отырған еңбектің өзіндік ерекшеліктерін айқындады деуге болады. Сондықтан қарастырылып отырған мәселе бойынша салыстырмалы, типологиялық әдістер мақаланың өзегі болғанын атап өткен жөн.

Талқылаулар. Мұстафа Шоқайдың саяси қызметін жемісті жүргізу мен орыс отаршылдығына қарсы күрестің жаңа стратегиясы мен тактикасын айқындау, Батыс елдерінің кеңестік кезеңдегі Түркістан мәселесін қандай дәрежеде білетіндігі мен түсінігін тану үшін эмиграциядағы қызметін екібағытта қарастырамыз. Біріншісі, ежелден өзіндік мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мол, алып территорияны алып жатқан Түркістанды берісі Еуропаға, одан кейін әлемге таныстыру болды. Екіншісі, Еуропада Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясаты туралы әділ, шындық көзқарас қалыптастыру еді. Осы мақсатпен саясаткер, қаламы жүйрік публицист Стамбул, Париж, Берлин және т.б қалаларда тиісті мінбелерде сөз сөйлеп, Кеңес Одағындағы түркі халықтары көріп жатқан большевиктік саясатты өшкерелеген баяндамалар жасады, мақалалар жариялады.

Еуропаның дамыған мемлекеттерінің ішінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысына қатысты Мұстафа Шоқай Ұлыбританияға ерекше мән беріп, оның Үндістандағы үстемдігінің жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген ықпалын зерделеді. Англияны өз көзімен көру мақсатында ағылшын тілін меңгеріп, тіпті осы тілде бірнеше мақалалар да жазды. 1924 жылдан 1934 жыл аралығында М. Шоқай Лондонда алты рет болды. Осындай сапарларының бірінде Корольдің Халықаралық қатынастар институтында «КСРО және Шығыс Түркістан» деген тақырыпта жасаған баяндамасында Түркістанда атқарылып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің түп-төркінін, саяси астарын барынша дәлдікпен, нақты мысалдармен айшықтап берді. Институт кеңесінің төрағасы Н. Малькольм былайша алғыс білдіреді: «Құрметті Шоқаев мырза! Сіздің «КСРО және Қытай Түркістаны» атты тақырыпта жасаған баяндамаңыз үшін Корольдік Халықаралық қатынастар институты Кеңесінің атынан алғысымды білдіремін. Институтқа көрсеткен қызметіңіз Сіздің тарапыңыздан үлкен ізгілікті іс болды. Сөйлеген сөзіңізге тыңдағандар шын ықылас қойып, риза болды» (Шоқай, 2012: 457).

Осылай түрлі орталарда бола жүріп, мынандай жағдай анықталады: Еуропаның Ресей үстемдік жасап отырған елдердегі саяси-әлеуметтік жағдайдан хабарсыздығы, тәуелсіздік үшін күресте Батыс елдерінің моральдық көмегінен басқа сүйенер күштің жоқтығы. Сондықтан алдымен халықтың тұтастығын сақтау және бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайту, азаттық үшін күрес ең алдымен түркістандықтардың өз ісі деп есептелді. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен және т.б. барлығы біркісідей жұмылмай, түркістандық ұран астындағы бірлікті нығайта түсуге ұмтылмай, Түркістанның болашағын қамтамасыз етумүмкін еместігіне көзі жете түсті. Сол себепті «түркістандықтардың бірлігін - ұлттық өмірдің болашағы мен мемлекеттік құрылыстың негізі» санаған Мұстафа Шоқай іс-қимылдың, ой-пікірдің бірлігіне жетудің жолдары мен тетіктері, күрестің қозғаушы күштері мәселелеріне өз еңбектерінде қайта-қайта оралып отырды. Егер 1930 жылы «Көтерілістен-ұйымшылдыққа атты мақаласында: «Әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды Түркістанның тәуелсіздік мұраттар жолындағы қасиетті күрес майданына топтастыру - Түркістан ұлттық ұйымының ең маңызды және мандайалды міндеті» - деп атап көрсетсе (Шоқай, 2007: 88), 1937 жылы жазылған «Ұлттық еркіндік және азаттық жолы» деген еңбегінде: «Біздің азаттыққа және тәуелсіздікке бастайтын ең төте және ең қысқа жол – Түркістан ұлттық майданының ішкі бірлігін барынша нығайту және оны ұлт азаттық орталықтармен тығыз үйлестіру. Бұлай болмаған жағдайда азаттық пен бостандық туралы сөз болуы мүмкін емес» - деп кесіп жазды (Шоқай, 2007: 236).

Еуропада эмиграцияда жүріп азаттық қозғалыстың стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруда

Мұстафа Шоқай саяси қызметтің жаңаша һәм тамаша үлгісін көрсетті. Осы сәтте белгілі алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің мынандай пікіріне жүгіне кетсек: «Біз бүгінгі күн биігінен Мұстафа Шоқайұлының азаттық үшін күрестің қазақ тарихындағы мүлдем жаңа түрін бастап бергенін, оның «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарындағы «Түркістан Кеңестер билігі астында» сияқты белгілі еңбегі соның айғағы екенін мойындауымыз керек» (Қойгелдиев, 1993: 72). Мұндай пікірмен келіспеу мүмкін емес. Мұны ұлы тұлға болмысын азын-аулақ таныған көзі қарақты кісі сөзсіз мойындайды. Бұған біздің де толық көзіміз жетті. Осы туралы біршама ойымызды ортаға салайық.

1923 жылы Париждегі «Orientet Occident» журналында жарық көрген тұңғыш француз тілінде жазылған «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласында Түркістанның автономия жайлы бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасына ауыстыру керек екенін жазған еді. Мұны «...орыс империясының отарлау және орыстандыру саясаты, революциялық уақытша үкіметтің әдейі немесе білместікпен жасаған қателері және Кеңес үкіметінің аяусыз езгісі еді» - деп түсіндірген болатын (Шоқай, 2012: 478). Бұл идея Франция Сыртқы істер министрлігі мұрағатында сақтаулы «Түркістан ұлттық қозғалысының мақсаттары мен міндеттері» деген француз парламентінің депутаты Жео Жеральдқа жолдаған көлемді материалда баяндалды. Мұны кейін Түркістан үшін күрес туына айналған «Яш Түркістан» журналының 1929 жылғы тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты мақаласында: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» (Шоқай, 2007: 21). Ал кейінгі жолдарда күрес мақсаты: «Біздің мұратымыз - Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» - деп атап көрсетті (Шоқай, 2007: 22). Бұдан Алаш ардақтыларының бағытын қатаң ұстанған, өз кезіндегі адамзат баласының қолы жеткен әлемдік тарих және әлеуметтік саяси ой-тұжырымдарынан жақсы хабардар жанның рухани күш-қуатын айқын тануға болады.

Профессор Көшім Есмағамбетов Мұстафа Шоқай шығармаларының он екі томдық жинағының алғашқы томының «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының құрылуы» атты бөлімінде бұл мәселені жан-жақты қарастырды. Онда Мұстафа Шоқайдың ұйым жұмысын жолға қою үшін кешенді шараларды жүзеге асырғаны, бұл бағыттағы қиындықтар, Германияға оқуға жіберілген жастардың ТҰБ жұмысына тартылуы, тіпті ұйымның белді мүшелерінің араларында қайшылықты жайлар т.б. мәселелер кеңінен сөз болады (Шоқай, 2012: 260).

Мұстафа Шоқай «Түркістан Ұлттық Бірлігі» Орталық комитетінің мүшесі, кейін жетекшісі ретінде ұйымның Түркістан халықтарының тұтастығын сақтаумен, олардың бір орталыққа бағынған ынтымақтастығын нығайта түсумен байланысты ең маңызды міндеттерін нақты және дәйекті тұжырымдай білді. 1927 жылдың ақпанынан ұйымның «Йени Түркістан» атты журналы Стамбулда шыға бастады. Бұл басылымның басты мақсаты - Түркістан ұлттық тәуелсіздігі мен түркі халықтарының арасындағы тұтастық пен ынтымақтастық идеясын насихаттау еді. 1928 жылы журнал басшылығынан А.З. Валидидің кетуімен байланысты басылымның негізгі ауыртпалығы Мұстафа Шоқайдың өзіне түседі. Осы журналда оның «Большевиктердің Түркістандағы ұлт саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштықтөніп келеді», «Орыс қоныстанушыларының деревнясы туралы», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және т.б. мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларда большевиктердің орыс емес халықтарды «бостандық» пен «азаттыққа» жеткізеді, «ұлттардың өзін-өзі билеуі» дегенжалған саясатынәлем жұртшылығы алдында әшкереледі.

Алайда азаттық үшін күрес өрісінің кеңейе түсуі, түркістандықтардың саяси белсенділігі ауқымының артуы Стамбулда шығып тұрған бұл журналдың көтерер жүгінің жетімсіздігін байқатты. «Аз көлемде шығарылған және жергілікті шарттарға тәуелді болған «Йени Түркістан» журналының жалғыз өзі бұл іске шамасы келмейді деген пікірлер ортаға шықты, нәтижесінде, 1929 жылы «Яш Түркістан» журналының шығарылуы туралы басқосулар басталды» (Оқтай, 1950: 36). Сөйтіп көп ізденістің арқасында Польша президенті, маршал Ю. Пилсудскийдің бастамасымен құрылған «Прометей» қорының қаржыландырумен 1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде «Яш Түркістан» журналының алғашқы саны жарық көреді. Журналдың мұнда шығарылуының өзіндік себептері бар еді. Бұл жайлар «Яш Түркістан» журналының 1937 жылғы №97 санында жарияланған Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістанның» 9-шы жылы (1929.12-1937)» атты мақаласында жазылды. «Еуропа елдерінің кеңпейілділігін пайдаланып шығарып кележатқан осы бір ұлттық басылымымызды өзіміздің тәуелсіз Түркістанымызда шығаруымыз керекеді. Онда біз өзімізді қазіргіден әлдеқайда бақыттырақ сезінер едік» дегенарманмен басталған мақалада автор түркістандық мұғажырлардың басқа өлке халықтарының мұғажырларына ұқсамайтынын, оның саяси ұйымы, саяси партиясы жоқ екендігі, бірақ соған қарамай кең мағыналы күреске шығып, тарихи тұрғыдан Түркістан мәселесін көрсете білгендей жол табылғанына тоқталады. Бұдан

ары мақалада 1922 жылдың соңында Кеңес үкіметі халықтың өз саясатына деген наразылығын жұмсарту мақсатында Германияға бір топ жастарды оқуға жібергені айтылады. Алайда кейін Кеңес басшылары бұл әрекеттеріне қатты өкініп, сол жастар арасынан «Мұстафа Шоқай агенттері», «фашист шпиондары дайындалды» деп жала жабуға дейін барған болатын. Осылай «Яш Түркістан» журналы Түркістан халқының азаттық рухына, Германияға оқуға келгендер мен Түркиядағы жастарға арқа сүйеп дүниеге келген еді (Шоқай, 2012: 278).

Шын мәнісіндегі Түркістан азаттығы жолындағы ұлттық қозғалыстың жалынды жаршысы, тәуелсіздік идеясының асқақ туы бола алған журналдың 1929 жылдың желтоқсан айынан 1939 жылдың қыркүйек айына дейін 117 саны жарық көрді. Мұстафаның мұнда жарық көрген 224 еңбегі кеңестік Ресейдің бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеп, отаршылдық саясатты бүкіл әлемге әшкереледі. Большевиктер артқы шепке ығыстырып тастаған ұлттық мүдделер мен ұлттық мұраттар алға шығарылды. Отарлықтан көмескі тартқан ұлттық рухты оятты (Нүсіпханұлы, 2020: 158).

Айрықша білімдар, бірнеше тілдерді жетік білетін Мұстафа Шоқай алғашқы күндерден бастап журналда басылатын материалдардың шындыққа толық сәйкестілігіне, мазмұны мен идеялық ұстанымдарына, материалдардың сапалы мен терең мағыналы болуына, сан салалы тақырыптарды қамтуына тұрақты көңіл бөлді, оның идеологиялық бағыт-бағдарының қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Журналдың алғашқы санынан ерекше көңіл бөлінген мәселе ТҮБ-нің бағдарламалық бағыты болды. Мұстафа Шоқай ТҮБ-нің бірінші кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты туралы «Көтерілістен- ұйымшылдыққа (Көтерілістен-ұйымға)» атты мақаласында былай атап-атап көрсетті: «1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) Бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады» (Шоқай, 2007: 86). Ал 1932 жылы «Түркістан түрікшілдігі» атты мақаласында: «Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында, татарлар мен башқұрт бауырларымыз Түркістан Түрік мемлекетімен қойындасып, қолтықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. Біз бүгін ұлтты құтқару кересімізде, ұлттық құрылысымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» деп жазды (Шоқай, 2007: 256). Бұл үзіндіден үш мәселенің басы ашылады. Бірі - түркістандықтардың татар, башқұрт бауырлармен «қойындасып, қолтықтасуынан» тұтас түрікшілікпен түрік рухының күшеюі. Екіншісі - түркістандықтардың ру, ұлыстарға бөлінбей бір ұлттық ұранның астына топтасуы. Үшінші - осындай түркі тұтастыққа іштей іріткі салатындар ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары екендігі.

«Прометей» қозғалысы Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю. Пилсудскийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған болатын. 1927 жылдың көктемінде Мұстафа Шоқай Стамбулда өткен ТҮБ-нің конгресінің тапсырмасы бойынша «Прометей» ұйымына кіреді. Ал ұйымның идеологиялық қызметінің мазмұны М. Шоқайдың әртүрлі тілде жарық көрген шығармалары мен хаттарында сипатталды. 1931 жылдың 16 қазанында Польша барлау қызметінің майоры В. Добровскийге жазған хатында бұл нақты көтерілген болатын. «Түркістан мәселесі – ұлттық мәселе» дей отырып, оның нәтижелі болуы үшін елдің ішінен де, одан тыс жерлердегі түркістандық эмигранттардың арасынан да мықты ұйымдасқан қолдау керектігін, ұлттық мәселеде эмиграцияның рөлін жай ғана «қосымша» деп қарауға болмайтынын, құрамы барынша толық, қазіргісіне қарағанда қаржылық және интеллектуалды-техникалық күштердің ауқымының мәндірек болуын атап көрсете келіп, Мұстафа Шоқай эмиграциялық қызметтің қазіргі және түпкі мақсатын былайша ашып берді: «Қазіргі жағдайда эмиграцияның міндеті әртүрлі жағдайлармен Шығыс елдерінің мыңдаған шақырымында бір-бірінен бөлектеніп, шашылып кеткен эмигранттық топтар арасындағы ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттау, идеялық байланыс пен ұйымдасқан бірлікті орнатуға үгіттеу істерімен шектеледі. Эмиграцияның міндеті - Түркістан мәселесін «интернационалдық» («халықаралық» деп айтқан жақсырақ болар) ортаға шығару (қозғау) екені өзінен-өзі түсінікті нәрсе» (Шоқай, 2006: 189). Автор бұдан ары Еуропаның да, бүкіл әлемнің де қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы бейбітшілік пен тыныштықты қалайтынына тоқталып, Еуропа түркістандықтардың әдемі көздеріне бола немесе «каналшылардың тапталған құқықтарын қорғаймын» деп, большевиктермен қызыл кеңірдек болмайды және соғысуға бармайтынын айта келіп: «Бізге қарсы жүз миллиондық ұлы орыс халқы тұр. Оның ұлттық үстемдігіне қарсы күресті біз барлық «шет аймақтар» - кавказдықтар, украиндық және басқалар тығыз байланыста ғана жүргізуіміз керек. «Интернационалдандыру» - тек осы мәнде ғана маңызды және сөзсіз қажет. Ол іске асатын жұмыс және оны ұйымдық жағынан жүзеге асырамыз...» деп жазды (Шоқай, 2006: 189). Мұндай маңызды мақсатты Мұстафа Шоқай Түркістанның азаттығына

қарсы жаудың тым күшті болуымен байланыстырып, түркістандықтардың азаттық алу жолындағы жеке-дара күресінің ойдағыдай нәтижелерге жете алмайтындығынан нақты қойып отыр. Осындай себеппен ол Ресейдің отарлық езгісін көріп отырған басқа да халықтардың өкілдерімен күш біріктіруді, өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы жеке-жеке бас көтерулерді ұйыстыруға, одақтасарды айқындау мәселесіне, бір мықты саяси ұйымының маңына топтастыруға ерекше мән береді.

Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы өмірін арнайы зерттеу объектісі еткен мұстафатанушы Б. Садықова «Прометей» қозғалысының бірнеше міндеттері мен мақсатын былайша ашып берген еді: «Совет еңбекшілерінің саяси санасын ауызша құралдармен ояту және прометейшіл халықтарды саяси күрес нысандарына тарта отырып, ұлттық қозғалыс пен ұлттық тәуелсіздік үшін күресті теориялық және практикалық жағынан жетілдіре түсу, Еуропаның және әлемдік қауымдастықтың жалпыресейлік мәселеге, большевизмге және сталиндік тоталитаризмге қатынасын қалыптастыру еді. Ал мақсат прометейшіл халықтардың өзін-өзі басқару құқығына ие ету болатын» (Садықова, 2009: 72).

«Прометей» ұйымының ықпалымен 1929 жылы 5 маусымда Варшавадағы Шығыстану институты Кеңестер Одағының ішкі және сыртқы саясатына арналған ғылыми-теориялық конференция өткізді. Осы конференцияда Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясатын талдауға арналған баяндама жасады. Бұл тыңдауға КСРО Сыртқы істер министрлігі Шығыс бөлімінің басшысы генерал Голушко және басқа ресми әскери адамдар қатысты (Қойгелдиев, 1997:45). 15 жыл бойы жарық көрген «Promethee» журналының негізін құрушы да, егесі де тәуелсіз Кавказ (Грузия, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ) комитеті болды. Мұстафа Шоқай 1927 жылдан бұл журналдың редакциялық комитетінің мүшесі ретінде оның жұмысына белсенді қатысты. Ал 1928 жылғы маусымда шыққан санынан журналдың ішкі мұқабасындағы «Прометей» сөзінің астындағы «Украина мен Кавказ халықтарының ұлттық қорғаныс органы» деген айдарға «Түркістан» сөзі қосылды (Қара, 2004: 179). Мұстафа Шоқай «Прометей» ұйымындағы бірсыпыра эмигранттық ұлттық қозғалыс өкілдерімен тығыз қарым-қатынас жасады. 1919 жылғы қаңтар айының бас кезінде Баку қаласына болғанда басталған, кейін Парижде жалғасын тапқан Әзірбайжан саяси эмигранттарымен қызметі туралы сөз еткенде оның «Яш Түркістан» журналының 1933 жылғы №42 санында Әзірбайжанның Ұлттық мемлекет болып жариялануының 14 жыл толуына байланысты «28 мамыр» атты аса тағылымды мақаласында: «Мен бұл арада біз түркістандықтардың осы бір айтулықүнге байланысты сүйініші етжақын бауырларымыздың сүйінішімен біте қайнасып жатқанын білдіру үшін«біз» сөзін қолданып отырмын» деп бастап, әзірбайжандықтарға деген шынайы сезімін былай танытты: «Саяси күрес дәуірінде өтіп жатқан әрбір жыл, әрбір ай біздің шапшаң қимылдауымызды және өзара тығыз ынтымақта болуымызды талап етеді. Әлсіз болуымыздың және қазір де әлсіздік танытып отыруымыздың басты себебі - біздің өз бойымызда бар мүмкіндіктерді танып-біле алмағанымыздан болып отыр. Шын мәнісінде біз аса зор күшке иеміз. Бұл күш – түрік бірлігі, түрік шептерінің бірлігі, сөз жүзіндегі ғана емес, іс жүзіндегі бірлігі...» (Шоқай, 2007: 317). Міне, көріп отырғанымыздай, бұл мақалада көтерілген түрік бірлігі мәселесі бүгінгі күн үшін де маңызын әсте жойған жоқ, қайта бұған деген қажеттілікті күшейте түсіп отыр. 1938 жылы «Прометей» қозғалысының жалпы жиналысында журналдың аты «La Revuede Promethee» деп өзгерді. 1936 жылы әртүрлі себептермен бұрынғы «Прометей» журналынан қол үзген М. Шоқай 1939 жылы қайта оралып, журналда оның бірнеше мақалалары жарық көреді.

Мұстафа Шоқай мен Грузияның саяси эмигранттары арасындағы қарым-қатынас та мазмұнды болды. Өз елдерінің тәуелсіздігі үшін күрескен кавказдықтарға деген өз көзқарасын Мұстафа Шоқай 1934 жылы жазылған «Кавказия федерациялық келісімі» атты мақаласында былайша айқындап еді: «Біздерге, Ресейден бөлініп өзіміздің тәуелсіз мемлекетімізді құру мақсатында күресіп келе жатқан халықтарға, Ресейге қарсы бағытталған ұлттық күресіміздің мүддесі тұрғысынан қарағанда Кавказ мәселесі айрықша маңызды. ...Біз бұл келісімді таяу болашақта өз рөлін толық атқарып, атамекенімізді орыс империализмінің бұғауынан құтқаруға көмектеседі деген үміттеміз» (Шоқай, 2007: 34). Осылай ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған барлық халықтардың тізе қосып, күш біріктірулерінің жолдарын жан-жақты іздестіріп, бірге қимылдайық деген мақсатпен айтылған: «Орыс империализміне қарсы күрес майданындағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық...» деген сөздер саяси күрестің тамаша тактигінің ойынан туған идея еді (Шоқай, 2007: 235). Бұлай ұйымдастыру тәсілдерін тандап алу ұлттық талап-тілектердің толық жүзеге асырылуына көмектесетінін саяси күрес тәжірибелері талай рет дәлелдеген болатын. Дегенмен кейбір принципті мәселелер төңірегінде Мұстафа Шоқай «Прометей» ұйымынан аулақ та тұрған. 1938 жылғы 17 тамызындағы осы ұйымының идеологы және насихатшысы әзірбайжан қайраткері М. Векиллиге жолдаған хатында түркістандықтардың бұл ұйымнан алшақ екенін ескерткен. Прометейшілдердің түркістандықтармен

келіспестен, ойларына келген қолайсыз істер жасап, беделдерін түсіріп алғандығын жазып, олардың жалпы ұлттық істерді «топтық» деңгейге түсіргені үшін айыптаған болатын (Шоқай, 2006: 100). Осы тұста кейбір прометейшілдердің түсініспеушілікке ретсіз негіз еткен Мұстафа Шоқайдың 1939 жылғы «Яш Түркістан» журналының 114-санында жарық көрген «Түрік бірлігі хақында» деген еңбегіне арнайы тоқтай кетейік. Автор «Түрік бірлігі - турасын айтқанда «мұғажырияттағы түрік топтарын бірлестіру» мәселесі өз алдына жаңа мәселе болып тұрғанын, оның бүгінгі күнге дейін жеке әңгімелер мен мақалалардың тақырыбы болып келгенін, алайда оның нәтижелі болмағандығы біздің өмір сүрген кездің жағдайынан туындаған себептердің үстем болып отырғандығынан дейді. Бұл арада азаттық күресінің тактикалық мәселесі алға шығады. Мұстафа Шоқайша, түрік дүниесі «геосаяси» жағынан біртұтас бірлік түзуге қолайсыз. Мысалы, Әзірбайжан түріктері өзінің жағрапиялық және содан туындайтын басқа да жағдайлары жағынан Кавказ жерімен және Кавказ халқымен тығыз байланысты. Бірақ та Кавказ халықтарының ешқайсысы да жеке-дара тәуелсіздікке қол жеткізе алмайды. Сондықтан Мұстафа Шоқай Ресей империализміне қарсы күресіп жатқан халықтар ұйымдастырған «Прометей» майданымен де есептесу қажет, өйткені бұл майданға Ресейдің қол астындағы түрік халықтарынан басқа түріктер де, тіпті мұсылман емес халықтар да кіреді дейді (Шоқай, 2007: 358). Әңгіме Ресей империализмінің үстемдігін көріп отырған халықтардың ұлтымен, нәсілімен, басқа да ерекшеліктерімен есептеспей, қарсылық бірлігімен санасуда болып отыр еді. Ал 1939 жылғы «Яш Түркістан» журналының №116-117 сандарында жарық көрген «Түрік бірлігі төңірегіндегі көтерілген орынсыз айтысқа орай» атты мақалада «Идель-Орал» қоғамының негізін қалаушы және оның «Прометей» ұйымындағы өкілі Аяз Исқақи әпенді Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналының 114-санында жарияланған «Түрік бірлігі» атты мақаласында көтерілген идеяларға қарсылық білдіріп, бірнеше мәселелер көтерген болатын. Осының мәндірек деген екеуіне тоқтай кетейік. Біріншісі - Мұстафа Шоқайдың жазғаны бұрмаланып, «Прометей майданындағы» Кавказия, Түркістан және Украина ұйымдары өкілдерінен құрылған «Достық комитетін» «Үміт майданы» деп шатастырып, комитетті «Прометей майданына» қарсы қояды. Екіншісі - «Түрік бірлігі» мақаласындағы М. Шоқайдың «түрік топтарын бірлестіру мәселесі, шын мәнінде, саяси мәселе» дегенін Аяз әпенді біздің «Мәдени бірлікке» көшкенімізді МЧ (Мұстафа Шоқайды айтып отыр - Ә.Б) әпенді білмей ме деп сынады. Мұстафа Шоқай бұған мәдени бірліктің өзі саяси іс-қимылдарды қажет етеді деген уәж айтады. Мақалада басқа да бұрмалауларға дәлелдер келтіріп, автор «...Қазір бір түрік ұйымына біріге алмай отырғанымызда, осы күнге дейін өзіміз қатысып келген «Прометей» майданына адал болып, соның ішінде тұрып та түркістандықтар, еділ-оралдықтар және қырымдықтар дос-дұшпанның көз алдында бір-бірімізбен мәдени-рухани байланыстарымызды нығайтып, әйгілеп жүрейік» деген тұжырым жасайды (Шоқай, 2007: 374).

Мұстафа Шоқай туған халқының ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күресті басқа тәсілдермен жүргізудің жолын да қарастырған болатын. Мысалы, халықаралық конференцияларға қатысу, тым болмағанда оларға хаттар жіберу және өзі де сөз сөйлейтін жиналыстар ұйымдастырудың мүмкіндіктерін табу. Бұл ақпарат құралдарында ол жеке Түркістан халқының ғана емес, бүкіл түрік тұқымды барлық халықтардың дамуын ойлап, жоғын жоқтады. Мысалы, Мұстафа Шоқай 1920 жылдары Швейцарияның Лозан қаласында жиналған Түркияның тағдыры жөніндегі халықаралық конференцияға Түркістан және жалпы Түрік әлемі жөнінде үндеу хат жіберумен қанағаттанбай, сол конференцияға өзі барып, тиісті кісілермен бетпе-бет сөйлескен. Мысалы, Түркия делегация бастығының орынбасары доктор Рыза Нұрға жолығып, ұзақ кеңескен (Оралтай, 1997: 9).

Міне, жоғарыдағы хаттар мен мақалалардың саяси һәм парасатты мазмұны М. Шоқайдың түркі халқының қамын ойлаған эмиграциядағы ұлт өкілдерінің бірлігін ойлаған берік ұстанымын білдіріп ғана қоймай, оның жалпы мұсылман эмигранттары көшбасшыларының бірі екенін айқын танытады. Мұстафа Шоқайдың 1929 және 1939 жылдардың арасындағы саяси һәм шығармашылық қызметімен танысу оның бұл кезеңінің ерекше жемісті болғанын көрсетеді. Осы жылдары Мұстафа Шоқайдың бірнеше тілде жазылған, сан тақырыпты қамтыған 700-ден астам еңбегі дүниеге келді. Бұл қарқынға «Яш Түркістан» журналының айрықша шабыт қосқанын да айта кеткен артық емес. К. Есмағамбетов: «М. Шоқайдың туындылары Батыс елдерінде сенімді дереккөз ретінде саналды. Өмірінің соңғы күндерінде оған Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Германия, Италия, Түркия, Польша, Румыния, Голландия, Швециядан Орта Азия мен Қазақстан тарихы, Ауғанстан мен Шығыс Түркістандағы жағдай, халықаралық қатынастар мәселелері бойынша ақыл-кеңес сұраған хаттар легі толастамады» деп жазған болатын (Шоқай, 2012: 442). Шынында да Мұстафа Шоқайдың түрлі саяси деңгейдегі, әртүрлі мінез-құлықты кісілермен жазысқан хаттарын оқи отырып, сол кездегі дәуір тынысын да, әрбір қайраткердің өрелі өрісін де, әлеуметтік әлеуетін де жақсы байқауға болады. Сондай-ақ Мұстафа Шоқайдың да саяси қайраткер, майталман публицист, дүниетанымы жоғары мәмілегер ретіндегі ерекше сергек ұстанымы, қарым-қатынастағы айрықша мәдениеттілігі, замана ұсынған және ортақ әңгімедегі саяси оқиғаларды терең білетіндігі, қиын мәселелерді түсінудегі пайым-парасаттылығы, әділеттілікті ту еткен адами болмысы да ашыла түседі.

Башқұрт жазушысы Абдулкадыр Инан 1929 жылғы 2 наурыз күні Стамбулдан М. Шоқайға жазған хатында «Есіңізге алып, хат жазғаныңызға көп риза болдым. Төбем көкке тигендей болды. Сауалдарыңызға жауап жазып жатырмын...Башқұрт hareketі хақында Салах Атнағұлов (жазушы, саяси қайраткер - Ә.Б.) «Башкирия» деген кітап шығарған еді. Оның бірталайы бітті. Менде артық түптелгені бар. Егер бұл кітапты көрмеген болсаңыз, өзіңізге материалдарымен бірге жіберемін» (Шоқай, 2006: 154). Сонымен бірге хат иесінің «Башқұрт аймағы», «Білім» деген башқұрт басылымдарын ұсынуына қарағанда Мұстафа түркі тектес башқұрт халқының тарихына да қызығушылық танытқан сияқты. Сондай-ақ Мұстафа Шоқай кейбір шетелдіктердің Түркістан жөнінде материалдар жинап, кітаптар дайындауларына көмектесумен шектелмей, тіпті ондай кітаптардың тиісті бөлімдерін жазып та берген. Мәселен, неміс тілінде 1942 жылы «Түркістан» деген атпен шыққан R. Olzscha мен C. Cleinow бірігіп жазған 434 беттік кітаптың 363-беттен 409-бетке дейінгі бөлігін өзі жазған (Оралтай, 1997: 7).

Эмигранттар арасында үлкен қызығушылық туғызған, 1928 жылы француз тілінде тұңғыш жарық көрген «Орта Азия Кеңестер қол астында», ал 1935 жылы толықтырылып «Кеңестер қол астындағы Түркістан» деген атпен қайта шыққан кітап Мұстафа Шоқайдың сол кездің өзінде-ақ өз елінің аса зиялы тобына жататынын, Орта Азияда болып жатқан оқиғаларды жақсы біліп, мәселелерді терең түсінетінін танытқан болатын. Сондықтан бұл еңбектер Батыста кеңестану ғылымының бастауы болды (Кыдыралина, 2011: 3).

Кітап туралы пікірін ерте танытқан Әзірбайжан Демократиялық Республикасының Парламентінің төрағасы Топчибашы Әли-Мардан 1928 жылғы 30 тамызда жазған алғашқы хатында «Орта Азия Кеңестер қол астында» кітапты оқып шыққанын, одан алған әсері туралы автормен бөлісіп, өзі басқарып отырған делегация және әзірбайжан зиялы құрамы үшін кітаптың бірнеше данасын жіберуін сұраған (Шоқай, 2006: 102). Башқұрт әскери басқармасында, кейін Деникиннің армиясында қызмет еткен, Бельгияға, одан соң АҚШ-қа қоныс аударған А. Демидов 1935 жылғы 8-інші желтоқсанда Филадельфиядан жолдаған хатында Нью-Йорк газетінен «Кеңестер қол астындағы Түркістан» («Түркестанподвластью Советов») атты кітабының баспадан шыққаны жөніндегі ақпаратты оқып қуанғанын, оның енді авторға жаңа мәртебе алып келетінін білдіреді. Ал құмық, солтүстік кавказдық саясаткер Г. Баммат осы жылғы 10-шы желтоқсанда жазған хатында Түркістан туралы жаңа кітаптың қолға тигеніне қуанышын танытқан болатын (Шоқай, 2006: 284-285). Ал француз ғалымы Ж. Кастанье 13-желтоқсанда жолдаған хатында «Кеңестер қол астындағы Түркістан» атты кітапты зор ықыласпен оқып шыққанын жаза отырып былай деген: «Түркістанмен жете таныс, оны сүйген, оның өмірімен, болашақ үміттерімен біте қайнасқан мен сияқты адам Сіздің дауысыңыз – Түркістанның дауысы, зәбір-жапа шеккен, екіжүзділік пен әділетсіздіктен жараланған елдің дауысы екенін анық сезеді» деп тебірене жазады (Шоқай, 2006: 286).

М. Шоқайдың эмиграциядағы түрік ұлттық қозғалыс өкілдерінің өзара жазысқан хаттарымен танысу арқылы олардың арасында да күрделі мәселелердің болғанын байқауға болады. Түрік әлемі халықтарының тағдыры туралы көзқарастардағы айырмашылықтар, басшыларының жеке менмендіктері, олардың кеңестік құпия органдардың араласуы т.б. совет өкіметіне қарсы күресте күштерін біріктіруге мүмкіндік те бере бермеген еді. 1929 жылы 21 ақпанда Краковтан Мұстафа Шоқайға жазған хатында Уфа губерниясының тұрғыны, саяси қайраткер, заңгер О. Тенерекұлы: «Мен де Сіз сияқты жалпытүріктік көзқарасты ұстанамын, Түркістан туралы мәселеге немқұрайлы қарай алмаймын, Ресейде түрік ұлттық мәселесі тәуелсіз Түркістан болғанда ғана шешілетініне сенемін» деді (Шоқай, 2006: 121). 1932 жылғы 12 наурызда Стамбулдан жазған хатында М. Векилли аттасынан алған хаттан өз сөзімен айтқанда, Париждегі «өз көшелеріндегі» жағдайды егжей-тегжей түсінгені, көп нәрсеге көзін ашқанын жазған болатын, Мұстафа Шоқай М. Векиллиге жазған жауабында: «Сіз дұрыс айтасыз, біздің «түрік майданында» олқылықтар көп. Бұл олқылықтарды жөндеу, дұрысын айтқанда, бүтіндеу – ең бірінші тұрған міндет» - деп жазды (Шоқай, 2006: 227).

Ең бір өкініштісі - мұндай түсініспеушіліктің саяси күресті бірге бастаған, не бір қиын кезеңдерде бірге болған, башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі, шығыстанушы ғалым А.З. Валидимен болғаны. Шындап келгенде, мұндай түсініспестік 1918 жылдардан басталған болатын. Ал кейінгіні мынандай себептері бар еді. Біріншісі, М. Шоқайдың эмиграциядағы орыс демократтарының басылымдарына қатысуы. Мұның аяғы насырға шауып, 1927 жылы М. Шоқай «Түркістан Ұлттық бірлігі» Орталық комитетінен, тіпті ұйымнан шығуға мәжбүр болды. Бірақ өмір М. Шоқайдың бұл ақпараттық алаңын пайдалануының тиімді болғанын көрсетті. Екінші мәселе - А.З. Валиди «Түркістан Ұлттық бірлігін» федеративті ұйым деп, башқұрт ұлт-азаттық қозғалысын соның бір ұйымы ретінде түсінуі еді. Мұндай пікірмен Мұстафа Шоқай әсте келісе алмады, жеке-дара күреспен еш мәселе шешілмейтініне сонау Түркістанда жүргенде-ақ көзі жеткен тұғын. Ал эмиграцияда саяси күштердің бірлігі қажет екендігін тіпті дәлелдеудің қажеті жоқ екені түсінікті.

Мұстафа Шоқайдың ерекше бір қасиеті пікірлескен не сұхбаттасқан кісінің қайшылықты көзқарастарымен еш келісе қоймаса да, оның өзіндік қасиеттерін көре білді, оны ашық айтты. Ол Заки Уәлидидің өз әріптестерімен қақтығысы кезінде оның саяси көзқарастарын сынай отырып,

Goloshchekin F.I. Partiynoye stroitelstvo v Kazakhstane. Sbornik rechetey i statey (1925–1930 gg.). [Party building in Kazakhstan. Collection of speeches and articles (1925–1930)]. Moskva–Alma-Ata: Gosizdatelstvo RSFSR. 1930. 344 s.

Dakhshleyger G.F. Sotsialno-ekonomicheskiye preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921–1929). [Socio-economic reforms in the Kazakh and the Russian village of Kazakhstan (1921–1929)]. Alma-Ata: Nauka. 1965. 536 s. [In Russian].

Dakhshleyger G.F., Nurpeisov K. Istoriya krestianstva Sovetskogo Kazakhstana. [History of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. 1985. T. 1. 247 s. [In Russian].

Divayev A.A. Etnograficheskoye zhizneopisaniye kazakhov Kazalinskogo uyezda. [Ethnographic biography of the Kazakhs of Kazaly district] // Baytanayev B.A. A.A. Divayev – ocherkzhizniideyatelnosti. [A.A. Divayev – sketch of life and work]. Shymkent – Almaty: Inzhu-Marzhan. 2004. S. 187–232. [In Russian].

Donich A.N. Problema novogo kazakskogo ayla. [The problem of the new Kazakh village]. Kzyl-Orda: Izdaniye Gosplana KSSR. 1928. 28 s.

Zakharova I.V. Material'naya kul'tura kazahov-kolhoznikov Yugo-Vostochnogo Kazakhstana (Po

materialam Alma-Atinskoy i Dzhambul'skoj oblastej). [Material culture of Kazakh collective farmers of South-Eastern Kazakhstan (Based on the materials of Alma-Ata and Dzhambul regions)] // Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii. T.3. Etnografiya. [Proceedings of the Institute of history, archeology and ethnography. V.3. Ethnography]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1956. S. 105–189.

Cameron S. Ashtyq zhaylagan dala. Asharshylyq, ozbyrlyq zhane Kenestik Qazaqstandy ornatu. [The Hangry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan]. Almaty: Soz. 2020. 304 b. [In Kazakh].

Kindler R. Stalinskiye kochevniky. Vlastigolod v Kazakhstane. [Stalin's nomads. Power and Famine in Kazakhstan]. M.: Politicheskaya entsiklopediya. 2017. 382 s. [In Russian].

Kolodin F.I. Tovarishchestva po sovместной obrabotke zemli (TOZy) v Kazakhstane v gody pervoy i vtoroy pyatiletok. [Partnerships for joint cultivation of land (TOZ) in Kazakhstan during the first and second five-year plans] // Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii. T. 2. Istoriya. [Proceedings of the Institute of history, archeology and ethnography. V.2. History]. Alma-Ata: AN KazSSR. 1956. S. 134–227. [In Russian].

Kultura i byt kazakhskogo kolkhoznogo aula. [Culture and life of the Kazakh collective farm village]. Alma-Ata: Nauka. 1967. 304 s. [In Russian].

Kulchitskiy S.V. Pochemu on nas unichtozhal? Stalin i ukrainskiy golodomor. [Why did he destroy us? Stalin and the Ukrainian Holodomor]. Kiyev: Ukrainskaya press-gruppa. 2007. 242 s. [In Russian].

Nefedov S.A. Katastrofa 1933 goda: gibel traditsionnogo obshchestva. [The catastrophe of 1933: the death of traditional society] // Istoricheskaya psikhologiya i sotsiologiya istorii. [Historical psychology and sociology of history]. 2013. T. 6. № 1. S. 5 – 31. [In Russian].

Orynbayeva G.U. Khozyaystvo i byt kazakhov v pervoye desyatiletie sovetsoy vlasti (po issledovaniyam 20-kh gg. XX v.). [Economy and everyday life of Kazakhs in the first decade of Soviet power (according to studies of the 20s of the XX century)] // Otan tarikh. [History of Homeland]. 2020. № 4. S. 58 – 69. [In Russian].

Russian State Archive of Socio-Political History (RGASPI). F. 17. In. 25. C. 1. 1926.

Russian State Archive of Socio-Political History (RGASPI). F. 17. In. 25. C. 83. 1926.

Sinitsyn F.L. Sovetskoye gosudarstvo i kochevniky. Istoriya. politika. naseleniye. 1917–1991 gg. [The Soviet state and the nomads. History, politics, population. 1917–1991]. M.: Tsentrpoligraf. 2019. 318 s. [In Russian].

Slastukhin F. Sotsialisticheskaya perestroika kochevogo kazakhskogo aula. [Socialist restructuring of the nomadic Kazakh village]. // Sovetskaya etnografiya. [Soviet ethnography]. 1933. № 1. S. 68–97. [In Russian].

Smagulova S.O. Qazaq merzimdi baspasozhi: shygutarihy men derektikmanyzy (XX ғ. 20 – 30 zhzh.) [The Kazakh periodical press: the history of formation and source value (20 – 30 of the XX century.)]. Almaty: Eltanym, 2011. 432 b. [In Kazakh]

Sokolovskiy V.A. Kazakskiy aul. [Kazakh aul]. Tashkent, 1926. 50 s. [In Russian].

Tursunbayev A.B. Pobeda kolkhoznogo stroya v Kazakhstane. [The victory of the collective farm system in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhskoye gosudarstvennoye izdatelstvo. 1957. 326 s. [In Russian].

Tursunbayev A.B. Kolkhoznoye krestianstvo Kazakhstana. [Collective farm peasantry of Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhskoye gosudarstvennoye izdatelstvo. 1960. 256 s. [In Russian].

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_200

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОҢЫРАТ ТАЙПАСЫНЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ

Жомарт Жеңіс^{1*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы қ.

*Автор корреспондент
E-mail: zhozhengis@gmail.com

Түйіндеме. Мақалада қазақ халқының құрамындағы қоңырат тайпасының көне тарихы сарапталып, олардың ғұндармен, көне түркілермен тарихи этникалық байланыстары зерделенеді.

Автор, жазба деректері мен археологиялық ескерткіштерді, сондай ақ түркілердің тарихи аймақтарындағы топонимдер мен қазіргі халықтардың этногенезін зерттеу нәтижелері арқылы қоңырат тайпасының ежелгі ғұндармен, көне түркілермен тікелей этно-тарихи байланысы бар екендігін дәлелдейді.

Өз дәйектерін дәлелдеу үшін зерттеуші «ғұн» атауының тарих ғылымы айналымына қытай деректеріндегі хунну атауы, яғни, «қоңыр» этнонимінің қытай тіліндегі өзгеріске түскен атау екендігін көрсетті.

Автордың зерттеуінше, ортағасырлық авторлар еңбектері, шежіре деректері мен аңыздардың қонырат тайпасының көне түркілердің тікелей ұрпақтары екендігін дәлелдейді.

Моңғол империясындағы қонырат тайпасының орыны олардың Шыңғыс хан әулетімен некелік байланыстарға байланысты емес, керісінше, қоныраттардың дәстүрлі түркі мемлекеттілігіндегі тарихи және саяси маңызына қарай қалыптасқан дәстүр екендігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: түркі-моңғолдар, қазақтар, қоныраттар, ғұндар, хуяң, этимология, дәстүрлі дүниетаным, мемлекеттілік дәстүр

МРНТИ 03.20

ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ПЛЕМЕНИ КОНЫРАТ

Жомарт Женис^{1*}

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы

*Автор корреспондент
E-mail: zhozhengis@gmail.com

Аннотация. В статье анализируется древняя история казахской племени конырат, его исторические и этнические связи с гуннами и древними тюрками.

Автор доказывает прямую этно-историческую связь племени конырат с древними гуннами и древними тюрками посредством изучения письменных данных и археологических памятников, а также топонимов в исторических регионах тюрков и этногенеза современных тюркских народов.

В данной статье, исследователь показал, что этноним «гунн» происходит от китайского название хунну, то есть модифицированное название этнонима «qongug» в китайском языке.

Согласно автора, труды средневековых авторов, генеалогические данные и легенды доказывают, что племя конырат является прямым потомком древних тюрков.

Роль племени конырат в Монгольской империи обусловлена не только их брачными узами с династией Чингисхана, а скорее тем фактом, что коныраты имели важную роль в традиционной тюркской государственности.

Ключевые слова: тюрко-монголы, казахи, коныраты, хунны, хуяң, этимология, традиционное мировоззрение, традиции государственности.

IRSTI 03.20

ANCIENT HISTORY OF THE KAZAKH KONYRAT TRIBE

Zhomart Zhengis^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author
E-mail: zhozhengis@gmail.com

Abstract. The article analyzes the ancient history of the Kazakh tribe Konyrat, its historical and ethnic ties with the Huns and ancient Turks.

The author proves the direct ethno-historical connection of the Konyrat tribe with the ancient Huns and ancient Turks by studying written data and archaeological monuments, as well as place names in the historical regions of the Turks and the ethnogenesis of modern Turkic peoples.

In this article, the researcher showed that the ethnonym “Hun” comes from the Chinese name for the Xiongnu, that is, a modified name for the ethnonym “qongyr” in the Chinese language.

According to the author, the works of medieval authors, genealogical data and legends prove that the Konyrat tribe is a direct descendant of the ancient Turks.

The role of the Konyrat tribe in the Mongol Empire is determined not only by their marriage ties with the Genghis Khan dynasty, but rather by the fact that the Konyrats had an important historical and political role in the traditional Turkic statehood.

Key words: Turkic-mongols, Kazakhs, Konyrats, Huns, Huyan, etymology, traditional worldview, traditions of statehood.

Кіріспе. Қазіргі түркі-моңғол халықтарының түгелінде дерлік кездесетін қоңыраттар көп санды, тарихы терең тайпа. Қоңыраттар ерте замандардан бері Орталық Азия, Кавказ, Иран, Ауғанстан және Шығыс Еуропа халықтарының этногенезінде маңызды роль атқарып, олардың ұлт ретінде ұйысуына қатысты. Ғұн империясы ыдыраған соң, ұзақ ғасырлар бойы бұрынғы ғұн бірлестігінің құрамындағы тайпалар, Еуразияның түкпір-түкпіріне тарады. Алтайдағы қоңыраттар Түркі қағанатын құруға ат салысып, кейін Еуразия далаларында пайда болған өзге де мемлекеттердің дамуына тікелей ықпал етті.

Қазақ халқының құрамындағы қоңыраттар барша қоңыраттың шағын бір кесегі ғана. Қоңыраттар қазіргі өзбек, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, қырым татарлары, гагауз, Солтүстік Кавказ түркілері т.б. арасында да бар.

Қарақалпақтардың құрамындағы негізгі екі арыстың бір арысы осы қоңыраттар болса, екінші арысы – *он төрт ру* деп аталады. Қазақ шежіресіндегі «Нағанай бидің отыз баласы болыпты» деген аңыз қарақалпақтарда да бар.

Қырғыздардың қырық тайпасының құрамында аталатын тайпалардың бірі осы қоңыраттар. Ата тегін Нұхтан тарататын қырғыз шежіресінде қоңыратты Оғыз ханнан таратады. Оғыз ханның бірінші әйелінен Күнхан, Айхан, Жұлдызхан, ал екінші әйелінен Көкхан, Таухан, Теңізхан туады. (Теңіз ханнан Қырғыз, одан өрбіген Баяндүр, Бегене, Жайылдыр, Жебе) Көк тәңірінің ұлдары деп аталған. Жебе батырдан Қоңырат, Тайшық өрбиді (Бейшенбиев, 2002:8).

Қоңырат өзбек арасында да ең саны көп рулардың бірі. Өзбекстанның оңтүстігіндегі Сұрхандария облысы қалың қоңырат жайлаған жер. Ол аймақта Байсынтау атты жота, Байсын атты кент бар. Қоңыраттар көп қоныстанған бұл өңір кеңес өкіметіне дейін Бұхар хандығына қарайтын Байсын бектігі, Шерабад бектігі деп аталған. Олардан әрі қарай Ауғанстан, Тәжікстан жеріндегі өзбектердің басым бөлігі осы қоңыраттар.

Башқұрт халқының құрамындағы қоңыраттардың тәңгәуір тайпасы туралы академик Р.Г. Кузеев «тәңгәуір башқұрттары өздерінің тегін көне түркі ханзадасы Күлтегінмен байланыстырады. Рулық ұрандары «Қоңырат» болып табылатын тәңгәуірлердің этникалық тарихында қоңыраттардың маңызы зор болды» деп жазады (Сулейманов, 2006:68),

Қоңырат тайпасына қатысты атаулардың географиясы да ауқымды. Айталық, қоңырат тайпасына қатысты жер атаулары қоңыраттардың дәстүрлі аймағы, Қазақстанның оңтүстігінде ғана емес, Қазақстанның орталық, шығыс және солтүстік аудандарында да молынан кездеседі.

Атап айтқанда Жаманбай, Құрбансай, Қараша, Қырғызалы, Жауғашты, Ноғай, Қира, Қарамойын, Баян, Киікші, Сасық, Тіней, Жартыбастау, т.б. атаулар сияқты осы аймақтардың жер су атауларында сақталып қалған.

Қоңыраттарға қатысты, олардың атымен тығыз байланысты жер-су атаулары Перекоп уездіндегі Ташқазған қоңырат, Алғазы қоңырат, Евпаторийдегі Тәтіш қоңырат, Молдовадағы Гагауз автономиялы облысының орталығы Қомрат қаласы және т.б. бұрынғы ғұн империясының түкпір-түкпірінде шашыла орналасып жатты.

Материалдар мен әдістер. Қазіргі әлемде орын алып отырған жахандану, өркениеттер қақтығысы кезеңінде жүргізіліп жатқан шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде осы зерттеушілерге тән мәселеге еуроцентристік көзқараспен қарау үрдісі өз белсенділігін одан әрі арттыру маңыздылығын жоғалтпай отыр. Әсіресе, белгілі бір идеялық бағытты бағдар еткен топтардың келесі бір құндылықтарды ұстанатын бөлікке қарсы идеологиялық шабуылдары күш алып отырған кезінде осындай көңіл күйде жасалған зерттеулерге байыптырақ қарауды талап етеді. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде осындай еңбектерге объективті сыни көзқараспен қарау қажеттілігі туындады.

Қоңырат тайпасының көне тарихына жаңаша көзқарас тұрғысынан саралау, қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективтік және сыншыл талдау мен сараптау принципі басты ұстанымда болды. Әдістемелік негізі тарихи-объективтілік және жүйелілік болып табылады. Зерттеудегі кейбір мәселелерді нақтылай түсу үшін проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдері қолданылды.

Талқылау. Қоңырат тайпасының көне және ертеортағасырлық тарихы әлі күнге дейін әлемдік тарихтың аз зерттелген бөлімі болып табылады. Осыған қарамастан соңғы он жылдағы археологиялық ашулар мен тарихи-филологиялық зерттеулер арқылы бұл тайпаның Еуразияның тарихи және мәдени дамуына айтарлықтай үлес қосқаны белгілі болып отыр.

Негізінен, мәселеге қатысты дереккөздерін шығу тегіне байланысты: шежірелер, көне түркі жазба ескерткіштері, эпостық жырлар, қытай, араб-парсы және моңғол тілдеріндегі шығармалар, Еуропа саяхатшыларының еңбектері деп топтарға бөліп қарауға болады.

Зерттеу жұмысына негізгі дереккөз, зерттеу өзегі болған көне түркі жазба ескерткіштері қытай, араб-парсы, моңғол және еуропа тілдерінде жазылған еңбектермен, археологиялық қазба мәліметтерімен салыстырыла отырып қарастырылуды талап етеді.

Зерттеу жұмысында дереккөздері ретінде түркі халықтарының эпикалық жыр-дастандары

да кеңінен қолданылды. Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері, туысқан қырғыз, түркімен, өзбек халықтарының жыр-дастандарындағы мәліметтер терең талданды. Солардың бірі «Алпамыс», «Оғызнама», «Манас» жырлары қоңыраттардың көне тарихынан хабар бере алды.

Ортағасырлық қоңыраттар туралы мәліметтер бере алатын деректерге Әбілғазы Бахадүр ханның еңбектері де жатады. Әбілғазы жазған «Шежіре–и-Таракима» (Түрікмен шежіресі, 1661 ж.) және «Шежіре-и Түрк» (Түрік шежіресі, 1665 ж.) атты тарихи екі шығарма шығыстануда, оның ішінде түркітану мен қазақтануда кеңінен танымал болды.

Араб-парсы авторларының еңбектері бәрібір мәселеге қатысты еңбектердің ең бастылары болып саналады. Қоңырат тайпасының тарихы туралы дереккөздердің алдыңғы қатарында Рашид ад-диннің «Джами ат-тауарих», Ата Мәлік Джувейнидің «Тарихе Джахангуша», Хондмирдің «Тарихэ әл-Асир», Шахаб ад-дин ан-Нисавидің «Сират Джалал ад-дин Минкбурни», т.б. сияқты кең танымал шығармаларындағы мәліметтер кеңінен пайдаланды.

1240 жылғы жазылған «Моңғолдың құпия шежіресі» эпикалық жырлардың шынжыры XII-XIII ғ.ғ. Шыңғыс үйінің тарихы, оның руы мен дала өмірін суреттеген. Моңғол мәтіні қытай иероглифімен жазылып, бұл күнге екі қытайша аудармасы жетті.

Қоңыраттардың ортағасырлардағы түркі мемлекеттеріндегі саяси, рухани-мәдени маңызы туралы деректерді ортағасырлық еуропалық саяхатшыларының еңбектерінен де кездестіруге болады.

Плано Карпини XIII ғ. екінші жартысында түркі, моңғол тайпалары мен Шыңғыс иелігіндегі жерлерге саяхаты нәтижелері «Монгалдар тарихы», Гильом Рубруктың «Шыңғыс елдерге саяхат» атты кітапқа жинақталып, бүгінгі күнге жетті. Бұлардан кейін далаға саяхат жасаған Марко Поло да өз «Кітабында» қоңырат тайпасына қатысты біршама мәліметтер береді.

Зерттеу нәтижелері. Деректерді талдау, ең алдымен, *ғун* атауының тарих ғылымы айналымына *қоңыр* этнонимінің қытай деректеріндегі *хунну* атауы түрінде енгендігін көрсетеді. Басқаша айтқанда, қандай да бір этнонимде «ғун» атауы қосарлана айтылса, оны ғұндармен байланыстыру қате болып саналып, зерттеу бағытын теріс жаққа қарай бұрып алып кетеді (мысалы, «ар-ғун» деген сияқты). Өйткені, «ғун» атауының бастапқы аталуы және әлемдік тарих ғылымына енуі қытай тілі арқылы, қытай тіліндегі «хунну» сөзі арқылы енді.

Түрік ғалымы Б. Өгелдің «Ұлы Хун империясының тарихы» атты екі томдық кітабында, В.С. Таскиннің «Материалы по истории сюнну», «Материалы по истории древних кочевых народов группы дунху», «Материалы по истории кочевых народов в Китае» атты сериялы еңбектерінде және басқа да ғылыми деректердегі *huiang /qongir/* руының хун жұртының негізгі тайпасы екені, оның Мөде шыққан ру екендігі, бұл рудан сол және оң қанат бектері шыққаны айтылады. *Huiang* руының «хун қағандарына сарысүйек құдандалы аталар» болғанын, шаньюйлердің тек осы текті рудан қыз алғаны айтылады (Өгел, 1998:299).

Міне, осы орайдан алғанда, қытай иероглифімен *huiang* ретінде таңбаланған тайпа лингвистикалық және этимологиялық тұрғыда *қоңырат* атауымен байланысы бар екендігін көрсетеді. А.Н. Бернштам «Оғыз қаған туралы аңыздың шығуы туралы» атты еңбегінде *хуань* (хуань) терминін қытай тілінің ерекшелігіне орай «*xiogar*» атауының өзгеріске түсуі деп санайды (Бернштам, 1998:151). Яғни, қытайларда «*p*» әрпі жоқ болғандықтан түркше – *хогар* > *қоғыр* > *қо(ң)* > *қоңыр* сөзі қытай иероглифімен *хуань* деп жазылған. *Қоңыр*, *Қоңыр* атауына кейіннен түрк-моңғолдық «*ат*» көптік жалғауы қосылып, «*қоңыратқа*» айналған.

Өздерін ғұндардың тікелей ұрпақтары деп санайтын мажарлардың елінің өз тіліндегі атауының *Hungary* болып аталу себебі де осы.

Бұдан өзге, қазіргі қоңыраттардың этникалық мифологиясында ғұндар мен көне түркілердің дүниетанымымен сәйкес келетін негізгі сенім элементтері бірдей. Ғұндарда, одан кейін көне түркілерде «Көк»–Аспан, Тәңірі мағынасын береді. Ғұндардағы билік дәрежесі–тәңірқұт–ұлылықтың белгісі, аспандай тәңір, құт деген сөз. Жаңа жылдың алғашқы айында ел басылары тәңірқұттың ордасына жиналып, көктемгі тасаттықтың рәсімін өткізді. Мамыр айында Лұнчын қаласында үлкен жиын өткізіп, ата-баба әруағына, Көк Тәңірге, жерге, жын-перілерге арнап құрбандық шалады (Мүтәліп, Жиылұлы, 2004:22). Тәңірі сенімінің барлық жосын-жоралғыларына аса мән беріп, мемлекеттік деңгейде сән-салтанатымен өткізуі ғұндардың өміріндегі сенім жүйесінің қаншалықты деңгейде екендігін көрсетсе керек.

Қазақ халқының құрамындағы қоңырат тайпасының да екі тармаққа–Көктің ұлы (Сын Небо) және Жердің ұлы (Сын Земли) (Көтенші) деп бөлінуінің өзі тайпаның ғұндар мен көне түркілермен рухани байланысына дәлел бола алады.

Қоңыраттардың ғұндармен этникалық байланысын дәлелдейтін тағы бір негізгі факт, олардың бұрынғы ғун империясы аумағында қазірге дейін мекен етулері. Қоңыраттардың Сыр, Амудария бойы мен Қаратау етегін, одан әрі Ферғана аңғарын қоныстануын Шыңғысхан жорығымен байланыстыру шындықтан алыс. А. Якубовский бұл туралы: «моңғол жорығын немесе шабуылын жаңа жерлерге моңғолдардың жаппай қоныс аударуы деп санамау керек. Оған қажеттілік болған жоқ және олардың көпшілігі өз отандарында қалды» деп жазса (Якубовский, 1932:8), В. Бартольд Жошы ұлысын жаулап алуға бар болғаны моңғолдың 4000 сарбазының ғана қатысқанын жазады (Бартольд, 1927:86).

V ғ. басына дейін қазіргі Моңғолия мен Жоңғария және Шығыс Түркістанның аймақтарын түркі-тюгю, курыкан, түркеш, қарлұқ, оғыз, азы, дубо, шігіл, яғма, ұйғыр, қай, қимақ, қыпшақ, си, оңғұт, түркі-шато сияқты түркі тілінде сөйлейтін тайпалар мекендеді. Көне түркі қағанаттары кезінде Оңтүстік Сібірдегі негізгі этномәдени ареалдар-көне түркі, қырғыз, Байкал маңы және телестік болды. Орхон-алтай түркілері Моңғолияда орналасты. Осы кезеңде қоңыраттардың қай аймақты мекен еткендігі туралы деректі аңыздардан табуға болады.

Көк түріктер кезінде қоңыраттар Алтайды мекендегенмен, олардың ата қонысы қазіргі Қытайдың солтүстік-шығыс өңірі болды. Қоңыраттар да, Түркі қағанатының негізін салушы түркілер де аңыз бойынша Алтай тауындағы Ергенекөн жазығынан шыққан. Осы аңыздың Әбілғазы Бахадур хан келтірген нұсқасында Ашина ұрпақтарының (моңғол билеушісі Елханның ұлы Қиян мен Елханның інісінің ұлы Нүкіс) татарлардан қашып Алтайдағы тау қуысындағы Ергенекөн жазығын мекендегендігі жазылады. Төрт жүз жыл бойы осы жазықты мекендеген ашиналықтар көбейіп, қуаттанған соң тау етегіне түсіп, осы аймақты өздеріне қаратып, өз мемлекеттерін құрады (Әбілғазы, 1991:57.). Шежіредегі осы үзіндіден кейін тарихи маңызы болған біршама мәселелерді байқаймыз. Біріншіден, ашиналықтар жергілікті емес, келімсек этникалық топ. Екіншіден, олар шаруашылығы көшпенді мал шаруашылығына негізделген, жергілікті халықпен ұқсас мәдени құндылықтарға ие болды. Үшіншіден, олар ұзақ уақыттар бойы басқа өздерімен туыс, жақын мәдени тамырлас халықтардан оқшауланып, осының әсерінен олардың негізі ортақ, бірақ өзіндік ерекшеліктерге ие дәстүрлі сенімдері қалыптасты. Төртіншіден, қоңыраттардың бұдан былайғы түркі халықтарының тарихындағы маңызы мен орыны олардың өздеріне Тәңірлік сипат беруінің тарихи себептерінің бар екендігін көрсетеді. Тарихи деректерді талдау аңыздың тарихи негізінің бар екендігін көрсетеді.

Қоңыраттарға қатысты ауызша деректерде олардың тарихи киелі отаны ретінде Жиделі-Байсын аталады. Белсенді саяси әрекеттерге байланысты Еуразия даласына тарыдай шашылған қоңыраттар тарихи отаны Жиделі-Байсынды жаңа мекен ету ортасына атау ретінде берді. Кейбір зерттеушілер осы мәселені ескерместен, қоңыраттардың ауыз әдебиетінің тамаша үлгісі «Алпамыс» жырына сүйене отырып, қоңыраттардың күт мекені Жиделі-Байсын жерін, қазіргі өзбек қоңыраттарының мекені Мәуреннахрдағы Байсынмен байланыстырады.

Дегенмен, өзбек ғалымы Ж. Хошаниязовтың айтуына қарағанда қоңыраттардың ата мекені Жиделі-Байсын, Арал теңізінің арғы жағында орналасқанмен, көшпенді түркілер қазіргі Сұрхандария аумағына орналасып, жаңа жерге өздерінің ата қонысының атын берді. Әйтсе де, Арал маңының арғы жағындағы Жиделі-Байсын да қоңыраттардың нағыз ата-баба қонысы емес еді.

Сұрхандария қоңыраттарының арасында айтылатын «Арқа жұртдан келгенбиз» деген сөз де өзбек қоңыраттарының түркілер мекенінің шеткі аймақтарынан шығып, Орталық Азияның өзге өңірлеріне тарағандығын көрсетеді. Бұл үрдісті қоңыраттардың алдымен ғұндардың, кейін түркілердің құрған мемлекеттерінің дамуымен, кенеюімен және ыдырауымен байланыстыруға болады.

Қоңыраттардың Түркі қағанаттары кезеңіндегі белсенді саяси әрекеттеріне, олардың түркі қағанатының негізінің қалануына, дамуына, көркеюіне тікелей ықпал еткендігіне олардың тарихи отандарының түркі мемлекеттерінің саяси орталықтарымен тығыз байланыстары дәлел бола алады.

Осы орайда, жас ғалым К. Қиззатұлының болжамдарының негізі тарихи шындыққа жақын. Ғұндарға қатысты тарихи карталарда оңтүстік ғұндардың шоғырланған жері бүгінгі ҚХР-дың Шаньши, Саньши өлкелеріндегі Сары өзеннің (Хуанхэ) бойындағы сары топырақты үстірт ретінде көрсетілсе, солтүстік ғұндардың шоғырланған жері ретінде Қытайдың солтүстік-шығысындағы аумақ көрсетіледі.

Бұл өңірлер көне ғұндардың жайлаулары болып есептелетін жерлер болды. Біз тілге тиек еткен, тарихтағы солтүстік ғұндардың шоғырланған жері болып табылатын осы жерде, Солтүстік Корея мен Қытай елінің шектесетін жерінде ұзыннан-ұзаққа созылған қытай тілінде Чаңбайшан деп аталатын тау бар. Бұл жерге қытайлар Цин империясындағы Маньчжур халқының билігі құлағаннан кейін ғана келген. Таудың төл атауы Байшын (Байсын) 白神. Бұл төл атауды корейлер әлі күнге дейін қолданады. Ал, Қытайлар Байсын, Байшын атауын өз тілдеріне бейімдеп Байшан деп атап, тау жүлгесінің ұзындығына байланысты Чаңбайшан деген. Чаң (長) атауы ұзын дегенді білдіреді.

Соңғы антропологиялық зерттеулердің нәтижесі де қоңыраттар мен ғұндың ата қонысы Маньчжурия деп аталатын тарихи аймақ, яғни, қазіргі Қытайдың солтүстік шығыс аймағы екендігін көрсетіп отыр. Белгілі тарихшы Ж. Сабитов өз зерттеулерінің бірінде: «Жапондықтар этногенез тұрғысынан тас дәуіріндегі жергілікті тұрғындар мен Кореядан келген мигранттардың араласуынан пайда болған. Кейін, Кофун (б.э. 3-4 ғ.ғ.) дәуіріндегі миграциялық процестер кезінде Жапония жеріне Солтүстік Корея, Маньчжуриямен Шығыс Моңғолия жерлерінен қоныс аударушылар болды. Қолдағы мәліметтерді талдау барысында жекелеген қазақ тайпаларының жапондармен тікелей генетикалық жақындығы байқалмағанмен, барлық талданған мәліметтер негізінде жапондарға

СЗ-F3850 субкладына жататын қоңырат тайпасы ең жақын екендігі анықталды. Жапондар мен қоңыраттардың ортақ ата бабалары осыдан 3300 жыл бұрын бір болған» деп жазады (Сабитов, 2018).

Осы Байсын тауы және осы солтүстік-шығыс қытайға жақын тұстағы Бурятияда Байсын өзені бар. Бұл өңірлер, яғни бүгінгі солтүстік -шығыс Қытай жері қоңыраттың, яғни ғұнның ата жұрты. Кейін қоңыраттар, яғни ғұндар тарихта жазылғандай батысқа жаппай көшіп, бір бөлімі Сыр-Дәрия мен Әму-Дәрияның бойына қоныстанды. Сол кезде олар атажұрттарын есте сақтау үшін екі өзеннің аралығын Байсын деді. Бірақ, бұл жер шөлді, жиделі дала болған соң Жиделі деген сөзді қосып айтып, Жиделі-Байсын аталды.

Қоңыраттардың ата қонысының Қиыр Шығыс екендігіне тағы бір дәлел қоңыраттардың П босаға таңбасымен байланысты. Шежірелік және жазба деректерде бұл таңба бүкіл Орта жүздің таңбасы ретінде де аталады (Сейдімбек, 2019:664). П босаға қақпа, есік, дар~мар болып та айтылады. Бұл таңба “Күннің шығатын есігі, қақпасы, босағасы, дары” деген мағынаны білдіретін Қиыр Шығысты таңбалау үшін алынған.

Қорыта айтқанда, ғұн-қоңырат этникалық, тарихи және мәдени байланыстарын, олардың шығу тегінің ортақтығын шежірелік, тарихи-географиялық және антропологиялық деректер толық растайды. Енді, қоңыраттардың Еуразияның кең-байтақ кеңістігіне шашырай орналасу себебін, осы аймақтарды мекендейтін халықтардың қалыптасып, дамуына қатысу себебін ғұндар тарихымен байланыстыру арқылы түсіндік.

Ғұн империясы ыдыраған соң, ұзақ ғасырлар бойы бұрынғы ғұн бірлестігінің құрамындағы тайпалар, қоңыраттар болып аталып Еуразияның түкпір-түкпіріне тарады. Алтайдағы қоңыраттар Түркі қағанатының құрып, кейін Еуразия далаларында пайда болған өзге де мемлекеттердің дамуына ықпал етті.

Осы орайда, көне және ортағасырлық түркі мемлекеттерінің билеушілерінің лақап аттары сенімді мысал бола алады. Көбінесе, билеушілерге «тоғрыл», «чағры», «сұңқар» т.б. сияқты жыртқыш құстардың аты беріледі. Бұл дәстүр сонау ғұндар кезеңінен бастап, Ұлы далада жасаған барлық түркілік империяларға (Түркі қағанаты, оғыз, қыпшақ, ғазнауи, селжүк, моңғол т.б.) тән дәстүр болды. Түркі қағандарының бас киімдеріне өздерінің лақап атына сай жыртқыш құстардың бейнесі бейнелетін кезі де болады. Күлтегіннің бас киімінен де қыран құстың бейнесін байқауға болады. Осы орайда, Ә. Кекілбаевтың «ескі аңыз бойынша Шыңғысты ақ киізге көтеріскен Саңғыл биге «Ұраның – Қоңырат, құсың - қыран, ағашың - алма ағашы, таңбаң – ай болсын деп бата берген» деуін тарихи шындық деп қарастыру керек (Кекілбеков, 1997:5).

С. Қаржаубайдың жазуынша «Қыпшақтармен бәсекелесіп билік тізгініне әлсін-әлі ұмтыла берген екінші үлкен тайпалық одақ - тоғыз-оғуздар еді. Хунну империясы билік құрудан қалғаннан кейін Орталық Азияда Моңғол үстіртіндегі қыпшақ пен Тоғыз-оғуз тайпалық бірлестігі (конфедерация) үстемдік етті. Қыпшақтар аталық әулет атанып (ашина), билеуші тайпаға айналды да, тоғыз-оғуздар аналық (ашидэ) әулет атанды. Бұл екі үлкен конфедерацияның арасында бір қарағанда билік үшін мәңгілік бәсекелестік тоқтамаса, екінші жағынан бірін-бірі толықтыру, даму, өсу процесі жүріп жатты. Ол туралы Қытай деректерінде: «Оғуздардың (ойху) ата-бабалары Хунну Ордасының (хан тұқымының) қызынан тарайды» - деген аңыз қалған (Қаржаубайұлы, 2003:214-215). Бұдан түркілердегі аналық негіздің ғұндардан бастау алуын қоңыраттардың ғұндармен тікелей туыстық байланыстың болғандығын байқаймыз.

Қытайдың жазба деректерінде түркі қағандарының хуяң (қоңыр) руынан қыз алу дәстүрінің кейін де үзілмегенін көреміз. Бұл дәстүрдің Қытайдың солтүстігінде ірге көтерген Қидан мемлекеті (907-1125 жж.) кезінде де жалғасқаны мәлім. Қидан билігі дәуіріндегі қоңыраттар қытай деректерінде юфцзюэлюй деген атпен танылыпты (Кычанов : 1980. с. 141.) «Қидан мемлекетінің тарихы» еңбегінде «оуцзюэлюй» деп белгіленеді. Олардың әдет-салттары туццюэлермен (түркітермен) бірдей деп көрсетіледі (Е Лун-ли, 1979:328). Қидандарды чжурчжендер (шүршіттер) жеңгеннен кейінгі деректерде қоңыраттар гуанцзила атпен белгілі болып, олар «текті тұқым» деп ерекшеленді (Евсюков, 1980:150).

Моңғол тарихын жан-жақты зерттеген ғалым Л. Викторова былай дейді: «Моңғол көсемдері Тумбинай сэчена (1084 г.) кезінен бері қиданның унгирад тайпасы мен оларға туыс олконут тайпасының қыздарынан жар таңдайтын еді» (Викторова, 1980:167). Бұл мысалдан моңғол билеушілерінің қоңыраттармен құдандалы болуының бұрыннан жалғасқан дәстүр екенін көруге болады. Шыңғыс ханның әкесі Есугей бахадүрдің қоңыраттардың биі Дай шешеннің қызы Бөртені баласына әперуінің өзі де осы ежелгі үрдістің бір көрінісі еді.

Тіпті Шыңғыс ханның өз империясын орнатқан соң қаған әулеті мен қоңыраттар арасындағы ежелгі некелік ережені өз пәрменімен заң жүзінде бекітеді. Ол туралы «Мэн-да бэй-лу» сипаттамасында мынадай жолдар бар: «Тай-цзу императордың жарлығына сәйкес хун-цзи-ла (qunggira) тайпасында қыз бала өмірге келсе, олар патшайым болады; ұл бала өмірге келсе, олар ханшайымдарға үйленеді» (Мэн-да бэй-лу, 1975:266).

Шыңғыс ханның моңғол империясының негізін салуында, оның саяси күрестерде жеңіске жетуіне осы көне дәстүрге сүйеніп көне мемлекеттегі аналық биліктің иесі – қоңырат тайпасының

қызына үйленуі алдын ала қабылданған оңтайлы шешім болды. Шыңғыс хан да көне дәстүр бойынша қоңыраттан қыз алып, өз ұлдарын да ақсүйек румен некелік байланыстарын орнатты. Шыңғысхан Бөртені айттыра барғанда қоңырат ақсүйектерінің:

«Біз, қоңыраттар,

Көне заманнан атақтымыз

Қыздармыздың сұлулығымен, ақсүйектілігімен.

Қоңырат патшайымдардан...,

Патша тағына отырғызамыз»—деуінің тарихи негізі осыған келіп саяды.

Көріп отырғанымыздай, ғұндар заманынан келе жатқан дәстүр билеуші әулеттерінің текті хуяң (қоңыр) тайпасымен құдандалы болу салтын сақтады. Осы жерде Ергене Қон аңызының төркіні де ойға оралады. Ергене Қон темір балқытып жол тауып шыққан Қиян мен Нүкіз тұқымдарының қатарында (Рәшид ад-дин осы екі адамнан тараған ұрпақтарды түріктер деп айтады: *«моңғолдар түркі нәсілінен...моңғолдар дәуірінен бері... олардың құдыретінің ықпалымен..түркілердің көп бөлігін енді моңғолдар деп атайды»* (Рашид ад-дин, 1946:77) өздері дара қимылдаған қоңыраттар да болып еді. Бұл дерек те өздерін сол аңыздағы қияннан тараған қияттыз деп санайтын моңғолдардың «алтын аяқтан туған» қоңыраттармен ежелден ұласқан қарым-қатынастарынан да сыр аңғартады.

Шыңғысхан тұсындағы қоңыраттарға деген құрмет моңғол империясының шеткері аймақтарында да маңызды болды. Марко Поло Қытайдағы Юань әулетіндегі қоңыраттарға құрметі жайлы былай деп жазады: «Ұлы хан (Құбылай) денесінде бір дақ жоқ аппақ қардай он мыңға жуық ақбозат биелер ұстайды. Осы биелердің қымызынан алғаш дәм татуға император отбасы мүшелері мен гориаттардан (қоңыраттар) басқа ешкімнің қақысы жоқ. Өйтені бұл дәстүр, кезінде осылардың арқасында билікке келген Шыңғыс ханның өзінен өсиет болып келе жатқан қоңыраттарға деген құрмет (Марко Поло, 1956:96).

Осылайша, ғұн империясы ыдырағанмен, мемлекеттік дәстүрлер мен рухани-материалдық мәдениет із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Көне заманнан ХХ ғасырдың басына дейін өмір сүрген Еуразиялық мемлекеттерде орнығып, қоңыраттар арқылы біздің заманымызға дейін жетті.

Қоңыраттардың Түркі қағанатындағы ықпалына олардың дүниетанымдық бірлігі айқын мысал бола алады. Мүрденің басын шығысқа, немесе солтүстікке қаратып жерлеу дәстүрі ғұндар кезеңінде де көне түркілерде де болды. Екі кезеңдегі қабірге өлікпен бірге көмілетін бұйымдар да бірдей болды. Мысалы, ысқырғыш жебелерді ғұндар да көктүріктер де пайдаланды, қабірге де қоса көмді. Бұдан өзге, от түтеткіш құрал, төрт аяқты ыдыстар, әшекейлер, қабір асы (қой еті, тары), т.б., сияқты қабірге көмілетін заттар екеуінде де бірдей болды.

Ғұндардан қалған орасан мәдени мұра олардан кейінгі салтанат құрған түркілерге, олардың ұрпақтарына қалды. Ғұндардың да орхон сына жазуларына ұқсас өз жазулары болды. Тәңірлік діннің діни өкілі бақсының діни құралы–қобыз қазіргі қазақ халқының мәдениетінде басты саздық аспап болып саналады (Төлеубаев, 2001:64).

Ел ордасын – орталықты белгілеу де ғұндардың дүниетанымымен тікелей байланысты болды. Билеуші отыратын орда қасиетті мекен саналды. Далалықтардың мемлекет үрдісінде хан ордасын құру салтын ғұндар алып келді. Қаржаубайұлының пікірінше ғұн шаньюйының екі ордасының бірі Ордас, екінші астанасы кейін Түркі қағанатының, Керейіт және Моңғол мемлекеттерінің астанасы болған Өтікен жотасындағы Қарақорым қаласы (Қаржаубайұлы, 2003:16) болды.

Шыңғысхан ұрпақтары да билік құрған тұста ол өзінің билеуші ұрпақтарына қоңырат тайпасын өз ордаларының маңайына жүздеген шақырым айналдыра орналастыруды өсиет етіп қалдырды. Қазақ хандарының орталығы болған Түркістан қаласында, қоңыраттар әулеттері билеген Хиуа, Қоқан, Бұхара хандықтарының орталықтарының маңайында да тек өзбек, қазақ, қарақалпақ қоңыраттары қоршай орналастырылды.

Қортынды. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін жаңа рулардың құрылуына байланысты қазақ шежірелері қалыптасты. Ру-тайпалардың ата-тегі ұлттың бірігуінің, елдің негізін қалаудың және мемлекеттің нығаюының қуатты тетігі болды. Ру тайпаларының генеалогиялық құрылымы Қазақ хандығының қоғамдық-саяси негізін нығайту үшін қажет болды.

Қазақ хандығының этносаяси жағдайы өте күрделі жүрді. Бұл кең байтақ далада тарихи қалыптасқан, бытыраңқы тайпалар болғанына қарамастан, оны одан әрі біріктіру сол кездегі Қазақ хандығының негізін қалаушылар үшін, әсіресе билер үшін маңызды мәселе болды. Бұл мәселені шешу үшін қазақ билері қазақ халқын біріктіретін тайпалардың бірлігіне негізделген ұлттық бірлік идеясын қалыптастырды.

Н. Мыңжан б.з.б. III ғасырда ғұндардың батыс жағында өмір сүрген Ұлы Йозыларды қазақтың Ұлы жүзіне сәйкестейді. У. Шәлекенов те қытай деректеріндегі «ұлы және кіші йозілерге» сүйеніп қазақтардың ұлы жүзі мен кіші жүзі антикалық заманда өмір сүрген деген тоқтамға келеді (Мұхамбеткәрім, 2016). Шындығында, «жүз» атауына қатысты бұл тұжырымдар бар болғаны сөздер тегінің ұқсастығына негізделген, үстірт пікірлер.

Біздіңше, қазақтың “жүз” атауы - “бөлік”, “бөлшек”, «күрамы» деген мағынаны білдіретін

арабтың ج ز – «джоз» сөзінен шыққан (Рубинчик, 1970:436). Алтын Орда мен Қазақ хандығының исламдану процесінің күшеюі осы кезеңде көптеген араб-парсы сөздерінің түркі тіліне, әсіресе, мемлекеттік басқару жүйесіне енуін жылдамдатты.

Қазақ қоғамындағы «жүз» ұғымы, туыстық-генеологиялық мағынадан гөрі, әкімшілік-басқару жүйесін білдіретін түсінік. Оған дәлел ретінде қазақтың руларының қазақтың барлық жүздерінде кездесетінен байқауға болады. Мысалы, қоңырат тайпасы рулары мен аталарының атауларына талдау жасар болсақ онда тайпа құрамындағы жекелеген ру, аталардың атауларынан бүкіл қазақ ру-тайпалық құралымын құраған этнонимдер жүйесімен бірқатар сәйкестіктерге көз жеткіземіз. Мысалы, жиёмбет руының атауы табын, тама тайпаларының, дулат тайпасының жаныс, шымыр руларының және жалайыр тайпасының құрамында кездеседі. Божбанның итемген атасының аты он екі ата абақ керейдің, сіргелі тайпасының жайдақ руының, байұлының байбақты тайпасының құрамында кездеседі.

Маңғытай руының атауы Кіші жүз шөмекей, әлімұлы құрамында, Ұлы жүз жалайырдың шуманақ руының құрамында жеке атаның аты болып қайталаанады. Тіней руы адай мен найманда да бар. Көптеген жазба тарихи деректерден дулаттар мен қоңыраттардың, шапыраштылар мен адайлардың тарихи тамыры ортақ екендігін байқаймыз.

Бұл мәліметтер тарихи зерттеулер жүргізгенде қазақтардағы жүздік жүйенің шеңберінде қалып қоюдың жансақтығын тағы да көрсетеді. Шын мәнінде бір жүзге жататын ру-тайпалардың бір-бірімен ешқандай да ортақ тарихи тамырға ие болмауы мүмкін екендігінен, керісінше, басқа жүздегі тайпалардың осы тайпамен тарихының тамырлас болуы мүмкіндігінен хабар береді.

Әдебиеттер тізімі

- Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Москва.: АН СССР. 1927. 86 с.
- Бейшенбиев С. Бөру Батыр. Қаракол, 2002. 295 с.
- Бернштам А.Н. Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстан, II том. Бишкек.: Ылым, 1998. 479 с.
- Бернштам А.Н. Из истории гуннов // «Советское востоковедения», т. I., М.-Л., 1940. С. 41-56.
- Викторова Л.Л. Монголы: Происхождение народа и истоки культуры. Москва: Наука. 1980. 167 с.
- Ғұн тарихының жылнамасы. Көне қытай тілінен аударғандар: А. Мүтәліп, Т. Жиылылы. Түркістан: Туран. 2004. 411 б.
- Евсюков В.В. К этнической истории чжурчженей // Дальний Восток и соседние территории в средние века. Новосибирск: Наука. 1980. 150 с.
- Е Лун-ли. История государства киданей (Цидань го чжи). Москва: Востлит. 1979. 328 с.
- Жандарбек З. Қазақ халқының қалыптасуына дәстүрлі ислам ықпал етті [Электрон.ресурс]. 2016. URL: <https://ult.kz/post/zikiriya-zhandarbek-kazak-khalkynyn-kalyptasuyna-dasturli-islam-ykpal-etti> (дата обращения: 10.05.2021)
- Книга Марко Поло. Москва: Государственное издательство Географической литературы. 1956. 359 с.
- Кычанов Е.И. Монголы в VI- первой половине XII в. // Дальний Восток и соседние территории в средние века. Новосибирск: Наука. 1980. -141 с.
- Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 2 том. Алматы: Дайк-Пресс. 2005, 326 б.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. 14 Т // 3 Т. Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартас гравюралар. 4 Т. Ислам дінінің келуіне дейінгі Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер. Құрастырған Д.А. Марғұлан. Д. Марғұлан. Алматы: Дайк-пресс, 2003 ж. -50б. + жапсырма -246 б.
- «Мэн-да бэй-лу» («Полное описание монголо-татар»). Москва.: Наука. 1975. 266 с.
- Мұхамбеткәрім Қ. Үш жүз атауы қайдан шыққан?[Электрон.ресурс]. 2016. URL:<https://abai.kz/post/40635> (дата обращения: 15.05.2021)
- Рашид ад-дин.Сборник летописей. Т I. Перевод с персидского А.К. Арендса, под редакций А.А.Ромаскевича. Москва: Наука, 1946. 77 с.
- Өгел Б. Ұлы Хун империясының тарихы. Алматы: Хан, 1998. -368 б.
- Рубинчик Ю. А. Персидско-русский словарь. Москва: Советская энциклопедия. 1970. 784 с.
- Сабитов Ж. Казахи и японцы: анализ родства. Что говорят аутосомные маркеры двух народов 23.01.2018 [Электронный ресурс]. URL: <https://vlast.kz/avtory/26555-kazahi-i-aponcy-analiz-rodstva.html> (дата обращения: 29.11.2021).
- Сартқожа Қаржаубай. Орхон мұралары: тарихнамалық-деректанулық талдау. 1 кітап. Астана: Елорда. 2003. 392б.
- Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Астана.: Фолиант. 2019 г. 728 б.
- Сулейманов Ф.М. К истории изучения башкирского племени Тангаур // Проблемы этногенеза и этнической истории башкирского народа. Материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 70-летию С.Н. Шитовой. Уфа: Гилем, 2006. С. 68-71.
- Төлеубаев Ә.Т. Ғұндар мемлекеті-түркі мемлекеттілігінің бастауы//Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық

ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана қаласы. 2001ж.18-19 мамыр). Алматы. 2001. 584 б.

Чоротегин К. Расселение монгольских и тюркских племен в регионах Центральной Азии до монгольских времен (по мусульманским источникам IX-XIII вв). Бишкек: Ылым, 1995. 12 с.

Якубовский А.К. Столица Золотой Орды—Сарай Берке. Москва.: Изд. ГАИМК. Л., 1932. 8 с.

References

Bartol'd V.V. Istoriya turetsko-mongol'skikh narodov [History of the Turkish-Mongolian peoples]. Moscow.: AC SSSR. 1927. 86 p.

Beyshebiyev S. Boru Baatyr [Boru Baatyr]. Karakol, 2002. 295 p [in Kirgiz].

Bernshtam A.N. Izbrannyye trudy po arkhologii i istorii kyrgyzov i Kyrgyzstan [Selected works on archeology and history of the Kyrgyz and Kyrgyzstan], II volume. Bishkek.: Ylym. 1998. 479 p [in Russian].

Bernshtam A.N. Iz istorii gunnov [From the history of the Huns]. "Soviet Oriental Studies", vol. I. M.-L., 1940. P 41-56 [in Russian].

Viktorova L.L. Mongoly: Proiskhozheniye naroda i istoki kul'tury [Mongols: The Origin of the People and the Origins of Culture]. Moscow: Science. 1980 . 167 p. [in Russian].

Gun tarikhynyn zhylnamasy. Kone qitay tilinen audargandar: A. Mutalip, T. Zhiyluly [Chronicle of the history of the Huns. Translated from the ancient Chinese: A. Mutalip, T. Zhiiluly]. Turkistan: Turan. 2004. 411 p [in Kazakh].

Yevsyukov V.V. K etnicheskoy istorii chzhurchzhenev // Dal'niy Vostok i sosedniye territorii v sredniye veka [On the ethnic history of the Jurchens // Far East and neighboring territories in the Middle Ages]. Novosibirsk: Science. 1980.150 p. [in Russian].

Ye Lun-li. Istoriya gosudarstva kidaney (Tsidan' go chzhi).[History of the Khitan state (Qidanguozhi)]. Moscow: Vostlit. 1979. 328 p [in Russian].

Zhandarbek Z. Qazaq khalkynynqalyptasuyna dastyrli islam yqpal yeti [Traditional Islam contributed to the formation of the Kazakh people][Electronic resource]. 2016. URL: [https:// abai.kz/post/40635](https://abai.kz/post/40635) (date accessed: 10.05.2021) [in Kazakh]

Kniga Marko Polo. [Book by Marco Polo]: State Publishing House of Geographic Literature.Moscow.: 1956. 359 p [in Russian].

Kychanov Ye.I. Mongoly v VI- pervoy polovine VI v. // Dal'niy Vostok i sosedniye territorii v sredniye veka [Mongols in the VI-first half of the XII century. // Far East and neighboring territories in the Middle Ages]. Novosibirsk: Science.1980. -141 p [in Russian].

Qazaqstan tarikhy turaly qytay derektemeleri [Chinese requisites on the history of Kazakhstan].VOL 2. Almaty: Dayk-Press. 2005, 326 p [in Kazakh].

Margulan A.K. Shygarmalary. 14 T // 3 T. Saryarqa petroglifteri. Bori totemi beynelengen zhartas gravyrular. 4 T. Islam dininiң keluine deyingi Ulytau tonregindegi tas musinder. Qurastyrgan D.A. Margulan. D.Margulan [Works. 14 T // 3 T. Saryarka petroglyphs. Rock engravings with the image of a wolf totem. 4 T. Stone sculptures around Ulytau before the advent of Islam.Compiled by DA Margulan.D. Margulan.]. Almaty: Dayk-press, 2003. 246 p [in Kazakh].

«Men-da bey-lu» ("Polnoye opisaniye mongolo-tatar") ["Full description of the Mongol-Tatars"]. Moscow: Science.1975. 266 p [in Russian].

Mukhambetkarim Q. Ush zhuz atauy qaydan shyqqan?[Where did the UshJuz names come from] [Electronic resource]. 2016. URL: [https:// abai.kz/post/40635](https://abai.kz/post/40635) (date accessed: 15.05.2021)[in Kazakh]

Rashid ad-din. Sbornik letopisey [Collection of chronicles]. Vol. I. Translated from Persian by A.K. Arends, edited by A.A. Romashevich. Moscow: Nauka. Vol.I. 1946. 77 p [in Russian].

Ogel B. Uly Khun imperiyasynyn tarikhy [History of the Great Hun Empire]. Almaty: Khan, 1998. 368 p [in Kazakh].

Rubinichik YU. A. Persidsko-russkiy slovar' [Persian-Russian dictionary]. Moscow: Soviet Encyclopedia. 1970. 784 p [in Russian].

Sabitov ZH. Kazakhi i yapontsy: analiz rodstva. Chto govoryat autosomnyye markery dvukh narodov 23.01.2018 [Kazakhs and Japanese: analysis of kinship. What do the autosomal markers of the two peoples say 23.01.2018] [Electronic resource]. URL: <https://vlast.kz/avtory/26555-kazahi-i-aponcy-analiz-rodstva.html> (date accessed: 11/29/2021).] [in Russian].

Sartqozha Qarzhaubay. Orkhon muralary: tarikhnamalyq-derektanulyq taldau. 1 kitap [Orkhon heritage: historiographical and source analysis. 1 book].Astana: Yelorda. 2003. 392 p [in Kazakh].

Seydymbek A. Qazaqtyn auyzsha tarikhy [Oral history of the Kazakhs.Astana.:Foliant. 2019 -728 p. [in Kazakh].

Suleymanov F.M. K istorii izucheniya bashkirskogo plemeni Tangaur // Problemy etnogeneza i etnicheskoy istorii bashkirskogo naroda. Materialy Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, posvyashchennoy 70-letiyu S.N. Shitovoy [On the history of the study of the Bashkir tribe Tangaur // Problems of ethnogenesis and ethnic history of the Bashkir people. Materials of the All-Russian scientific-practical conference dedicated to the 70th anniversary of S.N. Shitova]. Ufa: Gilem, 2006. P.68-71[in Russian].

Toleubayev A.T. Gundar memleketi–turki memlekettiliginin bastaуy//Bayyrgy turki orkeniyeti: zhazba yeskertkishter (Qazaqstan Respublikasy tauyelsizdiginin 10 zhyldygyna arnalgan khalyqaralyq gylymi-teoriyalыq konferentsiya materialdaryAstana. 2001.18-19 mamyr) [The state of the Huns - the beginning of the Turkic statehood // Ancient Turkic civilization: written monuments (materials of the international scientific-theoretical conference dedicated to the 10th anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan.) Almaty. 2001. 584 p [in Kazakh].

Chorotegin K. Rasseleniye mongol'skikh i tyurkskikh plemen v regionakh Tsentral'noy Azii do mongol'skikh vremen (po musul'manskim istochnikam IX-XIIIv.v)[Settlement of Mongolian and Turkic tribes in the regions of Central Asia before Mongol times (according to Muslim sources IX-XIII centuries)]. Bishkek: Ylym, 1995. 12 p [in Russian].

Yakubovskiy A.K. Stolitsa Zolotoy Ordy–Saray Berke [The capital of the Golden Horde is Saray Berke]. Moscow .: Publishing house. GAIMK. 1932. 8 p [in Russian].

FTAMP 03.41.91

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_209

СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

**Жетібаев Көпжасар Мұстафаұлы^{1ID}, Сиздиков Багдаулет Сапарбайұлы^{1*ID},
Арынов Қуаныш Сүйіндіқұлы^{1ID}, Бахтыбаев Мәлс Маратұлы^{1ID}**

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz (Жетібаев), bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz (Сиздиков), kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Арынов), mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz (Бахтыбаев)

Түйіндеме. Сығанақ қалашығының ежелгі тарихы топырақ астында жатқандығы баршаға мәлім. Оның мұрағаты археологиялық деректер болып табылуда. Сондықтан да төл тарихымызбен мәдени ескерткіштерімізді зерттей келе, өткен тарихымыз бен мәдениетімізді өскелең ұрпаққа және әлемге таныта аламыз. Сонымен қатар, бүлініп жатқан тарихи ескерткіштерімізді қайта қалпына келтіре отырып, келешек ұрпаққа сақтап, мұра етіп қалдыра аламыз. Осы мақсатта, тарихи деректерде кездесетін Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық.

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Археология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлерінің ортағасырлық Сығанақ қалашығында жүргізген далалық зерттеу жұмыстары баяндалады. Мақалада зерттеу жұмыстары барысында №18 қазба және №1 кесіндіде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі және оның екі құрылыс кезеңнен тұратындығы көрсетілген. Қазба барысында алынған заттай деректерге талдау жасай отырып, жоғарғы қабатының XVII–XVIII ғасырлар аралығына жататындығы, ал төменгі қабаттың XV–XVI ғасырлар аралығына жататындығы анықталды. Сонымен қатар, аталмыш алаңда жүргізілген қазба жұмыстары барысында бір әулетке тиесілі жерлеу орны сипатталады. №1 кесіндіден алынған құмыралар мен керамика сынықтарына талдау жасай отырып, жоғарғы қабатының XIX ғасырға жататындығы, ал төменгі қабаттың XVII–XVIII ғасырлар аралығына жататындығы анықталды.

Кілт сөздер: Сығанақ, қақпа, қамал, Сырдария, ортағасыр, ортағасырлық қалалар.

Мақала «Тарихи-мәдени мұраны саны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БҒМ.

MRNTI 03.41.91

РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ГОРОДИЩА СЫҒАНАҚ

**Жетібаев Көпжасар Мұстафаевич^{1ID}, Сиздиков Багдаулет Сапарбаевич^{1*ID},
Арынов Қуаныш Суюндикович^{1ID}, Бахтыбаев Мәлс Маратович^{1ID}**

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, г. Туркестан, Казахстан

*Автор корреспонденция

E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz (Жетибаев), bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz (Сиздиков), kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Арынов), mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz (Бахтыбаев)

Аннотация. Как известно, древняя история города Сыганак лежит под землей. В его архиве имеются археологические данные. Поэтому, изучая нашу собственную историю и памятники культуры, мы можем познакомить подрастающее поколение и весь мир с нашей историей и культурой. Кроме того, мы можем восстановить наши поврежденные исторические памятники и передать их будущим поколениям. Для этого мы решили проанализировать результаты археологических исследований в городе Сыганак, которые встречаются в исторических данных, и ввести их в научный оборот.

В статье освещаются полевые исследования научных сотрудников Научно-исследовательского института археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави в средневековом городище Сыганак. В статье освещены результаты раскопок, проведенных на раскопе №18 и разрезе №1, и показано, что он состоит из двух этапов строительных горизонтов. В результате проведенных анализов сосудов и фрагментов керамики, было установлено, что верхний слой относится к XVII–XVIII вв., а нижний – к XV–XVI вв. Кроме того, в ходе раскопок на данном объекте было открыто и описано в данной статье семейное захоронение. Анализируя фрагменты горшков и фрагментов керамики, полученные из разреза №1, установлено, что верхний слой относится к XIX веку, а нижний – к периоду XVII–XVIII веков.

Ключевые слова: Сыганак, ворота, стена, Сырдарья, средневековье, средневековые города.

IRSTI 03.41.91

RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCHES IN THE CITY OF SYGANAK

Zhetibayev Kopzhasar Mustafaulu^{1ID}, Sizdikov Bagdaulet Saparbaevish^{1*ID},
Arynov Kuanish Suyundikulu^{1ID}, Bakhtybayev Mels Maratovish^{1ID}

¹Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

*Corresponding Author

E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz (Zhetibayev), bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz (Sizdikov), kuanysh.arynov@ayu.edu.kz (Arynov), mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz (Bakhtybayev)

Abstract. As known, the ancient history of the city of Syganak lies underground. There are archaeological data in its archive. Therefore, by studying our own history and cultural monuments, we can acquaint the younger generation and the whole world with our history and culture. In addition, we can restore our damaged historical monuments and pass them on to future generations. To do this, we decided to analyze the results of archaeological research in the city of Syganak, which are found in historical data, and introduce them into scientific circulation.

The article highlights the field research of researchers of the Scientific Research Institute of Archeology of the H.A. Yasawi International Kazakh-Turkish University in the medieval settlement of Syganak. The article highlights the results of excavations carried out at excavation site No. 18 and section No. 1, and shows that it consists of two stages of building horizons. After analyzing the vessels and fragments of ceramics, it was found that the upper layer belongs to the XVII–XVIII centuries, and the lower one to the XV–XVI centuries. In addition, during the excavations at this site, a family burial was discovered and described in this article. Analyzing the fragments of pots and pottery fragments obtained from section No 1, it was established that the upper layer belongs to the 19-th century, and the lower one, to the period of the 17-th-18-th centuries.

Key words: Syganak, gate, castle, Syrdarya, middle ages, medieval cities.

Кіріспе. Қазақ даласының қай өңірін алып қарасақта тарихқа толы екенін көруге болады. Қазақстан жерінде өмір сүрген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы т.б. көптеген тайпалар өздерінің қалыптастырған мәдениетін тарихта қалдырып отырған. Бізге жетіп отырған қазіргі таңдағы тарихи ескерткіштеріміз соның куәсі болып табылуда. Тарихи мұраларымыздың арасында еліміздегі ортағасырлық қалалардың орны ерекше. Сырдың ортаңғы және төменгі ағысында орналасқан қалалар еліміздің өткен тарихы жайында құнды мағлұматтар беруде. Ұлы Жібек жолының бойында бой көтерген ортағасырлық қалалар өз кезеңінде мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамыған орталықтар болды. Мақаламызда Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық ірі орталықтардың бірі болған Сығанак қаласында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жайында сыр шертпекпіз.

Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі ортағасырдағы қалалардың бірі Сығанақ қаласы – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Сунақ ата ауылынан солтүстік батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Өткен тарихымызда Қыпшақ хандығының (XI–XIII ғғ.), Ақ Орданың (XIV–XV ғғ.), Қазақ хандығының (XV–XVI ғғ.) астанасы болған (Жолдасбаев, 2009: 3) бұл қалашық қазіргі кезге төбе ретінде келіп жеткен. Ауыл тұрғындары қалашықтың орны бір кездері айтарлықтай биік төбе болғандығын, 1960 жылдардан кейін аграрлық саясат негізінде қолға алынған күріш шаруашылығы салдарынан төбе маңындағы жерлер күріш егістігіне айналуының нәтижесінде жер асты суларының көтеріліп биік төбе ретінде сақталып келген қалашық орнының шөге бастағандығын тілге тиек етеді. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың соңында тіршілігі тоқтаған ескерткіш орны манайдағы тұрғындардың зиратына айналып, мәдени қабаттарының бұзылу қауіпіне дейін жеткен.

Биік қорған қабырғасымен қоршалған Сығанақ қалашығының өткен тарихын кешенді түрде зерттеу, ескерткіштің Қазақ хандығы тұсындағы рөлі мен маңызын анықтау, қалашықты танымал ету үшін негіз жасау, ескерткішті қасиетті, жергілікті, халықаралық туризм бағыттарында қолданысқа енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылуда.

Материалдар мен әдістер. Мемлекетіміздің тарихи қалыптасуындағы ортағасырлық Сығанақ қалашығының рөлін анықтау мақсатында археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Ортағасырлық жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыра отырып, ескерткіштің пайда болу, даму және құлдырау кезеңдері, қаланың әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі мен даму заңдылықтарын анықталуда. Сығанақ қалашығының орта ғасырлар кезеңіндегі маңызы мен рөлі және оның мемлекетіміздің тарихи қалыптасуына қосқан үлесі туралы деректер топтастырылуда. Сонымен қатар, археологиялық материалдарды зерттеу, өңдеу және талдау әдістемесін, оның ішінде қазіргі заманғы технологиялар мен зерттеулерді пайдалана отырып ескерткіштің өткен тарихы зерттелуде. Сабақтас пәндердің мамандары мен реставраторларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарта отырып, табылған жәдігерлерді химиялық тазарту, консервациялау, жетіспейтін бөліктерді қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ескерткіштің фотофиксациясы анықталуда.

Талқылау. Алғашқы орыс ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда Сығанақ қаласына XIX ғасырдың екінші жартысында көңіл бөле бастағандығын аңғаруға болады. Алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды зерттеу мақсатында жіберіледі. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқандығы туралы және сол кездегі сақталуы жайында ақпарат берген (Лерх, 1870: 38). Ал 1892 жылы өлкетанушы Е.А. Смирнов Ташкенттен Қызылордаға жасаған барлау жұмыстары кезінде Сығанақ қаласында болып, оның аумағымен, Төменарық пен қаланың суландыратын жүйесін сипаттаған. Өкінішке орай, қала туралы ешқандай мағлұмат келтірмеген (Смирнов, 1897: 7). Ал, 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттаған және қаланың шығыс қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. Сонымен қатар ғалым ортағасырлық Сығанақ қаласын сипаттай келе, қала қамал қабырғаларымен қоршалғандығы жайында, қызыл кірпіштен жасалған мешіт күмбездері жартылай сақталғандығы жайында мағлұматтар береді (Каллаур, 1900). 1906 жылы қалада археолог И.А. Кастанье зерттеу жұмыстарын жүргізіп, В.А. Каллаурдың қала туралы жазған мағлұматтарын толықтыра түседі (Кастанье, 1911: 189–192).

1927 жылы РА-ның жанындағы Материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласында А.Ю. Якубовский зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол қаланың топографиясына ерекше көңіл бөліп, қала жанындағы сақталып тұрған ескерткіштердің суретін түсіріп, сипаттайды. Сонымен қатар, ғалым қала туралы мағлұматтарды жинақтай отырып, ғылыми мақаласын жарыққа шығарады (Якубовский, 1929: 123-159).

1947 жылы қалаға ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А. Бернштам ескерткіш аумағында болып, қаланың топографиялық жобасын түсіріп, жинастырылған материалдар негізінде қаланың б.з.б. кезеңнен, яғни, қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығы туралы мағлұмат келтіреді (Бернштам, 1949: 59–99). Сонымен қатар, қалада ОҚАЭ-ның мүшесі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау барысында жұмыс жүргізіп, жинастырылған материалдар негізінде қаланың V–VIII ғасырда өмір сүріп, одан кейін құлдырап, XII–XVI ғасырларда қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады (Агеева, Пацевич, 1958: 206–208). Дегенмен, жоғарыда аты аталған ғалымдар қалада археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген, тек барлау жұмыстарын жүргізе отырып, қаланы және қала маңындағы ескерткіштерді сипаттаған. Сонымен қатар, қала үстіндегі материалдарды жинастыра отырып, қаланың өмір сүру кезеңін анықтауға тырысқан.

XX ғасырдың 70-ші жылдары қалаға ОАЭ-ның Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А. Ақышев пен К.М. Байпақовтар қаланы топографиялық жағынан зеріттеп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1970).

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың ешбірі қалада археологиялық қазба жұмыстарын

жүргізбеген. Соның әсерінен қала ғалымдардың назарынан тыс қалып, 2000 жылға дейін зиратқа айналып кеткен. Қаланың археологиялық жағынан сақталу жағдайы өте нашар. Ескерткіште 2003 жылдан бері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археолог ғалымдары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Кешенде осы күнге дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың шығыс қақпасы, қақпа маңындағы қамал қабырғалары, қала аумағындағы тұрғын үй бөлмелері, қаланың орталық мешіті, қала аумағындағы кесенелер ашылып, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар, қаланың екі жеріне стратиграфиялық кесінділер салынып, қаладағы мәдени қабаттардың хронологиясы анықталды (Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013: 77–78).

Нәтижелер. Т.ғ.д., профессор С.Ж. Жолдасбаевтың жетекшілігімен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Археология ғылыми-зерттеу институтының Сығанақ археологиялық экспедициясы құрылып, ортағасырлық Сығанақ қалашығында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Сығанақ археологиялық экспедициясы далалық жұмыстарын орталық мешіттің оңтүстік бөлігіндегі, яғни 2019 жылы 11x1 м құрайтын №1 кесіндінің орнында қазба жұмыстары жүргізілді (Жолдасбаев т.б., 2019: 16–17). Осы кесіндінің нәтижесінде №18 қазба нысанының ашылу бағыты нақтыланды. Зерттеу жұмыстары барысында №18 қазба алаңында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде екі құрылыс кезеңі анықталды. Бірінші құрылыс кезеңі жер бетіне жақын болғандықтан қатты бұзылып кеткен. Ашылған бөлмелер толық сақталмағандықтан бір қатар бөлігі алынып тасталды. Сонымен қатар, аталмыш алаңда жүргізілген қазба жұмыстары барысында бір әулетке тән ағаш табытқа жерлеу орындары анықталды. Мұндай ағаш табытпен жерлеу орындары қала маңындағы кесенелердің бірінде анықталды (Искендинова т.б., 2019: 92). Екінші құрылыс кезеңінің екі бөлмесі анықталып ашылды. Қазба алаңында ашылған бөлмелердің бірқатар қабырғалары қазба жиегінің астында қалғандықтан толық ашылмай қалды. Себебі, осы жылғы қазылатын 10x15 м құрайтын алаңнан тысқары болды. Аталмыш нысаннан алынған құмыралар мен керамика сынықтарына талдау жасай отырып, жоғарғы қабатының XVII–XVIII ғасырлар аралығына жататындығы, ал төменгі қабаттың XV–XVI ғасырлар аралығына жататындығы анықталды (Жолдасбаев т.б., 2016: 98–134).

Бірінші құрылыс кезеңі. Қазба алаңының ең биік нүктесінен 0,5 м тереңдіктен күйдірілген кесектен қаланған бірінші құрылыс кезеңінің бөлмесі ашылды және оны шартты түрде асхана бөлмесі деп белгіленді. Қабырғалардың бір-екі қатар қыштары ғана сақталған және ашылған қабырғалардың қыштары толығымен сақталмаған. Осы аралықтар құланды бос топырақтар мен қыш сынықтарынан тазартылып, асхана бөлмесі ашылды. Бөлменің жалпы аумағы 3x4 м және солтүстік және шығыс қабырғалары жартылай сақталған. Ашылған бөлме еденіне көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қыш төселген. Осы үлгідегі күйдірілген кесектер Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласындағы қазба кезінде анықталған XI–XIV ғғ. құрылыс нысандарынан көруге болады (Акумбек, Ваибугинов, 2013: 1236). Еден төсенділерінің оңтүстік бөлігі ғана сақталған. Асхана бөлмесінің оңтүстік қабырғасы орта деңгейде сақталған және қам кесектен қаланған. Қам кесектен қаланған оңтүстік қабырға оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Қабырғаның сақталған биіктігі 0,3-0,5 м, қалыңдығы 1 м, ұзындығы 3 м. Қабырғаның сыртында әр жерлерінде гипстен сыланған сылақтары сақталған. Асхана бөлмесінің батыс қабырғасы сақталмағандықтан анықталған жоқ. Асхана бөлмесінің шығыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатыр. Ашылған қабырға бір қатар қыш дейгейінде, яғни 25-30 см биіктікте сақталған. Ал, ұзындығы 4 м, қалыңдығы 1 м болып келетін қабырға ашылды. Асхана бөлмесінің солтүстік қабырғасы сақталмағандықтан анықталған жоқ. Оңтүстік қабырғаның батыс бөлігінен жартылай сақталған екі тандыр орны ашылды.

Тандырдың ернеуінің аумағы 0,8 м, сақталған биіктігі 0,5 м, жиегінің қалыңдығы 5 см және тандыр ішіндегі түгіндік шығатын мұржа ойығының аумағы 0,15 м. Бірінші тандырдың оңтүстік бөлігінде орналасқан мұржаның ұзындығы 0,6 м, ені 0,3 м, ойығының тереңдігі 0,2 м. Сондай-ақ, мұржаны оңтүстік қабырға ішіне күйдірілген қышты қалау арқылы орналастырған. Сонымен қатар, тандыр іші ирек сызықты өрнектермен ойылып көмкерілген.

Бұл ирек сызықтар тандыр ішіне салынған нан өнімдерін ұстап тұру үшін жасалған. Тандыр сыртын күйдірілген қыш сынықтарын тігінен қалап шыққан. Бірінші тандырдың батыс бөлігінде екінші тандыр орналасқан. Оның сақталу деңгейі өте нашар және қабырғалары үгітіліп тұр. Жартылай сақталған тандыр ернеуінің аумағы 0,5 м, сақталған биіктігі 0,4 м, жиегінің қалыңдығы 3–4 см. Тандырдың оңтүстік-батыс бөлігі ғана сақталған.

Қазба алаңының оңтүстік бөлігінен бірнеше қоқыс тастайтын шұңқыр орындары анықталып, іші табанына дейін тазартылды. Бірінші құрылыс кезеңінің № 1 қоқыс шұңқыры қазба алаңының оңтүстік-батыс бөлігінде 0,3 м тереңдіктен анықталды. Ашылған қоқыс шұңқырының аумағы 1,2 м, тереңдігі 0,7 м.

Осы қоқыс шұңқырының солтүстік-батыс бөлігінде қосарлана № 2 қоқыс шұңқыры орналасқан. Оның аумағы 1 м, тереңдігі 0,7 м. Қоқыс шұңқырының ішін тазалау барысында 0,4 м тереңдіктен

ұзындығы 0,6 м болып келетін күйдірілген қыш сынықтарының қаландысы орналасқан. Соған қарағанда қоқыс шұңқыры жоғарғы құрылыс кезеңінің қабырғасын бұзып кеткен болса керек.

№1 қоқыс шұңқырының оңтүстік-батыс бөлігінде №3 қоқыс шұңқыры қосарлана орналасқан. Оның аумағы 1 м, тереңдігі 0,2 м. Бір-біріне қосарлана орналасқан қоқыс шұңқырларының ішін күл аралас бос топырақтан тазалау барысында ұсақ мал сүйектері мен ыдыс сынықтары теріліп алынды.

№4 қоқыс шұңқыры қазба алаңының оңтүстік бөлігінде 0,4 м тереңдіктен екінші құрылыс кезеңінің қабырғасының үстінен қазылған. Анықталған қоқыс шұңқыры табанына дейін күл аралас топырақтан тазартылды және оның аумағы 1,1 м, тереңдігі 0,5 м. Сондай-ақ, №4 қоқыс шұңқырының солтүстік-шығыс жиегінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатқан бірінші құрылыс кезеңінің қабырғасы ашылды. Анықталған қабырғаның сақталған ұзындығы 1,2 м, қалыңдығы 0,4 м, биіктігі 0,3 м. Сонымен қатар, осы қабырғадан оңтүстікке қарай ұзындығы 0,5 м, қалыңдығы 0,4 м кұрайтын бір қатар күйдірілген қыш сынықтарынан қаланған қабырға қалдығы орналасқан. Ашылған осы қабырғаны №4 қоқыс шұңқырды қазу кезінде бұзып кеткен.

№5 қоқыс шұңқыры қазба алаңының оңтүстік-шығыс бұрышынан 1 м тереңдіктен анықталды. Анықталған қоқыс шұңқырының аумағы 1,3 м, тереңдігі 0,5 м. Қоқыс шұңқырының іші күл аралас бос топырақтан табанына дейін тазартылды. Ашылған қоқыс шұңқыры екінші құрылыс кезеңінің кесектен қаланған қабырғасын бұзып кеткен.


№6 қоқыс шұңқыры қазба алаңының оңтүстік-батыс бөлігінде, № 5 қоқыс шұңқырының солтүстігінде 1 м тереңдікте орналасқан. Ашылған қоқыс шұңқырының іші күл аралас бос топырақтан табанына дейін тазартылды. Сонымен қатар ішінен ыдыс сынықтары мен ұсақ мал сүйектері шықты. Оның аумағы 1,2 м, тереңдігі 0,4 м.



1-сурет Қазба алаңындағы жерлеу орны

Қазба алаңының шығыс бұрышынан, яғни асхана бөлмесінің шығысында оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатқан бөлме қабырғасының батыс және солтүстік қабырғалары анықталды. Шығыс қабырғасы қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталған жоқ. Оңтүстік қабырғасы ашық бастырмалы болса керек. Себебі, бөлме қабырғасының бітер тұсында баған тіреуінің астына қойылған тау тасы орналасқан. Бұрышқа қойылған тау тасының биіктігі 0,5 м, ұзындығы 0,4 м, қалыңдығы 0,3 м. Жартылай ашылған бөлме қабырғасының батыс қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатыр. Оның ұзындығы 2,2 м, сақталған биіктігі 0,3 м, қалыңдығы 0,3 м. Қабырға күйдірілген қыш сынықтары мен қам кесектен қаланған. Бөлменің солтүстік қабырғасы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатыр. Оның ашылған ұзындығы 1 м, биіктігі 0,3 м, қалыңдығы 0,3 м. Қабырғаның шығыс бөлігі қазба жиегінің астында қалғандықтан толық ашылған жоқ.

Қазба алаңындағы Асхана бөлмесінің солтүстік-батыс бөлігінде сыпа үстіне ағаш табытпен жерленген 7 адам қаңқасы ашылды. Анықталған табыттың астыңғы бөлігінің ағаш шірінделері ғана сақталған. Адам қаңқаларын ашу барысында ағаш қалдықтары мен қатты тотығып кеткен бірнеше шегелер табылды. Соған қарағанда адамдарды ағаш табытпен жерлеген. №7 жерлеу орны ғана күйдірілген қышпен үй жасау арқылы жерленген. Ашылған адам қаңқасына солтүстіктен бастап реттік санмен сипатталып, беріліп отыр (1-сурет).



1 сызба Қазба №18. Бірінші құрылыс кезеңінің биіктіктері

№1 адам қаңқасының жамбас, оң жақ балтыр сүйегі және оң жақ қол сүйектері ғана анықталды, толық сақталмаған. Солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жерленген адам қаңқалары қозғалып кеткен. Ашылған адам қаңқасының ұзындығы 1,2 м.

№2 адам қаңқасы анатомиялық толық сақталған. Бет жүзі солтүстік-шығысқа қаратылып жерленген, толық ұзындығы 1,2 м. Сол жақ аяғының тізе тұсында адам қабырғасы шашылып жатыр.

№3 адам қаңқасы анатомиялық толық сақталған. Бет жүзі солтүстік-батысқа қаратылып жерленген мүрденің ұзындығы 1,7 м. Оң қолы мен сол қолы шынтақ тұсынан бүгіліп, ішіне қойылған. Сонымен қатар, мүрденің үстінде ретсіз өзге адам сүйектері шашылып жатыр.

№4 адам қаңқасы анатомиялық толық сақталмаған. Бет жүзі солтүстік-батысқа қаратылып жерленген адамның ұзындығы 1,6 м шамасында. Ашылған адам қаңқасының тізе тұсында адамның бас сүйегінің артқы бөлігі және өзге де адам сүйектері шашылып жатыр.

№5 адам қаңқасы анатомиялық толық сақталмаған. Бет жүзі солтүстік-шығысқа қаратылып жерленген адамның ұзындығы 1,5 м шамасында. Бас сүйегі тұсынан сексеуіл тамыры бұзып, қозғап жіберген. Сондай-ақ, сүйектер қозғалып, ретсіз жатыр.

№6 адам қаңқасы анатомиялық толық сақталмаған. Ретсіз жатқан адам қаңқасының ұзындығы 1,7 м шамасында. Осы мүрденің жамбас тұсында және оң жақ иық тұсында адамның екі бас сүйегі орналасқан.

№7 жерлеу орны көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Бет жүзі батысқа қаратылып жерленген адам қаңқасы анатомиялық толық сақталған. Оң қолдың шынтағынан бүгіп, төс тұсына қойған. Ал, сол қолын шынтағынан бүгіп, іш тұсына қойған. Сонымен қатар екі тізесін сәл бүгіп жерлеген. Адам қаңқасының ұзындығы 1,8 м.

Қазба алаңында анықталған № 1-6 адам қаңқалары толығымен жерлеу орнынан алынып, өзге орынға жерленді. Адам қаңқаларының жатқан жерін тазалау барысында №6 жерлеу орнының бас тұсында үш аяқты темір қазан анықталды. Темір қазан қатты тотығып кеткен.

Сондай-ақ, осы жерлеу орнының солтүстік-батыс бөлігінде оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатқан қабырға анықталды. Қабырға көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қыштармен қаланған. Ашылған қабырғаның ұзындығы 3,2 м, қалыңдығы 1,5 м, биіктігі оңтүстік жағы 0,1 м, солтүстігінде 0,3 м. Сонымен қатар ашылған қабырғаның оңтүстік бөлігі қазба жиегінің астында қалғандықтан толық ашылған жоқ. Қазба жұмыстары барысында анықталған бірінші құрылыс кезеңінің жобасы мен тік кесіндісі сызылды (1-сызба).



2-сурет Қазба алаңында ашылған екінші құрылыс кезеңінің әуеден көрінісі

Екінші құрылыс кезеңі. Қазба жұмыстарын әрі қарай жалғастыру барысында 0,7 м тереңдіктен екінші құрылыс кезеңінің екі бөлмесі анықталды. Бірінші бөлме қазба алаңының орталық бөлігінде, яғни бірінші құрылыс кезеңінде орналасқан асхана бөлмесінің астында орналасқан (2-сурет).

Бөлме 1. Бөлменің шығыс қабырғасы ғана ашылды. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан қабырғаның ұзындығы 4 м, сақталған биіктігі 0,7 м, қалыңдығы 0,8 м. Қабырға көлемдері 20x20x40 см болып келетін қам кесектен қаланған. Осы қабырғаның үстінде 0,1 м қалыңдықта әк аралас топырақ төселген. Оның үстіне бірінші құрылыс кезеңінің бір қатар күйдірілген қыштан қаланған қабырғасы орналасқан. Осы көлемдегі қам кесектер қаланың шығыс қақпасындағы қорған қабырғаларында қаланған (Жолдасбаев және т.б. 2012: 185). Ал оңтүстік қабырғасы бірінші құрылыс кезеңіндегі тандыр құрылысының астында қалғандықтан ашылмады. Ал, батыс қабырғасы жоғарғы құрылыс кезеңіндегі жерлеу орнымен байланысып жатқан болуы мүмкін. Бөлменің солтүстік қабырғасы қазба жиегінің астында қалғандықтан толық ашылған жоқ.



2-сызба Қазба №18. 1,2 құрылыс кезеңдерінің тік кесіндісі

Бөлме 2. Қазба алаңында ашылған екінші бөлменің жалпы аумағы 1,5x4 м. Бөлме іші еден деңгейіне дейін құланды бос топырақтардан тазартылды. Бөлменің қабырғалары сыртындағы сылағымен жақсы сақталған және көлемдері 24x12x10 см болып келетін қам кесектен қаланған. Көлеміне қарап бұл ашылған бөлме дәліз қызметін атқарған болса керек. Сонымен қатар, ашылған бөлменің солтүстік-шығыс бөлігінде бірінші құрылыс кезеңінің тандыр бөлмесі орналасқан. Батыс қабырға; оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатқан қабырғаның ұзындығы

1,5 м, биіктігі 0,6 м, қалыңдығы қазба жиегінің астында қалғандықтан анықталған жоқ. Қабырға еденде 0,15 м биіктікте тапталған, топырақ төселген. Оның бетіне төрт қатар қам кесек қаланған. Бұл қабырға солтүстік және оңтүстік қабырғалармен еш байланыссыз қаланған. Соған қарағанда қабырға кейіннен жабылған болса керек. Солтүстік қабырға; оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан қабырғаның ұзындығы 4 м, биіктігі 0,7–0,8 м, қалыңдығы 0,8 м. Қабырғаның солтүстік-батыс бөлігінде көлемі 0,4x0,4 м болып келетін ниша орналасқан. Сондай-ақ, қабырғаның солтүстік бөлігінде тандыр құрылысы орналасқан және осы қабырға арқылы түгіндік мүржасын шығарған. Қабырғаның шығыс бұрышын 0,8 м аралықта бірінші құрылыс кезеңінің қоқыс шұңқыры бұзып кеткен. Ашылған қабырғаның сақталуы жақсы және сырты сабан қосып сыланған, қалыңдығы 0,5–1 см аралықта. Шығыс қабырға; оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан қабырғаның ұзындығы 1,5 м, биіктігі 0,8 м, қалыңдығы 0,8 м. Ашылған қабырғаның сақталуы жақсы және сырты сабан қосып сыланған, қалыңдығы 0,5–1 см аралықта. Қабырғаның сыртқы бөлігін бірінші құрылыс кезеңінің қоқыс шұңқыры бұзып жатыр. Оңтүстік қабырға; оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 4 м, биіктігі 1 м, қалыңдығы 0,8 м. Қабырға астына еден деңгейінен 0,5 м биіктікте әк аралас бос топырақ төселіп, үстіне көлемдері 24x12x10 см болып келетін қам кесектен қаланған. Сонымен қатар қазба кезінде ашылған құрылыс нысандарының жобасы мен тік кесіндісі сызылды (2-сызба).

Кесінді. Сығанақ қалашығының шығыс қақпасының кіреберісінен батыс бағытқа, қала орталығына бағытталған көше бойының 240 метрінің оң қапталынан зерттеу жүргізілу үшін, көлемі 25x25x2 м төбешік таңдалды. Зерттеу орыны шартты түрде «Кесік №1» деп белгіленді. Кесік төбешік етегінен жоғары қарай солтүстік бағытқа қарай бағытталып, көлемі 15x2 м жер белгіленіп, зерттеу жүргізу жоспарланды. Төбешіктің үстін сексеуіл, қарабарқын және шөп басқан. Зерттеу жұмысына дейін төбешік үстінде көптеген майдаланып кеткен қыш ыдыс сынықтары, сексеуілдің қураған бұтақтары және сүйектер шашылып жатты. Әр жерден кесек-кесек темір қорытпалары да анықталды.

Зерттеу жұмысына дейін төбешік үстінен төмендегідей ыдыс сынықтары алынды.

1. Ауыз ернеуінің сынығы бар, боялмаған қыш ыдыс. Ернеуі сыртқа қарай қайырыла жасалған. Ауыз ернеуінің аумағы 18 см, сақталған биіктігі 5 см, қалыңдығы 0,5 см.

2. Ауыз ернеуінің сынығы бар, боялмаған қыш ыдыс. Ернеуі сыртқа қарай қайырыла жасалған. Ауыз ернеуінің аумағы 35 см, сақталған биіктігі 4 см, қалыңдығы 1,0 см.

3. Ауыз ернеуінің сынығы бар, боялған ыдыс. Жасыл түсті. Ауыз ернеуінің аумағы 18 см, сақталған биіктігі 2 см, қалыңдығы 0,5 см.

Алғашқы зерттеу төбешіктің үстін сексеуіл, қарабарқын және шөптерді тазалаудан басталды. Зерттеу жұмысы нысанның оңтүстік нүктесінен солтүстік бағытқа қарай бес метр жердегі керткі жерден бастау алды. Беткі қабаты бір күрек бойы үрлеме топырақ пен борпылдақ топырақтан тазартылғаннан кейін, астыңғы қабатын анықтау мақсатында тазалана қырылып, сыпырылды. Кесіктің оңтүстік бөлігінен әр жерден ретсіз жатқан кесек сынықтарынан басқа ештеңе көріне қоймады. Ал солтүстік бөлігінен тігінен қаланған көлемі 25x5 см қи кесек анықталды. Бұл қи кесектер 0,5 м-ге дейін жалғасты. Қидан жасалған мұндай тұрғын үйлерде қалада ХІХ ғасырдың І жартысында өмір сүрген тұрғындардың тұрақтары (Жетібаев және т.б. 2020: 188). Қаланың жоғарғы құрылыс кезеңінің барлығы осы қи кесектен қаланған тұрғын үйлерде қоныстанған (Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013:312). Оңтүстік бөлігінен 0,5 м тереңдіктен көлемі 120x110 м кесек қаландысының нобайы көрінді. Кесек қаландысының оңтүстігінде көлемі 30x30 см шұңқыр орналасқан. Кесек қаландысының қандай құрылыс бөлігі екендігін зерттеу барысы көрсетеді.

Келесі кезекте кесіктің оңтүстік шеткі нүктесінен 2,5 м-ден бір күрек бойымен (30 см) сатылап аршыла бастады. Кесік жоғарғы нүктесінен төмен қарай еңіс болғандықтан 50–60 см-дей тереңдетіліп, төменгі оңтүстік нүктесі жол деңгейімен теңестірілді.

Кесек қаландысының жан-жағын тазалау кезінде, кесек қаландысының жалаң қабат екендігі белгілі болды. Қаланды солтүстік бағытқа қарай алты қатар етіп қаланған.

1-қатар. Көлденеінен тігінен қаланған. Кесек көлемі 23x18x8 см.

2, 3-қатар. Ұзына бойы тігінен қаланған. Кесек көлемі 30x18x8 см.

4-қатар. Көлденеінен тігінен қаланған. Кесек көлемі 23x18x8 см.

5-қатар. Көлденеінен тігінен қаланған. Кесек көлемі 23x18x8 см.

6-қатар. Ұзына бойы тігінен қаланған. Кесек көлемі 30x18x8 см.

Кесіктің солтүстік шетінің 0,8 м тереңдікте (II ярус) ЖҚҚ-ның (Жоғарғы құрылыс қабатының) еден деңгейінен таға тәрізді ошақ анықталды. Көлемі 0,4x0,3 м, тереңдігі 23 см. Ішінен қара түсті күл аралас топырақ алынды. Ошақтың оңтүстігінен 0,6 м жерде аумағы 0,3x0,3 м, тереңдігі 0,2 м шұңқырдан қара-сұр түсті топырақ аралас күл төгілген жер бар екендігі белгілі болды. Күл арасынан түйіршік-түйіршік темір қорытпалары анықталды.

Осы қабатта ортадағы кесек қаландысының солтүстік шығыс бұрышынан ретсіз жатқан төрт кірпіш аршылды. Аталған кірпіштерді ешқандай құрылыс бөлігіне ұқсата алмадық. Ішіндегі бір кірпіштегі күйік іздері әлде бір ошақтың бұзылған кірпіштері екендігінен хабар береді. Кесек қаландысының оңтүстігінде 1,1 м тереңдікте ІҚҚ-на тән кірпіш төсенділері көріне бастады (III ярус).

Келесі кезекте ортадағы кесек қаландысының астын зерттеу мақсатында, сызбасы түсіріліп, фотофиксация жасалғаннан кейін қаланды алынып тасталды. Қаланды астынан 1ҚҚ-на тән ошақ нобайы көрінді. Кесек қаландының алынуы барысында оңтүстік бөлігінің астынан көлемі тауық жобалас құс сүйегі анықталды.

Кесіктің солтүстігіндегі пеш пен қара түсті күл қабаттары, аталған нысан орналасқан жердің шеберхана болғандығынан хабар береді. Ары қарай зерттеу жұмыстары барысында анықтайтын боламыз.

Осыдан кейін зерттеу жұмыстары аяқталды да, кесінді беттері тазаланып 0,50 м ярустарға бөлінді. Кесінді беттері бізге топырақ қабаты құрамы мен мәдени қалдықтардың төмендегідей екендігін көрсетіп берді (3-сызба).

Кесіндінің шығыс қимасы.

1. Кесіндінің шығыс қимасының солтүстік бөлігі 10 см шым қабаты.
2. Оның асты 1,5 ярусқа дейін қи кесектер.
3. Кесіндінің солтүстігінде, 3 ярустың орта тұсында қара күл қабаты мен кесек қаландылары орналасқан.

4. Оңтүстік бөлігі шым қабатынан кейін 3 ярусқа дейін бос топырақ.

5. 3 яруста орта көлемді құмыра мен кесек қаландысы анықталды.


6. Ал қалған бөліктері құланды мен бос топырақтан тұрады.

Кесіндінің солтүстік қимасы.

1. 10 см шым қабатынан кейін 2 ярусқа дейін құланды бос топырақ.

2. 3 яруста 20 см күл аралас бос топырақ.

3. 3 яруста 25 см қара түсті күл қабаты мен ошақ мүржасы тәрізді ойық байқалды.



3 сызба Кесіндінің шығыс және солтүстік қималары

Қорытынды. Қорыта келе, маусымдық далалық зерттеу жұмыстары барысында №18 қазба алаңында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде екі құрылыс кезеңі анықталды. Бірінші құрылыс кезеңі жер бетіне жақын болғандықтан қатты бұзылып кеткен. Сонымен қатар, аталмыш алаңда жүргізілген қазба жұмыстары барысында бір әулетке тиесілі жерлеу орны ашылды. Себебі, қалашық орны XIX ғасырда биік төбе болып жатқандықтан маңайдағы тұрғындар қаза тапқан туыстарын жерлеп зират ретінде пайдаланған. Жоғарыда айтып өткеніміздей 2003 жылы ескерткіште қазба жұмыстары басталмас бұрын қала орны зират қызметін атқарып келген болатын.

Далалық зерттеу жұмыстары барысында екінші құрылыс кезеңіне жататын екі бөлме анықталды. Қазба алаңында ашылған бөлмелердің бірқатар қабырғалары қазба жиегінің астында қалғандықтан толық ашылмады. Себебі, қазылған 10x15 м құрайтын қазба алаңынан тысқары болды. Аталмыш нысаннан алынған құмыралар мен керамика сынықтарына талдау жасай отырып, жоғарғы қабатының XVII–XVIII ғасырлар аралығына жататындығы, ал, төменгі қабаттың XV–XVI ғасырлар аралығына жататындығы анықталды.

№1 кесіндіде жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде екі құрылыс қабаты анықталды. Тазалау жұмыстары барысында анықталған ошақ пен қара түсті күл қабаттарды негізге ала отырып, аталған нысан орналасқан жердің шеберхана болғандығынан хабар береді. Қазба алаңынан алынған құмыралар мен керамика сынықтарына талдау жасай отырып, жоғарғы қабатының XIX ғасырға жататындығы, ал төменгі қабаттың XVII–XVIII ғасырлар аралығына жататындығы анықталды.

Әдебиет тізімі

Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. 2013, Volume 9, Issue 5, 73-82 pp.

Akymbek Y., Baibugunov B. Minaret of Medieval City Aktobe // World Academy of Science, Engineering and Technology. 2013, Vol: 78, pp. 1235–1238 pp.

Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН Каз ССР. Т.5. Алматы: 1958. С. 215.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ермаков Л.Б. Древний Отрар. (топография, стратиграфия, перспективы). Алма-Ата: Издательство «НАУКА» Казахской ССР, 1972. С. 214.

Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. 1949. Выпуск 2. С. 59–99.

Жетібаев К., Жолдасбаев С., Арынов Қ., Бахтыбаев М. Сығанақ қалашығында 2019 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері // Ясауи университетінің хабаршысы. 2020. №2 (116). 312–325 бб. <http://habarshy.ayu.edu.kz/tr/zhurnal-muragaty/#1555301655403-7bfe06bb-947d>

Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспасы, 2009. 246 б.

Жолдасбаев С., Нурханов Б.О., Бахтыбаев М., Мургабаев С.С., Арынов К.С. 2011 жылғы Ортағасырлық Сығанақ қаласында атқарылған жұмыстар // Марғұлан оқулары 2012. Астана: 2012, 185-189 бб. <http://arheology.kz/sbornik/margulanovskie-chteniya/231-margulanovskie-chteniya-2012.html>

Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Арынов Қ. Сығанақ қаласында 2015 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі мен болашағы» атты тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I бөлім. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 285 б.

Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Сиздиқов Б., Гурсой М., Амантуров М., Малдыбекова Л. «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырысы бойынша орындалған «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша 2019 жылы атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы есеп. Түркістан: 2019. 161 б.

Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С. Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран, 2016. 182 б.

Искенди́рова А., Бахтыбаев М., Мургабаев С., Арынов Қ., Амантуров М. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненного в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыганак». Ташкент: 2019. С. 92.

Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом 1219 г. // ПТКЛА. Приложения к протоколу от 7 февраля 1900.

Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: 1911. С. 189–192.

Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. Санкт-Петербург: 1870. С. 38.

Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарья. // ПТКЛА от 17 февраля 1897. С. 7.

Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. 1929. Выпуск 2. С. 123-159.

References

Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan //Asian Social Science. 2013. Volume 9, Issue 5, pp. 73-82. [in English]

Akymbek Y., Baibugunov B. Minaret of Medieval City Aktobe//World Academy of Science, Engineering and Technology. 2013. Vol: 78, pp. 1235–1238. [in English]

Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlyhposelenni i gorodov Iujnogo Kazahstana. [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan].Trudy IIAE AN Kaz SSR. T.5. Almaty, 1958.p.p. 215. [In Russian]

Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B. Drevnii Otrar. (topografiya, stratigrafiya, perspektivy). [Ancient Otrar. (topography, stratigraphy, perspectives)]. Alma-Ata: Izdatelstvo «NAUKA» Kazahskoi SSR, 1972. pp. 214. [In Russian]

Bernshtam A.N. Problemy drevnei istoriii etnogeneza Yuzhnogo Kazahstana [Problems of ancient history and ethnogenesis of South Kazakhstan]. Izvestia AN Kaz SSR. Seriiia arheologicheskaya. Vypusk 2. Almaty, 1949. pp.59–99. [In Russian]

Zhetibaev K., Zholdasbaev S., Arynov K., Bahtybaev M. Syganak kalashygynda 2019 zhyly zhurgizilgen arheologialyk zertteu zhumystarynyn natizheleri. [The results of archeological research in 2019 in the town of Syganak]. Iasaui universitetinin habarshysy. 2020. №2 (116). pp. 312–325. [In Kazakh]

Zholdasbaev S. Ortagasyrlyk Syganak kalasy (X–XVIII gg.). [Medieval city of Syganak (X-XVIII centuries)]. Turkistan: Turan baspasy, 2009. Pp.246 [In Kazakh]

Zholdasbaev S., Nurhanov B., Bahtybaev M., Murgabaev S., Arynov K. 2011 zhylyg Ortogasyrlyk Syganak kalasynda atkarylğan zhumystar. [Work done in the medieval city of Syganak in 2011]. Margulan okulary 2012. Astana: 2012. Pp. 188 [In Kazakh]

Zholdasbaev S., Zhetibaev K., Bahtybaev M., Arynov K. Syganak kalasynda 2015 zhyly zhurizgilgen arheologiyalyk zertteu zhumystary. [Archaeological excavations in Syganak in 2015]. «Kazakstannyn tarihi-madeni muralarynyn ozekti maseleleri: otkeni, bugini men bolashagy» atty tarih gylymdarynyn doktory, professor Madiyar Eleuovtyn 70 zhyldyk mereitoiyna arnalgan halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary. I bolim. Almaty: Kazak universiteti, 2016. Pp. 285.[In Kazakh]

Zholdasbaev S., Zhetibaev K., Bahtybaev M., Murgabaev S., Arynov K., Sizdikov B., Gursoy M., Amanturov M., Maldybekova L. «Kizilorda oblisinin madeniet, muragattar zhane kuzhattama baskarmasinin Kizilorda oblastik tarihi zhane madeni eskertkishterdi korgau zhonindegi» kommunaldik memlekettik mekemesi tapsirisi boynsha orindalgan «Kizilorda oblisi, Zhanakorgan audanindagi Siganak kalashigina arheologiyalik zertteu zhumistarın zhurgizu» takiribi boynsha 2019 zhyly atkarilgan gilymi-zertteu zhumistari zhaily esep. Turkistan: 2019. p.p.161. [In Kazakh]

Zholdasbaev S.Zh., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S. Syganak zhadigerleri. [Artifacts of Syganak]. Turkistan: Turan, 2016. p.p.182.[In Kazakh]

Iskendirova A., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S., Arynov K., Amanturov M., Otchet o nauchno-issledoval'tel'skoj rabote po itogam 2019 goda vypolnennogo v ramkah programmy Ministerstva inostrannyh del RK po teme «Arheologicheskie issledovaniya nekropolya srednevekovoe gorodishche Syganak». Tashkent: 2019. p.p.92. [In Russian]

Kallaur V.A. Drevnie goroda Saganak (Sunak), Ashnas ili Eshnas (Asanas) v Perovskom uezde, razrushennye Chingiz-hanom 1219 g. [The ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) in the Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219.]. PTKLA. Prilozheniya k protokolu ot 7 fevraliya 1900. [In Russian]

KastaneI. A. Nadgrobnye sooruzheniya kirgizskih stepei.[Gravestones of the Kyrgyz steppes]. Orenburg: 1911. p.p. 189-192. [In Russian]

LerhP. Arheologicheskaya poezdka v Turkestanskii kraj v 1867 godu. [Archaeological trip to Turkestan region in 1867]. Sank-Peterburg: 1870. Pp. 38. [In Russian]

Smirnov E.A. Drevnosti na srednem i nizhnem techenii r. Syrdari. [Antiquities in the middle and lower reaches of the river Syrdarya]. PTKLA ot 17 fevralia 1897. Pp.7. [In Russian]

Yakubovskii A.Iu. Razvaliny Sygnaka. [Ruins of Sygnak a]. Soobsheniya GAIMK. 1929. Vol. 2, pp.123-159. [In Russian]

IRSTI 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_1_219

THE ROLE OF SACRED SITES IN THE DEVELOPMENT OF DOMESTIC TOURISM IN KAZAKHSTAN

Dinara Abdigaliyeva¹, Batyrkhan Zhumabayev^{2*}, Bibigul Isabayeva³

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Nur-Sultan

^{2*}L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Nur-Sultan

³Turan University. Kazakhstan, Nur-Sultan

*Corresponding author:

Email: zhumabaevbatyrkhan@gmail.com (B. Zhumabayev), email: mars_diko@mail.ru (D. Abdigaliyeva), email: issabayeva@inbox.ru (B. Isabayeva)

Abstract. This article focuses on the analysis of stimulating the development of domestic tourism. The authors have studied the key components of tourists' motivation to visit sacred sites, and also considered the classification of historical and cultural sights. The results of the study revealed the main motives for travel, factors that attract tourists to sacred places. It is also worth noting that the article deals with the theoretical aspects of sacred space and heritage. Sacred cultural and historical heritage is an important resource for the development of tourism in Kazakhstan. Current thematic tourist routes show that there are sacred places on the territory of Kazakhstan, the visit of which leaves people with strong emotions. A special role in the preservation of historical and cultural heritage sacred sites play Shyrakshy (watchmen). To date, Shyrakshy carry out a leading role in the interpretation of communicative practice and sacred space in Kazakhstan. Shyrakshy often have real or imagined genetic connection with the priesthood of the sacred site. However, it is necessary to distinguish difference between religious tourism and pilgrimage itself. Religious tourism is understood as partly secular visits to religious sites for cultural and educational

purposes, while ritual and ritual practices are not mandatory. On the contrary, pilgrimage is associated with performing ritual actions.

Key words: sacred geography of Kazakhstan, tourism, pilgrimage, motivation of tourists, historical and cultural heritage, holy places.

ҒТАМР 03.20

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ТУРИЗМІН ДАМЫТУДАҒЫ КИЕЛІ НЫСАНДАРДЫҢ РӨЛІ

Д. Әбдіғалиева¹, Б. Жұмабаев^{2*}, Б. Исабаева³

¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

^{2*} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. Қазақстан, Нұр-сұлтан қ.

³ Тұран Университеті. Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*Автор-корреспондент

Email: zhumbaevbaturkhan@gmail.com (Б. Жұмабаев), mars_diko@mail.ru (Д. Әбдіғалиева), email: issabayeva@inbox.ru (Б. Исабаева)

Түйіндеме. Мақала еліміздегі ішкі туризмді дамытудың жолдарын, оның сатылап даму әлеуетін талдауға арналған. Авторлар туристердің қасиетті нысандарға баруды ынталандырудың негізгі компоненттерін зерттеп, сонымен қатар тарихи және мәдени көрікті жерлерді жіктеудің ерекшеліктерін қарастырған. Зерттеу нәтижелері бойынша саяхаттың негізгі себептері, туристерді қасиетті жерлерге тартатын факторлары анықталды. Сондай-ақ, мақалада киелі кеңістік пен мәдени мұраның теориялық аспектілері қарастырылған. Киелі мәдени-тарихи мұра Қазақстандағы туризмді дамыту үшін маңызды ресурс болып табылады. Қазіргі тақырыптық туристік бағыттар Қазақстан аумағында киелі орындар бар екенін көрсетіп қана қоймай, оларға бару адамдардың көңіл-күйін, ішкі-жан дүниесін жақсартуға септік туғызатыны белгілі. Киелі нысандардың тарихи-мәдени мұрасын сақтауда шырақшылар (қараушылар) ерекше рөл атқарады. Бүгінгі таңда шырақшы Қазақстандағы коммуникативтік практика мен киелі кеңістікті түсіндіруші есебінде ерекше орны бар тұлға болып келеді. Көбінесе шырақшының киелі объектінің әулиелік-тұлғасымен шынайы туыстық немесе елестетілген генетикалық байланысы болады. Алайда діни туризм мен зайырлы көзқарастан зиярат ету түрлерін ажырата білу керек. Зайырлы тұрғыдан зиярат деп ішінара мәдени және танымдық мақсаттары бар діни нысандарға зайырлы көзқарастан зиярат ету, ал әдет-ғұрыпты сақтап зиярат ету міндетті түрде емес. ал діни зиярат ету, керісінше, барлық әдет-ғұрыпты сақтай отырып және соларды қайталап зиярат ету болып табылады.

Кілт сөздер: Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы, туризм, зиярат, туристерді ынталандыру, тарихи-мәдени мұра, киелі жерлер.

МРНТИ 03.20

РОЛЬ САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ В РАЗВИТИИ ВНУТРЕННЕГО ТУРИЗМА КАЗАХСТАНА

Д. Абдигалиева¹, Б. Жумабаев^{2*}, Б. Исабаева³

¹ Национальный музей Республики Казахстан. Казахстан, г. Нур-Султан

^{2*} Евразийский Национальный Университет имени Л.Н. Гумилева. Казахстан, г. Нур-Султан

³ Университет Туран. Казахстан, г. Нур-Султан

*Автор-корреспондент

Umail: zhumbaevbaturkhan@gmail.com (Б. Жумабаев), mars_diko@mail.ru (Д. Абдигалиева), email: issabayeva@inbox.ru (Б. Исабаева)

Аннотация. Статья посвящена анализу стимулирования развития внутреннего туризма. Авторы исследовали ключевые компоненты мотивации туристов посещения сакральных объектов, а также рассматривают особенности классификации историко-культурных достопримечательностей. По итогам результатов исследования выявлены основные мотивы путешествий, факторы, притягивающие туристов к сакральным местам. Также стоит отметить что в статье рассмотрены теоретические аспекты сакрального пространства и наследия. Сакральное культурно-историческое наследие является важнейшим ресурсом для развития туризма, в Казахстане. Действующие тематические туристские маршруты показывают, на территории Казахстана существуют сакральные

места, посещение которых оставляет у людей сильные эмоции. Особую роль в сохранении историко-культурного наследия сакральных объектов играют шырақшы (смотрители). На сегодняшний день *шырақшы* осуществляют ведущую роль в коммуникативных практиках и производстве сакрального пространства в Казахстане. Зачастую *шырақшы* имеют истинную или воображаемую генетическую связь с патроном сакрального объекта. Однако необходимо различать религиозный туризм и собственно паломничество. Под религиозным туризмом понимаются отчасти светское посещение религиозных объектов с культурно-познавательными целями при этом обрядовые и ритуальные практики не обязательны. Паломничество наоборот связано с совершением обрядово-ритуальных действий.

Ключевые слова: сакральная география Казахстана, туризм, паломничество, мотивация туристов, историко-культурное наследие, святые места.

Introduction. One of the large-scale projects in the field of preservation and popularization of historical and cultural heritage is a project “Sacred Geography of Kazakhstan”. To date, the national register of sacred sites has more than 100 nationwide sacred sites, which, in turn, have been classified in the following areas:

1. Especially revered monuments of natural heritage. Natural heritage monuments, some of which are already under state protection, are considered by both the population and tourists as sacred site. Their legendary stories are harmoniously woven into the mythological fabric of the sacred geography of the world and local spaces (Konyr aulie Cave, Pavlodar region);

2. Archaeological sites and large medieval urban centers. Archaeological and architectural monuments as places of worship (Historical and archaeological complexes Berel, Shilikti, East Kazakhstan region);

3. Religious and cult sites as worship places. This group of sacred sites is associated with the phenomenon of Aulie – saints (Mausoleum of Khorosan ata, Kyzylorda region);

4. Sacred places associated with historical figures. The group of sacred sites includes objects of a memorial nature associated with legendary and historical figures. Among them: khans-rulers, famous batyrs, state and political leaders, poets, scientists, educators, who made an important contribution to gaining independence of Kazakhstan, to the development of its science, education and culture (Residence of Zhangir khan Bukkeiorda complex, West Kazakhstan region);

5. Sacred places associated with historical and political events. The sacred objects included in this section tell about heroic battles, the unity of the Kazakh people and milestones in the history of the Kazakh steppe. Modern monuments symbolize a qualitatively new understanding of the history and culture of Kazakhstan, its heroic and epic past (Republic Square – Independence Monument, Almaty).

